

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА

*ПОСВЯЩАЕТСЯ 80-ЛЕТИЮ
ЗКГУ ИМ. М. УТЕМИСОВА*

ХАБАРШЫ

Жылына 4 рет шығады

№3 (47) - 2012

ВЕСТНИК

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск



Выпуск 3 (47) шығарылым
Шілде – тамыз – қыркүйек / Июль – август - сентябрь
Тарих, педагогика, филология
История, педагогика, филология



Бас редактор – Главный редактор:
ИМАНҒАЛИЕВ А.С.

педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Рысбеков Т.З.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Аманжолова Д.А.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу туризм және сервис мемлекеттік университеті	доктор исторических наук, профессор, Московский государственный университет туризма и сервиса
Мұқтар Ә.Қ.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Тасмағамбетов Ә.С.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Коган Е.Я.	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Білім беруді дамыту федералдық институтының Приволжье филиалы;	доктор физико-математических наук, профессор, Приволжский филиал Федерального института развития образования;
Тайманов И.А.	физика-математика ғылымдарының докторы, РФ Ғылым академиясының корреспондент- мүшесі, Новосібір мемлекеттік университеті;	доктор физико-математических наук, член-кор. Академии наук РФ, Новосибирский государственный университет;
Мұханбетжанова Ә.М.	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, профессор, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Сарсенбаева Б.И.	педагогика ғылымдарының докторы, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, доцент, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Қыдыршаев А.С.	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, профессор, ЗКТУ им.М.Утемисова;
Мұсаев А.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті;	доктор филологических наук, Актюбинский государственный университет им. К. Жубанова;
Сабыр М.Б.	филология ғылымдарының докторы, профессор, БҚА.	доктор филологических наук, доцент, ЗКГА.

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2012.
ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж

Шәкірттерін биік шыңға шығарған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына арналады.

Алға тартқан ақыл-ойдың сарасын,
Қадірлеген ғылымы мен данасын,
Ақжайықта ордасы бар білімнің
Қос құрлықтың қосып тұрған арасын!

Алтын қақпа жас ұрпаққа ашылған,
Тіл қатады мынау жаңа ғасырдан.
Даңқы шыққан бұл іргелі ұжымның
Ұстаздар бар мәртебесін асырған.

Білім-Күннің шуағына жылындым,
Мәңгі өшпес ұлылығын ұғындым.
Адамзаттың игілігі үшін деп
Сара жолын салып берген ғылымның.

Жас ұрпақтың озат ойы сыналған,
Дәл осында тоғысады мың арман.
Беделі зор бұл білімнің ордасы
Шәкірттерін биік шыңға шығарған!

Білімімен бағаланар бар құны,
Байқалып тұр жастық шақтың жарқылы.
Оқу орны өз тарихын жазады
Шәкірттердің жетістігі арқылы!

*Орал педагогика институтының 1989 жылғы түлегі,
ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар және Журналистер
одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі Аппараты
Редакциялау және аударма бөлімінің сектор меңгерушісі Айбатыр Сейтақ,
Астана қ.*



ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

А.С.ИМАНГАЛИЕВ

*ректор ЗКГУ им.М.Утемисова,
профессор, доктор педагогических наук, академик*

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова является одним из старейших вузов Республики Казахстан, в 2012 году наш университет отмечает свой 80-летний юбилей.

Мы гордимся особым статусом нашего университета, история которого неразрывно связана с годами становления Приуралья как крупного культурно-промышленного региона страны.

Задачи, поставленные Президентом РК Н.А. Назарбаевым о становлении системы качественного образования как важнейшего фактора индустриализации и инновационного развития Казахстана, лежат в основе развития нашего университета.

Сегодня Западно-Казахстанский государственный университет им.М. Утемисова является многопрофильным и осуществляет подготовку кадров по направлениям: социальные науки и бизнес; технические науки и технологии; услуги; образование; гуманитарные науки; право; искусство; естественные науки.

Научные школы, созданные в вузе, широко известны в Казахстане и за его пределами. В университете ведутся исследования по педагогическим, физико-математическим, биологическим, историческим, химическим, географическим, экологическим, филологическим, политическим, экономическим, социологическим наукам.

Развитие информационно-коммуникационных технологий, прежде всего на основе программных продуктов, созданных в вузе, обеспечивает информатизацию образовательного процесса в университете и внедрение электронного обучения.

ЗКГУ имеет широкие международные связи и получил признание за рубежом. Реализация принципов Болонского процесса, сотрудничество с международными организациями, академическая мобильность, география которой охватывает ближнее и дальнее зарубежье - все это является результатом нашей работы по вхождению в мировое образовательное пространство.

Эти и многие другие достижения университета стали возможны благодаря самоотверженной работе всего коллектива, профессорско-преподавательского состава, который является нашим главным капиталом. Западно-Казахстанский государственный университет как ведущий центр образования, науки и культуры в регионе будет непрерывно совершенствовать содержание своей деятельности, суть и направление которого определяются процессом становления Казахстана как правового государства с рыночной и социально-ориентированной экономикой, демократическими преобразованиями в обществе, развитием патриотизма и толерантности.

Имея огромный научно-педагогический, кадровый и ресурсный

потенциал, мы с уверенностью смотрим в будущее.

УНИВЕРСИТЕТКЕ ҚҰТТЫҚТАУ



ПОЗДРАВЛЕНИЯ УНИВЕРСИТЕТУ

Құрметті Асхат Сәлімұлы!

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойына байланысты құттықтауымды қабыл алғайсыз. Еуропа мен Азияның жолайрығында тұрған еліміздің батыс өңірі, соның ішінде ежелгі Орал шаһары қай заманда ақыл-ой мен қоғамдық сананың алғы шебінде болып, уақыттың серпінді құбылыстарын алғашқы болып қабылдап, тез бейімделіп отырды.

Кешегі өткен кеңестік қоғам өзінің ықпал аймақтарында мемлекеттік билік пәрменін орнатуды елде халық ағартушылық қызметінен бастаған кезде жаңа заман талабына жауап беретін мүмкіндікті білім ордаларынан тапты. Жиырмасыншы ғасыр бастауындағы ұлы өзгерістер толқынында жаралып, сол кездің өршіл талғамына сай құрылған бұл білім ордасы - республикамыздағы Қазақ педагогикалық институтынан кейін екінші іргелі оқу орны. Қызметін елге білім нұрын тарататын зиялы шәкірттер тәрбиелеуден бастаған ұлағатты ұстаздық ұясы. Құрылып, қызметін бастаған күннен бастап ғылым мен білімнің қайнар көзіне, халық ағарту саясатының қозғаушы күшіне айналған білім ордасы бүгінде мемлекеттің кадрлар ұстаханасы ғана емес, шәкірттері төрткүл дүниеге әйгілі атышулы жоғарғы мектеп, ақыл-ойдың зергерлері, ілім-білімнің тұңғыштары ғылымға түрен салған қасиетті қарашаңырақ.

Қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы, академик Қажым Жұмалиев ғылыми-педагогикалық қызметін бастаған бұл институтта қазақ филологиясының тамаша арнасы қалыптасты. Кейін бұл жолды филолог-ғалымдар – Атымтай Көшімбаев, Ғабдрахым Әбуханов, Мәтжан Тілеужанов тағы басқалары сынды алдыңғы толқын сәтті жалғастырып, кейінгі ізбасарларына ізгілікті жол ашты.

Батыс Қазақстанның ботаника мектебінің негізін қалаушы, жаратылыстану ғылымдарының докторы В.Иванов барлық ғылыми-педагогикалық табыстарын осы институт қабырғасынан жаһанға жайды. Биология ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері Есенбай Ағелеуов бастаған жаратылыстанушы-ғалымдар кейін аталған мектептің абыройын асқақтата түсті. Жеті қат жер астының жәдігерлеріне тіл бітіріп, Батыс өңірді әлемге әйгілеген ғалым Г.Кушаевтың археология мектебін бүгінде тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының директоры Марат Сдықов жаңа қырынан танытып, Жайықтың аспан асты мұражайын ашуға қол жеткізді. Орыс филологиясын қазақ табиғатына үйлестірудің қисынын тапқан, ғажап әдістемеші, профессор Р.Абузаровтың мектебі де өзіндік ерекшелігімен дараланады.

Атақ-даңқы әлемге мәшһүр ғалым, Ресей және Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор А.Тайманов осы білім ордасынан қанаттанды.

Бұл білім ордасынан тамаша қоғам қайраткерлері шықты. Қарапайым ұстаздықтан еліміздің Білім және ғылым министрлігіне дейін көтеріліп, бүгінде Біріккен Ұлттар ұйымында дипломатиялық қызметте жүрген Б.Әйтимова, Астана қаласының әкімі И.Тасмағамбетов, Парламент депутаты Е.Тарасенколар - осы университет түлектері.

Жоғары оқу орны - бүгінде халықаралық қауымдастықтан ойып орын алған білім ордасы. Ел тәуелсіздігі ежелгі білім ордасының құтты іргесін нығайтып, мамандық және ғылыми жұмыс ауқымын кеңейтті. Соңғы жылдары заңгер кадрларын да даярлай бастады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құқықтық пәндер кафедрасы Батыс Қазақстан облыстық сотымен тығыз байланыста. Облыстық және Орал қалалық сотының судьялары, құқықтану мамандығының студенттеріне сот-құқықтық реформасы, заңнамалардағы өзгерістер туралы туралы дәрістер оқып тұрса, өз кезегінде университеттің құқықтану мамандығы факультетінде оқитын шәкірттер қалалық сотта тәжірибелік тағылымдамалар алады. Институттың әр жылдардағы түлектері облыстың соттарында да білікті кадрларға айналып, жемісті қызмет етіп жатыр. Университетпен байланыс алдағы уақытта да бұрынғыдан да нығая түспек. Мерейлі мереке құтты болсын!

Қамбар Нұрышев,
Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы

INTERNACIA STUDUMO
PRI TURISMO KAJ KULTURO
Centro de Konstanta Edukado
Klerigejo de AIS en Bydgoszcz
ul. M.Skłodowskiej-Curie 10, 85-094 Bydgoszcz, Pollando, www.esperanto-turismo.za.pl
tel./fax: (48-52) 346-11-51-e-mail: stud-esperanto@wp.pl lub stud@esperanto.bydgoszcz.eu




MIĘDZYNARODOWE STUDIUM
TURYSTYKI I KULTURY
Centrum Kształcenia Ustawicznego
Uczelnia AIS w Bydgoszczy
ul. M.Skłodowskiej-Curie 10, 85-094 Bydgoszcz, Pollando, www.esperanto-turismo.za.pl
tel./fax: (48-52) 346-11-51-e-mail: stud-esperanto@wp.pl lub stud@esperanto.bydgoszcz.eu

Estimata Sinjoro Rektoro Ashat Imangaliev!
Estimataj Gekolegoj!


Ni eksciis pri la 80-jara jubileo de Maĥambet Utemisov Okcident-Kazaĥia Ŝtata Universitato kaj elkore deziras gratuli ĉiujn profesorojn, docentojn, studentaron kun tiu-ĉi vere grava dato. Eĉ en la vivo de unu homo estas travivado tiom da jaroj grandega evento. Kaj en la vivo de la alta lernejo, en kiu kune studas kaj laboras dum multaj jaroj multaj generacioj, sekvantaj unu la alian – tio jam estas tute aparta mondo, mondo nomata edukado, kio daŭrigas kaj daŭrigados eterne, ĉar en ĉiu parto de la mondo estas ĉiam bezonataj: instruistoj kaj instruantoj, tiuj, kiuj finante sian studadon iras en la mondon kaj konstruadas, kreadas.

Dume 80 jaroj via Universitato edukis multajn milojn da specialistoj, kiuj donacis bonan nomon al ilia Alma Mater.

Ni, Internacia Studumo pri Turismo kaj Kulturo, via jam longjara partnero, sincere deziras al la teamo de la Universitato kaj al la studentaro novajn sukcesojn, plian kunlaboron kaj estiĝi unu el la plej bonaj superaj altlernejoj ne nur en via lando Kazaĥio, sed ankaŭ en la tuta mondo!

Nome de AKB/AIS – Klerigejo
de Akademio Internacia de la Sciencoj
Viceprezidanto de Program- Scienca Konsilio

(AProf. dr hab. Aleksandra Kowalczyk)



Nome de Internacia Studumo pri Turismo
kaj Kulturo en Bydgoszcz
Prezidanto de Program-Konsilio

(ASci. mag. Andrzej Grzebowski)



VICE-RECTOR FOR RESEARCH AND INTERNATIONAL RELATIONS
KAZIMIERZ WIELKI UNIVERSITY IN BYDGOSZCZ

ul. Chodkiewicza 30, 85-064 Bydgoszcz, fax +48 52 341 47 73, tel. +48 52 341 91 08, 341 91 07 NIP 554 264 75 68

Bydgoszcz, 17 October 2012

Rector
Prof. dr A.S. Imangaliev
M. Utemisov West Kazakhstan State University

I would like to express my sincerest congratulations on forthcoming **80th anniversary of founding of the M. Utemisov West Kazakhstan State University**. I take this opportunity to congratulate all the teachers, students and staff of this University and all those who have contributed in promoting educational excellence of the University during the last 80 years. The University indeed has created many eminent teachers, professors, scientists and distinguished personalities.

Simultaneously, may I take the opportunity to express my gratitude for the previous cooperation. I would like to express my enthusiasm for strengthening our partnership and possibility of undertaking new promising initiatives. I wish to continue developing collaborations in all scientific and educational fields. Let me assure Your Magnificence that all students of Utemisov University are very welcome to come and study at Kazimierz Wielki University in the forthcoming academic years.

Also, I offer to Your Magnificence Rector best wishes of professional accomplishment and satisfaction, good health and prosperity on behalf of the community of Kazimierz Wielki University.

I wish all members of the academic community joyful celebrations of the University jubilee!



PROREKTOR
ds. Nauki i Współpracy z Zagranicą
[Signature]
prof. dr hab. Sławomir Kuczyński



Уважаемый г-н Имангалиев!

От имени Ученого совета, ректората и Попечительского совета
Ульяновского государственного университета
сердечно поздравляем Вас и Ваших коллег
с 80-летием со дня основания Западно-Казахстанского
государственного университета имени Махамбета Утемисова!
Вы отдаете свой богатый опыт и неиссякаемую энергию благородному
и важному делу – делу развития и процветания системы высшего
образования в вашем регионе, стране и за ее пределами.
Западно-Казахстанский государственный университет им. Утемисова
по праву признан одним из ведущих вузов в сфере подготовки
высококвалифицированных специалистов в различных областях знаний.
Ваш университет известен во всем мире благодаря широкому
спектру специальностей, активным научным исследованиям
и развитым международным программам.
Мы гордимся сотрудничеством между УлГУ и вашим университетом
и надеемся, что оно будет продолжено и в дальнейшем.
Примите в этот праздничный день искренние поздравления
и пожелания здоровья, счастья, дальнейших успехов в работе
и достижения намеченных целей!

Президент УлГУ

Ю.В. Полянский

Ректор УлГУ

Б.М. Костишко

СОФИЙСКИ УНИВЕРСИТЕТ
"СВ. КЛИМЕНТ ОХРИДСКИ"

РЕКТОР



СОФИЯ 1504
бул. " Цар Освободител, 15
тел. 02/ 987.39.96
факс 02/ 846.61.71

РЕКТОРУ

**Западно-Казахстанского государственного
университета им. Махамбета Утемисова**

ГЛУБОКОУВАЖАЕМЫЙ АКАДЕМИК ИМАНГАЛИЕВ!

Позвольте мне от имени руководства академической общности старейшего в Болгарии высшего учебного заведения - Софийского университета имени Св. Климента Охридского, и лично от своего имени от всего сердца поздравить Вас с 80-ым юбилеем Западно - Казахстанского государственного университета им. Махамбета

Мы разделяем Вашу законную гордость и радость сегодня, когда Вы торжественно отмечаете этот славный юбилей.

К сожалению, в связи с неотложными делами в Софийском университете никак невозможен мой приезд на Ваш юбилей. Но я надеюсь, что в самое ближайшее время у меня появится возможность посетить Ваш Университет для обсуждения возможного сотрудничества.

Мы убеждены, что наши отношения и в будущем будут укрепляться и углубляться на пользу взаимного обогащения и развития науки и образования в наших странах.

Дорогие коллеги и друзья, примите наши самые искренние пожелания крепкого здоровья, творческого развития и постижения значимых в мировом масштабе успехов.

ИСКРЕННО ВАШ:

ПРОФ. ДИН ИВАН ИЛЧЕВ



**Таврический Национальный Университет
имени В.И. Вернадского**

**сердечно поздравляет весь коллектив
Западно-Казахстанского Государственного
университета им. М. Утемисова
с юбилейной датой – 80-летием со дня
создания вуза.**

**Желаем Вам сохранения лучших традиций и
успешного движения вперед к новым вершинам!**

**Пусть Вас не покидает новаторский дух и
постоянное стремление к
совершенствованию.**

**Мы высоко ценим сложившиеся между нами
партнерские отношения и надеемся на
дальнейшее плодотворное сотрудничество.**

Ректор

М.В. Багров



**Глубокоуважаемый Асхат Салимович!
Уважаемые коллеги!**

Ректорат, профессорско-преподавательский состав и студенты Саратовского государственного университета имени Н.Г. Чернышевского искренне поздравляют Вас и в Вашем лице весь коллектив Западно-Казахстанского государственного университета с 80-летием со дня основания!

Ваш университет является многопрофильным и одним из самых динамично развивающихся учебных заведений страны. Достигнутые вами успехи строятся на прочном фундаменте, созданном несколькими поколениями руководителей и преподавателей университета. Самая большая их заслуга – высочайшая ответственность и верность своему делу.

Желаем вам на многие годы вперед крепкого здоровья, благополучия, сил и оптимизма для успешной реализации планов, новых творческих свершений и открытий!

*С наилучшими пожеланиями,
ректор СГУ имени Н.Г. Чернышевского,
профессор Коссович Л.Ю.*

**Глубокоуважаемый Асхат Салимович!
Уважаемые преподаватели и сотрудники университета,
студенчество ЗКГУ!**

Известная казахская пословица гласит: «Жердің сәні – егін, ердің сәні - білім», что означает «Красота земли – посевы, красота человека – знания». Западно-Казахстанская область богата не только красотой природы, историей края и мудростью казахской культуры, но и замечательными людьми – гордостью государства и нации. Ваш благодатный край прирастает знанием, в том числе и благодаря ЗКГУ им. М.Утемисова, начавшему свою славную историю в далеком 1932 году. Преподавателями вашего университета – одного из старейших вузов Казахстана – было подготовлено 70 тысяч высококвалифицированных специалистов, составивших культурную элиту нации.

Тот факт, что вашему университету было присвоено имя великого казахского поэта, рыцаря и аристократа Степи Махамбета Утемисова вселяет огромную надежду на вашу открытость богатству русской словесности и готовность к диалогу с российским образованием. Как известно, судьба Махамбета Утемисова была связана с русским языком и русской культурой, а на Родине он был признан «частицей души казаха, той частицей, которая будит совесть и призывает ее к совершенству». Преподаватели университета, служащие делу образования, стремятся к совершенству и обладают уникальным даром делать мир лучше, помогают молодому поколению раскрыть свой талант и возвышенность духа. Коллектив Самарской государственной академии культуры и искусств искренне поздравляет

университет со славным юбилеем – 80-летим! Мы желаем вам творческого вдохновения, поддержки государства в серьезном деле образования нации, упорства в достижении ваших благородных целей, долгой истории и признания казахского народа! Пусть ваши замечательные проекты получат успешную реализацию в республике и за ее пределами!

*Ректор Самарской государственной академии
культуры и искусств, доктор культурологии,
профессор Куруленко Э.А.*

Глубокоуважаемый Асхат Салимович!

От имени ректората Башкирского государственного университета сердечно поздравляю Вас и коллектив Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова со знаменательной датой – 80-летием с дня основания.

ЗКГУ, один из старейших вузов, сегодня по праву занимает особое место в научно-образовательной, общественно-политической и культурной жизни РК.

Между нашими вузами с давних пор установились тесные контакты, связанные с различными этапами становления системы высшего образования. Эти связи официально подтверждены договором, благодаря которому активизировались все виды сотрудничества университетов: участие в научных конференциях, памятных событиях, приглашение специалистов для чтения лекций, обмен студентами, в том числе филологических факультетов в рамках реализации программы академической мобильности, обмен опытом внедрения новых образовательных технологий и совместных научно-исследовательских проектов, прежде всего в системе гуманитарного образования.

Желаем Вам и коллективу Западно-Казахстанского университета успехов во всех направлениях учебно-методической и научной деятельности. Надеемся на дальнейшее сотрудничество.

*Ректор Башкирского государственного университета,
доктор химических наук, профессор Мустафин А.Г.*

Дорогие коллеги!

В связи со столь знаменательной датой примите самые искренние поздравления с 80-летием Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова. Я как бывшая студентка и преподаватель Уральского пединститута имени А.С. Пушкина по сей день считаю себя частичкой Вашего вуза, который по праву является кузницей высокопрофессиональных специалистов. Сегодня авторитет ЗКГУ как флагамена подготовки учителей высок не только в Казахстане, но и у нас, в Украине.

Вы подготовили десятки тысяч квалифицированных педагогов. Многие из них плодотворно трудятся в учебных заведениях не только Казахстана, но и других стран мира. Среди тех, кто работал и учился в стенах ЗКГУ, – талантливые педагоги и ученые, общественные деятели, вписавшие яркие страницы в историю мировой науки и культуры.

Университет может по праву гордиться своей славной историей, достижениями в становлении и развитии образования. И сегодня ЗКГУ хранит верность славным традициям казахской высшей школы, с каждым годом совершенствуя образовательные стандарты, внедряя современные методики и программы обучения.

Студентам университета желаю добиться успехов и реализовать себя в выбранной профессии. Будьте настойчивы, целеустремленны и инициативны. Помните, что совсем скоро вам будет вверен бесценный дар – дети и их чистые души!

Уверена, что и впредь ЗКГУ будет воспитывать в новых поколениях казахстанцев все самые лучшие профессиональные и духовно-нравственные качества.

От всей души желаю коллективу университета счастья, новых свершений, творческих успехов на благо отечественного образования! Пусть Вам сопутствует смелость мысли и вдохновение! Всего Вам самого доброго, здоровья, любви и вдохновения! Желаю всем успехов в дальнейшем развитии и приумножении традиций университета, благополучия и процветания, мира и добра, открытий, смелых проектов и свершения творческих замыслов!

*Доктор филологических наук,
профессор кафедры языкознания и русского языка
Донбасского государственного педагогического университета
Габидуллина А.Р.*

**Қадірлі М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы!**

Осыдан 80 жыл бұрын Орал өңірінде құрылған жоғары оқу орны - бүгінде жас ұрпаққа дәйекті білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған қара шаңырақ. Егеменді еліміздің еңселі де, беделді оқу орындарының бірі болып саналады. Сексен жылдық тарихы бар білім ордасы бүгінгі күні биік тұғырдан көрініп жүр.

80 жыл мерзім ішінде мыңдаған жоғары білікті мамандарды даярлап, білім беру саласында орасан зор тәжірибе жинақтады. Өте танымал университет ретінде қалыптасу жолында күрделі және үлкен белестерден өтті. Университеттің өмір сүру кезеңдері мемлекетіміздің қалыптасу кезеңдерімен тығыз ұштасып келді. Түлектеріңіз тек қана Қазақстан Республикасының аймақтарында ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерде қызмет атқарып жүргенін және жоғары біліктілік, жауапкершілік, білімдарлық көрсетіп, ерекшеленетіндерін үлкен мақтанышпен айтамыз.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін шын жүректен 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Келешекте білім ордасының өркені өсе берсін! Ұстаздарының жұмысы жемісті болып, жаңа табыстарға жете берулеріне тілектеспін!

*1984 жылғы "Құрмет белгісі" орденді
А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының түлегі,
Қ.Жұбанов атындағы АқМУ "Дизайн" кафедрасының меңгерушісі,
п.ғ.к., доцент, Қазақстан дизайнерлер Одағының мүшесі **Моменов Б.М.***

Бүгінгі таңдағы білім беру тұжырымдамасында сан ғасырлар бойы жинақталған төл мәдениетімізді жас ұрпақтың зердесіне сіңіру, түрлі заманауи технологияларды меңгерумен қатар олардың бойында ғылым мен өнерді дамыту басты назарға қойылған.

80 жылдық торқалы мерейтойын атап өткелі отырған, тарихы терең қазақ елінің батыс өңіріндегі жетекші жоғары оқу орындарының бірегейі саналатын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті осы заманғы ғылым мен білім ордаларының мәртебесіне сай игі істер атқарып келеді. Материалдық-техникалық базасы нығайған, елімізге және алыс, жақын шетелдерге танымал университеттің профессор-оқытушылар құрамы оқу процесін инновациялық үрдістерге негіздей отырып, оны жан-жақты ендіру жолдарында биік жетістіктерге жетіп отырғаны белгілі. Аталып отырған заманауи технологияларды ендіру бүгінгі күнгі талаптар мен сұранысына сай ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу арқылы жүргізіліп отырғаны анық. Осындай ауқымды және оң нәтижелі атқарылған жұмыстар арқылы білім мен ғылым ордасының ғылыми-шығармашылық әлеуеті қарқынды дамып, республикамыздың белді жоғары оқу орындары қатарында келеді.

Еліміздің, қоғамымыздың өркендей түсуі мен дамуының басты кепілі - ғылым, өнер мен мәдениетіміз! Жоғары кәсіби білікті де білімді жеке

тұлғалар дайындайтын ғылым мен білімнің қайнар бұлағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті өркендей берсін! Университет ұжымына зор шығармашылық табыстар, еңбектеріне мол жемістер тілеймін! Университеттің 80 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Ізгі тілекпен, «Құрмет белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының 1989 жылғы түлегі. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Дизайнерлер Одағының мүшесі Сағымбаев Ә.Ә.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің ректоратына!**

Құрметті Асхат Сәлімұлы!

Атырау мұнай және газ институтының ректораты және профессор-оқытушылары Сізді және университет ұжымын осы университеттің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

Сексен жылдық университет ғұмыры – бүкіл қазақ халқы сүйсіне қарап, мақтаныш етерліктей жарқын жылдар белесі. Бұл ғасырға жуық өмірінде 65 мыңнан астам жоғары білімді кадрлардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері, көрнекті ғалымдар, ақын-жазушылар тәрбиеленіп шыққаны оқу орнының мәртебесін биіктете түсті. Сонымен бірге, оқу орнының республика жұртшылығы мойындағандығының белгісі ретінде алуан түрлі марапаттарға, әсіресе, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығына ие болғандығы университетке деген ел құрметі мен ықыласын арттырды.

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – атыраулықтардың сүйіспеншілігіне және ризашылығына ие болған оқу ордасы. Себебі 1950 жылы Гурьев мұғалімдер институты және кейіннен, 1956 жылы педагогика институты болып құрылғанша Гурьев облысы мектептерінің педагог кадрлары осы білім ошағында оқыды. Сөйтіп, облыстағы мұғалімдер тапшылығы жойылды және жаңадан институт ашылғанша болашақ мұғалімдердің ұстазы болып мамандар дайындалды. Бұл – еш уақытта ұмытылмайтын тарих.

Құрметті Асхат Сәлімұлы!

Сіз басқарып отырған университет – бүкіл Қазақстан игілігіне мамандар дайындайтын алтын тұғыр!

Батыс Қазақстандағы Білім Ордасының 80 жылдығы құтты болсын!

Ел қызыға қарайтын мәртебесі биіктей берсін!

Білім мен ғылымның бай мұхитына айналған даңқтарыңыз ғұмырлы болуына тілектеспіз!

*Ізгі тілекпен, Атырау мұнай және газ институты
ректорының міндетін атқарушы, профессор Д.О.Құлжанов*

Университет ұжымына құттықтау хат

Құрметті Асқат Сәлімұлы!

Сізді және Сіз басқарып отырған ұжымды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейтойымен осы білім ордасының түлегі ретінде шын жүректен құттықтаймын!

Іргетасы қаланған сонау 1932 жылдан бері Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті гуманитарлық салада және мұғалімдер даярлау саласында білікті мамандар шығарып, Қазақстан Республикасының белгілі білім ошағының біріне айналғаны баршаға мәлім. Университет өз мерейтойын Қазақстан Республикасындағы материалдық базасы нығайып қалыптасқан және кәсіби шеберлігі шыңдалған оқытушылар корпусы бар ірі жоғары оқу орны ретінде тойлап отыр.

Кезінде А.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында алған терең білімім, өзімнің еңбек жолыма алғашқы қадам басқанда бағасы жетпес әсерін тигізумен қатар, бүгінгі күнге дейін үлгі-өнеге ретінде ұмытылмас із қалдырды.

БҚМУ ғалымдарының, магистранттары мен студенттерінің білімі мен ғылымының арқасында еліміздің экономикасы мен мәдениетінің дамуына қосқан үлестері мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаға ие болып келуі өз жеке басымды қуантып келеді. Оқу орны оқытушыларының қатарында ғылым мен техниканы дамытуға көрнекті үлес қосқан ғалымдар мен мамандар болса, түлектерінің қатарында белгілі қоғам қайраткерлері және мемлекеттік басқару жүйесінің әр салалары мен деңгейлерінде лайықты қызмет атқарып жатқан тұлғалар баршылығын мақтаныш етемін. Алдағы уақытта университеттің осы бағыттағы жұмысы жемісті болатынына және шыққан биігінен төмендемейтініне сенімдімін.

Университет ұжымына зор денсаулық, шығармашылық табыс, еңбекте жеміс, отбасыларына бақ-береке және амандық тілеймін!

*Құрметпен, университет түлегі,
ҚР Мемлекеттік қызмет істер
агенттігінің БҚО бойынша басқарма
бастығы-Тәртіптік кеңес төрағасы
Ә.Серғалин*

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, мерейлі 80 жылдық туған күнің құтты болсын! Бұл ғылым ордасы өзінің батыс аймақтағы алғашқы жоғары оқу орны бола отырып, қазіргі таңда республика деңгейінде беделі зор.

Құрылған сәттен бастап талай қиындық пен қуанышты сәтті қатар өткізген ұжымның да еңбегі ерен. Ұлағатты ұстаз болу үлкен күш пен табандылықты талап етеді. Ұстаз деген - күннің құдіретті сәулесіндей елжірейтін зор тұлға иесі. Ұстаз міндеті Отанын сүйетін азамат тәрбиелеу,

Өнегелі түлек тілегі

Менің өмірімнің жарты ғасыры бүгінгі күндері 80-ге толуын тойлап отырған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетімен тығыз байланысты болды. 1959 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оның математика бөлімін 1964 жылы үздік дипломмен аяқтадым. 1968-1986 жылдары институттың ассистенті, аға оқытушысы қызметтерін атқардым. Ал 1986-2011 жылдары педагог кадрлар біліктілігін арттыру институтының басшысы болған кезімде университетпен қоян-қолтық жұмыс істеуді әрі міндетім әрі шәкірттік парызым деп есептедім.

Институтта оқыған кезде дәріс берген ғалым-математиктер Рахмет Маскеевич Маскеев, Павел Иванович Токарев, Үміт Бисенқызы Қобланова, Сияр Бекерович Аблялимов, Хайролла Кенжегулович Кенжегулов, Алексей Кондратьевич Вознякевич, Юрий Кондратьевич Суетин, Тауфик Жамалетдинович Назиров және математикадан сабақ берудің әліппесінен бастап қыр-сырын үйреткен оқытушым Роза Кәрімқызы Мұқаналиеваларға айтар алғысым шексіз. Осы аттары аталған және басқа да дәріс берген ұстаздарымның арқасында мен институтты бітіргенде мүлде басқа адами деңгейге көтеріліп, әжептәуір математик және мұғалім ретінде өмірге жолдама – заряд алдым. Сол кездегі қуаныш сезімімді «Орал өңірі» газетінің 1964 жылғы бір нөмірінде Құбаш Қажымовтың институт бітірушілерге арналған бетінде «Рахмет саған!» атты мақаламда білдірген болатынымын.

Педагогикалық институтта қызмет атқарған кезде жоғарыда аты аталған ұстаздармен бірге көптеген тамаша ғалым-педагогтармен жұмыстас болып, көп нәрсе үйрендім. Сол кездерде институт басқарған В.К.Сидоров, Х.К.Кенжегулов, Е.А.Агелеуов, С.С.Сатубалдиндерден көп үлгі-өнеге алдым. Институтта алты жылдан астам уақыт кәсіподақ комитетін басқарып, отыз жылдан астам уақыт салалық кәсіподақтың облыстық комитетінің төрағасы Галилей Жангиреевич Тұрғаналиевпен қоян-қолтық жұмыстас болып, халықпен жұмыс істеудің университетінен өттім деп айта аламын. Т.З.Рысбеков басқарған БҚМУ-дың Ғылыми кеңесінің ұсынысымен 1995 жылы ВАК маған “педагогика доценті” ғылыми атағын берді. Мен университетке берген білімі мен азамат ретінде қалыптастырудағы жан-жақты тәрбиесі үшін өмір бойы борыштымын деп сезініп, борышымды тек Отаныма, халқыма жасаған таза еңбегім арқылы өтеуге тырыстым.

Институтты менімен бір топта бітірген достарымның екеуі Сейткереев Төлеген мен Акишев Асқардың «Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім» атағын алуы да осы қарашаңырақтың алдындағы шәкірттік парыздарын өтеуі деп білемін.

Қазіргі кезде университетінде жұмыс істеп жүрген З.Жұбанышева, Ж.Камкиева, Ғ.Жүсіпқалиева, А.Қарасаева сияқты оқытушылар менің шәкірттерім деп мақтанышпен айта аламын.

Әр жылғы түлектердің университетке айтар алғысы шексіз.

Университет ұжымын 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, жаңарған Қазақстан үшін ХХІ ғасыр талаптарына сай, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда табыстар тілеймін.

Педагогикалық еңбек ардагері, КСРО мен ҚазССР-і оқу ісінің үздігі,

*Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері,
Ы.Алтынсарин медалінің иегері **Құспанов Өтебай***

**Аса қадірлі
педагогика және психология кафедрасының ұстаздары!**

Сіздерді қара шаңырақтың 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз! Құрметті ұстаздар, әр отбасының үміт күткен ұл-қыздарының бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, олардың педагогикалық дарынын дамытып, шығармашылық кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда Сіздердің үлестеріңіз орасан мол.

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыларыңызға амандық тілей отырып, елеулі еңбектеріңіз бен қажырлы қызметтеріңізді дәріптейтін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін деген тілегімізді жолдаймыз!

Ақ тілекпен, 2008 жылғы тұлөктеріңіз

Тәрбие мен білім ұйытқысы – ұстаз болу жылылығын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын ұрпақ бойына сіңіріп келе жатқан білім ордасы - М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға 80-жыл толып отыр. Толағай игі істердің куәсі болған, ғасырға жуық тарихы бар шежіресі мол университетіміздің әлі де болса ұрпаққа берері мол.

Өнегелі өрендерді ұшырған туған университетіме мерейтойың құтты болсын, білімді, саналы шәкірттердің ұшқанда қанаты талмасын дегім келеді.

*М.Өтемісов атындағы БҚМУ түлегі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану кафедрасының меңгерушісі **Ергалиева Г.А.***

ЗКГУ им. М.Утемисова - не просто уникальное высшее учебное заведение. Это современный научно-культурный центр подготовки специалистов новой формации, способных работать в различных сферах. Где бы ни работали выпускники прославленного университета, их характеризуют высокий профессиональный рейтинг, одержимость и верность выбранной профессии, заинтересованное отношение к делу.

80-летие - значимый рубеж, важное событие не только для коллектива вуза, его студентов, выпускников, но и для всей Западно-Казахстанской области, ведь восемь десятилетий назад начался отсчёт славной истории крупного университета, ныне одного из самых авторитетных и уважаемых в Западном регионе.

Сегодня ориентация на современные стандарты, умение идти в ногу со временем и высокий рейтинг вуза - повод для всеобщей гордости, ведь в большинстве своём преподаватели и студенты университета - представители современной интеллектуальной элиты. Диплом ЗКГУ им. М. Утемисова уже давно стал гарантией качества отечественного образования и дальнейших жизненных достижений его учеников.

В канун знаменательной даты своей истории желаем старейшему вузу талантливых студентов и преподавателей, больших успехов в учебной и научной деятельности, продолжения славных традиций профессионального образования, широты и новаторства!

Пусть будущие выпускники еще больше прославят ЗКГУ результатами своей работы на благо Казахстана!

*С глубоким уважением,
магистр психологии, преподаватель кафедры общей педагогики,
психологии и самопознания **Туякова Б.К.***

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ҒАЛЫМДАРЫ

УЧЕНЫЕ УНИВЕРСИТЕТА

ЕҢБЕГІ ЕРЕН ҒАЛЫМ



1936 жылы Атырау облысының Яманка (қазіргі Махамбет) облысында мұғалім отбасында дүниеге келген. 1944-1954 жылдар аралығында жергілікті қазақ орта мектебінен білім алған.

Ынта-жігерінің және еңбекқорлығы арқасында орыс тілін шамалы меңгерсе де, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне түседі. Осы жылдары ол оқуда үздік болып, сонымен бірге институттың қоғамдық өміріне белсене қатысты.

Студенттік жылдары институт комсомол комитетінің мүшесі қатарына алынып, Жоғарғы Білім министрлігінің шешімі бойынша «Ленин» стипендиаты болды.

Оқуды үздік аяқтап, химия, биология және география пәнінің мұғалімі мамандығын алады. Есенбай Ағелеуұлы 1959 жылы Орал облыстық комсомол комитетінің Хатшылығына тағайындалды.

Алайда ғалымның ғылыми зерттеулерге деген талпынысы, құштарлығы басым болып, 1962 жылы қазан айында Орал педагогикалық институтының ботаника кафедрасының жанындағы аспирантураға түседі. Оның жетекшісі Қазақ КСР-ның еңбегі сіңген қайраткер, б.ғ.д., профессор В.В.Иванов тағайындалды. Үлкен көлемдегі далалық зерттеулер нәтижесінде 1966 жылы Есенбай Ағелеуұлы Чернышев атындағы Саратов мемлекеттік университетінде «Жайық өзенінің орта ағысының жайылмалық шалғындары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Туған институты қабырғасында, ботаника кафедрасында оқытушылық, аға оқытушылық, доценттік қызметі барысында қазақ, әрі орыс бөлімдеріне жалпы ботаника, геоботаника, ауыл шаруашылығы негіздерінен дәріс оқып, далалық сарамандарды жүргізді. Ғылыми зерттеулерін жалғастыра отырып, 1971 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ-нің геоботаника кафедрасының докторанты болды. Жайық өзені жайылмасының шалғындық өсімдік жабынының сапалық ерекшеліктерін анықтап, оларды дала зонасының өзге Днепр, Еділ, Дон, Ертіс секілді өзендерімен салыстырып, бір уақытта Жайықтың оң және сол жақ жағалауы флорасының және өсімдік жабынының ұқсастығы туралы шешім жасады. Сонымен бірге өз аймағымыздың Еуропа флорасымен ұқсастығын анықтап, Еуропа мен Азия арасындағы шекараны нақты жүргізуге жол ашты. Зерттеулер нәтижесі докторлық диссертацияда және монографияларда көрініс тапты. Бұнда шабындықтар мен жайылымдарды тиімді пайдалану; өсімдіктердің сирек және жойылып бара жатырған түрлерін сақтау және қорғау шаралары берілген. Есенбай Ағелеуұлы жинақтаған материалдар Браун-Бланке жүйесі бойынша

халықаралық мәліметтер қорына енгізілген.

Ағелеуов Е.А. докторантураны аяқтағаннан соң ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырады және 1974-1979 жылдар аралығында жаратылыстану-география факультетінің декан орынбасары және декан қызметін атқарады.

1979-1985 жылдар аралығында Есенбай Ағелеуұлы Орал педагогикалық институтының ректоры қызметін атқарады. Осы жылдары Есенбай Ағелеуұлы үлкен жұмыстарды атқарды. Өрттен кейін Негізгі ғимарат қалпына келтіріліп, Үкімет шешімімен ЖОО «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Есенбай Ағелеуұлы осы жылдары докторлық диссертациясын қорғап, «Жайық өзені аңғарының шалғындары» монографиясы жарық көріп, профессор атағын алды.

1985 жылдың қазан айында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ботаника кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Жоғары деңгейлі маман ретінде «Қазақстанның өсімдік әлемі, ресурстарды ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану және оларды қорғау» мәселесі бойынша ҚР-ның Ғылыми Академиясының Ғылыми Кеңесінің жұмысына белсене қатысты.

Профессор Е.А.Ағелеуов 120-дан аса ғылыми жұмастарды, соның ішінде 4 монографияны баспаға шығарды, ЖОО-ның оқулығын дайындады. Республиканың ғылыми-педагогикалық мамандарын дайындауға зор үлес қосты. Есенбай Ағелеуұлы жетекшілігімен 6 кандидаттық жұмыс орындалып, қорғалды. Оның зерттеулерін 9 аспирант және 1 докторант жалғастырды. Өкінішке орай, оның қызметі 1996 жылы күзде оқыстан үзілді.

Есенбай Ағелеуұлының ғылыми-педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметі «Ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерді меңгергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Республиканың Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен» марапатталды. 1992 жылдың 15 желтоқсанындағы ҚР-ның Президентінің Жарғысы бойынша көпжылдық жемісті ғылыми және педагогикалық еңбегі үшін Ағелеуов Есенбай Ағелеуұлына «ҚР-ның халықтық білім беруге еңбегі сіңген қызметкері» атты құрметті атақ берілді. 1995 жылы Есенбай Ағелеуұлы жоғарғы мектептің Халықаралық Академиясының корреспондент мүшесіне тағайындалды. 1996 жылы Есенбай Ағелеуұлына А.С.Пушкин атындағы БҚГУ-дың құрметті профессоры атағы берілді.

ІСІ ДЕ ТАЗА, АРЫ ДА ТАЗА



Ақмырзаұлы Сәрсен 1909 жылы Жаңақала ауданының Қарасамар деген елді-мекенінде кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Алдына төрт-бес қарадан артық мал бітпеген Ақмырза әкеден Сәрсен ағай алты жасында айырылады. Жастайынан тірліктің тауқыметін тартып өскен Сәрсен Ақмурзинге мектеп табалдырығын аттау қазіргідей алты жасында емес, 1922 жылы бірінші мүшелге толған он үш жасында бұйырды. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жас Сәрсеннің

өміріне оң ықпал етті. Ол өзі оқи жүріп сауатсыздықты жою науқанында өзінен жасы әлдеқайда үлкендерді оқытып, «бала ұстаз» атанды. Кеңестік идеологиямен қаруланған бозбала Сәкеңнің алғашқы қызметі ауылдағы қосшы одағының хатшылығы болатын. Ескі мен жаңаның алмасып жатқан заманында қара халықты жерге орналастыру, ұжымға біріктіру, т.б. қым-қуыт тірліктердің басында жүрген оны билік жиырмаға жетер-жетпесінен ауданның ауылдық Кеңесінің төрағасы, кейіннен ауданның атқару комитетінің аппаратына жоғарылатады.

1930 жылы жиырма бір жасында Сламихин ауылындағы педтехникумға түскен ол 1933 жылы Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенті атанады.

Сәрсен Ақмурзиннің кәсіби ұстаздық жолы 1936 жылы қаламыздағы №4 қазақ орта мектебіне (қазіргі №11) директор болып тағайындалуынан басталды.

Екінші дүниежүзілік соғыста Отан қорғауға аттанған ол Ленинград пен Прибалтика майдандарында капитан шенінде артвзводты басқарып, Қызыл Жұлдыз орденін иеленеді.

Жауынгер ұстаз 1945 жылдың 21 қарашасында Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының орынбасары А.Шариповтың бұйрығымен Орал педагогикалық институтына директор болып тағайындалды.

Институт ректоры, проректор, декан, кафедра меңгерушісі сынды басшы қызметтерді абыроймен атқарған Сәрсен Ақмурзин ғылым жолын да ұмыт қалдырған емес. Ол 1955 жылы қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы зерттелмеген сала, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жазылған қазақ жазушыларының шығармаларын саралап, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ прозасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

.....

ӘКЕДЕЙ ҚАМҚОР ЖАН ЕДІ



Кейіпкерім жайлы көзі тірісінде де, өмірден өткеннен кейін де көп жазылмаған. Өйткені сарғайып қатталған баспасөз беттері мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын қопарып, дәнеңе таппадым. Талай уақыттан бері ағай туралы мақала жазсам деген ойдың жетегінде жүргенімді айналамдағылардың бәрі біледі. Биылғы ерте көктемде Атыраудағы іссапардан ат басын арнайы бұрып, ұлағатты ұстазымның мәңгілік мекені – зиратына барып, рухына дұға бағыштап қайттым. Бұны өзімнің шәкірттік парызым деп есептеймін, алайда ұстаз ошағын өшірмей ұстап отырған, қырық жылға жуық уақыт отасқан зайыбы Шаттық Мергенқызымен тілдесудің сәті жуықта түскен еді.

Сұхбаттасымның әкесі институтта көп жылдар жемісті еңбек еткен педагог, майданнан майор шенінде қайтқан Мерген Шәленов есімді азамат

болатын. Ол адам жайындағы деректер М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Әскери-даңқ музейінде» жинақталған.

Сонымен, дәстүрлі амандық сұрасудан кейін, шаңырақ иесі үй мұрағатындағы сарғайған суреттерді алдыма қойып, әр бейненің тарихына тоқтала берді... Қай суреттің сырын айтса да, менің ойымнан осыдан отыз жылдай бұрынғы алғаш көрген ұстаз бейнесі кетпей отыр...

1983 жылы алып ұшқан арманымның аласармауын тілеп, ол күндегі алыс Атыраудан оқу іздеп келген сәтім, тиісті құжаттарымды өткізіп, институттың бас ғимаратының бірінші қабатындағы дәлізді бойлай жүріп келемін. Оң қапталдан жарқ еткен «Факультет декандары» аталған қабырға тақтасы аса бір шеберлікпен, шекіме жапсырмалармен оймышталып жасалыпты. Бөлім басшыларының орта тұсында кескіні келіскен қара торы, көзінде оты бар өткір, қарауға жанарың тайсақтайтын нағыз қазақы азамат бейнесі ілініпті. Сурет астында «Көркемсурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Төлеубай Әбілов» деген жазу тұрды. Сөйтіп сырлы әлем сырын ұқтырған ұстаз-тұлғамен алғаш сырттай таныстығым дәл сол күні, сол жерден басталған еді.

Қыркүйек айы келіп, алғашқы қоңырау қағылғаннан кейін дәлізден суретін көрген деканмен жүздестік. Кең жауырынды, ширақ қимылды, тік өскен қарағайдай еңселі адам болып шықты, бір ғажабы ұлтымызға тән акцентпен орыс тілінде не нәрсені де қарапайым әрі батыл, өте ұғынықты жеткізеді екен. Төлеубай Әбілұлы бізге техникалық бағыттағы «Сызба геометриясы» мен «Сызу» пәндерінен дәріс берді. Ұрпақ тәрбиесіне деген адалдығы мен қызметке берілгендігі сол, кей сәттері қан қысымы жоғарылап жүрсе де сабақты еш жібермейтін, төсқалтасынан «жұмысқа уақытша жарамсыздық қағазын» алып науқасының дәлелі ретінде «міне» деп көрсетіп, шәкірттеріне де негізсіз сабақ жібермеулерін қатаң ескертіп, шегелей талап қоятын. Темірдей тәртіп ұстанған Төлеубай ағай білім мен тәлім берді, жақсы қасиеттерді бойымызға дарытуда, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде еңбегінің зор екендігін ерекше бір сезіммен айта аламын.

«Қазақтың өлгенінің жаманы жоқ, тірісінің жамандықтан аманы жоқ» дейді хакім Абай. Қайтқан адамның артынан ғайбат сөз айту қай халықта да жоқ шығар, дегенмен кейіпкерім – Төлеубай Әбілұлы әр шәкіртін басқан қадамынан танитын кәнігі педагог болатын, әрбірімізді жіті бақылап, аяғымызды шалыс бастырмайтын, аса талапшыл, езіліп тұрған сезімі болса да сездірмейтін, бір сөзбен айтқанда ол кісі бізге «қаталдықтың шыңындай» көрінетін. Сөйтсек, сол қаталдықтың арғы жағында әкелік керемет қамқорлық жасырынып, мөп-мөлдір мейірім шуағы мұндалайтынын байқамаппыз, бәрін кейін пайымдадық қой.

Халқымыздың хас батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» деген.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» (Абай) дегендей, тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың дені ұстазына аса құрметпен қараған, әр кез ізетпен еске алған. Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылай хан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан

деседі. Деректерде, Ескендір Зұлқарнайын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алады екен. Кейіпкерім жайлы да осыны айтуға болар.

Төлеубай Әбілұлы 1936 жылы Атырауға іргелес Бақсай ауылдық кеңесінде қарапайым шаруа жанұясында дүниеге келген. 1959 жылы Орал педагогика институтының физика-математика факультетін жақсыға тәмамдап, өзі туған жеріндегі Жаманқала орта мектебінде бірер жыл мұғалім болады. 1961 жылдан науқастанған 1991 жылға дейін табан аудармай туған институтында аянбай еңбек етті. Қарапайым «элементарлық математика» кафедрасы оқытушысынан көркемсурет-графика факультетінің декандығына дейін өсті. 1977 жылы білікті мамандарды жинап, аталмыш факультетті ашты, кейін оның қалыптасуына орасан тер төкті. 1973 жылы «Мектепте графикалық пәндерді оқыту әдістемесінің мәселелері» тақырыбында Мәскеу аспирантурасын аяқтаған. Педагогика саласындағы сан жылғы еңбегі ескеріліп, мерекелік «Еңбектегі даңқы үшін», «Ерен еңбегі үшін» медалдарымен, КСРО Ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталады, «КСРО және Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі» төс белгілерін өңіріне тақты.

Осындай атпал азамат, ардақты ұстаз 1994 жылы өзі дүниеге келген мамыр айының мамыражай күндерінің бірінде ауыр науқастан дүниеден өтті. Артында азамат ұлдары мен немерелері, сүйікті жары қалды.

Құранда «Адам қайтыс болғанда, амал дәптері жабылады. Мына үш кісінің ғана сауабы жалғаса береді: артынан дұға жолдайтын игі ұрпақ қалдырған, ел игілігіне жарайтын дүние салдырған, артына ілім қалдырған адам» деп, ілім-білімге үйретушінің сауабы екі дүниеде де тоқтаусыз екендігін айтып, ғалымдарды сыйлауға, ұстаздарға құрметпен қарауға шақырады. Ендеше, өз ісіне берілген, «өзінің уақытын аямай, өзгенің бақытын аялаған», шәкіртінің жанына нұр құйған ұстаздың пейіште нұры шалқығай демекпін.

Мәдір Қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАРА НАРЫ



Габдрахим Әбуханұлы Әбуханов 1912 жылы Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауылдық советінде дүниеге келген.

Габдрахим Әбуханұлы 1932 жылы Орал педагогикалық институты ашылғанда қабылданған алғашқы студенттердің бірі болғанымен, 1934 жылы II курстан кейін байдың баласы ретінде оқудан шеттетіледі. Үш жылдай елінде жеті жылдық мектепте мұғалім болып жұмыс жасаған ол 1937 жылы 3 курсқа қайта қабылданып, 1939 жылы институтты үздік бітіріп шығады.

Сол жылы институтқа оқытушылық қызметке қалдырылған жас ұстаз 1942 жылы институт соғыс жағдайларына байланысты уақытша жұмысын тоқтатқан соң, Жымпиты қазіргі Сырым ауданы орталығына мектеп директорлығы қызметіне жіберіледі. Екі жыл мектеп басшысы болып тәжірибе жинақтаған оны институт 1944

жылы қайта шақырып алып, оқу-ісі жөніндегі проректордың орынбасары қызметін ұсынады. Аталмыш қызметтің жауапкершілігін Ұлы Отан соғысы жылдары абыроймен атқарған ол 1946-1949 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде аспирантурада оқиды. Ғылым жолындағы ізденіс нәтижесіз болған жоқ, 1950 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының семантика және синтаксистік қызметі» деген тақырыпта диссертациялық жұмысын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атанады. Ғылым кандидаты болып елге оралған Ғабдырахим Әбуханов 1950-1955 жылдар аралығында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасайды. Білімді, алғыр, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Ғабдырахим Әбуханұлын Оқу министрі 1955 жылы Ақтөбе қаласындағы Нұрпейіс Байғанин атындағы педагогикалық институтқа ректор етіп тағайындайды.

1958 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының жабылуына байланысты туған жерге оралған ол өзі түлеп ұшқан білімнің қара шаңырағында зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін кафедра меңгерушісі, факультет деканы, оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры сынды оқу үрдісінің күре тамыры саналар қызметтерді абыроймен атқарды. Басшылық жұмыс пен ғылыми зерттеушілік бағытты қатар алып жүрген ағамыз артында бірнеше ондаған мақала мен арнаулы орта және жоғары оқу орындары кеңінен пайдаланған «Қазақ тілі» оқулығын қалдырды.

Ұстаздық жолда еткен еңбектің ескерусіз қалмағанын біз Ғабдырахим ағайға табысталған «Құрмет белгісі» ордені мен «Жоғарғы мектепке еңбегі сіңген қызметкер» Құрметті атағы, сондай-ақ «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», т.б. медальдарынан көре аламыз.

.....

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ ...



Биылғы 2012 жылы Батыс Қазақстан өлкесіндегі іргелі, киелі тарихи оқу орындарының бірі - М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға 80 жыл толып отыр. Осы университет тарихында өзіндік орны бар, маңдайына жазған бар ғұмырын ұстаздық өнерге, бала тәрбиесі, шәкірт тәрбесіне арнаған және Қазақстан тарихы ғылымының дамуына үлес қосқан тарихшы ғалымдардың бірі – Бақтығұл Қабдірұлы Бірімжаров.

Профессор Б.Қ.Бірімжаров 1947 жылы 1 маусымда Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайхын ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Сайхындағы (қазіргі Бөкей Орда ауданында)

М.Мәметова атындағы орта мектепті аяқтап, 1967-1972 жылдары білім кұған жас жігіт М.С.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетінің студенті атанып, оқу орнын үздік дипломмен тәмамдайды.

Еңбек жолын өзінің кіндік қаны тамған ауылында 1966-1967 жылдары М.Мәметова атындағы Сайкын орта мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. Кейін 1972 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал пединститутының тарих факультетіне жалпы тарих кафедрасының оқытушысы болып орналасады. 1976 жылы Қазақ КСРО ҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына түсіп, оны 1979 жылы ойдағыдай аяқтап, рухани ұстазы болған, көрнекті ғалым, академик К.Н.Нұрпейісовтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады да, көп ұзамай 1980 жылдан тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады.

Жас ғалым 1979-1981 жылдары КСРО кафедрасының оқытушысы бола жүріп, доцент, кейін түрлі жылдары 1981-1988 жж., 1992-1995 жж., 1999-2001 жж. А.С.Пушкин атындағы Орал пединститутының тарих факультетінің деканы қызметін атқарады. Кеңестік тарихшылардың жаңа буыны қатарында Отан тарихына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жариялайды. Еңбекке адал ғалым 1989-1992 жылдары Ғылыми коммунизм және КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалып, кейін оған 1995-1999 жылдары жаңадан құрылып қалыптасқан – Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметі тапсырылады.

Б.Қ. Бірімжаров 1997 жылы 28 мамырда ҚР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының диссертациялық Кеңесінде академик К.Н.Нұрпейісовтің ғылыми кеңесшілігімен «Село Казахстана в 60-е – 80-е годы конкретно-исторический анализ по материалам Западного-Казахстанского региона» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғайды.

Ал 1992-1993 жылдары Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан мәдениет институтының деканы, 2001-2002 жылдары Орал Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының кафедра меңгерушісі, ғылыми істер жөніндегі проректоры болып қызмет жасайды. 2002-2003 оқу жылында Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Ал 2003 жылдан Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының профессоры болады. Жалпы еңбек еткен жылдарында ұстаздық жолы мен ғылымдағы атқарған тұжырымды істері үшін 1985 жылдан КСРО тарихы кафедрасының доценті, 1997 жылдан тарих ғылымдарының докторы, 1997 жылдан Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, 2003 жылдан профессор атағын алған.

1999 жылы қаңтар айынан бастап, академик Т.З.Рысбековтің төрағалығымен «07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Диссертациялық Кеңес мүшесі ретінде жұмыс жасайды.

Диссертациялық Кеңес 5 жылдан кейін күрделендіріліп, аумағы кеңейіп, 2005 жылдың маусым айынан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитетінің шешімі негізінде Батыс Қазақстанның оқу орындарының біріккен «07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша докторлық ғылыми дәреже беретін Диссертациялық Кеңес болып қайта құрылғанда, оның құрамына мәскеулік белгілі тарихшы-ғалым профессорлар Н.Е.Бекмаханова, Д.А.Аманжолова, В.М.Козьменко,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен профессорлар Ә.Исмаилов, Ә.Ауанасовалар, тағы да басқа бірнеше ғалымдармен бірге Б.Қ.Бірімжаров кеңес мүшесі және төрағасы қызметтерін атқарады.

Ғалымның «Қазақстан ауыл-селоларының 60-80 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы» атты көлемді монографиясына өз бастауын КОКП ОК 1965 жылғы наурыз Пленумының шешімдеріне сәйкес қабылданған жаңа аграрлық саясаттың негізгі бағыттарының Батыс Қазақстан облысы, оның ішінде Жәнібек, Бөкей Орда аудандарының шаруашылықтарындағы ауыл еңбеккерлерінің қол жеткізген табыстары нақты тарихи құжаттармен, мұрағат материалдарымен көрсетіледі. Әсіресе 70 жылдардың ортасында М.Мәметова, Орда, Бисен, Т. Масин, Құрманғазы, Искра кеңшарларының аграрлық секторды дамытуда қол жеткен табыстары дараланып, мал шаруашылығын дамытуда ірі жетістіктерге қол жеткізген малшы-шопандардың, олардың ішінде Кеңес Одағының Социалистік Еңбек Ері Е.Есімовтің, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты Марфуға Азаматованың, т.б. жүздеген еңбек озаттарының, сонымен қатар осы кеңшарларда ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтерді жүргізген директорлар М.Сеймолдин, Т.Мырзағалиев, Р.Қарекесовтердің еңбектері жеке-дара сараланып берілген. Жалпы бұл еңбек, Батыс Қазақстан аймағы бойынша ауыл шаруашылығы дамуы жөніндегі кешенді жинақталған ғылыми ізденістер қатарына жатып, осы мәліметтер автордың 1997 жылы ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациясына негіз болғандығы құптарлық жайт.

Бөкей Орда тарихы мектеп оқу-бағдарламасына сәйкес жазылған «Батыс Қазақстан облысының тарихи (ежелгі дәуірден қазіргі кезге дейін)» атты ұжымдық өлкетану оқулығында да үлкен орын алады. Ғалым аталған еңбектің «Бөкей Ордасы соғыстан кейінгі жылдарда» - бөлімін жазып шықты. Онда автор соғыстан кейінгі соны жылдардағы ауданның дамуын алғашқы әлеуметтік соны серпіліс, ауыл шаруашылығының біртіндеп қалпына келтірілуін мұрағат құжаттары негізінде жазып шыққан.

Бірақ өкінішке орай, 2009 жылы маусымда қызмет бабында өз шәкірттерін тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз және отбасында асқар таудай әке, ардақты ата болып отырған ғалым кенеттен дүниеден озды. Ғалымның артында балалары, немере-жиендері және өзі тәрбиелеп, білім ғылым нәрімен сусындатқан шәкірттері қалды. Профессор күні бүгінге дейін 6 тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның ғылыми жетекшісі болып, оның екеуі тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды (А.С.Байболсынова, Е.Е.Хайдаров), 7 магистрдің жетекшісі болып, бұл диссертациялар әр жылдары сәтті қорғалып шықты.

Бүгінгі күні ғалымның артында өзі жазған 5 монография, 3 ұжымдық еңбек, 4 оқулық, 20 оқу-әдістемелік еңбек, 120 ғылыми мақала, 32 баяндама, тезистері бар. Бірнеше ғылыми диссертацияларға оппонент және ғылыми кеңесші болып, 20-ға жуық авторефераттар мен оқулық, монографияларға пікір жазған. Бақтығұл Қабдірұлы Батыс Қазақстан тарихында тың ғылыми еңбектер жазып, тұжырымды ғылыми пікірлер жариялаған тарихшы ғалым

болуымен қатар, университеттің жаңа буыны және қазіргі өз заманының жастарына тиянақты, терең білім беріп, тәрбиелеудегі ерекше үлгісі ұлағатты ұстаз ретінде ел есінде қалатындығы сөзсіз.

Ендеше «Ғалымның хаты өлмейді ...» деген ұлағатты сөз артында қалған елдің ұстаз ғалымның еңбегіне деген ілтипатынан айтылса керек.

Байболсынова А.С.

.....

ХАЛЫҚ ӨЗІ ТАҢДАП АЛАР ҰЛЫСЫН



«Уақыттың құдіретті қасиеттерінің бірі жылдар өткен соң көп нәрсені өзі екшеп, елеп, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды айырады. Қара қылды қақ жарған әділ үкім – уақыт үкімі. Қоғамдық құбылыстар, өнер мұралары, әдеби шығармалар, дара тұлғалар жайлы түптің түбіндегі әділ қазы – уақыт», -дейді академик Р.Нұрғали. Рас, құдіретті уақыт ерте ме, кеш пе өзінің сүйікті кейіпкерін аренаға шығарады. Уақыт таразысы танытқан осындай тұлғалардың бірі – адами болмысымен, ұстаздық ұлағатымен, саналы өмір өрнегімен

дараланған Отарәлі Бүркітов.

Отарәлі Бүркітов 1954 жылы 13 қазанда Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Сулыкөл ауылында дүниеге келген. Тілші-ғалым, филология ғылымының кандидаты (1995), доцент (1997) А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтын (1979), ҚазМҰУ-дің аспирантурасын (1985) бітірген. Орал педагогика институтында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1989-93), факультет деканы (1993-95), Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры (1996-99) қызметтерін атқарған. 1999-2001 жж. әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің аға ғылыми қызметкері, 2002 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Өзінің еңбек жолын институттың оқытушысы ретінде бастап, көп ұзамай жетекші ұстаздардың біріне айналып, өз ісінің шебері ретінде мойындалып, осы кезден бастап ол оқу ісін белсенді ғылыми қызметпен үйлестіре жүргізді. 2005 жылдың 14 ақпанында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры қызметімен айрықша тұлға, жоғары шығармашылығы мол ғалым ретінде көптің көңіл күмбезіне қонақтады.

Ғалымның ғылыми жұмыстары қазақ тілінің тарихы, теориясы, стилистикасы, қазіргі қазақ көркем шығармаларының тілі, түркітану мәселелерін зерттеуге арналған. Сондай-ақ ол алғашқы қазақ тіл білімі өкілдерінің бірі, көрнекті ғалым Қ.Жұбанов ілімін республика деңгейінде насихаттаушы, 80-ге жуық ғылыми еңбектің авторы.

Отарәлі Бүркітовтің еңбек өмірбаяны көптеген алғыс хаттармен, грамоталармен, мадақтамалармен, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен ғана ерекшеленіп қоймай, сонымен бірге, өзі араласып үлгергендердің, әріптестерінің терең де шынайы сыйластығымен жарқын. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Батыс Қазақстан филиалы төрағасы бола жүріп, ол қазақстандық патриотизмді дамытуға үлкен ықпал етті.

Оның аса бауырмалдығы мен бәріне іш тартып тұратын жарқын мінезіне қарап, аралас-құралас жандар «Отан» деп атап кеткен.

Тарих өзі таңдап алар ірісін,
Халық өзі аңдап алар ұлысын.
Өмірімді өкінбей-ақ арнадым,

Қазағымның қасиетті тілі үшін! - деп жырлаған Отарәлі Бүркітұлының осынау ақ адал сөзі мен ісінің аралығында алшақтық болмай, үйлесім тауып, бүкіл саналы ғұмырын туған тілінің мәртебесін көтеріп, көкжиегін кеңейту жолына арнағанын білеміз.

«Отарәлі – тума талант. Өте алғыр, әрі ұйымдастыру қабілеті мол болғандықтан, топқа староста етіп сайладық, оның үстіне армияға барып келген, аз да болса өмір көрген, курстастарынан бір-екі жас үлкендігі бар. 1-курстан-ақ студенттердің арасында түрлі саяси (ол кезде партия ғой), мәдени шараларды ұйымдастырып, топта болсын, тіпті факультет, институт деңгейінде көзге түсіп жүрді. Өзіне сай қоңыр даусы бар, домбырамен ән салатын. ... Иә, өмір бір орында тұрмайды, жылдар өтіп жатыр, қазір тіпті зуылдап, жылдамдығын арттыра түскен сияқты. Отарәлінің барлық күш-қуаты, қабілеті де сол ағысынан ешбір артта қалмай, зор жылдамдықпен өрлеп келе жатқанда, кілт үзілді, ерте кетті... Өкінішті...», - дейді филология ғылымының докторы, профессор Бердібай Шалабаев.

«Студенттерім менің – екінші өмірім» деген-ді ол бізбен сұхбатында. Тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да айна-қатесіз айтылған сөз. Бұл сөздің астарындағы асылын айқын тану үшін «Байтұрсынов-Әуезов-Қабдолов-Тілеужанов-Бүркітов» бестігін бірге алып қараңызшы. Отан айтқан сол сөздің ескірмей, жыл өткен сайын жаңарып, ғасыр ауысқан сайын жасарып тұратын ақиқатын аңғартпай ма?! Екінші өмір... Азамат, ұстаз, қадірлі қатар дос Отарәлі Бүркіттің екінші өмірі, меніңше, ол қайтқан күннен емес, сәулесін қалдырған сол бір қайталанбас сағаттардан бастау алған сияқты. Ұрпақ пен ұрпақты, уақыт пен уақытты жалғастырар мәңгілік жол, бәлкім, осы шығар...», - деген *тіл маманы Болат Баймұқановтың* сөздерінен де уақыт өлтіре алмаған ғалым-ұстаздың асыл бейнесін көреміз.

Мына фәни жалғанда елу жыл, төрт ай, он күн өмір сүрген Отан аға бар ғұмырын жоғарыда айтылғандай туған тіліміздің тұтастығы үшін, тек адамдарға риясыз ақ көңілімен қолғабыс етуге арнады. Өмірден өткеніне бір жыл толу қарсаңында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімшесінің бастамасымен Орал қаласында ғалым тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Тарих өзі ірісін саралап, халық өзі ұлысын таңдап алып, жақсының аты өлмегені – осы да. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, қиналғанға қамқорлық жасай білетін, өзгенің қайғысы мен қуанышына ортақтаса алатын жаны жомарт азаматын елі қадір тұтты, құрметтеді. Отарәлі ағаның отын өшірмей, өзі бастап кешіп өткен өмір өзенінде өмірлік серігі болған Ұлдай апай мен Ұлан, Дария есімді балалары ғұмыр жібін жалғап келеді.

«Әттең, өлім! Иә, ол жағдайыңа, жасыңа, атағыңа, талантыңа – ештеңеге де қарамайды. Айқын өлімді жеңгендер қатарына қосылатын жан еңбегімен, творчествосымен жеңген ғой», - дейді тағы бірде Р.Нұрғали. Отарәлі ағай да осылай өмір базары тарқамаған дарабоздардың санатында... Әр кез солай болмақ!

Мүтиев З. – ф.ғ.к., доцент,

ГАРМОНИИ ТАИНСТВЕННАЯ ВЛАСТЬ...

Николай Гаврилович Евстратов, работавший на кафедре русской и зарубежной литературы с 1935 по 1978 год, – один из тех преподавателей и заведующих кафедрой, благодаря которым специальность «Русский язык и литература» всегда держала очень высокую планку.

Основной курс Николая Гавриловича – «Русская литература первой половины 19 века». Он и сам с его деликатностью и благородными манерами казался пришедшим из той далекой гармоничной эпохи, когда блестящая эрудиция в интеллигентных людях органически соединялась с настроением души, с прекрасными внутренними качествами, поэтому лекции Николая Гавриловича воспринимались не только умом, но о них оставалась и «память сердца», говоря словами замечательного поэта первой половины 19 века К. Батюшкова.

Эти лекции надо было слушать. Николай Гаврилович буквально «играл» своим голосом, подчеркивая в стихах и даже прозе музыкальное начало, тончайшие оттенки значения и переходы ритма. Его спокойная, неторопливая речь завораживала. Николай Гаврилович не был простым «передатчиком» информации, он понимал глубинную суть литературы, он жил в ней и этим чувством «заражал» аудиторию.

Но при этом лекции Николая Гавриловича отличались логичностью построения, емко и четко освещая программные вопросы. Николай Гаврилович, как и многие преподаватели в то время, постоянно проводил собеседования по художественным текстам и литературно-критическим статьям, стремясь дать студентам глубокие и прочные знания.

Встреча с Николаем Гавриловичем не только на занятиях, но и в институтских коридорах была праздником. Всегда радостно было увидеть его мягкую улыбку, услышать в ответ на приветствие плавно и четко произнесенное «здравствуйте», а затем – многозначительное, «профессорское» «м-да».

О литературе со своими воспитанниками Николай Гаврилович говорил всегда «на равных», с неподдельным интересом выслушивая мнение каждого студента, тактично и доброжелательно исправляя ошибки в ответах.

Уважительное отношение к себе студенты тогда особенно ценили – ведь школа в то время в основном была авторитарной, и обстановка на историко-филологическом факультете составляло ей резкий контраст.

Постепенно Николай Гаврилович раскрывался перед студентами не только как преподаватель и человек, но и как ученый. Его тщательно продуманные и отредактированные литературоведческие статьи печатались в самых солидных изданиях того времени.

Николай Гаврилович стоял и у истоков литературного краеведения Приуралья. Его книга «Русские писатели в Казахстане», написанная со scrupulous научной точностью, в то же время интересна и увлекательна, она помогает читателю много узнать о родном крае, будит

патриотические чувства.

Лучшие традиции кафедры нашего университета закладывались такими людьми, как Н.Г.Евстратов. Вспоминая о Николае Гавриловиче, убеждаешься еще раз: обаяние личности ученого и педагога нельзя заменить информацией, полученной хотя бы и с помощью новых технологий. Изящество и благородство русской литературы первой половины 19 века навсегда для учеников Н.Г.Евстратова будет слито с его обликом.

Выдрина Н.А.

.....

ТӨҢКЕРІСІЛ ҒАЛЫМ



Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, әрі акын, әрі драматург Қажығали (әдеби лақап аты Қажым) Жұмалыұлы Жұмалиев – 1907 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы Аққозы ауыл советіне қарасты Жалғызғаш деген жерде туған.

Ол 1923-1925 жылдар аралығында Орынбор қаласында «Ересектер мектебін» бітіргеннен кейін 1925 жылы Шымкенттің ауылшаруашылық техникумына түсіп, онда 1929 жылға дейін оқиды. Бірақ ол техникумды бітірмей-ақ 1929 жылы Алматыға келіп, қазіргі Абай атындағы педагогика институтының тіл және әдебиет факультетіне оқуға түседі де, оны 1932 жылы үздік бітіріп шығады.

1932 жылы Қазақтың Халық ағарту комиссариаты Қажым Жұмалиевті Орал қаласында жаңадан ашылған педагогикалық институтқа оқытушылық қызметке жібереді. Ол сол жылы Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

Қажым Жұмалиевтің 1941 жылы «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы» деген тақырыпта диссертация қорғап, қазақ әдебиетшілері арасында бірінші болып филология ғылымының кандидаты дәрежесін алды. 1942 жылы Қажым Жұмалиевтің көп жылдық педагогтік қызметі ескеріліп, доцент атағы берілді. Қажыкең 1946 жылы СССР Ғылым Академиясының Шығыстану институтында «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.


Қажым Жұмалиев күнделікті газет-журналдарда жиі жарияланып тұратын әдеби-сын мақалаларын айтпағанның өзінде 16 кітап шығарыпты. Оның ішінде акынның «Қырдағы күрес» атты поэмалар жинағы мен орта мектептің 9-класына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы да, орта мектептің жоғары кластарына арналған «Әдебиет теориясының» оқулықтары да бар. Жауынгер акын Махамбет Өтемісовтің шығармасы жайлы құнды зерттеулері мен қазақ ауыз әдебиеті және қазақ әдебиеті тарихының келелі проблемалық мәселелерін қозғайтын екі томдық монографиялық еңбектері де бар.

Ғұмырын қазақ руханиятының өркендеуіне арнаған ұстаз, ғалым, жазушы Қажым Жұмалиевтің қажырлы еңбегі ескерусіз де қалған емес. Ол 1959 жылы ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы

бойынша «Құрмет белгісі» орденімен, 1961 жылы ең жоғарғы марапат - Ленин орденін иеленді. Сол жылы Қ.Жұмалиевке Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атақ берілді. 1964 жылы «Тың жерді игергені үшін» және бірінші дәрежелі «Шахтер даңқы белгісі» медальдарымен марапатталды. Қажым Жұмалиев 1967 жылдың 27 ақпанында Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі болып сайланды.

.....

УЧЕНЫЙ И УЧИТЕЛЬ С БОЛЬШОЙ БУКВЫ



В.В.Иванов родился 27 сентября 1905 г. в г. Седлец, в учительской семье. В 1926 г. он закончил государственный университет и был направлен в Уральск, где работал в сельхозтехникуме, а с 1933 г. – преподавателем, заведующим кафедрой педагогического института.

В 1941 г. Всеволод Вячеславович защитил кандидатскую диссертацию. В первые дни Великой Отечественной Войны он добровольно ушел в ополчение. Однако страна нуждалась в замене ушедших на фронт учителей новыми учительскими кадрами и его, как ученого, в феврале 1942 г. отзывают в тыл для работы в институте. В эти годы сотрудники и студенты совмещали учебу с дежурством в военных госпиталях, один из них размещался в учебном корпусе института. В деен -осенний период Всеволод Вячеславович возглавил бригаду сотрудников и студентов по заготовке дров в Бурлинском лесхозе. Они пилили лес, готовили плоты, которые уже в период осеннего ледохода сплавляли по Уралу в город. Тем самым они обеспечили топливом госпиталь и учебные аудитории, размещенные в приспособленных зданиях в разных уголках города.

В эти же годы Иванов вместе с преподавателями кафедры проводили опыты на участках Некрасовского сада по выращиванию негритянского проса, как пищевого продукта, и сафлора – для получения пищевого масла. Результаты этих и других экспериментов сообщались в научных статьях по использованию местных пищевых, лекарственных и витаминоносных растений.

Не успели отгреметь залпы Победы, а перед страной встали новые задачи: необходимо было восстановить разрушенные города и села, расширить производство сельхозпродукции. Возникла потребность в научнообоснованном использовании новых сенокосов и пастбищ с целью увеличения поголовья скота; в проведении работ по борьбе с суховеями снижающими урожайность зерновых культур. В эти годы В.В.Иванов возглавляет научные экспедиции по изучению сенокосов и пастбищ Северного Прикаспия и их рациональному использованию. Результатом этой кропотливой работы была защита им докторской диссертации в 1954 г., что послужило основанием для открытия при кафедре ботаники аспирантуры в 1961 г., научным руководителем которой становится В.В.Иванов.

За более чем полувековую научную и педагогическую деятельность В.В.Иванов опубликовал свыше 300 научных работ и несколько монографий, им организовано и проведено свыше 100 научно-исследовательских экспедиций по изучению природы Северного Прикаспия.

Путешественник-исследователь, ученый-энциклопедист Иванов обследовал обширную территорию Северного Прикаспия от р. Волги – на западе, до Мугоджарских гор и Усть-Урта, на востоке. Северная граница его исследований прошла по южным отрогам Уральских гор, а на юге она заканчивается побережьем Каспийского моря. За время экспедиций был собран уникальный гербарий края, который был включен в каталог мировых гербариев, представляя флору пустынь, степей и лесостепей.

Выпускники его аспирантуры защитили не только кандидатские диссертации, но и стали докторами наук – крупными учеными нашей Республики.

Иванов В.В. умел вызвать громадный интерес к природным объектам, научить методам изучения и сохранения особенно редких видов. Благодаря его стараниям в институте, а теперь в университете, возникла школа естествоиспытателей, которые в настоящее время на практике реализуют эти идеи, проводя исследования природных объектов и разрабатывая рекомендации по рациональному использованию и охране растительного и животного мира края, уникальных природных ландшафтов.

Являясь прекрасным педагогом, Всеволод Вячеславович умел привить любовь к природе и навсегда оставить след в жизни каждого человека, хотя бы раз побывавшего с ним в экспедиции. Первая встреча в полевых условиях с ним у меня произошла в 1957 г., когда, будучи студентами, мы выехали в Бузулукский бор. Жители Казахстанских степей, мы были поражены красотой этого уникального уголка природы, разнообразием природных ландшафтов и обилием всевозможных красивых и редких видов растений. Именно здесь Всеволод Вячеславович показал себя, прежде всего доброжелательным, внимательным, и глубоко эрудированным учителем, любящим природу и стремящимся передать свои знания студентам. Досконально зная этот уголок природы, уникальный островок леса в степи, он рассказал нам историю формирования лесостепной зоны и влияние человеческого фактора на распространение леса в степи. Однако более всего нам запомнилась первая экскурсия по бору беломошнику, когда, шагая по мягкому моховому покрову среди стройных красавиц сосен, мы вдруг оказались в сфагновом болоте. Идем по болоту след в след, длинная цепочка студентов растягивается на несколько десятков метров. Во главе её идет высокий, стройный и красивый человек с развевающейся бородой, в высоких до колен яловых сапогах, кителе защитного цвета, с приветливым лицом и живыми, все замечающими серыми глазами. Вдруг на сфагновом болоте бора мы замечаем маленькое растеньице – росянку. Всеволод Вячеславович приходит в восторг и начинает нам рассказывать насколько хитро это растение. Оказывается оно способно питаться насекомыми. Дальше идет рассказ, как происходит этот процесс. Новая находка – Венерин башмачок, редкое лесное растение и новый рассказ, поражающий наше воображение. Многочасовая экскурсия выматывает нас – молодых, а Всеволод Вячеславович, по-прежнему бодрый, жизнерадостный, шагает метровыми

бітіргеннен кейін математика кафедрасының ассистенттігіне қалдырылды. Хайролла Кенжеғұлұлының содан бергі өмірінің басым бөлігі жоғары оқу орнымен тығыз байланысты: 1963 жылға дейін педагогикалық институттың математика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып жемісті еңбек етті; 1963-1972 жылдарда Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі, экономика факультетінің деканы міндеттерін абыроймен атқарды.

1967 жылы Ресейдің Самара (бұрынғы Куйбышев) қаласындағы педогогика институты жанындағы аспирантураны бітіріп, «Нақты және комплекс облыстарындағы итерация» тақырыбы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады.

Хайролла Кенжеғұлұлы 1972-1973 жылдарда Орал педогогикалық институтының оқу бөлімінің проректоры, 1973-1979 жылдары ректор болып қызмет істеді.

Ол институтты басқарған жылдары оқу орнын білімді кадрлармен толықтыру мәселесіне баса назар аударып, білім деңгейі жоғары мамандар резервін әзірлеуге көп мән берді. Хайролла Кенжеғұлұлы өзінен соңғы буын – жастарға қамқоршы бола отырып, оларға талап қоя білгендігі университеттің қазіргі профессорлары мен оқытушыларының әлі есінде. Көптеген жастар Мәскеудің, Ленинградтың және Алматының ғылыми-зерттеу орталықтарында білімдерін жетілдіріп, ғылым салаларындағы алғашқы қадамдарын жасады. Олардың басым көпшілігі кейіннен ғылым кандидаттары мен докторлары дәрежелеріне көтерілді. Олар: Т.З. Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров, А.Г.Галимов, М.В.Чечетко, Р.К. Кусаинов, т.б. Осы жастар университеттің басқару ісіне тартылды.

Хайролла Кенжеғұлұлы 1979-1994 жылдары осы институттың физика-математика факультетінде декан, кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасады. Декандық қызмет атқарған жылдары физика кафедрасының лабораторияларын ғылым мен техниканың сол кездің талабына сәйкес келетін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге жоғары көңіл бөліп, осы жұмыстардың іске асуына ұйытқы болды. Факультеттегі оқу процесінің жүйелі жүргізілуін қадағалап отырды.

Хайролла Кенжеғұлұлы облысымыздың білім беру жүйесін компьютерлендіру ісін бастауға да көп үлес қосты. Өзі бастап информатика пәнін игеріп, университетімізде информатика кафедрасының ашылуына зор ықпал етті.

Хайролла Кенжеғұлұлы – көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы, өнегелі өмір иесі. Оның жемісті ғылыми-педогогикалық және қоғамдық қызметі ескеріліп, «За трудовое отличие», «Отличник просвещения Казахской ССР» төс белгілерімен және бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталды.

1994 жылдан өмірінің соңына дейін (1999 жыл) математика кафедрасының доценті, құрметті профессоры болды.

Абзал ағаның замандастары, достары, оқушылары: «Хайролла Кенжеғұлұлы – жоғары дәрежелі маман, көрнекті ғалым, адамгершілігі мол азамат, әділ және талап қойғыш басшы еді, оның еңбек жолы бізге үлгі», - деп еске алады.

Хайролла Кенжеғұлұлы сырлы поэзияны түсіне де, сезіне де оқитын

еді. Ол шығыс, қазақ, және орыс классик акындарының өлеңдерін жатқа айтып, фәлсафалық астарларын тыңдағандарға түсіндіріп отыратын еді.

Ел сүйген азаматтан тұяқ қалғаны да көңіл көншітеді. Баласы Баркел, немерелері Арсен мен Әсел ел қатарлы еңбек етуде.

Университетімізде Х.К.Кенжеғұлов атындағы дәрісхананың ашылу рәсімінде филология ғылымдарының докторы, ақын Алпысбай Мұсаев Хайролла ағаға төмендегі жыр жолдарын арнаған болатын:

Жақсы адам, абзал адам – Хайрақаң деп,
Достарың асыл сөзін арнаған көп.
Адамшылық жағынан биік едің,
Сын сағатта өзіңді таңдаған ек.
Күш бар еді, бойыңда сенім дейтін,
Бар ісінде жауаптылық сезінгенсің
Ректор болған анау бір кездерінде,
Парасат биігіңнен көрінгенсің.
Жан едің – бәрі ұрпақ үшін – дейтін,
Жағдайын қысылғанның түсінгенсің.
Талайларға жақсылық жасағансың,
Жадымызда жаңғырар бүгін кейпің.
Жаңғырып жатқан кезде көнерген үн,
Есте ғой қуанышқа кенелгенің.
Білгір де, білікті бір ғалым едің,
Жатқа білген қазақтың өлеңдерін.
Еңбекпен байланысты бақ-таланы,
Тұлғалы азамат ең асқаралы,
Хайролла Кенжеғұлов – асыл бейнең,
Есімің жүректерде сақталады!

Осы арнау жолдарынан Хайролла ағамыздың өзі ортамыздан кетсе де еңбегі мен азаматтығы жас ұрпаққа үлгі, өнеге екендігін айқын сезінеміз.

*БҚМУ-дың физика және математика кафедрасының
аға оқытушысы Камжиева Ж.*

ӘДЕБИЕТ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ БІЛГІРІ



Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы бойынша республикада алғаш кандидаттық, докторлық диссертация қорғаған ғалым Атымтай Ыбырайұлының өмір жолына үңілер болсақ, қилы заман кейіпкерінің күрсінісін сезінесің. Әңгімеміздің бас кейіпкері Көшімбаев архив дерегіндегі өз қолымен жазған өмірбаянында «1910 жылы Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Карл Маркс совхозында дүниеге келдім» - деп мәлімет берген.

Атымтай Ыбырайұлы алғашқы білімді ауыл молдасынан 1920-1925

жылдар аралығында алады. Ал кеңестік мектеп табалдырығын 1925 жылы, яғни, 15 жасында аттағандығын жазады. Ауылдық бастауыш мектепте 1925-1926 жылдар аралығында бар болғаны бір жыл оқыған ол 1926-1927 жылдары Пресногорьков ауылындағы жеті жылдық орыс мектебіне ауысып, оның үшінші класын аяқтайды. Осылайша бастауыш мектепті 17 жасында тәмәмдаған талапты жас үш жылдық білімімен 1927 жылы Қостанай қаласындағы педагогикалық техникумға түсіп, оны 1932 жылы бітіріп шығады. Міне, осы жылдардан бастап, өз өмірін ұстаздық жолға арнаған балаң жігіт елде екі-үш жыл мұғалім болып қызмет жасағаннан кейін, 1935 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының сырттай бөліміне оқуға қабылданады.

1940 жылдың ақпанынан жауынгерлік борышын өтеуге әскерге алынған Атымтай Ыбырайұлы 1941 жылдың 22 маусымына дейін атақты Брест қаласында офицерлік мектепте оқиды. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен елді басқыншы жаудан қорғау қамына кіріскен қатардағы жауынгер Көшімбаев 1941 жылдың 2 шілдесінде бөлімшелері немістердің қоршауында қалып, тұтқынға түседі. 1943 жылдың 4 қазанында тұтқыннан қашып шығып жауынгерлік қатарға қайта қосылған ол Польша, Чехославакия, Германия елдерінде кескілескен ұрысқа қатысып, «Ерлігі үшін» медалімен және 4 мәрте жоғары қолбасшының Алғыс хатымен марапатталады. 1945 жылы әскерде 5 жыл 8 ай борышын өтеп, бейбіт өмірге жеңімпаз жауынгер болып оралған ол үзіліп қалған Алматыдағы оқуын 1946 жылы аяқтап, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болып шығады.

Ол 1954 жылы республика бойынша «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» ғылымында бірінші болып, «Жеті жылдық мектепте қазақ әдебиетін оқыту мен талдау әдістері» деген тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаттығы ғылыми дәрежесін қорғаған ол сол жылы толықтай Орал педагогикалық институтына жұмысқа ауысады. Кафедрада «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінен» сабақ бере жүріп, бірыңғай ғылыммен айналысқан ғалым 1972 жылы «Орта мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды.

ҚАНАТТЫ ӘЙЕЛ



Бүгінгі таңда 80 жылдығын тойлағалы отырған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің алғашқы ашылған факультеттерінің бірі - физика-математика факультеті. Содан бергі жылдар ішінде факультеттен қасиетті қара шаңырақтың абыройын асқақтатып, биік шыңнан көрінуіне өз үлестерін қосқан іскер басшылар да, бар ғұмырын білім беру ісіне арнаған ғалым ұстаздар да шықты. Солардың бірі -Қобланова Үміт Бисенқызы.

Үміт Бисенқызы 1931 жылы 24 маусымда қазіргі
Ақжайық ауданының Шағатай

ауылында дүниеге келген. Әкесі Бисен 1940 жылы қайтыс болады. Жастай жарынан айырылған Алима апай екі қызы – Шекер мен Үмітті ауыр өмір тауқыметін тарта жүріп, өсіріп, оқытты.


Үміт Бисенқызы 1948 жылы Чапаев орта мектебін, 1952 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін үздік бітіргеннен кейін, математика кафедрасына ассистент болып қалдырылады. Одан әрі нәтижелі еңбек жолы жалғасып, факультет деканының орынбасары, Орал қалалық халық депутаттары Кеңесі төрағасының орынбасары, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) жоғары математика кафедрасының меңгерушісі, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының алгебра кафедрасының меңгерушісі, білім беруді ұйымдастырушыларды даярлау және біліктілігін жетілдіру факультетінің деканы қызметтерін атқарады. Ассистенттен декан қызметіне дейін өсу - қажымас қайрат пен ерінбей істеген еңбектің, ізденіс пен біліктілікті көтерудің арқасы. Факультеттің, институттың әдістемелік комиссияларының төрайымы, партбюро мүшесі, Қазақстан КП Орал қалалық, облыстық комитеттерінің бюро мүшесі, қалалық, облыстық Кеңестерінің депутаты, «Білім» қоғамының тұрақты лекторы секілді қоғамдық-саяси жұмыстарды абыроймен атқарады.

Үміт Бисенқызы 1971-1975 жылдары Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институты жанындағы аспирантурада сырттай оқып, «Математикалық құрылым ұғымына философиялық талдау» тақырыбында философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады. Осы еңбегінің нәтижелерін кейін математиканы оқыту, насихаттау жұмыстарында кеңінен қолданды. Физика-математика факультеті оқытушылары арасында «Математиканың философиялық мәселелері» әдіснамалық семинарын ұйымдастырып, оған жетекшілік етті. Қала, облыс мектептері мұғалімдеріне, оқушылар мен студенттерге математика пәнін, оның қағидаларын дұрыс түсінуге, математиканың нақты өмірмен байланысын көре білуге бағытталған дәрістер, семинарлар, кештер, пікірталастар ұйымдастырды. Жалпы, Үміт Бисенқызы тәрбиеге шебер тәлімгер еді. Ол өткізген шаралардың, мейлі ол сабақ болсын, мейлі кураторлық сағат болсын, мейлі кеш болсын тәрбиелік мәні орасан зор болатын. Үміт апайдың бойындағы қастерлі қасиеттердің тағы бірі – ұлтжандылығы. Ол ұлтшыл емес, бірақ өз ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қатты қадірлеп сақтайтын және оны шәкірттерінің бойына сіңіруге тырысатын.

Ү.Б.Қобланова «Еңбекте үздік шыққаны үшін», 2-ші дәрежелі «Ана медалі», В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, халық депутаттары Орал облыстық Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Үміт Бисенқызы мен Хайролла Сағынайұлы жанұясында бес қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың үшеуі педагог мамандығын таңдады, екеуі - математик, екеуі ғылым кандидаты. Қазақта «өмірде үш қыз тәрбиелеп өсірген адам жұмаққа барады» деген ұғым бар. Үміт Бисенқызы жұмақтың төрінде, нағыз періштелер ортасында деп ойлаймыз және аруағына тағзым етеміз.

ЭНТУЗИАСТ ФОЛЬКЛОРНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ



Евгений Иванович Короткин – кандидат исторических наук, доцент. Он являлся одним из ведущих фольклористов нашего вуза, проработав в нем с 1958 года по 2003 год. Около 15 лет он находился на руководящих должностях: был заместителем декана филологического факультета, зав.кафедрой русской и зарубежной литературы.

Основные курсы, которые читал Евгений Иванович, - русское устное народное творчество, древнерусская литература, основы русской культуры. Его лекции при всей строго научной выверенности были доступны для восприятия каждого студента.

Евгений Иванович умел пробудить у слушателей интерес к своим предметам, который у большинства его учеников оставался на всю жизнь.

Поэтому не случайно студенты с большим энтузиазмом отправлялись вместе с Евгением Ивановичем в фольклорные экспедиции.

Евгений Иванович организовал и провел 35 студенческих фольклорно-этнографических экспедиций. На основе собранных материалов был создан научный архив и кабинет русского фольклора, насчитывающий более 7 тысяч произведений, которые стали базой для научных исследований десятков творчески работающих студентов и аспирантов. В настоящее время эти материалы вошли в фонд фольклорно-диалектологического кабинета им.Н.М.Малечи.

Итогом его многолетней работы по собиранию фольклора стала книга «Устное поэтическое творчество уральских (яицких) казаков». Всего Евгений Иванович опубликовал более 130 научных статей и монографий.

Е.И.Короткин активно поддерживал связи с фольклористами Москвы, Санкт-Петербурга, Алматы, достойно представляя наш вуз.

Его труд был отмечен правительственными наградами: медалью «За доблестный труд в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 годов»; значком «Отличник просвещения Каз.ССР»; медалью «Ветеран труда».

В конце 2000 года Е.И.Короткин был принят в Союз писателей России за успешную работу по изучению русского фольклора.

Выдрина Н.А.

ЧЕЛОВЕК ОГРОМНОЙ ЭРУДИЦИИ И ТАЛАНТА



Выпускник Уральского государственного педагогического института имени А.С.Пушкина доцент В.М.Костюков всю свою жизнь связал с кафедрой русского языка и родным вузом.

Кто он? Потомственный интеллигент, педагог. Старшее поколение знало его отца – Матвея Георгиевича – директора СОШ №1, жена – Зоя Андреевна Рулёва – отдала институту всю свою жизнь. Семья его – воплощение «семейственности»: и дочь Вера – выпускница, в недавнем прошлом – преподаватель УПИ, продолжила филологическую тропу отца в России и Германии.

Имея хорошую теоретическую подготовку, он был эрудированным специалистом во многих аспектах современного русского языка. Окончил очную целевую аспирантуру в КазГУ, написал и успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему «Гибридные слова в современном русском языке» под руководством известного профессора Махмудова Х.Х. (КазГУ). В.М.Костюков был верен избранному пути в науке и стал продолжателем стилистической школы своего научного руководителя.

Стилистика и словообразование – те области, в которых вел научные поиски доцент Костюков В.М. и его многочисленные студенты-дипломники.

Каким он был эрудитом! Казалось, не было в лингвистике вопроса, на который он бы не смог ответить – и показать, где и что по этому поводу написано. В его голосе всегда было участие и ощущалась поддержка. Вроде «Вы и сами знаете, только запомнили, а я – подскажу...»

Кажется, для многих студентов воплощением известного «встречают по одежке, провожают – по уму» была первая встреча с Владимиром Матвеевичем Костюковым. Первое чувство – такой странный чудак, одет небрежно, весь в движении, но речь – завораживает. Не обладая сильным голосом (кто-нибудь видел нашего Владимира Матвеевича – по доброй воле – на трибуне, ну хоть раз?), он своей торопливой глубиной сказанного буквально окунал слушателей с головой – и в фонетику, и в лексикологию, и в стилистику.

Он был очень скромным, корректным, интеллигентным человеком. Заметив ошибку в речи собеседника (будь то коллега или студент), Владимир Матвеевич осторожно, как бы боясь обидеть, исправлял её, шутил по-доброму. От студентов он постоянно требовал творческого отношения к учёбе, добросовестного выполнения курсовых и дипломных работ.

В старых вузах есть традиция – лекции метров заканчиваются цветами и аплодисментами. Как горько, что мы не отблагодарили хотя бы этим Владимира Матвеевича при жизни.

Биалиева К.К.

ОСНОВОПОЛОЖНИК АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ШКОЛЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА



Кушаев Гаяз Абдулвалиевич (1925 – 1992 гг.) – профессор, кандидат исторических наук, историк, археолог. Родился в 1925 году в селе Новая Казанка Джангалинского района Западноказахстанской области. Родился в семье служащего, отец до революции работал приказчиком по найму, позже почтальоном в

Уральской конторе, мать была домохозяйкой. Маму звали Кушаева Рабига, отца – Кушаев Абдулвали. В 1932 году Кушаев Г.А. поступил учиться в начальную школу № 26, позже перешел в № 33, где проучился до ноября 1942 года.

Гаяз Абдулвалиевич относился к поколениям, чью юность опалила война. В 1943 году, в возрасте 18 лет, он был призван в ряды Советской армии Орловского стрелково – минометного училища, после окончания был переведен в Ташкентское училище. Получил воинское звание младший лейтенант в запасе. В мае 1944 в звании младшего лейтенанта был направлен в 15 полк, резерва Офицерского состава. В сентябре 1944 года приступил к исполнению обязанностей командира взвода в 776 с. М. 214 стрелковой дивизии I Украинского фронта. Январь- февраль находился на лечение в госпитале в городе Чанстае, а 23 февраля 1945 года был направлен вновь в 776 с. М. 214 стрелковой дивизии I Украинского фронта, где исполнял должность командира взвода и командира работы.

25 апреля на реке Нейсе был тяжело ранен в череп, после чего был направлен на лечение и 17 сентября 1945 года был демобилизован из рядов Советской Армии. В результате ранения получил инвалидность Отечественной войны II группы пожизненно. За ратные подвиги был награжден орденом «Красная звезда» и многими медалями [1, с. 6].

20 сентября, уже вернувшись в город Алма-Ату, Кушаев Г. А. поступил на работу в Институт истории Академии Наук Казахской ССР в должность помощника директора по хозяйственной деятельности, а с мая 1946 года исполнял обязанности младшего научного сотрудника. В сентябре 1948 года без отрыва от производства начал учиться на I курсе Истфака Казахского Государственного университета и в 1953 году окончил полный курс обучения специальности история Казахстана.

После окончания вуза он возвращается в институт истории, археологии и этнографии Академии Наук Казахской ССР, где активно участвует в изучении археологических памятников республики, им было опубликовано более 60 научных работ. Гаяз Абдулвалиевич Кушаев активно проводит археологические исследования 1963 г. в Южном Казахстане, результатом которых становится монография «Культура саков и усуней долины реки Или», написанная в соавторстве с К.А. Акишевым. В составе творческого коллектива ведущих археологов республики он участвует в подготовке «Археологической карты Казахстана». Это первое подобное издание в СССР, которое носит фундаментальный характер и подводит итоги многолетних исследований.

В 1965 году защитил кандидатскую диссертацию на тему «Культура усуней правобережья реки Или». В 1965 году присуждена ученая степень кандидата исторических наук. В 1967 году Г.А. Кушаев возвращается в Уральск для работы в Пединституте. Именно с его приездом археологические исследования Приуралья стали носить систематический и целенаправленный характер.

За 25 лет им были исследованы десятки комплексов самых различных эпох, начиная от бронзового века и заканчивая временем поздних кочевников, такие как Барбастау, Алебастрово, Лебедевка, Мокринский, Шалкар и др. Гаязу Абдулвалиевичу Кушаеву удалось создать очень

хороший дееспособный коллектив, костяк которого составляли Б.Ф. Железчиков и В.А. Кригер, ставшие со временем известными исследователями Урало-Поволжского региона. Интерес и стремление к исследовательской деятельности у учащихся не вырастет на пустом месте, поэтому ученый Кушаев Г.А. ставил скромную цель – познакомить общественность и специалистов, учащихся с новыми, ранее неизвестными в науке материалами по истории Степного Приуралья. Под научным руководством Г.А. Кушаева в Уральске были проведены две Урало-Поволжские археологические, студенческие конференции, которые стали настоящей школой для будущих археологов. Через археологические конференции прошли Л. Коваленко, С. Железчикова, С. Заседателева, Т. Ким, С. Сагнаева, Н. Осипов, М. Сдыков, Н. Смирнова и др., которые впоследствии стали маститыми учеными.

В стенах института им были организованы научная лаборатория и музей. Ежегодно проводились археологические отчетные конференции, посвященные итогам полевых работ. Вот что вспоминает коллега Гаяза Абдулвалиевича Кушаева, доктор физиологических наук М. Тлеужанов: «С приходом Кушаева в археологическом освоении области появилась новая система. Археологическими раскопками Кушаев Г.А. занимался увлеченно, умел заинтересовать студентов. В первые годы работы в Уральске по итогам полевого сезона он проводил отчетные конференции, приглашал преподавателей разных специальностей. Это было так интересно, что вначале нового учебного года мы спрашивали Гаяза Абдулвалиевича Кушаева: «А когда будет очередная итоговая конференция?» [2, с. 6].

В 1993 г. была издана монография Кушаева Г.А. «Этюды древней истории степного Приуралья» [3, с. 1]. Монография Кушаева Г.А. представляет собой результат 20-летних исследований памятников древней истории Уральской области. В данной книге лежат большие материалы из 300 курганов, раскопанных студентами – историками в период обучения и прохождения ими практики по археологии.

Оригинально ученый Кушаев Г.А. подошел к истории железного века, т.е. к VII в. До н.э. – IV в. Н.э. В этом разделе делается попытка сопоставить памятники с древними племенами на основании данных греческих источников, и в частности, с исседонами альтернативой наряду с господствующей в науке концепцией по истории савроматов, расселявшихся от Танаиса до восточного Приуралья, а их приемники – сарматы до юга Средней Азии. Древнейшая история Степного Приуралья до последних лет оставались малоосвещенными в литературе, а памятники культуры почти не известны общественности.

Кушаевым Г.А. была предложена совершенно новая интерпретация истории бронзового века в нашем Приуралье т.е. история конца III – II тыс. до н.э.. Здесь, по мнению автора, сформировалось хозяйство скотоводческих племен с преобладанием коневодства, здесь, по-видимому, начало формироваться и кочевничество. Эти положения автора могут оспариваться, отвергаться, но фактическим подтверждением его выводов служат археологические находки в Приуралье. Наиболее интенсивным в монографии является эпоха средневековья, т.е. VI- XV вв. Она представлена результатами осмысления источников-находок из курганов, одновременно использованы

автором и письменные источники – арабо-персоязычных авторов, посетивших ранее Приуралье. Сведения этих источников позволяют сделать вывод, что Приуралье не было периферией, что здесь пролегал шелковый путь с Востока на Запад, здесь были средневековые города, историю которых мы, к сожалению, еще плохо знаем, и которая ждет своих исследователей.

Гаяз Абдулвалиевич Кушаев является обладателем и ряда правительственных наград: «Красной звезды», медали «За победу над Германией в ВОВ в 1941-1945 гг.», юбилейная медаль «25 лет ВОВ», Значок «Отличник просвещения Казахской ССР», Почетная Грамота Министерства Просвещения Казахской ССР [1, с. 7].

Главной заслугой Г. Кушаева стало создание уральской археологической школы. Он пользовался большим авторитетом среди студентов, многим из которых он открыл дорогу в большую науку. Один из его учеников С. Гуцалов уже в наши дни приложил много сил для возобновления археологической деятельности и изучения научного наследия Гаяза Абдулвалиевича Кушаева. Известно, что большая учебная загруженность и многочисленные экспедиции отнимали у него много времени, которого потом не хватило для систематизации и введения в научный оборот многочисленных материалов раскопок. За годы работы в Уральске он смог опубликовать более 60 научных работ и статей. Содержание его трудов, широкий аспект проблем – все это ставит его в число ученых с мировым именем. Его монография «Этюды древней истории степного Приуралья» увидела свет уже после смерти ученого.

Кушаев Г. А. воспитал не одно поколение студентов. Фактически Кушаев Г. А. создал собственную историческую, археологическую школу. Но он был не просто историком в научном понимании, он сам творил историю, а люди, которые жили рядом с ним, помнят его очень добрым, жизнерадостным человеком, чистым и светлым.

Магистр истории Клышев Е.Е.

.....

ИЗВЕСТНЫЙ УЧЕНЫЙ, КРАЕВЕД, ДИАЛЕКТОЛОГ



Родился 27 октября 1887, с. Струговська Буда, Суражский уезд, Черниговская губерния, теперь Брянская область. Ушел из жизни 9 августа 1979, г. Уральск, Казахстан.

Этнограф, языковед, педагог, общественный деятель. Ученая степень – кандидат филологических наук (1954 г.) Ученое звание доцента присвоено в 1962 г.

В 1905-1907 годах был студентом Вольной высшей школы (Высшие педагогические курсы профессора П.Ф.Лесгафта). В 1923 – 1925 гг. Слушал лекции на факультете этнографии

отырудың үлкендер үшін де, кішілер үшін де тәлімдік мәні зор болмақ.

Қ.Ж.Мырзағалиев 1928 жылы 15 ақпанда Чапаев ауданында (қазіргі Ажайық), Киров (қазіргі Алғабас) ауылында дүниеге келген. Сол кезең үрдісіндегі ауылдық жеті жылдық мектепті бітірген балаң шәкірт одан әрі білім алу мақсатында Орал педагогикалық училищесіне келіп түседі. Бастауышта білім беру мен оқытудың қыр-сырымен қаныққан жас педагог, одан да әрі білімін тереңдетіп, толықтыруды көздейді. Ол 1946 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына түсіп, оны қазақ тілі әдебиеті мамандығы бойынша 1950 жылы бітіріп шығады.

Жоғары білімді жас маман 1950-1958 жылдары Қазталов ауданының орталығында, Киров, Богатырев орта мектептерінде қатардағы мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерінде болады. Тәжірибесі толысып, қанаттанған ұстазды 1958 жылы сол кездегі Орал пединститутының ректоры Сәрсен Ақмурзин жоғары оқу орнына оқытушылыққа шақырады. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында сонау 1958 жылдың тамызынан 2003 жылдың ақпанына дейін қатардағы оқытушы, аға оқытушы, педагогика ғылымының кандидаты, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болып адал қызмет етті. Қалимолла Жұмағалиұлының өткен 53 жылдық педагогикалық қызметінде айрықша есте қалар, ұмытылмас күндері де жоқ емес. Соның бірі - 1953 жылы Қазақстан мұғалімдерінің Республикалық III съезіне облыс атынан делегат болып қатысуы. Содан соңғы даталы күннің қатарына 1968 жылы белгілі әдебиеттанушы ғалым, академик Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша «Қазақ мектебінің 5-7 сыныптарының әдебиет сабағында оқушылардың әдеби-теориялық ұғымдарын қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі иеленуі. Ол 1972 жылы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен доцент дәрежесін алса, 1996 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Ғылыми кеңесінің ұйғарымымен «Университет профессоры» академиялық атағына ие болды. Профессор Қ.Мырзағалиевтің ерен еңбегі университет ректораты, кафедра, деканат тарапынан қолдау тауып отырды. Адал да жемісті, нәтижелі еңбегі үшін ол «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «КСРО халық ағарту ісінің үздігі» атақтарына ие болып, Ы.Алтынсарин атындағы медальмен, «Ұлы Отан соғысына 50 жыл» мерекелік медалімен, сондай-ақ Білім министрлігінің грамоталарымен, дипломдарымен сан мәрте марапатталды.

Бар ғұмырын шәкірт тәрбиесі мен білім беру ісіне арнаған ұлағатты ұстаздың әдістемелік-педагогикалық және ғылыми еңбектері өзінің маңыздылығымен, құндылығымен ерекшеленеді. Оннан астам оқу құралы мен оқулықтың, монографияның және көмекші әдістемеліктердің авторы, ғалым-ұстаз Қ.Мырзағалиевтің басты еңбектерінің бірқатарын атасақ керекті. Олар: «Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту» (мұғалімдерге көмекші құрал), «Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру» (монография), академик С.Қирабаевпен бірлесе жазылған жалпы білім беретін мектептің 10-класына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы (1997 жылдан бері қарай төрт рет басылды) республика шәкірттерінің игілігіне айналды. Аталған оқулыққа арналған таралымы бірнеше мың әдістемелік пен хрестоматия құрастыруға да атсалысты (авторлары: Ә.Шәріпов,

С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев).

Жарты ғасырдан астам педагогикалық қызметінде профессор Мырзағалиевтің 100-ден аса мақаласы жарияланған. Бұлардың баршасы – мәрт еңбекпен, үлкен ізденіспен келген дүниелер.

Ол еңбектердің негізгі дені оқыту әдістемесіне арналған. Алайда, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған публицистикалық дүниелерден ұстаз-ғалымның өз замандастары, әріптестері туралы да тереңнен толғанғанын аңғаруға болады. Мысалы, академик Қ.Жұмалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай «Ғалымның ұлағатты хаттары», әріптес ағасы, белгілі әдістемеші Атымтай Көшімбаев туралы «Ғалымның қилы тағдыры», академик Серік Қирабаев хақында «Белгілі ғалым белестері», Сәрсен Ақмурзин туралы «Ұлағатты ұстаз», профессор М.М.Тілеужановқа арналған «Наш юбиляр», өзінің қызмет ұясы – университетінің 65 жылдығына арналған «Кафедра тарихына көз жіберсек», т.б. көптеген еңбектерінен ұстаздың парасат-пайымға толы, өнегелі көзқарастарын аңғарып, білуге болады. Қазақтың біртуар марғасқалары, белгілі ақын-жазушылары туралы, олардың шығармашылық ізденістері жайында жазып отыруды әдетке айналдырған Қ.Жұмағалиұлының ғылыми-әдеби мақалаларының негізгі тақырыбы ретінде Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, ұлы Абай, Шәкәрім, Ш.Сейіткерейұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ж.Молдағалиев сынды тұлғалар портретін көруге болады.

Профессор Қ.Мырзағалиев жоғары мектеп студенттеріне дәріс оқи жүріп, «Қазақ әдебиеті әдістемесінен курс жұмыстары», «Мемлекеттік тіл – елге тірек», «Сөз өнерінен – ойлау өнеріне» сынды әдістемелік құралдар жазды. Олардың бірқатары әлі күнге ізденімпаз қажетіне жарауда. Ғалым-педагог Қ.Мырзағалиевтің қарымды еңбегінің бастысы - «Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру» деп аталатын монографиясы.

Бүгін, міне, абзал азамат, үлкен ұстаз, еңбекқор ғалым, белгілі педагог, майталман әдіскер Қ.Жұмағалиұлын еске алудамыз. Ғалым-ұстаз қалдырған мұралардың ізденушілердің әлі де талай қажетіне жарап, пайдасын тигізетіндігіне және ол жазбалардың ғұмыры мәңгілік болатындығына күмәніміз жоқ.

*Ұстаз шәкірті, филология ғылымдарының кандидаты,
БҚМУ доценті, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Мүтиев З.*

БӨКЕЙЛІК АЛЫП МАТЕМАТИК



А.Д.Таймановтың өмірі мен ғылыми қызметі - Қазақстанның және Ресей ғалымдары үшін ерекше мақтаныш. Себебі Таймановтың, оның шәкірттерінің еңбектері мен ғылыми ізденістері нәтижесінде Қазақстанның математикалық мектебі қалыптасты.

Асан Дабысұлы Тайманов (1917-1989) – Ұлы Отан соғысының ардагері, Орал облысы,

Орда ауданы, Бисен ауылында туған. Он жастағы Асан мұғалім Ахметфаиз Тажетдинов көмегімен Орда кеңшарындағы балалар үйіне орналастырылып, тәрбиеленеді.

Кейін педагогикалық училищеге айналдырылған Сломыхиндегі шаруа жастар мектебінде оқыды. Оны үздік бітіріп, 1933 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына түсіп, оны бітіргеннен кейін математика кафедрасының кіші мұғалімдігіне қалдырылды. Осы мезгілде М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университеті механика-математика факультетінің сырттай оқыту бөліміне емтихан тапсырып, студент атанады. Оның үшінші курсы бітіргеннен кейін, 1938 жылы А.Д.Тайманов Ленин атындағы Москваның мемлекеттік педагогикалық институтының аспирантурасында 1941 жылға дейін оқыды. Оны Ұлы Отан соғысынан кейін екінші рет 1945-1947 жылдар арасында қайта оқыды. 1947 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғағаннан кейін Қазақстанның шақыруымен Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтына қызметке келді. Мұнда ол 1954 ж. дейін математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1955 ж. Шуя, Иваново педагогикалық институттарында жұмыс жасады. 1956 ж. Бүкілодақтық математикалық съезде атақты академик А.И.Мальцевтің модельдер теориясынан жасалған баяндамасын тыңдау Асан Дабысұлының бұдан кейінгі шығармашылық өмірін түбегейлі өзгертті. 1960жылдан А.Д.Тайманов жолы СССР Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесімен байланысты. Мұнда ол Математика институтында аға ғылыми қызметкер және Новосибирск университетінде геометрия кафедрасының меңгерушісі болды. Математика институтында 1968 жылға дейін жұмыс істеп, математика бойынша кадрлар даярлауда елеулі қызмет атқарды. Қазақстан үшін көптеген мамандар даярлады. А.Д.Тайманов 1961жылы ғылым докторы болса, 1962 жылдан академик атағына ие болды. 1968 жылы ол Алматыға шақырылды, бірақ ол 1970 жылы қайта Сібірге оралды. Асан Дабысұлы 107 ғылыми еңбек жазып, бірнеше ғылым кандидаттары мен ғылым докторларын даярлады. Асан Дабысұлы математикалық логикадан ұйымдастырылған он төрт халықаралық конгрестің жетекшісі болды. Мұндай құрметке дүние жүзінде бірде-бір математиктің қолы жетпеген.

Өзінің ақтық тілегімен Москвада жерленген.

[illegible]

Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов 1927 жылы желтоқсанның он бесінде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданына қарасты №2 ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Жастайынан ата-анадан бірдей айырылғаннан кейін ағасы Әлмұхамбет екеуі Қаратөбедегі қарт әжесінің тәрбиесінде болады. Сөз ретінде айта кету керек, ағасы Әлмұхамбет, ғалымның айтуынша, екінші дүниежүзілік соғыстың отты жылдарынан оралмаған. Қарт әжесінің тәлім-тәрбиесін көріп, қаймағы бұзылмаған қазақы дәстүрдің

қайнарынан қанып ішкен жас Мәтжан Мақсұмұлы 1946 жылы Қаратөбе ауданындағы үш жүзден ән оздырған Мұхит Мерәлиев атындағы орта мектепті бітірген соң, қазақ әдебиетіне деген сүйіспеншілік оны Орал қаласындағы педагогикалық институтқа алып келеді. Соғыстан кейінгі жылдары Орал педагогикалық институтын басқарған ақылгөй ақсақал, қазақ әдебиетінің жанашыры, директор Сәрсен Ақмурзин талапты жас студент Мәтжан Тілеужановты ағалық қамқорлыққа алып, «Сталиндік» шәкіртақы тағайындайды. Кейін 1950 жылы институтты бітіргеннен кейін, қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырады.

Профессор Мәтжан Тілеужановтың бүкіл саналы ғұмыры А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтымен (Қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) тығыз байланысты. Институттың филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін 1950 жылы үздік бітіріп, жұмысқа қалдырылады. 1953-1956 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Әдебиет пен өнер институтында аспирантуралық дайындықтан өтеді. Аспирантураны бітірісімен, «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрлері» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

Мәтжан Мақсұмұлы Тілеужановтың ғылым жолындағы алғашқы жетістігі – 1957 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясында қорғаған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрі» деген тақырыптағы кандидаттық жұмысы. Мұнан кейін ғалым араға біраз жылдар салып, 1982 жылы «Қазақ әдебиетіндегі юмор мен сатираның идеялық-көркемдік проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмордың көркемдік ерекшеліктерін зерттеуге арналады. Мұнан басқа ол ғылымдағы өзекті жәйттерге арналған 5 монографияның, 300-ден аса проблемалық мақалалардың авторы. Көзі тірісінде Мәтжан Мақсұмұлының жариялап үлгерген монографиялық еңбектерінің сапында «Астарлы әзіл», «Ел әдебиеті», «Халық тағылымы» туындылары бар.

Бұған ғалымның «XX ғасыр қазақ әдебиетіндегі сатиралық шығармалардың кейбір көркемдік премдары» (Орал, 1957), «Ғабит Мүсірепов әңгімелеріндегі юморды оқыту жөніндегі методикалық ұсыныс» (Орал, 1985), «Махамбет Өтемісов творчествосы туралы қосымша материалдар» (Орал, 1985), «Сатира мен юморды мектепте оқытудың кейбір мәселелері» (Орал, 1986), «Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері» (Орал, 1991), «Қазақтың халықтық педагогикасының кейбір мәселелері» (Орал, 1992), «Термелер» (1993) секілді шағын зерттеу еңбектерін, әдістемелік нұсқаулықтарын, көмекші оқу құралдарын қоса аламыз.

Профессор Мәтжан Тілеужановтың қазақ қаламгерлері ішінде терең зерттеп, зерделегені – төл әдебиетіміздің классиктерінің бірі, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов шығармашылығы. Ғалым 1978 жылы жарық көрген «Астарлы әзіл» атты монографиялық еңбегінде автордың «Оянған өлке», «Ұлпан» шығармаларын талдай отырып, қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмордың әлеуметтік құбылыс мәнін түсіндірудегі рөлін нақтылай түседі. Мәтжан Мақсұмұлы юмор мен сатираның ара жігін ашып көрсетуде орыс ғалымдарының ыңғайында, ығында кетіп қалмай, бұл көркем түрдің ел әдебиетінен бастау алған сүрлеуін көрсетіп отырады.

■■■■■▲■■■■■●■■■■■▲■■■■■▲■■■■■

ПЕДАГОГ, УЧЕНЫЙ И ЛИЧНОСТЬ



История становления нашего института и кафедры высшей математики неразрывно связана с именем П.И.Токарева. С момента организации кафедры высшей математики в 1952 году он был ее бессменным заведующим. В прошлом нашего факультета было так много жизнелюбивых, общительных, порядочных, скромных и милосердных людей, и Павел Иванович был одним из них. И мне бы хотелось донести коллеги моего прекрасные черты...

Самое яркое впечатление у человека оставляет на всю жизнь первая любовь и первая встреча с человеком-личностью. Вот с этого впечатления я хочу и начать...

Август 1955 года. По направлению Алма-Атинского университета приезжаю в незнакомый, пыльный Уральск без жилья, без гроша в кармане, как говорится, - налегке... Страх, трепет и тревожные мысли в голове: кто и как встретит? И вдруг передо мной человек с офицерской подтянутостью, но с доброй улыбкой, успокаивающим взглядом, покоряющей скромностью и вежливостью говорит: «Мы вас ждем. Вам предстоит вести занятия по математическому анализу и чтение нового курса по истории математики, правда, пока нет ни программы, ни учебников и еще осенью провести лекцию-беседу со старшекурсниками института о любви». Какое удивление и восторг от этих речей. Меня ждали! Слова его настолько окрылили меня, что по сей день я летаю на этих крыльях: читаю лекции о великих людях, создавших мировую культуру (науку, искусство, мораль) и трепетную любовь к природе, людям, к профессии, к Родине.

Павел Иванович – интеллигент. Он всю свою жизнь посвятил борьбе с главными пороками: невеждой и невежей – некомпетентностью и невоспитанностью. Эта и есть функциональная роль учителя. Он призывал нас к долгу, обязанности и ответственности, образовывать и воспитывать молодое поколение: не хамить, не унижать. Благодаря его бережному отношению к студентам, они упорно и настойчиво тянулись к знаниям и свету.

Будучи широко эрудированным человеком, Павел Иванович был настолько умен и тактичен, что никогда не показывал своего умственного превосходства, наоборот, подчеркивал лучшие качества своего собеседника. Поэтому общаться с ним было легко и приятно. В кладовой его феноменальной памяти таился такой объем информации, что им можно было пользоваться математику и историка, литератора, любителя музыки и кроссвордов... Это и не удивительно – с момента поступления в институт

(1947 год) он прошел путь от лаборанта, преподавателя, кандидата наук (1952 год), доцента до заведующего кафедрой. Им читались лекции по общей физике, теоретической механике, по всем видам геометрии (аналитической, проективной, начертательной, основаниям геометрии и т.д.). Всех предметов здесь и не перечислить, чтобы не утомить читателей.

Павел Иванович всегда находился в поиске двух правд. Правды-истины в науке, которую изучал и преподавал, и этической правды-справедливости, которой руководствовался сам и требовал от своих подопечных.

Павел Иванович родился в крестьянской семье 4 декабря 1914 года. Высшее образование П.И.Токарев получил в Саратовском университете, который окончил с отличием в 1941 году. А с 1941 года по 1947 год он в рядах Советской Армии. Вместе со всем народом сражался против фашизма в годы Великой Отечественной войны. Имел соответствующие награды. С 1947 года П.И.Токарев работает в Уральском институте. Его многогранная деятельность осуществлялась в трех главных ипостасях. Первая ипостась – научная деятельность. Она отражалась в печатных статьях, выступлениях с докладами на конференциях (в Челябинске, Свердловске и других городах). Вторая ипостась – педагогическая деятельность. Как педагог П.И.Токарев готовил человека с человеческим образом: обучал студентов искусству овладеть знаниями, культуре мышления и, конечно, здравому смыслу, чтобы стать компетентным специалистом и личностью, уметь в различных ситуациях сделать правильный выбор, освобождаться от допущенных ошибок, размышляя над ними, чтобы впредь их не совершать. Трудиться радостно, увлеченно, тогда можно будет избавиться от трех великих зол: скуки, нужды и пороков... Если мать красоты – природа, то отец красоты – труд, требующий повседневного самообразования, самовоспитания и саморазвития. «Знания, непополняемые ежедневно, убивают с каждым днем, и единственный воспитатель, который всегда с тобой – это ты сам». Такова мудрость талантливой педагогической деятельности П.И.Токарева. Под его руководством изучались новые математические пособия по методике преподавания в школе и в вузе. Третья ипостась – это общественно-воспитательная работа. П.И.Токарев был руководителем семинара по философии. В математике приходится заниматься вопросами обоснования, чем мы на семинаре и занимались. На семинарах мы анализировали болезни идеализма, формализма, интуиционизма, логицизма, структурализма и прочее, и прочее.

Кафедра наша была многонациональна и поэтому в диалоге культур происходил ее расцвет по всем направлениям, заложенным Павлом Ивановичем. П.И.Токарев был романтиком и свои мысли подкидывал молодым коллегам. Так, он воспитал плеяду кандидатов наук: Байгузова Н.С., Суетина Ю.К., Суетина П.К., Кенжегулова Х.К., Кобланову У.Б., Борисова Г.А., Вознякевича А.К., Абляимова С.Б. и через них новое поколение: Утееву Р.А., Миниус Г.М. и многих других. Он вырастил прекрасных специалистов-математиков: Мелях М.Я., Череватов В.Д., Баев В.А., Данилов М.В., Грицкевич М.П.. Они одновременно были и общественными деятелями, и компетентными методистами, и прекрасными специалистами, каждый со своим неподражаемым методом подачи материала...

Я благодарна П.И.Токареву за то, что он с первой встречи понял, что история математики – моя стихия. Она помогла мне самоосуществиться. Все, что я унаследовала от Павла Ивановича – трудолюбие, любовь к предмету, учителям, своим слушателям, самообразование, я стараюсь по сей день в меру своих сил передать тем, кто обращается с просьбой. Павел Иванович не искал, конечно, прибыли и к славе не стремился, но уважения и любви, бесспорно, заслужил. И если я смогла донести до вас прекрасные черты моего коллеги, считаю долг свой выполненным.

Космосова А.А.

.....

ФОЛЬКЛОРИСТ, КРАЕВЕД, ПЕДАГОГ



Щербанов Николай Михайлович родился 3 января 1942 года в селе Васильевка Курманаевского района Оренбургской области. Ушел из жизни 3 сентября 2011 г. в г.Уральске Западно-Казахстанской области.

В 1964 г. окончил Уральский педагогический институт им.А.С.Пушкина (историко-филологический факультет, специальность «Русский язык и литература»). С 1964 -1966 г.г. работал школьным учителем, а с 1967 года начал преподавать в УПИ им.А.С.Пушкина. Николай Михайлович Щербанов работал на кафедре русской и зарубежной литературы и созданных на ее основе кафедрах до конца жизни, 13 лет являлся заведующим кафедрой, укрепляя ее научный потенциал.

Круг научных изысканий – фольклористика и регионально-тематические аспекты русской литературы.

Обучался в аспирантуре при кафедре русского устного народного творчества Московского государственного университета им. М.В.Ломоносова. В феврале 1977 г. на Ученом Совете филологического факультета МГУ защитил кандидатскую диссертацию на тему «И.И.Железнов – фольклорист и этнограф».

Ученое звание доцента присвоено в 1982 г.

В последние годы научная деятельность Щербанова Н.М. направлена на разработку регионально-тематических аспектов русской литературы и фольклора. Его научные труды имеют фундаментальное и прикладное значение. Результаты исследований используются в курсе лекций «Литературное краеведение» и спецкурса «Русское литературное Приуралье. Регионально-тематическое изучение русской литературы XIX-XX вв.».

Щербанов Н.М. – известный ученый в Казахстане. Его работы публикуются в центральных журналах и газетах («Простор», «Нива», «Казахстанская правда» и др.). На его научные труды ссылаются видные ученые и исследователи русской и казахской литературы. Так, в фундаментальном учебнике по казахской литературе его работам отведены многие страницы (Х.Сүйіншалиев „Қазақ әдебиетінің тарихы” – Алматы, „Санат”, 1997, стр. 474-481).

С 1969 года ведет фольклорно- этнографические полевые

исследования. С этой целью он обследовал поселки по р.Урал от г.Оренбурга (Россия) до г.Атырау (Республика Казахстан). Вместе со студентами им собран богатейший фольклорно-этнографический материал. Результаты анализа этого материала стали основой многочисленных статей, а также докладов, сделанных им на научных конференциях в городах Москве, Екатеринбурге, Новосибирске, Челябинске, Оренбурге, Тамбове, Глазове, Казани и др.

Под его руководством защищена кандидатская диссертация преподавателя Фолимонова С.С. «Фольклор уральских казаков в творчестве В.Г.Короленко» (2004г.) и пять магистерских диссертаций (Садретдинова В.Т. «Исторический роман в русской и англо-американской литературной традиции: жанровое и сюжетно-композиционное своеобразие», Дускалиева А.А. «Восточные мотивы в романтической поэме начала XIX в.» (Англия, Россия), Мухамбеткалиев А.С. «Казахские культурные традиции в русской прозе XIX века (на материале произведений В.И.Даля, Н.Ф. Савичева, И.И.Железнова) (2006г.)», Глебова Н.А. «Фольклорные традиции уральских казаков в творчестве И.И.Железнова (2009г.)», Серикова Т.Р. «Жанр путевого очерка в творчестве В.П.Правдухина (2011.)»).

Н.М.Щербанов известен в Казахстане как организатор республиканских и международных Олимпиад учащихся средних школ «Пушкинские чтения». Успешно были проведены Вторые Пушкинские чтения (Уральск, 16-17 ноября 2006 г.), где он в качестве председателя возглавлял работу жюри.

Н.М.Щербанов – активный участник историко-культурных, экологических экспедиций «По следам В.П.Правдухина». В экспедициях он проявил себя как человек глубоко неравнодушный, которому дорог наш край, его история и природа. Он чувствует себя ответственным за судьбу Урала, этой уникальной реки, за людей, живущих на ее берегах, и за судьбу всей страны. В своих работах (статьи и очерки в сборниках) («От Правдухина к волнам седого Каспия» (Уральск, 2002), «Историко-культурные экологические экспедиции по реке Урал: возможности и перспективы туризма Западного Казахстана» (Уральск, 2003), основанных на наблюдениях в экспедициях, он подчеркивает, что Урал – это не только уникальный природный объект, но это, без сомнения, и уникальный культурный ареал, где зарождалась культура многих народов. И поэтому, считает он, сохранение этого наследия не менее важно, чем сама экологическая проблема; по его глубокому убеждению культурная проблема должна быть частью общей проблемы Урала.

Николай Михайлович автор более 150 научных работ, статей и очерков. Наиболее значительные из них – исследования об уральских писателях И.И.Железнове и Н.Ф.Савичеве. Принимал участие в фольклорно-этнографических конференциях в Новосибирске, Омске, Челябинске, Оренбурге, Москве, Санкт-Петербурге. Член Ассамблеи Пушкинского общества (Москва). Автор книг «А.С.Пушкин в Уральске», «Русское литературное Приуралье. Опыт регионально-тематического изучения русской литературы XX века», «Поехал я в Уральск»... А.С.Пушкин и Приуралье», «Уральск литературный», «В.Г.Короленко на Урале» (в соавторстве) и др. Печатался в журналах «Русская литература», «Вопросы литературы»,

«Волга», «Урал», «Литературное обозрение», альманах «Гостиный Двор» и в других изданиях. Один из организаторов международных историко-культурных, экологических экспедиций по реке Уралу (1997-2010 гг).

Ему присвоено звание «Почетный работник образования и науки РК». Он заслуженно удостоен премии областного акимата «Қыран» в номинации «Жыл ғылымы», а также в университетской «Имя, которое приносит славу родной «ALMA-MATER». 12 ноября 2007 г. награжден орденом «Құрмет».



АНАТОЛИЙ ЗАХАРОВИЧ ПЕТРЕНКО



Анатолий Захарович родился 25 июня 1936 года в селе Золотницком Ключевского района Актюбинской области в семье служащего. После окончания средней школы в 1954г. поступает в Уральский педагогический институт на географический факультет. Здесь произошла встреча с выдающимся ученым-геоботаником В.В.Ивановым, определившая будущее Анатолия Захаровича как исследователя. Отличную учебу он совмещает с общественной работой, являясь комсомольским вожаком факультета. После завершения учебы он с 1959 по 1961 год работает первым секретарем Уральского ГК ЛКСМ, неоднократно избирался депутатом Уральского городского совета трудящихся (1961-1963). На XXI-XXII партийных конференциях избирался членом Пленума Горкома партии. Стремление к изучению природы края побудило его поступить в аспирантуру при кафедре ботаники УПИ. Под руководством профессора В.В.Иванова он написал и в 1966 году защитил кандидатскую диссертацию в Саратовском госуниверситете.

Став кандидатом наук, затем доцентом (1968), Анатолий Захарович, являясь одним из первых учеников В.В.Иванова, стремится к созданию круга ученых, способных продолжать исследования геоботанической школы профессора В.В.Иванова.

Как человека скромного, который радуется достигнутым успехам коллег, человека, способного организовывать не только научную, но учебную работу, Анатолий Захарович был избран в 1968г. на должность декана естественно-географического факультета, а в октябре 1973 г. Петренко А.З. был выдвинут на должность проректора по учебной работе. При исполнении указанных должностей проявил настойчивость в овладении специальностью, научную эрудицию, высокую методическую подготовку и опыт организации учебно-воспитательной работы. В этой должности он проработал 18 лет.

С октября 1985г. работает зав. Каф. ботаники, доцент этой кафедры. После прохождения ФПК при МГУ читает курс лекций и ведет лабораторные работы по «Генетике с основами селекции».

Продолжая научные исследования Северного Прикаспия, Петренко А.З. организует с 1985 по 1991 года и с 1997 по 2002 годы научные экспедиции геоботаников, почвоведов, физиографов и зоологов по

изучению современного состояния природных комплексов края. Результаты этих исследований опубликованы в коллективных монографиях, под его редакцией:

1. «Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты ПЗФ Западно-Казахстанской области», 1998г.
2. «Экосистемы Западного Казахстана», 1999 г.
3. «Зеленая книга Западно-Казахстанской области», 2001г.
4. Написан раздел «Природа» в книге «Природа и экология Приуралья», 2001 г.

Петренко А.З. в ознаменование 100-летия со дня рождения В.И.Ленина был награжден: 1. Юбилейной медалью «За доблестный труд». – 26.03.1970г.;

2. Значком «Отличник народного просвещения Казахской ССР» – 22.09.1976г.
3. Значком «Отличник просвещения СССР» – 17.02.1982г.
4. Медалью «Ветеран труда» – 23.10.1986г.

Высокая эрудиция, большой диапазон знаний, организаторские способности, культура и удивительное трудолюбие обеспечили ему заслуженный авторитет среди студентов и профессорско-преподавательского состава и снискали глубокое уважение всех, кто так или иначе контактировал с ним.

Кайсагалиева Г.С.

ФАКУЛЬТЕТТІҢ ТАРИХЫНАН



ИЗ ИСТОРИИ ФАКУЛЬТЕТОВ

ЕСТЕСТВЕННО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

Биологическое отделение было создано с момента организации вуза в 1932г. Вначале факультет носил название «Биологическое отделение», в октябре 1934г. отделение было преобразовано в биологический факультет. В 1938г. факультет переименовали в «Естественный факультет», деканом назначили М.И.Аунапу (1938-39), позже – А.Л.Джадралиева (1939-41). В 1938г. были организованы кафедра химии (зав.М.И.Козловская) и ботаники (зав. В.В.Иванов). Был создан новый факультет, географический, деканом которого до 1942г. был Г.Е. Москалёв, также кафедра географии (зав. Г.Е.Москалёв).

В 1939г. кафедра естествознания разделена на три: ботаники (зав. В.В.Иванов), зоологии (зав. А.Р.Штамм), физиологии человека и животных (зав. М.И.Чушкин). Произошли значительные изменения в усовершенствовании учебных планов, возросла роль полевых практик, которые до 1938г. осуществлялись методом близких экскурсий, начиная с 1938г. – дальних экспедиционных выездов. Пополнился педагогический состав кафедр. В этот период на факультете работали Е.М.Фомина, Джадралиев, Акчурина, Аунапу М.И., Штамм А.Р., Качалов В.Н., Казакевич В.П., Юсупов Ф.А., Пушкин М.И., Москалёв Г.Е., Москалёва З.Г., Маклецов П.И. и лаборант Корина М.Н., затем прибыли Ф.И.Мовчан, А.Н.Сухорукова и после окончания аспирантуры – Н.З.Стрельников.

В 1940г. географическое отделение Учительского института реорганизовано в естественно-географический, но оставлено в составе географического факультета.

В 1941г. мирный труд был прерван. С первых дней войны сотрудники и преподаватели, в том числе декан факультета Джадралиев А.А., Аунапу М.И., Кочанов В.Н., Москалёв Г.Е. и другие ушли на фронт. Кафедры факультета объединились вновь в одну общую, «естественных наук», возглавила её доц. Фомина Е.М., а с 1943г. – В.В.Иванов. Эта кафедра просуществовала до 1946г.

По окончании войны деканом географического факультета был назначен Н.Е.Ревнивых, естественного – Н.З.Стрельников. С 1946г. вновь функционировали три ведущие кафедры естественного факультета – зоологии (зав. Некрашевич К.Е.), химии (зав. Козловская М.И.) и ботаники (зав. Иванов В.В.). Факультет пополнился новыми кадрами: Некрашевич К.Е., Смирнова И.В., Сидоряк С.Д., Родина М.В., Нурмагамбетов К.Д., Мазницына К.Т., Кондаков И.М.

В 1951г. произошло слияние двух факультетов в один «Естественно-географический» (декан К.А.Нурмагамбетова). В 1954г. деканом объединенного факультета вновь назначен Н.Е. Ревнивых (до 1958г.). Учебная и научная работа осуществлялась кафедрами: ботаники (зав.Иванов В.В., преподаватели Кольченко О.Т., Еременко, Кирьянова, Макарова, Бартеньев Д.И.); зоологии (зав. Юсупов Ф.А. (до 1951г.), а с 1951-68гг. к.б.н. Цыганков А.А., преподаватели Чушкин М.И., Череватова А.С, Балбаева З., к.б.н. Пайчук Н.Г.,Завадская Л.Г.); общей физической географии и геологии (зав. Ревнивых Н.Е. (до 1951), а с 1951-61гг. – проф. Фремд М.В.); географии – Москалев Г.Е. (1950-55); химии – Козловская М.И. с 1947-54 гг., с 1955-62 гг. Родина М.В.

В 1955г. географические кафедры вновь объединились в одну, ею руководил проф. Фремд М.В. до 1961г., а с 1961-68 гг., до нового деления кафедры на две, доц. Москалев Г.Е.

В связи с изменением учебного плана и количества дисциплин кафедра химии объединилась с кафедрой ботаники (1962-66) и носит название «Ботаника и химия» - зав. Проф. Иванов В.В. В связи с уходом на заслуженный отдых Н.Е.Ревнивых деканом факультета назначен доц., канд.биол.наук Чушкин М.И. (1958-63). В 1963-65гг. деканом факультета был Г.Ж.Сарсенгалиев.

С 1965 по 1968гг. факультет возглавила канд.пед.наук Завадская Л.Г., которая в полной мере проявила организаторские способности. Студенты факультета занимали призовые места в смотрах художественной самодеятельности, спорте, активно участвовали в общественной жизни института и города.

В 1953г. защитил докторскую диссертацию зав.кафедрой «Ботаника и химия» Иванов В.В. Произошел дальнейший рост научных кадров: в эти годы было защищено четыре кандидатские диссертации. Бертеньев Д.И. и Кольченко О.Т. (1958), Москалев Г.Е. (1959), Завадская Л.Г. (1964).

Однако для решения задач, стоящих перед вузом, такие темпы роста дипломированных специалистов были недостаточны. Поэтому в целях планомерной подготовки научных кадров в 1961г. была открыта аспирантура по специальности «Ботаника» (научный рук. проф. Иванов В.В.), а в 1964г. по специальности «Экономическая география» (рук. доц. Москалев Г.Е.). Начиная с 1966г. окончили аспирантуру и защитили диссертации в разные годы – Агелеуов Е.А., Петренко А.З., Фартушина М.М., Пугачев П.П., Богданов А.Ю., Неверова Л.А., Позднякова Л.И., Цыганкова Т.А., Шуиншалиев А.Т., Дарбаева Т.Е.

С 1966г. на факультете открылось второе отделение «Биология-химия», а с 1971г. его профиль изменился на химию-биологию. С открытием отделения в 1967г., вновь организуется самостоятельная кафедра химии, ее заведующим до 1979г. была Г.А.Потлова, на долю которой выпало становление кафедры: подбор штата, постановка практикумов, оснащение лаборатории.

В 1967г. на факультете открылось третье отделение «Физвоспитание», которое в 1971г. выделено в самостоятельный факультет.

В 1968г. общая кафедра географии делится на две. Кафедрой экономической географии заведовал Москалев Г.Е., в ее составе были

Сарсенгалиев Г.Д., Турашев К.Т., Казакова Л.И., Ильина Л.Н., Ульянова Н.Н., Чернышев Д.М., Байгузова А.Н., Владимирова Т.П. В 1967-1980 гг. (зав. Ст.преп. Чернышев Д.М.) кафедра пополнилась молодыми преподавателями Галимовым А.Г., (выпускник 1971г.), Бултеевой Н.Н. (выпускница Саратовского университета), Терещенко Т.А. (выпускница КазГУ), геолог Лата, Амельченко В.И. вернулся после окончания аспирантуры при МГУ им.М.И.Ломоносова.

Кафедрой физической географии заведовали Воропинов В.И. (1968-70), Ли К.А. (1970-80), в ее составе - Парфенова А.Я., Труфанов Н.П., Ахова Л.Ф., Мухтарова З.Г., Волынцева Т.Н., Воробьева З.Г., Мазницына К.Т.

В 1968г. деканом факультета избран Петренко А.З., который руководил им до 1973г., до перевода на должность проректора по учебной работе, которую он занимал, с небольшим перерывом, до 1996г.

Кафедрой зоологии заведовала Завадская Л.Г. (1969-79). В 1973г. произошло разделение кафедры зоологии на две. Первую – зоологии и методики преподавания биологии – возглавила Завадская Л.Г., вторую – анатомии и физиологии человека и животных – зав. В.Г.Грибан до 1980г.).

Факультетом руководили Агелеуов Е.А., (1973-79), Грибан В.Г. (1979-83), Шуйншалиев А.Т.(1983-84), Батыршина Н.К.(1984-86), Мельников В.Л.(1986-87), Байшиганов Е.Б. (1987-92). Из шести кафедр факультета было создано три: географии (зав.кафедрой Галимов А.Г.), ботаники и химии (зав.кафедрой Петренко А.З.), кафедра зоологии и анатомии, физиологии человека и животных (зав.кафедрой Мельников В.Л.).

В последующие годы деканами факультета были А.Б.Бактыгулов (1992-93), Л.А.Байдулова (1993-94), П.В.Дебело (1994-96), Панкина М.Н. (1996-99), С.К.Рамазанов (1999-2000), Мендыбаев Е.Х. (2000-04), Карагойшин Ж.М. (2005-10), Медешова А.Б. (2010-12), Ниязбекова А.Б (с 2012 года).

Профессорско-преподавательский коллектив факультета принимает активное участие в разработке хоздоговорных тем и участие в тендерных конкурсах: по линии МООС РК, МОН РК, «КПО б.в.», Областного управления природными ресурсами. В реализации этих проектов принимали участие преподаватели факультета Дарбаева Т.Е., Мендалиева Д.К., Мендыбаев Е.К., Байдулова Л.А., Кайсагалиева Г.С., Булатова К.Б., Альжанова Б.С., Ниязбекова А.Б.

Исследования, проводимые преподавателями факультета, обеспечивают современный уровень подготовки специалистов: биологов, химиков, экологов и соответствуют приоритетным направлениям развития фундаментальных и прикладных научных исследованиях РК.

Преподаватели факультета оказывают методическую помощь учителям области и города: проводят консультации, разрабатывают совместные проекты, принимают участие в августовских чтениях и методических семинарах.

Преподаватели факультета поддерживают связь со многими вузами, научно-исследовательскими институтами России (Зоологическим институтом, Ботаническим институтом им. Комарова (г. Санкт-Петербург), Институтом степи (г. Оренбург), МГУ им. М.В. Ломоносова, Башкирским государственным университетом, Ставропольским государственным

университетом, Ботаническим садом (г.Мадрид Испания); Гетенгенским университетом (г.Гетенген, Германия).

Выпускники факультета являются востребованными не только в общеобразовательных школах города и области, колледжах, вузах, но и на предприятиях различных регионов Казахстана.

БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Биология және экология кафедрасы (бұрынғы «Ботаника» 1932 жыл құрылған және «Зоология» 1939 ж. кафедрасы) - БҚМУ-дың ең бастапқы кафедраларының бірі. 2009 жылы «Биология, экология және теорияны оқыту», «В.В.Иванов атындағы ботаника» кафедралары біріктіріліп, «Биология және экология» кафедрасы деп аталды.

Солтүстік Каспий маңы өлкесінің геоботаникалық және табиғат қорғаушылық зерттеушілік ғылыми-ізденіс жұмыстар профессор, б.ғ.д. В.В.Иванов басқаруымен 1961 жылы ашылған аспирантура негізінде қаланды.

В.В.Иванов шәкірттері ҚР-ның және шет елдердегі көптеген жоғары оқу орындарында: б.ғ.д., проф. Е.А. Агелеуов бірнеше жылдар бойы (1985-1996) Абай атындағы мемлекеттік университетінің ботаника кафедрасын басқарды, б.ғ.д., проф. П.Г. Пугачев– Қостанай мемлекеттік университетінде, б.ғ.к., доцент О.М. Грищенко Атырау мемлекеттік университетінде, б.ғ.к., доцент Л.А.Неверова Новосибирск педагогикалық университетінде жұмыс істеді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да 1991-2011 жылдар аралығында В.В.Иванов мектебінің шәкірттері еңбек етуде олар: б.ғ.к., проф. Фартушина М.М., б.ғ.к., проф. Петренко А.З., аға оқытушы Молдашева Г.М., б.ғ.д., доц. Дарбаева Т.Е., б.ғ.к., доц. Шүйіншалиев А.Т., б.ғ.к., доц. Цыганкова Т.А., б.ғ.к., доц. Отаубаева А.У., б.ғ.к. Сарсенова Б.Б., б.ғ.к. Кайсағалиева Г.С., оқытушылар – Кажмуратова Ж.С., Кадралиева М.А., Жамалиева Л.С., Ширалиев Б.Т., ассистенттер – Есеналиева М.К., Кажиахметов С.А., сонымен қатар, оқу және ғылыми жұмыстарға көмекшілер: Гаршина В.В., Рысказиева Ж.У., Жароева А.Г., Смирнова О.В., Сагинаева С.С., Кдирбаева А.М., Сулейменова Б.Б., Махметова А.С., Бисенғалиева У.С., Каражанова Б.К.

Соңғы 20 жыл аралығында аталмыш кафедраның оқытушыларының жұмыстары бірнеше рет түрлі деңгейдегі конференцияларда баяндалды. IV,V,VI – Ботаникалық съезд, I – ботаникалық объектілерді қорғау бойынша Бүкілодақтық съезд, I және II Танфильев кеші, дала табиғатын зерттеу кеңесі, I қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдалану бойынша республикалық кеңес (ҚазКСР-ң ҒА), ботаникалық болжау мәселесі бойынша кеңесі (Санкт-Петербург), дала ландшафтын топологиялық зерттеу бойынша кеңес (Иркутск ГУ), Азия және Қазақстанның өсімдік жабынын сақтау бойынша конференция, Сібірдің жануарлар әлемін тиімді пайдалану бойынша конференция, «Адам және ландшафт» республика аралық оқырман кеші (Орынбор), қазіргі ботаника мәселелері кеңесі (Ленинград, БИН), Азербайжан ҒА-ның топырақтану институтында, топырақтану және өсімдік физиологиясы институты (Москва обл., Пушкино қаласы); ҚРБЖҒМ ботаника және фитоинтродукция институты.

Кафедра қызметкерлері халықаралық биология бағдарламасы бойынша еңбек етеді. Олардың көпшілігі КСРО-ның ВДНХ мүшелері болған. Олар 30000-ға тарта кеппешөп беттерін жинады. Осы кеппешөп материалын И.Т.Васильченко, А.К.Скворцова елдегі ең ірі жинақ деп көрсеткен.

Кафедра қызметкерлері Орал облысының жайылымдарын тиімді пайдалану бойынша шараларды жасақтау жұмысын ұжымдық түрде орындап, ҚР ҒА-сы бағыттап отырған «Солтүстік Каспий маңының флорасы мен өсімдік жабынын экологиялық-систематикалық талдау» тақырыбы бойынша жұмысты жалғастыруда. Осы зерттеулер негізінде республикалық экожоба және облыстық экология және биоресурс басқармасына қорықтық қордың 17 объектісін бөлу үшін ұсыныстар берілді. Осы зерттеулердің нәтижесі 1998 ж. ұжымдық «Батыс Қазақстан облысының табиғи-ресурстық потенциалы және қорықтық қорлардың жобалық объектілері» атты монография болып басылып шықты.

Ботаника кафедрасының жанында 2003-2010 жылдар аралығында б.ғ.к., профессор Фартушина М.М. (Бохорова С., Бакесова Р., Ахмеденова С.), б.ғ.к., доцент Петренко А.З. (Ахмеденов К.М.), б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е. (Умбеткалиев Н., Рамазанова Н., Меңдіғалиева А., Кажиахметов С.А., Кенесерина К.), б.ғ.к., доцент Отаубаева А.У. (Жамалиева Л.С.), б.ғ.к., доцент Мендыбаев Е.Х. (Айтілесов К.), б.ғ.к. Кайсағалиева Г.С. (Масенова А., Ялпакова А., Утеулиева Д.) жетекшілігімен магистрлік диссертациялар қорғалды.

Қазіргі таңда кафедрада 22 мұғалім қызмет етуде (2 профессор, доктор, 1 профессор, б.ғ.к., 5 доцент, б.ғ.к., 5 б.ғ.к., аға оқытушы, 1 аға оқытушы, 3 магистр, оқытушы, 5 оқытушы).

Қазіргі таңда кафедра көптеген ЖОО-мен байланыс жасауда. Атап айтсақ, Санкт-Петербург БИН, РҒА, Оренбург Дала институты, Самара мемлекеттік университеті, Саратов мемлекеттік университеті, Воронеж мемлекеттік педагогикалық университеті, Москва орман институты, РҒА Пушино қаласының топырақтанудың физикалық-химиялық, биологиялық мәселелері институты, Башқұрт педагогикалық институты, Волжск Экология институты, сонымен бірге алыс шетелдегі Гетенген университеті және Испан ботаникалық бағы (Мадрид).

ГЕОГРАФИЯ КАФЕДРАСЫ

Қоғамда болып жатқан қайта құру процестеріне қарамастан география кафедрасында жоғары ұйымдастырылған оқу процесі мен ғылыми жұмысы жалғасын тапты. 1992 жылы доцент К.А.Ли және геология-минерологиялық ғылымының докторы С.М.Камалов «Орал облысының пайдалы қазбаларының таралу географиясы және олардың халық шаруашылығындағы маңызы» кітабын басып шығарды. Доцент А.Б.Бақтығұлов және ассистент Г.А. Қабдолова кафедрада геологиялық зерттеу мәселесі бойынша «Солтүстік Каспий маңы бөлігінің мұнай газ де орындарын зерттеу» жұмыстарын жалғастырып жүрді.

Кафедраның басты ғылыми зерттеу бағыты – Батыс Қазақстан облысын кешенді географиялық зерттеу. Басылымға шыққан жұмыстар: «Орал облысының табиғи ресурстары», «Орал облысының табиғат ресурстары және

оларды қорғау» (Жаратылыстану-география факультетінің авторлар ұжымы), «Минерология және петрография» (А.Б.Бактығұлов) «Орал облысының халқының географиясы» (Т.А.Терещенко, Д.М.Чернышов), «Солтүстік Каспий маңы геологиясы» (К.А.Ли).

Кафедраның тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы мектеп, лицей, гимназия және география кафедрасы студенттер үшін бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарын жазып және басып шығарды. 1994 жылы Алматы қаласы «Рауан» баспасынан қазақ тілінде университет профессоры А.Ғ.Ғалымов жазған «Батыс Қазақстан облысының географиясы» оқулығы, доцент А.Б.Бактығұловтың «Геология бойынша далалық зерттеу әдістері» оқулықтары жарық көрді.

География мұғалімдерін дайындауда тәжірибелі әдіскерлер өз үлестерін қосады. Әдіскер В.И.Амельченконы географ мұғалімдер арасында танымал әдіскер Нина Николаевна Ульянованың жеке өтініші бойынша өз шәкіртің кафедрада қалдырды.

В.И. Амельченко университеттегі жұмысымен қатар Орал қаласындағы Вальдорф бағытындағы гимназияда жұмыс жасай жүріп, аттестациядан өтіп, жоғары санатты география мұғалімі болды.

2001 ж. БҚО-ның жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған «Батыс Қазақстан географиясы» оқулығы басылып шықты. Авторлары: А.Ғ.Ғалымов, В.И.Амельченко, М.А.Ғалымов. Облыс мектептерінің сұранысы бойынша оқулық 2003 ж. қайта өңделіп басылды. 2001 жылы кафедра оқытушылары А.А.Жұбанов, Д.М. Чернышов ботаника кафедрасының профессоры А.З.Петренконың редакциялық басшылығымен «БҚО-ның жасыл кітабын» құрастыруға және басып шығаруға қатысты.

Профессор А.Ғ. Ғалымов мезгілсіз өмірден өткеннен кейін кафедраны аға оқытушы С.К. Рамазанов (2002-2003), доцент Т.А.Терещенко (2003-2005), доцент М.А.Ғалымов (2005-2010) басқарды. 2006 жылы география кафедрасының негізін қалаушы Г.Е. Москалевтің және кафедраны көп жылдар бойы басқарған А.Ғ. Ғалымовтың есімімен №22, №19 аудиториялар аталады.

География кафедрасы өзінің ғылыми потенциалын үнемі көтеріп жүрді. 2002 жылы кафедраның аға оқытушысы З.Я.Сахарнова «Солтүстік Каспий маңының жер бетіндегі моллюскалары, деген тақырыпта Қазақстан Республикасының ғылыми Академиясының зоология институтында кандидаттық диссертациясын қорғады. Кафедраның доценті М.А. Ғалымов 2004 жылдың қараша-желтоқсан айларында Атырау қаласында Қазақстанның сулы-батпақты жерлеріндегі қорықтарды жасақтау мақсатында (соның ішінде, Жайық өзенінің атырауы) әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша маман ретінде БҰҰ. Дамыту бағдарламасына қатысты.

Қазіргі уақытта (2011) география кафедрасында (2010 жылдан кафедра меңгерушісі В.И.Амельченко) профессор, география ғылымының докторы А.А.Чибилев, доценттер, география ғылымының кандидаты В.И. Амельченко, Т.А. Терещенко, доцент, биология ғылымының кандидаты З.Я.Сахарнова, аға оқытушы, география ғылымының кандидаты М.А.Ғалымов, оқытушылар Ж.Х.Жұмағалиева, Г.Ж. Абдушева жұмыс істейді. Осы тәжірибелі оқытушылар жас оқытушы-магистрлерге Д.Ж.Искалиевке, С.Б.Темралиеваға, Б.Х. Ходжановаға, Б.В.Шкуринскийге,

оқытушы Н.С.Жармагамбетоваға, А.К. Хайруллинаға жетекшілік етеді. Оқу үрдісінің жүргізілуіне кафедра зертханашылары Г.Г.Қойшыбекова, Н.С. Жұбаниязова көмектеседі. Жақын арада зейнеткерлік демалысқа шыққан кафедраның бұрынғы оқытушылары А.А.Жұбанов, С.К. Құлмалиева, Д.М. Чернышов жиі келіп, кеңес береді. География кафедрасының түлектері, кафедраның жас оқытушылары А.В.Урунова, Э.Ж.Имашев (ғылыми жетекшілері: В.И.Амельченко) аспирантураға оқуға түсіп, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуды жалғастырып жүр. География кафедрасының магистратура түлектері Г.В.Кобзарь, Б.В.Шкуринский (ғылыми жетекшілері В.И.Амельченко) Санкт-Петербург мемлекеттік университеті мен Орал бөлімшесі Ресей Ғылым Академиясы Дала институты аспирантурасында ғылыми жұмыстарымен айналысып жүр. География кафедрасы мамандарды 2 бағытта дайындайды: білім беру - география пәні мұғалімі қосымша «Туризм» мамандығымен; және жаратылыстану-ғылыми география, зерттеуші қосымша «географияны ағылшын тілінде оқыту» мамандығымен.

География кафедрасы Ресейдегі М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің экономикалық географиясы кафедрасымен, оның 3 аспирантура түлегі кафедрада жұмыс істейді; академик В.П. Максаковский басшылық жасайтын Москва мемлекеттік педагогикалық университетінің экономикалық географиясы кафедрасымен, Башқұрт мемлекеттік университеті және Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетімен, Орал бөлімшесі Ресей ғылым Академиясы Дала институтымен, Ставрополь мемлекеттік университетімен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің экономикалық география кафедрасымен, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының география кафедрасымен ғылыми және оқу-әдістемелік байланыстарын дамытып жатыр.

География кафедрасының түлектері Батыс Қазақстанның көптеген елді-мекендерінде, Қазақстан Республикасының және ТМД-ның басқа да аймақтарында еңбектеніп жүр. Студенттер Э.Ж.Имашев, Г.В.Кобзарь, Б.В.Шкуринский (ғылыми жетекшілері доцент В.И.Амельченко), О.А.Жұбанова (ғылыми жетекшісі Т.А.Терещенко) Новосібір, Москва, Минск, Саратов, Анапада өткен жас ғалымдардың халықаралық конференциясының жүлдегерлері атанды. Ресей Ғылым Академиясы география институтымен Ставрополь, Орынбор мемлекеттік университеті географтарымен бірлескен онлайн жүйесінде Халықаралық конференцияға оқытушылар, магистранттар, студенттер қатысты.

География кафедрасының оқытушылары Орал қаласы және Батыс Қазақстан облысының география пән мұғалімдеріне үнемі әдістемелік көмек көрсетіп және тамыз айындағы мұғалімдер оқуларына, әдістемелік семинар жұмыстарына баяндамаларымен қатысады. Кафедрада жыл сайын жоғары сынып оқушылары арасында «Менің өмірімдегі география» атты облыстық ғылыми жұмыстар конкурсы өткізіледі.

«Жас дәурен» балалар кешенімен тығыз байланыс бар, оның 12 тәрбиеленушісінің 7-уі М.Өтемісов БҚМУ-нің география кафедрасында оқиды. Кафедраның жас мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында Ресей Федерациясы аспирантурасы, ҚР-ның PhD дайындауға көңіл бөлінеді.

С.К.Рамазанов география кафедрасында жұмыс жасай жүре, ғылыми жетекшісі профессор А.А.Чибилевтің басшылығымен кандидаттық диссертациясын жазып, Астрахань қаласындағы арнаулы ғылыми кеңесте қорғап шықты. Оқытушы және студенттер көмегімен және оқытушы магистр Д.Ж.Искалиевтің басшылығымен, БҚО сонымен қатар ТМД және басқа да республика аймақтарының географ өлкетанушыларын қызықтыратын ақпараттар жиынтығы бар (WW.W.geo.wksu.kz) кафедралық веб-сайт жасақталды.

ХИМИЯ КАФЕДРАСЫ

Химия кафедрасы 1938 жылы құрылды, оның алғашқы меңгерушісі М.И. Козловская болды.

Әр жылдары химия кафедрасында ғылым кандидаттары Родина М.В., Потлова Г.А., Анброх Р.Б., Лакеева Г.А., Бейсембаева Л.Г., Строкова З.П., Байшиганов Е.Б., Джумакаева Б.С., Бочкова А.П., оқытушылар: Маликова Г.А., Карташова В.Ф., Борисова З.А., Бекова З.Н., Орлова Р.И.; зертханашы Баннова Н.Н. жұмыс жасады.

Кафедра оқытушылары жоғары мамандандырылған химик мұғалімдерді дайындауда үлкен үлестерін қосты, олардың кейбіреулері ғылым жолына түсіп, ҚР ғылымы мен білімінің дамуына өз үлестерін қосуда (Череватова Н.К., Кабдрахимова А.К., Бочкова А.П., Джумакаева Б.С., Ниязбекова А.Б., Ниязова Р.Е., Казимова Г.И. и др.). Көптеген түлектер әр салада жоғары білікті маман ретінде жұмыс жасауда.

А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтында «Информатика» кафедрасының негізі – орта мектепке «Информатика және есептеуіш техникасы» атты пәннің енуіне байланысты 1985 жылы қаланды. «Информатика және есептеуіш техникасы» кафедрасының ірге тасын қалауға білім беру саласындағы белгілі ғалым, профессор Х.К.Кенжеғұлов (1985-1987 жылдар) үлкен үлес қосты.

«Информатика және есептеуіш техникасы» кафедрасының алғаш құрылған кезінен бастап студенттерді сапалы білім беру әдістерімен қаруландыруды кафедра меңгерушісі ретінде физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент С.Х.Тілеугалиев (1987-1989 жылдар) қолға алды. Оның басшылығымен информатика пәнінің алғашқы мұғалімдері дайындалды. Бұл жылдары кафедрада аға оқытушылар С.Ж.Жумаханов, О.Н.Ставкин, М.В.Искаков, М.К.Атушева, және т.б. жұмыс істеген. «Информатика және есептеуіш техникасы» пәнінің мектепте жаңа оқытыла бастауына байланысты программалау құралдары жетіспеді, сондықтан бұл кезде есептерді микрокалькуляторда программалау арқылы шешудің негіздері студенттерге оқытылды. Сонымен қатар, материалды-техникалық база кеңейтіліп, ҰАМАНА және КОРВЕТ электронды есептеуіш машиналарымен жабдықталған класс ашылды.

1989 жылдан бастап «Информатика және есептеуіш техникасы» кафедрасының меңгерушілігін физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.М.Миниус (1989-2002 жылдар) атқарды. Оқытушылар құрамы толықтырылып, олардың қатарына И.В.Распопова, Г.Г.Мухамбетова сынды жас мамандар қабылданды. Кафедра қабырғасында есеп шығарудың тәсілдері жетілдіріліп, болашақ «Физика және информатика», «Математика және информатика» мамандықтарына қажетті білім қорының негізі жинақталды.

1995 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институтының негізінде А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті құрылды. Бұл уақытта кафедра физика, экономика кафедраларымен біріктіріліп, қайта бөлінді.

2000 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрылымының өзгеруіне байланысты «Информатика» кафедрасы болып қайта құрылды. Кафедра меңгерушілігін аға оқытушы И.В.Распопова (2003 жыл), социология ғылымдарының кандидаты Д.Б.Абулқасова (2003-2004 жылдар), физика-математика ғылымдарының кандидаты А.Н.Кушеккалиев (2004-2005 жылдар) атқарды.

050140 «Информатика» (жаратылыстану-ғылыми бағыты), 050602 «Информатика» (жаратылыстану-ғылыми бағыты), 050111 «Информатика» (білім беру бағыты) мамандықтары бойынша студенттер оқуға қабылданып, оқытыла бастады.

2005-2006 оқу жылынан бастап М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің сапа және экологиялық стандарттарды қабылдануына байланысты кафедралық іс қағаздарды жүргізу СМЖ құжаттарына негізделіп, жүйелі түрде жинақы жүргізілетін болды. Сонымен қатар, осы жылдан бастап кредиттік оқыту жүйесімен оқыту ісі басталды. Кафедра меңгерушісі міндетін Р.А.Хамзина (2005-2006 жылдар) атқарды.

2006 жылдан бастап кафедра меңгерушілігін п.ғ.к., доцент А.Б.Медешова атқарады. Кафедраның ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстары жетілдіріле түсуде. Қазіргі уақытта кафедрада студенттерге жанашыр, еңбек тәжірибесі мол оқытушылар: п.ғ.к., доцент А.Б.Медешова, аға оқытушы Ғ.Г.Мұхамбетова, оқытушылар: М.К.Атушева, А.А.Хамзина, С.М.Акимова, Г.И.Аймичева, Д.К.Аксенова, Ж.С.Иксебаева, М.М.Иманғалиев, Г.Қ.Амантурлина, А.Қ.Булатова, магистрлар: А.С.Бекенова, Ж.Ж.Багисов, Д.Ж.Тлеккабылова, т.б. қызмет етіп жүр.

2009-2010 жылдан бастап «Информатика» кафедрасы таратылып, жаратылыстану-математикалық факультетінің «Физика және математика» кафедрасы мен педагогикалық факультеттің «Жалпы педагогика» кафедрасына біріктірілді.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТИ

Тарих факультетінің негізі 1938 жылы 1 қыркүйекте қаланды. Алғашқы 1938-1939 оқу жылында 75 студент қабылдана, оның 25-і педагогикалық институтқа және 50-і мұғалімдік институтқа бағытталды. Осы кезеңде факультетті А.А.Королевский басқарды.

Ұлы Отан соғысы жылдары студенттер контингенті басқа факультеттердегі сияқты қысқарды, ал мұғалімдік институтқа қабылдау бірнеше жылға тоқтатылды. Соғыс жылдары майданға студенттермен бірге тарих факультетінің көптеген оқытушылары да кетті. Қанқұйлы майданда оқытушылар В.И. Соколов, Д.О.Киреев, студенттер Е.М.Палычев, К.Н.Малыгин және басқалары ерлікпен шайқасып, қаза тапты. Ұлы Отан соғысының майданында тарих факультетінің студент-қыздары да шайқасты. Олардың қатарында Л.Е.Кашина, Л.Г.Седова, Г.А.Искакова, В.Ф.Горшкова, М.А.Макатова және басқалары бар еді.

1942 жылы мамыр айында факультет филологиялық факультетпен біріктірілді және оны Ф.Н.Серов басқарды. Ал оның майданға кетуінен кейін Г.А.Шапошников басшылық жасады. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары факультет қайта қалпына келтірілді (декан Н.А.Пимнев) және оның құрамында қазақ, орыс топтарын қоса алғанда 50 студент болды. Майданнан оралған оқытушылар Н.А. Пимнев, В.И. Ивакин, А.Абоян, П.Букаткин, К.Ермаков, М.Макатова, А.Пигарев, И.Подкуйколар факультет өміріне тың серпіліс әкелді.

1947-1948 оқу жылдары тарих факультетіне 100-ден астам адам қабылданды. КСРО тарихы (меңгерушісі Д.О.Медведев) және жалпы тарих

(менгерушісі Ф.О.Кузьмин) кафедраларында соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта оқытушылар В.И.Ивакин, Ш.М.Қаржауов, Е.В.Нелюбина, Н.Е.Брок, А.С. Елагин, З.А.Амангалиев, Е.Т.Литовченко, Е.М. Ступоченко, Я.С. Фейфельсон, К.В.Недлин, М.М.Ягнинский жұмыс жасады. 1952 жылы кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін «Жалпы тарих» кафедрасын В.И.Ивакин басқарды.

1954 жылы Тарих факультеті филология факультетімен біріктірілді және 1975 жылға дейін «тарих-филология» факультетінің тарих бөлімі болды. 1956 жылдан 1967 жылға дейін бөлім кең көлемді «Орыс тілі, әдебиеті және тарих» мамандығы бойынша мұғалімдерді дайындады. 50 жылдар соңы мен 60 жылдар басында «КСРО тарихы» және «Жалпы тарих» кафедраларының оқытушыларының құрамында айтарлықтай өзгерістер жүреді. Біріктірілген тарих кафедрасын 1964 жылы П.Р.Букаткин басқарды. Кафедра құрамы негізінен мектепте тәжірибе жинақтаған, Орал пединституты мен басқа да институттарды бітірген А.Ф.Абоян, О.И.Гришина, К.Д.Медведева, А.И.Белой, К.Е.Стамбеков, Х.Ж.Сүйіншалиев, Е.П.Славинская, С.О.Өтешев сияқты жас мамандармен толықты. 1966 жылы тәрбие жұмысы жөніндегі жоғары білікті мамандардың мектептерде қажеттіліктерін ескере отырып, еліміздің бірқатар педагогикалық институттары мен Оралдағы педагогикалық институттың тарих бөлімі «Тәрбие жұмыстары жөніндегі әдіскер» қосымша мамандығымен мұғалімдерді дайындап, тарих және педагогика бойынша мамандану саласын кеңейтті.

1971 жылы ҚазҰУ-ды тәмәмдаған соң «КСРО тарихы» кафедрасында Т.З.Рысбеков пен Б.Г.Шынтемірова өздерінің оқытушылық қызметтерін бастады. Т.З.Рысбеков кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін кафедраны, деканатты, ал докторлық жұмысын қорғаған соң институтты және университетті басқарды. 1972 жылдың қыркүйегінен бастап тарих пәні мұғалімдерін «КСРО тарихы» (менгерушілер доценттер Г.А.Кушаев, П.Р.Букаткин) мен «Жалпы тарих» кафедралары (менгеруші доцент О.И.Гришина) дайындай бастады.

Тарих және педагогика бөлімдері 1975 жылдың қыркүйегіне дейін «тарих-филология» факультеті құрамында болса, осы кезеңде қайтадан «тарих факультеті» ретінде жасақталды. Ол бұрынғы №18 бастауыш мектеп үйінде орналасты және 1978 жылға дейін факультет деканы қызметін доцент Х.Ж.Сүйіншалиев атқарды.

80-жылдары Б.К.Бірімжаров, Т.З.Рысбеков сынды декандар басқарған уақытта факультет жан-жақты дамып, нығайып, білікті мамандармен толықты, ғылыми әлеуеті арта түсті. 1982 жылы кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін А.М.Нұрғалиева оқу және ғылыми жұмыстарды жүргізіп, кейіннен «жалпы тарих» кафедрасын басқарды. КСРО және жалпы тарих – Тарих кафедрасына біріктіріліп, Т.З.Рысбеков пен Б.К.Бірімжаров менгеруші қызметтерін атқарды.

Институттың көптеген түлектері ғылыми педагогикалық қызметтермен айналысып, докторлық диссертацияларын қорғады. Атап айтатын болсақ, А.С.Елагиев, Р.Н.Нафигов, Ш.Тастанов ғылым шыңын бағындырды. Кандидаттық диссертацияларын А.С.Колдашов, П.П.Елезаров, А.Ф.Абоян, П.Р.Букаткин, О.И.Гришина, А.И.Губанова, А.Р.Славенский, А.Р.Пигарев, Х.Ж.Сүйіншалиев, В.Д.Максименко, Б.Д.Шавин және тағы басқалары сәтті

қорғады. Осы жылдары факультеттің ғылыми деңгейі арта түсіп, Т.З.Рысбеков пен Г.А.Кушаев профессор атанды. Ал М.Н.Сдықов, Н.А.Смирнова, С.Х.Сағынаева, Н.И.Осипов секілді мамандар кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады.

XX ғасырдың 90-жылдары факультетте жоғары білімді мамандарды дайындау қазіргі нарықтық экономикаға сәйкес жүргізіліп, «Мұрағаттану», «Құқықтану», «Экономика және менеджмент», «Қаржы және кредит», «Тарих және құқық», «Тарих, құқық және экономика» секілді мамандықтармен толықтырылып, кеңейтілді.

Факультет базасындағы мамандықтардың көбеюіне байланысты жаңадан экономика (меңгерушісі Л.С.Таршилова) және құқық мамандықтары (меңгерушісі А.С.Тасмағамбетов) кафедралары жасақталды. Бұған қоса «ҚР тарихы» (меңгерушісі Т.З.Рысбеков) және «жалпы тарих » (меңгерушілер А.М.Нұрғалиева, Х.И.Қожабергенова, Н.А.Смирнова) кафедралары да өз жұмыстарын жүргізе берді.

1995-1996 жылдары Н.А.Көшкінбаевтың бастауымен тарихты шет тілдері факультетіне қосу ұсыныстары болды, алайда 1997 жылғы 25 тамыздағы университет Кеңесінің шешімімен тарих, экономика және құқық факультеті жасақталды. Факультетте 37 оқытушы, соның ішінде 3 ғылым докторы, 12 ғылым кандидаты жұмыс жасады. Студенттер саны да анағұрлым арта түсті. 1996 жылы «Құқықтану» мамандығына 4 академиялық топ қабылданып, «Тарих және география», «Тарих, құқық және экономика» секілді жаңа мамандықтар ашылды. Үш ЖОО біріктірілгеннен кейін факультет базасында «Кеден ісі» мамандығы бойынша студенттер оқытылды.

Факультетті бірнеше жылдар бойына (1980-1987, 1993-1995, 1999-2001 ж.ж.) доценттер мен тарих ғылымдарының докторлары Б.К.Бірімжаров, М.Н.Сдықов, П.Р.Букаткин, Х.И.Қожабергеновалар басқарды.

2009 жылдың қыркүйегінен бастап факультет – Тарих және құқық факультеті деп аталып келеді. Бүгінгі таңда факультетті тарих ғылымдарының кандидаты С.М.Гиззатов басқарады.

Факультеттің оқу және тәрбие үрдісі аудиториялық қормен қамтамасыз етілген №3 оқу ғимаратында компьютерлік класс, интерактивті тақта, оқу залы, акт залы, асхана бар. Факультет кафедраларының жеке кабинеттері компьютерлермен жабдықталған. Құқықтық пәндер кафедрасының пәндері бойынша сабақтар жүргізу үшін криминалистика кабинеті, сот отырысының оқу залы ашылған. Факультетте оқытушылар және студенттер күшімен заң клиникасы құрылып, сәтті қызмет атқарып келеді.

Тарих және құқық факультетінің ғалымдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған ғылыми жобалар конкурсында топ жарып келеді. 2012 жылғы байқауда тарих ғылымдарының докторы Ұ.Т.Ахметова «ХҮІІІ-ХХ ғасыр бас кезеңіндегі Қазақстанды зерттеген ғылыми қоғамдар мен мекемелер: тарихы, зерттеу бағыттары және маңызы» тақырыбында 17 млн. Теңгенің жобасын ұтты.

Осылайша, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және құқық факультеті қазігі заман талабына сай өз жұмысын сәтті атқарып келеді.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ

Өзінің бастау көзін 1991 жылдың наурыз айынан алатын құрамында шағын оқытушы тарихшы ғалымдар топтасқан (кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбеков, профессор Г.А.Кушаев, доцент Р.З.Мұқанова, оқытушылар А.О.Әміров, О.В.Симаков, Т.С.Жумағамбетов, М.К.Сырлыбаев, Т.Нұрпейісов) бұл жаңа ұжым алғашқы күндерден бастап кәсіби маман тарихшыларды қалыптастыруға, әсіресе төл тарихымыздың көне, орта, жаңа, қазіргі кезеңдеріне сәйкес терең зерделі мағлұматтарды беруге басты назар аударды. Сонымен бірге, Қазақстан тарихын оқытудың ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарын негіздеуге ұмтылыс жасады.

Осы алғашқы кезеңде кафедра алдына қойылған күрделі міндеттердің бір Қазақстан тарихын толық меңгерген ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау болып есептелді. Осыған орай кафедра жанынан күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бар аспирантураның ашылуы, сонымен бірге ғылыми ізденіс жұмыстарымен шұғылданып, докторлық диссертациялармен айналысып жүрген ғылым кандидаттарының доктурлануға, стажировкаларға жіберілуі және факультетті үздік аяқтаған, ғылыми ізденіс жұмыстарына қабілеттері бар түлектердің оқытушылар құрамына қалдырылуы, т.б. секілді нақты іс-шаралар жүзеге асырылды. Нәтижесінде 90-жылдардың ортасында кафедраның алғашқы аспиранттары Т.С.Жумағамбетов академик К.М.Байпақовтың, С.С.Кривобокова, Ө.С.Тасмағамбетов профессор Т.З.Рысбековтың ғылыми жетекшіліктерімен кандидаттық, докторант М.Н.Сдыков академик М.Х.Асылбековтың, стажер Б.Қ.Бірімжаров академик К.Н.Нұрпейісовтың ғылыми жетекшіліктерімен докторлық диссертацияларды қорғап шықты. Ал кафедра құрамы осы жылдарда жас ізденімпаз түлектермен – Ғ.Е.Қарабалин, С.Б.Құрманалин, Г.Б.Сүлейменова, Н.Н.Максина, Ж.Н.Сейіткүлова, Э.О.Орынбасарова, т.б. толықтырылды.

Жоғары білікті ғылыми педагог кадрларын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 1999 жылы қаңтар айынан бастап, академик Т.З.Рысбековтің төрағалығымен «07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Диссертациялық Кеңес жұмыс жасап, оның ғылыми мәжілістерінде кафедра аспиранттары С.Б.Құрманалин, Г.Б.Сүлейменова, Ғ.Е.Қарабалиндер кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғап шықты. Сонымен бірге, тарих факультетінің үздік түлектерінің бірі Ж.Т.Ерназаров 2001 жылы ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2003 жылы университеттегі бұл Диссертациялық Кеңестің жұмыс істеу мерзімі ұзартылып, оның мәжілістерінде кафедра аспиранттары Ж.Ж.Жақсығалиев, А.И.Қаржаубаевалармен бірге Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінен Г.І.Көбенова, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен Ж.Ж.Мұстафиндер де өз ғылыми ізденістерін қорғау мүмкіндігіне ие болды.

Уақыт өте келе, Диссертациялық Кеңестің мақсаты мен міндеттері

күрделеніп, жауапкершілігі артып, аумағы кеңейіп, 2005 жылдың маусым айынан бастап ҚР Білім және ғылым министірлігі Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау Комитетінің шешімі негізінде Батыс Қазақстанның оқу орындарының біріккен «07.00.02-Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы)» мамандығы бойынша докторлық ғылыми дәреже беретін Диссертациялық Кеңес болып қайта құрылып, оның құрамына Мәскеулік белгілі тарихшы-ғалым профессорлар Н.Е. Бекмаханова, Д.А.Аманжолова, В.М.Козьменко, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен профессорлар Ә.Исмаилов, Ә.Ауанасовалар, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтынан профессорлар Н.А.Абдоллаев, Н.К.Мұхлисовтар, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен профессорлар Х.Б.Табылдиев, Ә.Қ.Мұқтар, Ү.С.Қыдыралиндер және жергілікті ғалым-профессорлар М.Н.Сдықов, Б.Қ.Бірімжаров, Ә.С.Тасмағамбетов мүшелер ретінде енгізілген. Бұл біріккен Кеңесте 2005-2006 оқу жылының өзінде ҚР тарихы кафедрасынан 4 оқытушы (Р.С.Мажитов, Б.А.Мұсаев, Л.С. Серікова, А.С.Байболсынова) және ізденушілер (Б.Қ.Санақұлова-Астана, Президенттік Мәдениет орталығынан және А.Қ.Қарамурзина-Атырау, Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университетінен) диссертацияларын ойдағыдай қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежелеріне ие болды.

Кафедра ұйымдасқаннан бері 21 жылда 30-ға жуық монографиялар, ұжымдық еңбектер жазылды, оның ішінде Кеңес үкіметінің саяси құрылысы, мәдениеті, Бөкей Ордасы және өлке тарихының өзекті мәселелеріне қатысты академик Т.З.Рысбековтың 5 арнайы монографиясы, 2 электрондық оқулығы, кафедра құрамында болған кезінде халық саны және демография мәселелері бойынша профессор М.Н.Сдықовтың 3 монографиясы, сонымен қатар кафедра құрамында ұзақ жылдар еңбек етіп, университеттің қоғамдық өмірінде зор еңбек атқарған өзіндік орны бар, алайда бүгінгі университеттің 80 жылдық мерейтойын көру маңдайына бұйырмаған марқұм профессор Б.Қ.Бірімжаровтің Батыс Қазақстанның соғыстан кейінгі жылдардағы ауыл шаруашылығының даму тарихы, өлкедегі тарихи тұлғалар қызметі, Кіші жүз, оның құрамындағы Бөкей Ордасы тарихы мәселелеріне байланысты 4 монографиясы, сол сияқты Қазақстан тарихында есімдері ел есінде зор мақтанышпен аталатын марқұм профессорлар- махамбеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі И.Н.Кенжалиевтің Бөкей Ордасы тарихына қатынасты 5 монографиясы және археолог ғалым, доцент Д.А.Кушаевтың Батыс Қазақстан археологиясына арналған 2 монографиясы жарық көрген болатын. Университеттің 80 жылдық тарихында есімі атап өтуге лайықты тұлғалардың бірі, кафедраның тарихында өзіндік орын алатын доцент П.Р.Букаткиннің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстан тарихына арнап жазылған 4 монографиясы, кафедраның қолдауымен аспирантурасын сәтті аяқтап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып, ғылыми еңбек жолын осында бастаған жас ғалым доцент Ж.Т.Ерназаровтың қазақ этнографиясына арналған 1 монографиясы, доцент С.Х.Сағынаеваның «Жайық казактарының этнографиясының тарихы» атты 1 монографиясы және кафедраның меңгерушісі, академик Т.З.Рысбековтің ғылыми жетекшілігімен жарық көрген ұжымдық еңбектер «Бөкей Орда тарихы», «Батыс Қазақстан облысының тарихы», «История Западно-

Казахстанской области» еңбектері жарық көрген.

Күні бүгін академик Т.З.Рысбековтың жетекшілігімен кафедра меңгерушісінің орынбасары аға оқытушы Б.Н.Бактығұлованың басқаруындағы кафедра ұжымы жұмыс жасайды. Қазіргі кезде кафедраға карасты 2 мұражай, 1 археологиялық зертхана бар.

Кафедрада 10 арнайы пәндер және 4 гуманитарлық бағыттағы университеттік пәндерді оқытады. Жалпы, кафедра жұмысының негізгі бағыттары болашақ тарихшы мамандарды Қазақстандық ұлтжанды, отансүйгіштік және гуманистік көзқарастағы нарық сұранысына сай педагог және ғылыми-тарихшы мамандар ретінде даярлау болып табылады.

Өткен оқу жылында кафедраның 20 жылдық мерейтойының қарсаңында ұжымның 3 оқытушысы Ж.К.Тастаева, Ж.Қ.Мұханғалиева, М.Ғ.Дуйсенғалиевалар докторлық диссертациялық кеңесте тарих ғылымдарының кандидатын алу үшін даярланған диссертацияларын сәтті қорғап шықты. Шын мәнісінде кафедрада алғашқы құрылған күннен бастап күні бүгінгі күнге дейін үздіксіз меңгеруші қызметінде басшылық жасап отырған тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтің еңбегі ерен.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

Кафедраның негізі тарих және құқық факультетінде «Құқықтану» мамандығының ашылуымен байланысты 1997 жылы құрылды.

1999 жылдан бастап «құқықтық пәндер» кафедрасы қайта құрылып екі жаңа кафедра – мемлекеттік – құқықтық пәндер кафедрасы болып екіге бөлінді (меңгерушісі – т.ғ.к, доцент Тасмағамбетов Ә.С.) және арнаулы құқықтық пәндер кафедрасы (меңгерушісі – доцент Шалтаев Б.З.).

2003 жылы мемлекеттік – құқықтық пәндер кафедрасы «Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы» атауына ие болды, арнаулы құқықтық пәндер кафедрасынан Азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасы (меңгерушісі – з.ғ.к, аға оқытушы Жанабилов) және Қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасы (меңгерушісі – аға оқытушы Мусин П.М.) бөлініп шықты.

2005 жылдан бастап мамандықтың қажеттіліктеріне байланысты мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасы өз атауын қайта өзгертті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы және конституциялық құқық кафедрасының меңгерушісі – т.ғ.к. Р.С. Мажитов болды.

2008 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі ұсынысы негізінде барлық үш кафедра біріктірілді және 2008 жылдың маусымынан бастап біріктірілген заң пәндері кафедрасының меңгерушісі – з.ғ.к, аға оқытушы С.К. Есетова, 2010 жылдың қаңтар айынан бастап меңгеруші болып т.ғ.к., аға оқытушы Л.С.Серикова қызмет атқаруда. Қазіргі таңда кафедра «Құқықтық пәндер» кафедрасы деп аталады.

Кафедра университеттің 80 жылдық мерейтойына үлкен жетістіктермен жетіп, елеулі істер атқаруда. Құрылуы мен қалыптасуы қатар жүрген кафедра **деен ова те** жас кафедра ретінде саналады.

2012-2013 оқу жылында кафедра штатында 19 оқытушы және 7 қосымша **деен** жұмыс істейтін қызметкерлер бар. Кафедрада ғылыми -

әдістемелік кеңес, тәрбие жұмысы, «Криминалист» ғылыми үйірмелері, Заң клиникасы жұмыс істейді. Кафедра құрылымы оқу жылы басында университет әкімшілігінің келісуімен бекіткен жоспары бойынша жұмыс жүргізеді.

Кафедрада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлкен мән беріледі. «Құқық және экономика негіздері» мамандығы студенттерінің командасы – Ахмедиярова Индира (07308 топ), Утегенова Дина (07407 топ), Герасимова Юлия (07308 топ) 5В11500 «Құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша III Республикалық пәндік олимпиадаға қатысты. 3 тур қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті командасы жақсы нәтиже көрсетіп, командалық есепте І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінен кейін 2-орынды, жеке есепте де команда мүшелері И.Ахмедияров 2-орынды, Ю.Герасимова 3-орынды иеленді. Мұндай олимпиадаларға қатысу студенттердің кәсіби-шығармашылық қабілеттіліктерін, ғылыми білімдерін дамытуға мүмкіндік береді.

«Құқықтану» мамандығы бойынша өткен республикалық олимпиадада да студенттер жүлделі орынға ие болды. Наурыз айында Астана қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінде өткізілген Республикалық пәндік олимпиадаға оқытушы З.Б.Ауелбаевтың жетекшілігімен «Құқықтану» мамандығының 3-4 курс студенттері қатысты (08301, 08302, 08401-топ-Ергалиева Г., Байниязова С., Ермольчев И., Габдушев А., Хайруллин В.).

21 қазан 2011 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетімен бірге кафедра «Егеменді Қазақстанның ұлттық заңнамасының дамуы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Конференцияға Маликова А.Ш. – ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының сот төрелігі институтының қылмыстық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты (Астана қ.), Ильясова Г.А. - Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты (Қарағанды қ.), Муканова М.Ж. – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты (Қарағанды қ.), Досанов М.У. – ҚР қаржы полиция академиясының доценті, заң ғылымдарының кандидаты (Астана қ.), Назаркулова Л.Т. - заң ғылымдарының кандидаты, доцент Астана қаласынан келді. Пленарлық отырыстан кейін үш бағытта секциялық отырыстар болды. Конференция қортындысы жинақ болып шығарылды. Жинаққа 50 мақала енді.

Кафедрада студенттердің кәсіби-өндірістік машықтануы оң жолға қойылған. Жоғары курс студенттері облысымыздың құқық қорғау органдарында (прокуратура, ішкі істер департаменті, сот органдары т.б.) өндірістік сараман кезінде өздерінің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырады. Кәсіби сараман жетекшілері кафедраның тәжірибелі ұстаздары, құқық қорғау органдарының мамандары болып табылады.

Кафедраның заң клиникасы 2004 жылы Американдық заңгерлер ассоциациясының гранты негізінде құрылды. Клиниканың негізгі мақсаты студенттердің болашақта сапалы білімді, тәжірибелі маман болып шығуына

ықпал жасау, олардың бойында заңгер мамандығына тән қасиеттерді қалыптастыру. Заң клиникасының мүшелері – болашақ адвокаттар, заң кеңесшілері. Студенттер заң клиникасында кафедраның тәжірибелі ұстаздарының жетекшілігімен заң кеңестерін береді, адвокатура, қылмыстық және азаматтық іс жүргізу пәндерінен білімдерін тереңдетеді. Сонымен қатар кафедраның заң клиникасы әлеуметтік жағдайы төмен тұрғын халыққа және студенттерге заң көмегін тегін көрсетеді. Сәуір айында «Заң клиникасы» жобасы «Азаматтық қоғам» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, ҚР Тұңғыш Президентінің Қорынан грант ұтып алды. Бұл клиника облыс тұрғындарына тегін заңдық кеңестер беріп, құқықтық бағыттағы құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсетеді. Заң клиникасының елеулі жетістігі 2011 жылдың 18 наурызында Алматы қаласында «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының» ұйымдастыруымен өткен әлеуметтік жобалар жәрмеңкесінде 500 мың теңге көлемінде грант ұтуы болып саналады. Қазіргі уақытта клиника халыққа тегін қызмет көрсетуін жалғастыру үстінде.

Кафедрадағы криминалистика кабинеті бүгінгі заманның талабына сай жарақталған және оқу-әдістемелік талаптарға сай келеді. деен ов соңғы модельдегі криминалистика чемоданы, бейнекамера, фото құрал-жабдықтары, криминалистикалық альбомдар, оқу қылмыстық істер, адамның сырт келбетінің сипаттамасы және т.б. бар. Криминалистика пәні оқытушыларының жетекшілігімен кафедрада «Криминалист» үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме мүшелері – болашақ криминалист-сарапшы мамандығының иелері. Олар үйірме жұмысы кезінде негізгі криминалистика мен тергеудің әдіс-тәсілдеріне, криминалистің құрал-жабдықтарын меңгеруді үйренеді. Үйірме мүшелерінің қатынасуымен бүгінде кафедрада криминалистика мен тергеудің әдіс-тәсілдері бойынша (тінту, жауап алу, оқиға болған жерді карау, ұрлықты тергеу т.б.) оқу-бейнефильмдері түсірілді.

Кафедрада өзінің түлектерінің білімін одан әрі жалғастыруға да жағдай жасалған. Бүгінде кафедрамен Ресей Федерациясының Саратов мемлекеттік заң академиясы, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университеті, Қазақ гуманитарлық заң академиясы арасында тығыз байланыс орнады. Кафедраның оқытушылары республиканың жоғары оқу орындарында магистратурада білім алуда.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТАРИХ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК–САЯСИ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасы 2009 жылдың 21 – ші қыркүйегінде М. Өтемісов атындағы БҚМУ № 013(Л)-201 бұйрығымен «Жалпы тарих» және «Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер» кафедраларын біріктіру негізінде құрылды. 2010 жылы кафедра құрамы «Философия және құқық негіздері» кафедрасының оқытушыларымен толықты. Кафедра жалпы тарих, философия және ғылыми коммунизм кафедраларының жетістіктері мен үздік дәстүрлерінің мұрагері болып табылады.

1930-1940 жылдары жалпы тарих курстары біріккен «Тарих» кафедрасы базасы негізінде оқылды. Осы кезге дейін ұрпақтар санасында сақталған

тамаша оқытушылар тобы жұмыс жасады. Атап айтсақ Д.О.Медведев, Я.С.Фигельсон, Ф.С.Кузьмин, А.А.Королевский, Ш.Ш.Қаржауов, А.НМ.Ягнинский, Г.И.Багриков, С.Р.Недлин, Е.Т.Нелюбина тағы басқалары. Академиялық мекемелердің тұрмыс-тіршілігіне тән оқу-процесінің мазмұны сол кездің өзінде-ақ өзінің жоғарғы деңгейіне көтерілген болатын. Ашық дәріс-семинарларды ұйымдастыру, оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдау, методологиялық ізденістерді, педагогикалық сараман қызметтерінің бағыт-бағдарларын анықтау кафедра тұрмысының өзегіне айналды. Мысалы, Ф.С.Кузьминнің «Германияның бірігуі», Я.С.Фигельсонның «Революция қарсаңындағы Қытай» тағы басқа тарихтың өзекті мәселелеріне байланысты ашық сабақтар мен семинарлар ұйымдастырылады.

1953 жылы кафедраға Саратов мемлекеттік университетін бітірген тарих ғылымының кандидаты В.И. Ивакин келді. В.И. Ивакин 1953 жылдан бастап өмірінің бүкіл барысында бірнеше тарихшылар ұрпағын тәрбиелеген ғалым. Әдемі юморымен, ерекше қарапайымдылығымен, орасан зор білімділігімен оның тұлғасы ерекшеленіп тұратын. В.И. Ивакин дәрістері мазмұны және методологиялық ұстанымдары терең шынайы ғылыми деңгейде өтетін. В.И. Ивакинді шын мәнінде 60-70 ж.ж. тарихшыларының Ұстазы дей аламыз.

1980–90 жылдары мұғалімдер даярлау ісіне Кушаев Г.В., Гришина О.И., Букаткин П.Р., Комаров А.К., Белый А.И., Х.И. Қожабергеннова, Н.А.Смирнова, О.В.Щелоков, Мостовщикова Г.В., Сүлейменов А.А. үлкен үлес қосты.

Кафедра құрамына енгендер: Черкашин И.Ф. – кафедра меңгерушісі, доцент; Қожахметов У.Т. – доцент; Еремін А.А., Прокопов М.В. – аға оқытушылар; Исакова З.Б. – оқытушы; Бисекешова Н.Б. – лаборант.

Бұл жылдары кафедра сапында жоғары білікті оқытушылар қызмет атқарды. Олардың қатарында тарих ғылымдарының кандидаты, доцент О.И. Гришина, аға оқытушы А.А. Еремін, ғылыми кандидаттық диссертацияларын осы кезде қорғаған Б.Ғ. Шынтемірова, В.П. Полубабкин, П.А. Добряев, М. Садырова, Б. Қалшабаева (М.Садырова мен Б. Қалшабаева қазіргі уақытта ғылым докторлары, Алматы қаласында қызмет істеуде) болды.

1990-шы жылдары кафедра ұжымы лайықты, жауапты оқытушылар дәрежесіне дейін өсіп шыққан Т.Т. Шайхиев, А.М. Запрометов, Е.Утешов, М. Жанұзақов, А.Ж. Ержігітов сияқты оқытушылармен толықты. Соңынан, кафедра құрамында тарих ғылымдарының кандидаттары З.К. Мұхлисова және Е.Е. Хайдаров, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Д. Шоқабасов, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент Д.Б. Абулқасова қызмет атқара бастады.

1980-ші жылдардың ортасы мен 1990 жылдардан бастап, қайта құру үрдісі мен жалпы өркениеттілік, жалпы адамзаттық құндылықтарға бет бұру және білім беру жүйесіндегі реформаларға байланысты кафедра саясаттану және әлеуметтану оқу курстарын оқытуға бағытталды.

Кафедраның ғылыми-тәжірибелік жұмысының негізгі критериалеріне студенттердің ғылыми-тәжірибелік жұмысын ұйымдастыру мен басқару болып табылады. Студенттердің ғылыми-тәжірибелік жұмысы студенттердің 50% жуығын қамтыды. Студенттердің ғылыми тәжірибелерге деген

қызығушылықтарын арттыру, студенттердің әртүрлі халықаралық қорлардың ұйымдастырылуымен өтетін конкурстарға, ғылыми-тәжірибелік жұмыстар өткізуге гранттар алу мақсатындағы конкурстарға, студенттермен алмасу бағдарламасына қатысу белсенділіктерін арттыру кафедра құрамының негізгі қамына айналған.

Халықаралық байланыстар.

1. 2010 жылдың мамыр айында М. Өтемісов атындағы БҚМУ мен Ресей ВМУ «Аймақтану», «Халықаралық қатынастар» мамандықтары бойынша оқу жоспарлары сәйкестендірілді.

2. Кафедра ПОҚ-ның ғылыми жұмыстары Ресей ВМУ ғылыми зерттеулеріне қатысуға ұсынылды.

Магистратура.

Кафедра оқытушылары магистратураның 1, 2 курстарында сабақ береді: доцент Х.И. Қожабергенова «Тарих» мамандығы бойынша 2-курста «Основные тенденции развития стран Востока на современном этапе» 2 кредит, 1-курста «Актуальные проблемы Всеобщей истории» 2 кредит.

Доценттер К.М.Науанова, Г.Б.Сулейменова барлық мамандықтар бойынша 1 курста «Ғылым тарихы мен философиясы» (екі тілде) 2 кредит.

Кафедрада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Студенттер ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірталастар мен «Консенсус» саяси клубының жұмысына қатысады. 2010 жылдың 25-ші қарашасында «Консенсус» саяси клубының мүшелері «Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалығы – демократиялық дамудағы жаңа серпін» атты дөңгелек үстел жұмысына белсене қатысты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауына 13 студент қатысты. Соның ішінде, жүлделі үш жұмыс республикалық кезеңге ұсынылды: 1 орын – Дауткулова С. (07306 тобы). Тақырыбы: «Терроризм как глобальная проблема», ғылыми жетекшісі – оқ. Есеева Г.М.; 2 орын – Амангалиева С. (07106тобы). Тақырыбы: «Роль конфуцианской идеологии в формировании успешного предпринимательства» (на примере Южной Кореи), ғылыми жетекшісі – доцент А.М.Нургалиева; 3-орын – Муканов Р. Тақырыбы: «Венский конгресс», ғылыми жетекшісі – доцент Х.И.Қожабергенова.

Кафедра жанында «Консенсус» (жетекшісі Шайхиев Т. Т.) саяси клубы жұмысын жалғастыруда. Қазіргі кезде кафедрада 23 оқытушы бар, соның ішінде 12 ғылым кандидаты, 1 – ғылым докторы бар. Кафедраны тарих ғылымдарының кандидаты Г.Б.Сулейменова басқарады. Кафедрада аға зертханашы А.Х. Сенгалиева және зертханашы Э.А. Жоламанова қызмет атқарады.

Кафедраның ғылыми-тәжірибелік жұмысының негізгі критериелеріне студенттердің ғылыми-тәжірибелік жұмысын ұйымдастыру мен басқару болып табылады. Студенттердің ғылыми-тәжірибелік жұмысы студенттердің 50% жуығын қамтыды. Студенттердің ғылыми тәжірибелерге деген қызығушылықтарын арттыру, студенттердің әртүрлі халықаралық қорлардың ұйымдастырылуымен өтетін конкурстарға, ғылыми-тәжірибелік жұмыстар өткізуге гранттар алу мақсатындағы конкурстарға, студенттермен алмасу бағдарламасына қатысу белсенділіктерін арттыру кафедра құрамының негізгі

қамына айналған.

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Педагогика факультеті өз бастауын 1934 жылдан алады. Алғашқыда жеке кафедралар ретінде құрылып, кейінгі арнайы факультет ретіндегі бөлім негізін қалыптастыруға орасан үлес қосып, көл-көсір еңбек сіңірген ұстаздар туралы айту-өз алдына бір дастан. 2002-2004 ж. факультет деканы п.ғ.к. доцент Н.Ә.Әділбаева, 2004-2005 ж. п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев, 2009-2010 ж. п.ғ.д., профессор Т.Ә.Ботағариев, 2010-2011 ж. т.ғ.д., профессор Х.С.Мұханбетқалиев, 2011-2012 ж. п.ғ.д., профессор А.С. Қыдыршаев, 2012-2013 ж. БҚМУ доценті, Темірғалиева Марина Хамитқызы. 2009-2010 ж. декан орынбасары болып аға оқытушы-магистр О.Н. Ерниязов, 2011-2013 ж аға оқытушы-магистр Қ.Р. Қажымова, 2011-2012 ж. оқытушы-магистр И.С. Әбдрахмановтар қызмет атқарды. Бүгінде факультет тарихында мәңгіге есімдері жазылып қалған ғалым-ұстаз қайраткерлерді мақтанышпен еске аламыз. Олар: В.В. Волков, Н.И. Рогачев, А.И.Карпова, И.В. Алеев, П.И. Гусак, Д. Элькин, Н.А.Пимнев, В.Г.Ельсуков, Ю.А. Порышкин, А.М. Войлоков, А.Х. Темірбеков, Н.В. Ставкин, К.С. Жолдасов, М.Н. Панкина т.б. Бұлардың барлығы да факультеттің, кафедралардың өзіндік қалпы мен жоғары деңгейін жоймауы жолында жұмыс жасады. Қазіргі педагогика факультеті – ешкімге ұқсамайтын өзіндік дәстүрі бар ұжым. Сол дәстүрді қалыптастыру жолында тер төге еңбек еткен ардагер ұстаздар Т.Қ. Құбашев, Қ.И. Исмағұлов, Б.А. Молдағалиев, Т.Қ. Қайырғалиев, М.С. Хұсайынов, т.б. ерекше құрмет тұтамыз. Ұжымның қазіргі таңдағы тынысына келсек, факультет құрамында екі ірі бөлім бар. Олар: «педагогика-психология», «дене шынықтыру және спорт» бөлімдері. Осы бөлімдердегі профессор-оқытушылар құрамы 60-тан асады. Оның ішінде 8 ғылым докторы (А.С.Иманғалиев, Ә.М.Мұханбетжанова, Х.С. Мұханбетқалиев, Б.И. Сәрсенбаева, В.Ю.Салов, С.М. Бахишева, Н.Ә. Әділбаева, Ж.И. Сардарова., Ш.Х. Құрманалина), 10 ғылым кандидаты, 21 магистр-оқытушы жұмыс жасайды. Факультетімізде ҚР Білім және ғылым министрлігі бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлерінің еңбек етуі көңіл қуантады. (Ә.М. Мұхамеджанова (2005, 2010 ж.), А.С. Қыдыршаев (2007ж.)). Факультетіміздің күндізгі оқу бөлімдерінде 492 студент оқуда. Факультетте 4 кафедра жұмыс жасайды. Кафедраларды белді де беделді ғалымдар басқарады. Олар: «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі – п.ғ.д., доцент Ж.И. Сардарова, «Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі» (п.ғ.к., доцент Р.Н. Испулова), «Жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану» (п.ғ.к., доцент Г.Ә.Ерғалиева), «Дене тәрбиесі» (аға оқытушы-магистр Т.Т. Темешев). Ғалым-педагогтар басқаратын кафедралар ғылыми әлеуетті қалыптастыруда, жоғары сапалы мамандар даярлауда кең көлемді кешенді жұмыстар атқаруда. Университетіміздің одан әрі тереңірек құлашын жая дамуына белсенді араласуда. Әрбір кафедра ұжымының тыныс-тіршілігі турасында сөз қозғау, тарата айту-өз алдына бір төбе. Факультетімізде

жоғарыда аталғандардан басқа елімізге, аймаққа, туған топырағымызға кеңінен танымал, сандаған сапалы маман баулып өсірген тәжірибелі ғалым-әдіскер әріптестеріміз көптеп саналады (Ж.С. Жардемов, Б.О. Әлмұқанов, В.Л. Мельников, В.П. Капленко, А.Н.Жищенко, С.Ш. Бекбаев, Л.Б.Амельченко, В.В.Бобер, Б.Б.Мұңайдарова, М.Ғ. Құсайынова, Н.Қ. Байтілесова, Л.В. Демченко, А.Х. Жұмағалиев т.б. Сондай-ақ аға буын артынан ілесе өсіп келе жатқан факультеттің ертеңі болар лайықты ізбасар жас ғалым-педагогтар қалыптасуда. Бұл ретте Қ.Р. Қажымова, И.С. Әбдірахманов, О.Н. Ерниязов, Д.Ш. Жұмағалиева, Ғ.С.Әбуғалиева, А.М. Молдағалиев, Ж.Ғ. Байғалиева, Ғ.Б. Мұсағалиева, С.Н. Рысқалиев, Т.С. Хасанғалиев, С.Ж. Бахтиярова, Т.Т. Темешев, Ж.С. Исмағұлова, Т.А. Базартаев, А.Т. Шандозтегі, Л.А. Федорченко, Ә.Қ. Қаукеев, М.С. Ахметова, С.Ф. Баюканская, Б.Қ. Тұяқоваларды атау артық емес.

Бүгінгі таңда факультетте «Педагогика және психология», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Дене шынықтыру және спорт», «Бастапқы әскери дайындық», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» сияқты мамандықтарға даярлап келсе, жаңа оқу жылынан бастап факультетімізде жоғарғы аталғандарға қоса «Психология», «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандықтарын ашу мүмкіндіктері қарастырылуда. Сондай-ақ, факультетте «Педагогика және психология», «Психология», «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша магистратура оқытылады. Мұны тәмамдаушыларға педагогика және психология магистрі, дене шынықтыру және спорт магистрі академиялық дәрежелері беріледі.

Ғұлама Ж.Баласағұни: «Ғалымдар серке секілді: қай жаққа бастаса да, тура жолға бастайды», - дейді. Сол сияқты факультет ұжымы өз ғалымдары тарапынан әзірленіп жазылған ғылыми педагогикалық-әдістемелік зерттеу еңбектерді мақтан тұтады. Бұл сапқа соңғы кезекте жазылған Ә.М. Мұхамеджанованың «Білімді интеграциялауда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану», «Тұлғалық бағдарлы педагогика», «Білім беруді ізгілендіру», «Педагогиканы оқыту әдістемесі», Б.О. Әлмұқанов, В.Л. Мельниковтердің «Дене тәрбиесінен теориялық білім беру негіздері», «Дене тәрбиесі білімінің теориясы мен әдістемесі», А.С. Қыдыршаевтың «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері», «Шешен-лектор профессиограммасы», «Іскерлік шешендіктану қағидалары», «Кестелі шешендіктану», «Педагогикалық шешендіктану», «Риторика» атты монографиялық зерттеулерін, оқулық, оқу құралдарын қосуға әбден болады. Ғылыми-зерттеу жұмысы оқу үрдісімен тығыз байланыста жүзеге асады. Профессор-оқытушылардың жыл сайынғы ғылыми-тәжірибелік конференцияларында көкейкесті жобалар мен ғылыми баяндамалар тыңдалады. Солардың бірі – биылғы оқу жылында ұйымдастырылған «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы академиялық ұтқырлық: тәжірибе және даму мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (2011 жыл, қараша).

Факультеттің ғалым-ұстаздары ертеңгі кәсіби маманның университет қабырғасында жеке тұлға ретінде қалыптасуына ерекше мән береді. Осыған орай факультетімізде студенттік ғылыми үйірмелер мен спорт секциялары көптеп жұмыс істейді. Мәселен, факультетімізде дзюдо (ұл, қыз), волейбол (ұл, қыз), самбо, футбол, баскетбол, бокс (ұл, қыз), қазақ күресі, қол күресі,

шейпинг, саясат (туризм), үстел теннисінен спорт секциялары (барлығы 14), «Болашақ педагог», «Болашақ психолог», «Рефлексия» (психологиялық), домбыра үйірмелері, «Бастапқы әскери дайындық», «Өзін-өзі тану», «Тезаурус» психологиялық тренинг кабинеттері жұмыс жасайды. 2011 жылдың қараша айынан бастап педагогика факультетінің қос бөлімінің «Тағылым», «Салауатты өмір салты» атты төл жаршылары (университеттің «Өркен» газетінің қосымшасы ретінде) ай сайын шыға бастады.

Факультетіміздегі үздік оқуымен, өнегелі тәрбиесімен, спорттағы жетістіктерімен көрініп жүрген студенттерімізді ризашылықпен атаймыз. Мәселен, «Дене шынықтыру және спорт», «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтарында оқитын студенттеріміздің 3-уі халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 13-і спорт шебері, 11-і спорт шеберіне үміткер. Факультет ұжымы VII Азия ойындарының қола жүлдегерлері (шорт-трек) Ксения Мотова, Инна Симонова, Нұрберген Жұмағазиевтерді; Әлем чемпионатының жүлдегерлері Бағдат Жарылғасов, Мардан Есекеновтерді (самбо); Қазақстан Республикасы чемпионатының жүлдегерлері Айзада Үрістемова (каратэ-до); Асылан Есенов (бокс); Ерлан Әбілқайыров (қысқы Президенттік көп сайыс); Иван Жовтобрух (садақ ату); Григорий Бородин (пауэрлифтинг); Сұңғат Махамбетов, Нұрбол Серіков, Бәну Тынышқалиева, Мирас Болатовтарды (самбо) мақтаныш етеді. Әрине, еліміз бойынша үлкен имиджге ие болып отырған университетіміздің педагогика факультетінде даярланар мамандықтардың қыр-сыры жөнінде айта беруге болар. Біздің мақсатымыз ол емес. Мақсатымыз- факультет өмірін, онда дәріс оқитын мамандарды жер- көкке сыйғызбай мақтау емес, ұжым тірлігінен бірер мәліметтерді тарата отырып, ұстаз-ғалымдарымызбен, бірегей студенттерімізбен, игі істерімен мақтану.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Педагогика және психология кафедрасының негізі 2002 ж. педагогикалық факультетінде қаланды (каф.меңгерушісі п.ғ.д., профессор М.Ә.Мұханбетжанова). 2004-2005 оқу жылдарында кафедра «Педагогика» (каф.меңгерушісі п.ғ.д., проф. М.Ә.Мұханбетжанова) және «Психология» (каф.меңгерушісі п.ғ.к., доцент Б.И.Сарсенбаева) болып бөлінді. 2008-2009 оқу жылында бұл кафедралар қайтадан «Педагогика және психология» кафедрасы (каф.меңгерушісі М.Ә.Мұханбетжанова) деп біріктірілді. 2009-2010 оқу жылында «Педагогика және психология» кафедрасы «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасымен біріктірілді. Осы жылдары кафедра меңгерушісі болып п.ғ.к. А.С.Иргалиев және п.ғ.к. Н.А.Адельбаева қызмет атқарды.

Қазіргі күнде кафедрада 3 ғылым докторы, 2 профессор, 5 кандидат, 4 доцент, 4 аға оқытушы, 9 педагогика және психология магистрі қызмет атқарады.

«Педагогика және психология» бөлімінде психокоррекция, психологиялық кеңес және «Тезаурс» тренинг кабинеті, психологиялық-педагогикалық диагностика және әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кабинеттері және кафедра жанында орталық жұмыс жасайды. Онда кафедра оқытушылары практикалық сабақ өткізеді, магистранттар мен студенттердің

педагогика және психология аймағының көкейтесті тақырыптары бойынша фундаментальды және қолданбалы зерттеулер жүргізеді.

Педагогика және психология кафедрасында профессор А.М.Муханбетжанова жасақтаған ғылыми мектеп жұмыс жасайды. Ғылыми мектеп магистратурасы, докторантурасы бар. Негізгі жұмыс бағыты – оқушылардың тұлғасын дамыту педагогикасы, инновациялық педагогикалық технологиялар, білім беруді интеграциялау негіздерінің теориясы мен әдістемесі, оқытудың интерактивті әдістері. А.М.Муханбетжанованың жетекшілігімен кандидаттық және докторлық диссертацияларын: п.ғ.д. С.М.Бахишева п.ғ.к. А.Б.Медешова, п.ғ.к. А.Х.Касымова, п.ғ.к. Г.А.Ергалиева, п.ғ.к. Ш.Т.Муканбетова, п.ғ.к. А.С.Иргалиев п.ғ.к. А.Г.Мұханбетчина; магистрлік диссертацияларын: А.Аманбаева, О.Н.Ерниязов, А.Б.Хайруллина, Д.Ш.Жумағалиева, Д.Ғ.Хабиева, Г.Б.Мусағалиева, А.М.Шатенова, Ж.С.Исмагулова, А.К.Махимова, Ж.Ғ.Байғалиева сәтті қорғады.

Кафедраның ПОҚ мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын жасауда белсенді қатысады, жыл сайын әр оқытушының мамандануына байланысты элективті пәндердің каталогының және тест тапсырмалар банкінің жаңаруы жүреді. Мысалы, п.ғ.д., профессор Ә.М. Муханбетжанова, аға оқытушы Д.Ш.Жумағалиева, - 12 жылдық білім берудің теориясы мен әдіснамасы, білім берудің интеграциясы мен гуманизациясы, п.ғ.к. доцент Н.А.Адилбаева, п.ғ.к., доцент Б.А.Молдағалиев – жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика, п.ғ.д., доцент С.М. Бахишева – мектеп басқару және педагогикалық менеджмент, п.ғ.к. А.С. Иргалиев - әлеуметтік педагогика, п.ғ.к., доцент Ш.Т. Муханбетова – тұлғалық бағдарлы білім беру, аға оқытушы Б.Б. Мунайдарова – тұлға психологиясы, психологиялық білім беру теориясы, М.С. Хусайнов – математиканы оқыту әдістемесі, психология магистрлері С.Ф.Баюканская, С.Б.Калаханова, Л.П.Кусенова, Э.С.Мендыгереева – тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік психологиялық аспектісі, практикалық психология, тұлғамен психологиялық жұмыс бағыты, педагогика магистрлері Ж.С.Исмагулова – білім берудегі құзіреттілік тұрғы, интерактивті технологиялар, магистр Г.С. Аbugалиева – қазіргі орыс тілін оқыту әдістемесі, магистр Г.Б. Мусағалиева – музыкалық білім берудің негізі, М.Г. Кусайнова - «Табиғаттану» пәнін оқытуда инновациялық технологиялар.

Педагогика және психология кафедрасының профессоры Муханбетжанова Алия Мендешқызы 5 монографияның, 200-ден астам оқу-әдістемелік құралдары мен мақалалары, 12 жылдық мектепте орта білім беру мемлекеттік білім стандартын құрастырушысы, сондай-ақ 12 жылдық бастауыш мектептің ол «Қоршаған әлем» оқу бағдарламасының пәндік тобының жетекшісі. 12 жылдық мектептің еуропа елдерінде ұйымдастыру ерекшелігін зерттеу мақсатында Алия Мендешқызы Литвияда және Германияда іссапарда болды. Ол «ЖОО үздік оқытушысы» (2006), «ЖОО үздік оқытушысы» (2010) грантының иегері. 2001 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру үздігі», 2007 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытқаны үшін» медальдің иегері.

Шығармашылық ізденіс, білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды белсенді қолдану, жоғары кәсібилік, п.ғ.д., доцент

С.М.Бахишеваны кафедрамызда ерекшелеп тұратын қасиеттер. С.М.Бахишева белсенді түрде ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысады, халықаралық және республикалық конференциялардың ғылыми-педагогикалық басылымдарында 70-тен аса ғылыми еңбектері жарыққа шықты, 10-нан аса оқулықтар мен мұғалімдерге, мектеп басшыларына, университет оқытушыларына арналған оқу-әдістемелік құралдарды шығарды. Светлана Мендығалиқызы «Педагогикалық жүйелерді басқаруда жобалау негіздерінің ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Білім беру аймағындағы ерекше еңбегі үшін Білім және Ғылым министрлігінің «ҚР білім беру үздігі» белгісімен, «Қазақстанның тәуелсіздігінің 10 жылдығы» мерейтойлық медальмен марапатталды. ҚР білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

Кафедраның дамуына өзінің мәнді үлесін қосқандардың бірі п.ғ.к., доцент Н.А.Адельбаева. Нурия Адельжанқызы 55-тен аса ғылыми жұмыстардың авторы, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстарының жетекшісі. Нурия Адельжанқызы кафедраның барлық оқытушыларына өзінің позитивті энергиясын жұмсап, оларды ғылыми ізденіске ынталандырып отырады.

Шығармашылыққа ұмтылысы, жоғары кәсібилік және өмірге оптимистік қатынасы кафедраның тәжірибелі оқытушысы п.ғ.к., доцент Б.А.Молдағалиевті ерекшелеп тұратын қасиет. Ол 90-нан астам ғылыми жұмыстардың авторы, негізгі зерттеу бағыты - ұлтаралық қатынасты қалыптастыру мен патриоттық тәрбие.

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мен мамандарды сапалы даярлау аспектісінде конкурстар, гранттарға қатысу, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарға шығу, халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларды ұйымдастыру және қатысу, өзге елдердің ЖОО-ларымен шетелдік бірлесуді кеңіту психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізуге сүйенеді. Сондай-ақ, «Педагогика және психология» кафедрасының оқытушыларын жаңашылдық және жаңалық деген құмарлық ерекшелеп тұратынын баса айтуға болады.

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ КАФЕДРАСЫ

Студенттерге эстетикалық құндылық бағдарын игерту нәтижесінде, студенттің жеке тұлғасын ізгілендіру арқылы қоғамдық өмірге даярлау, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінің басты міндеті болып табылады. Осы аталған міндеттерді шешу жолында университетімізде өзіндік алатын орны бар тарихи шежіреге бай педагогика кафедрасының рөл ерекше.

Университет тарихында алғашқы ұйымдастырылған жалпы кафедралардың бірі «педагогика және психология» кафедрасының атқарған істерін атауға болады. Қазіргі заман талабы мен ғылыми прогрестің өрістеуімен «психология», «этнопедагогика» және «этнопсихология», «жалпы педагогика», «психология және өзін-өзі тану» сынды кафедралардың іргетасы педагогика және психология болды.

1983 жылғы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша кафедраға

жалпы институттық мәртебе берілді. Бұған сол жылдары кафедра меңгерушілері болған Л.М.Ахмедзянова мен доцент К.Ф.Ермаковтар мол үлес қосты. Олар студенттерді ғылыми-педагогикалық зерттеулерге тарта білді.

Л.М.Ахмедзянова тың игерушілер сапында институтқа келген тәжірибелі педагог Ленин атындағы ММПИ түлегі. Оның ғылыми жұмысы – педагогикалық мамандыққа қызығушылықты ояту – педагогикалық және психологиялық пәндерді оқытуда аса маңызды еді. Ол кең тұрғыда ұйымдастырушылық талантқа ие болды, оның жетекшілігімен мұғалімдермен конференциялар өткізіліп, мектепке дейінгі мекемелерде семинарлар т.б. арнайы шаралар ұйымдастырылды.

К.Ф.Ермаков – Ұлы Отан соғысына қатысушы, кафедраның аға қызметкерлерінің бірі. Кафедраға мектеп директоры қызметінен кейін келді. Көп жылдар бойы мектептегі оқу және тәрбиелеу үрдісін оптимизациялау және студенттерді мектептегі жұмысқа даярлау мәселелерімен айналысты. Мектеп директорларының ФПК-сы ұйымдастырылғанда онда дәріс оқыған кафедраның жетекші доценті бола білді. Факультет студенттерімен қызықты ғылыми жұмыстар жүргізді.

1985-1986 жылдары кафедраға п.ғ.к. К.А. Нұрғалиев жетекшілік етті. Ал 1987 жылы кафедра меңгерушісі болып студенттерді эксперименттік жұмыстарға көптеп таратуға себепкер болған педагогика ғылымдарының кандидаты Н.Н. Пересветов сайланды.

Е.К.Құстабаева – білім беру саласы қызметкерлерінің квалификациясын көтеру факультетіндегі мектепті басқарудың ғылыми негіздері (МБҒН) кафедрасының меңгерушісі. Жоғары мектептің талантты педагогы ретінде ол институтта ғана емес, облыс, қалалардағы шығармашылық істерді ұйымдастыра білді. Қалалық оқу бөліміндегі әдістемелік жұмыстарға жетекшілік етіп, мұғалімдер конкурстарын, педагогика қызметкерлерінің семинарларын ұйымдастыруға қатысты. Институттағы педагогикалық «дөңгелек» столдардың авторы, көптеген педагогикалық инновациялардың инициаторы.

Э.Х.Мұрадова көп жылдыр бойы педагогика кафедрасында істеп, кейін мектеп директорлары ФПК-сының деканы болды. Студенттерге эстетикалық тәрбие беру мәселесімен айналысты. Студенттердің кең қолданысына ие болған әдістемелік нұсқауларды жазды, қызықты шығармашылық жұмыстар ұйымдастырды.

1995 жылы жеке психология кафедрасы ашылып, өкінішке орай, осы сала бойынша дипломды мамандардың аз болуына сәйкес, бұл кафедра педагогика кафедрасымен біріктірілді. Осы кезеңде кафедрада бір шоғыр практик-оқытушылар жұмыс жасады. Олар – В.П.Капленко, С.Е.Хавкина, Л.Г.Нарицына, Н.А.Маликова, Н.А.Әділбаева, психологтар – Б.И.Сарсенбаева, Р.У.Байдалиева, С.М. Вахитова, Т.Қ.Қайырғалиев, Р.Б.Досқалиевалар. Олар студенттердің тұлға ретінде қалыптасуы мәселелерін зерттеуге үлес қосты.

Қазіргі уақытта кафедра бойынша «педагогика», «психология», «өзін-өзі тану» бағытындағы ғылыми жұмыстар тереңдетіліп жүргізілуде. 2001 жылдан бастап тәжірибе жүзінде іске қосылған «өзін-өзі тану» ғылымы қазіргі уақытта дамып жетіліп, тереңдетіп зерттеле келе жоғарғы оқу

орындарында барлық мамандықтарға енгізілуіне орай өзін-өзі тану пәнінің саласы дамытылуда. Кафедра ғалымдары тарапынан кафедра меңгерушісі п.ғ.к Г.А. Ерғалиеваның басшылығымен жаңа заман ағымына сай зерттеулер қолға алынуда. Соның ішінде өзін-өзі тану кабинеті өз жұмысын жүргізуде.

Оқытушылар қала және облыс көлеміндегі жалпы білім беретін мектептерге өздерінің әдістемелік көмектерімен, оқу және тәрбие, тұлға ретінде қалыптасуы саласындағы еңбектерімен, оқу құралдарымен танымал.

2013 жылы 73 жыл толатын кафедра оқу және тәрбиелеу үрдісін инновациялау, студенттерді мектептегі жұмысқа даярлау бағытында саналы білімді сапалы еңбекпен ұштастыру мәселелерімен айналысуда. Педагогикалық мамандыққа қызығушылықты оятуда, педагогикалық, психологиялық және өзін-өзі тану пәндерді оқыту аса маңызды мәселелердің бірі.

Соның ішінде 12 жылдық жалпыға бірдей орта білім беруге көшуге байланысты ғылыми-әдістемелік проблемаларды зерттеп, оқу-әдістемелік құралдар даярлау жұмыстарымен айналысу мақсатында ізденістер жүргізілуде.

Кафедра ұжымының негізгі салалы бағыттарының қатарында болашақ мамандарды университет қабырғасында тарихи біліммен қаруландыру, студенттерді гуманизмге тәрбиелеу, педагогикалық-психологиялық кадрларды жаңашыл шығармашылық бағытта жұмыстандыру, орта мектеп мұғалімдеріне еліміздің тарихынан жеке оқыту, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу мәселелеріне үлес қосу - кафедра алдындағы жауапты міндеттерінің бірі.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КАФЕДРАСЫ

1946 ж. дене тәрбиесі кафедрасы құрылды (кафедра меңгерушісі А.Я.Дырдин, оқытушылар А.И.Карпова, соңынан – Л.Г.Дырдина, Н.Т.Мазаева).

Орал педагогикалық институтының (1932) қалануымен оқу орнында дене тәрбиесі кафедрасы құрылды. Дене тәрбиесі бойынша сабақтар оқу жоспары бойынша өткізіліп, ГТО кешені негізінде құрыла бастады. Бұл 1-ші және 2-ші курстар үшін міндетті болды. Волейбол, жеңіл атлетика, шаңғы дайындығы, гимнастика материалдары оқытылды. Дене тәрбиесінің алғашқы оқытушысы Н.И.Рогочев. 1938 ж. Бастап кафедрада В.Г.Зайцев, А.А.Чечин, К.Н.Орлов, А.И.Карповалар жұмыс жасады. Арнайы кафедра болмағандықтан оқытушылар құрамы П.И.Гусактың басқаруындағы әскери кафедраның құрамында болды.

1934 жылдан бастап институтта спорттық – көпшілік жұмыстары қолға алына бастады. Шаңғы, коньки, гимнастика, жеңіл атлетика, волейбол, шахмат, дойбы, кейіннен, баскетбол, футбол, допты хоккей, теннистен спорттық секциялар ұйымдастырылды. Спорттық инвентарлар алынып, сабақ өткізу орындары жабдықталды. 1935 жылдың өзінде 80 жұп коньки және 50 жұп шаңғы алынды. Үш хоккей командасы ұйымдастырылды, соның ішінде 1-уі әйелдер командасы. 1937 жылы институт өз мұз айдынын және бірінші шаңғы базасын құрды.

1946 жылы Орал педагогикалық институтында кафедраны А.Я.Дырдин

басқарды, оқытушы ретінде А.И.Карпова, Л.Г.Дырдина, Н.Т.Мазаева, В.В.Новиковтар жұмыс жасады. Одан әрі, дене тәрбиесінің кафедра меңгерушілігін В.В.Новиков (1954-1968 гг.), А.Я.Дырдин (1968-1972 гг.), Б.А.Айшеев (1973-1976 гг.), Р.М.Мауталиев (1976-1986 гг.), Ж.Жардемов (1986-1987 гг.), К.И.Исмагулов (1987-1991 гг.), Т.Кубашев (1991-1995 гг.), М.Х.Темиргалиева (1995-1996 гг.), В.С.Симаков (1996-1997 гг.) атқарды. 1997 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін аға оқытушы М.Х.Темиргалиева дене тәрбиесі кафедрасын басқарып келеді.

1963-64 ж.ж. дене тәрбиесі кафедрасы және спорт клубы үгіт – насихат жұмыстары жүргізілді. Бірінші разрядты шеберлер дайындалды. Олардың қатарында С.Вишневская, Ж.Мурзагалиева, Н.Москаленко, В.Корнеев, А.Шкилько, Ю.Михайлов, К.Малаева, Н.Мухамедгалиева, В.Истомин, О.Свиридов, Р.Мауталиев, И.Алмагамбетов, А.Суюндыковтар болды.

1966 ж. спорттың күрес түрі (жаттықтырушы – спорт шебері А.Р.Диканев) танымал болды. Спорт шебері К.Исмагуловтың келуімен «самбо» күресі дами бастады. 1972 ж. (есу) спорт түрі дамыды. Осы жылдары студенттер О.Королев, И.Маштаков, Бүкілодақтық студенттер ойындарында (1000 м.) байдарка – двойкаға қатысып, бесінші орын иеленді. О.Королев, И.Маштаков, В.Перепелкин Қазақстанның құрама командасына енді.

1959 ж. ЖОО-ның қызметкерлері Поволжье және Қазақстан қалаларының (Куйбышев, Саратов, Ульяновск, Пензы, Мелекес, Орал) ЖОО-да ұйымдастырылып өткізілуі дәстүрге айналды. XI Спартакиада (1970 ж.) Орал қаласында өтті. Оған 4 ЖОО-нан 100-ден астам оқытушы спорттың 8 түрінен қатысты. Волейболшылар – Н.Блинова, Л.Улько, Е.Павельчук, В.Симаков, С.Абляимов, Р.Мауталиев, Г.Сарсенгалиев және т.б. І-орын алды. Шахматшылар және атқыштар жетістікке жетті. Орал педагогикалық институты Куйбышев, Саратов, Ульяновск қалаларын артта қалдырды. 1977 ж. Ульяновскада өткен жарыста команда 1 орынды иеленді.

1976 – 86 жж. аға оқытушы Р.М.Мауталиев кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Осы уақыт аралығында агробиостанция жанынан стационарлы – сауықтыру лагері ашылды. Туризмнің барлық түрі белсенді дамып, институттың жатақханаларында таңертеңгілік жаттығу жасату жұмыстары белсендірілді, институттың факультетаралық оқытушылар мен қызметкерлер арасында «Клуб любителей бега» спартакиадасы ұйымдастырылып өткізілді. Кафедраның аға оқытушылары: К.И.Исмагулов, З.П.Панфилова, А.Н.Жищенко, М.Х.Темиргалиева, С.Ш.Бекбаев, А.Е.Байғалиев, Ж.С.Жардемов, Ю.М.Кирпиченко, оқытушылары: А.А.Лягин, К.Х.Каримов, Т.И.Клименко, А.И.Исмаков, М.К.Кенжегереев, Т.Каналиев, зертханашылар: Л.Ф.Ефремова, З.В.Наугольнова, Н.И.Графкин.

1986-1995 ж. дене тәрбиесі кафедрасында қызмет атқарған оқытушылар мен қызметкерлер: доценттер К.И.Исмагулов, Т.К.Кубашев; аға оқытушылар: Ж.С.Жардемов, З.П.Панфилова, В.С.Симаков, М.Х.Темиргалиева, С.Ш.Бекбаев, А.Е.Байғалиев; оқытушылар К.Х.Каримов, М.К.Кенжегереев, А.К.Исмаков, Қ.А.Саматова, И.Бондаренко, П.А.Бессмертнов; зертханашылар: Г.А.Кугамбекова, Н.И.Графкин.

1995-2011 ж. дене тәрбиесі кафедрасында қызмет атқарған оқытушылар мен қызметкерлер: кафедра меңгерушісі, аға оқытушы М.Х.Темиргалиева, п.ғ.к. Т.И.Клименко, доценттер: К.И.Исмагулов, Т.К.Кубашев; аға

оқытушылар: Р.М.Мауталиев, Ж.С.Жардемов, З.П.Панфилова, В.С.Симаков, С.Ш.Бекбаев, А.Е.Байғалиев, К.М.Насипкалиев, Л.В.Демченко, А.Х.Джумағалиев; оқытушылар М.К.Кенжегереев, П.А.Бессмертнов; М.А.Искаков, А.Т.Шандозтегі, Р.А.Молдабеков, Т.А.Базартаев, Т.С.Хасанғалиев, К.Б.Жанғалиев, Т.Т.Темешев, Н.А.Балдахов, Т.И.Свинцова; зертханашылар: Г.А.Кугамбекова, Н.И.Графкин, Т.Мухиданов, Г.Е.Курмангазиева.

1988-1990 ж. Орал педагогикалық спорт клубының төрағасы қызметін М.О.Даупаев атқарды, 2000-2002 ж. аралығында БҚМУ-дің спорт клубының төрағасы қызметін «Спорттық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, спорт шеберінің үміткері И.Н.Авдеев атқарды. Ал 2002 жылдан осы уақытқа дейін «Ақжайық» спортклубының төрағасы қызметін ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, самбо күресінен КСРО спорт шебері, дене тәрбиесі кафедрасының доценті Ж.С.Жәрдемов атқарады.

Кафедра оқытушылары Б.Т.Тулегенов, С.Ш.Бекбаев, Т.С.Хасанғалиев ардагерлер арасында самбо күресінен Қазақстан Чемпионатына қатысты. Жұлделі орындарды иеленіп, Чехияның Прага қаласында өтетін әлем Чемпионатына жолдама жеңіп алды. Чехия қаласында өткен әлем чемпионатына самбо күресінен кафедраның оқытушысы Б.Т.Тулегенов алтын медаль, аға оқытушысы С.Ш.Бекбаев қола медаль иеленіп жеңімпаз атанды.

Қазіргі таңда, дене тәрбиесі кафедрасында доцент Т.К.Кубашев – ЖАК педагогика ғылымының доценті, ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі; Ж.С.Жәрдемов – Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, самбо күресінен КСРО спорт шебері; М.Х.Темиргалиева – БҚМУ доценті; аға оқытушылар: магистр Т.Т.Темешев – дене тәрбиесі кафедрасының меңгерушісі; С.Ш.Бекбаев – самбо күресінен КСРО спорт шебері, ардагерлер арасындағы Әлем Чемпионатының қола жүлдегері (Чехия, Прага қ., 2010 ж. 26 қазан); Л.В.Демченко – спорттық ойындардан бірінші разрядты ойыншы; А.Х.Джумағалиев – үстелді теннистен спорт шеберінің кандидаты; А.Н.Жищенко – ҚР-ның спорттық бағыттау бойынша Ұлттық санаттағы төреші; оқытушы, магистрлер: А.К.Каукеев – бірінші разрядты боксшы; Г.Н.Жумагулов, Е.У.Акмуханов; оқытушылар: Т.С.Хасанғалиев – қазақ және самбо күресінен КСРО спорт шебері; А.Т.Шандозтегі – самбо күресі және армрестлингтен спорт шеберінің кандидаты; Т.И.Тюрина, Р.А.Молдабеков – дзю-до күресінен спорт шеберінің кандидаттары; Т.А.Базартаев, М.К.Теләгисов, Ж.Г.Тұлеутаева, М.Қ.Мурзалиев – спорттық ойындардан бірінші разрядты ойыншылар.

Жоғарыда аталғандардың барлығы таңдаулы спорт түрлерінен ҚР-сы біріншілігінің бірнеше дүркін, сонымен қатар, Поволжье және Қазақстан оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы «Денсаулық спартакиадасының» жүлдегерлері.

КАФЕДРА ТЕОРИИ И МЕТОДИКИ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

80-летний юбилей Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова – правопреемника педагогического института им. А.С. Пушкина – событие, затрагивающее десятки тысяч людей,

тем или иным образом связанных с этим старейшим вузом Казахстана.

Выпускники юбиляра, получившие в нем высшее образование, работают в различных сферах. Среди них и специалисты в области физической культуры и спорта. 1966 год является датой открытия отделения физического воспитания при естественно-географическом факультете.

В 1971 году отделение получило более высокий статус – факультета физической культуры. Первым его деканом был Ельсуков Виктор Григорьевич – замечательный организатор, прекрасный тренер и большой души человек. Именно в этот период происходит формирование педагогического корпуса специалистами топ-класса. Среди них Новиков В.В., Фролов С.А., Кондрашов Ю.С., Еремин А.А., Симаков В.С., Дырдин А.А., Колубаткин В.П., Антонов Н.А., Пересветов Н.Н., Войлоков А.М., Рудиков В.И., Мауталиев Р.М., Самсонова Л.Г., Рудыкина Л. И., Варламов М.И.

На факультете функционировали две кафедры: кафедра теоретических основ физического воспитания и кафедра спортивных дисциплин. Педагогический коллектив обеих кафедр обеспечивал проведение учебного процесса. Дисциплины первой кафедры способствовали формированию знаний в области теории и методики физического воспитания, лечебной физической культуры, гигиены, массажа и др.

При чтении лекций, проведении семинарских занятий особое внимание уделялось изучению различных процессов биологического развития человека; изменениям, происходящим в психике спортсменов под влиянием двигательных действий; путям и способам воздействия на организм человека для обеспечения процесса физического развития и спортивного совершенствования.

Педагоги же кафедры спортивных дисциплин формировали у студентов умения и навыки по различным видам спорта: баскетболу, волейболу, легкой атлетике, плаванию, лыжной подготовке и др. Это позволяло студентам при завершении обучения в вузе выполнять спортивные разряды по нескольким видам спорта.

История развития вуза тесно связана с историей развития факультета и его кафедр. Первым заведующим кафедрой теоретических основ физического воспитания был кандидат педагогических наук, доцент А.М. Войлоков, возглавлявший ее с 1975 по 1984 годы. С 1985 по 1987 годы кафедрой управляла старший преподаватель Л.Г. Улько. В последующие годы эту структуру возглавляли Н.Н. Пересветов (1987-1990 гг.), В.Ю. Салов (1991-1992 гг.), Л.Г. Улько (1993-1997 гг.), А.С. Дияров (1998-1999 гг.), М.Н. Доупаев (2000-2001 гг.). С 2002 г. и по настоящее время руководит кафедрой кандидат педагогических наук, доцент Испулова Р.Н.

Следует отметить, что с 2008 года педагогический коллектив кафедры «Теории и методики физического воспитания» является единственной кафедрой спортивного профиля, осуществляющей обучение студентов по специальности «Физическая культура и спорт». Более того, с 2003 года на кафедру возложена также подготовка бакалавров по специальности «Начальная военная подготовка». С 2005 г. кафедра проводит послевузовскую подготовку (магистратура) по специальности «Физическая культура и спорт».

В настоящий момент кафедра является высокопрофессиональным коллективом. В ее составе доктор наук – Муханбеткалиев Х.С.; четыре кандидата наук – Испулова Р.Н., Мельников В.Л., Альмуханов Б.У., Ергалиева Г.А.; один преподаватель с ученой степенью доцента – Исмагулов К.И.; два преподавателя с академической степенью доцента – Жищенко А.Н., Амельченко Л.Б.; два старших преподавателя – Балыков Б.А., Байтлесова Н.К.; шесть преподавателей – Дияров А.С., Бобер В.В., Абдрахманов И.С., Молдагалиев А.М., Бахтиярова С.Н., Рыскалиев С.Н.

Статус кафедры в университете достаточно высок. Так, по итогам рейтинга кафедр университета 2007-2008 учебного года она занимала 7 место, 2008-2009 учебного года – 4 место, 2009-2010 учебного года – 2 место, 2011-2012 учебного года – 1 место. Подобный успех обусловлен высокими показателями по всем направлениям: учебно-методической, научно-исследовательской, воспитательной работе.

Следует отметить, что за период своего существования ведущими преподавателями кафедры Войлоковым А.М., Пересветовым Н.Н., Испуловой Р.Н., Мельниковым В.Л., Альмухановым Б.У. были подготовлены учебники, учебные, методические пособия, рекомендованные Республиканским учебно-методическим объединением, что свидетельствует о высокой профессиональной компетентности специалистов данной структуры.

Научные статьи преподавателей кафедры публиковались в изданиях Москвы, Санкт-Петербурга, Алматы, Саранска, Белгорода, Астаны, Караганды и др.

Несомненно, что выпускники кафедры: бакалавры, магистры под руководством своих наставников делали и делают уверенные шаги в науке. Результатом этого являются научные статьи, опубликованные в научных журналах и сборниках, победы на Республиканских и международных предметных Олимпиадах. Среди таких студентов Пастухов С., Чекалин В., Кушнир Л., Буштер К., Андреев А., Кубашев Е. и другие.

Отличались наши студенты и на спортивных аренах, как нашей страны, так и за рубежом. Среди них участники Олимпийских игр – Антонова Е., деен ова О., Плотникова Е., Шейко Г., Дергунов.

Победителями и призерами чемпионатов мира в разные годы были Акунишников., Жетписов К., Елеусинов Д. Успешно выступали на Кубках мира Жарылгасов Б., Махамбетов С., Сериков Н.

Среди победителей и призеров Азиатских игр есть и воспитанники нашей кафедры – это Есенов А., Жукова Т., Васьков А., Бородкин Г., Капышев А., Симонова И., Мотова К.

Большая группа студентов специальности «Физическая культура и спорт» были чемпионами и призерами Республиканских соревнований. Среди них Хорешко А., Пузин В., Шыктыбаева Х., Пархоменко В., Кляус А., Атыханов А., Супыгалиев А., Гумаров А., Есекенов М., Дингуатов К. и многие, многие другие.

Можно с уверенностью сказать, что кафедра «Теории и методики физического воспитания» четко следует миссии университета, выполняя важнейшую задачу – подготовку высококвалифицированных специалистов с использованием передовых технологий обучения и современной

образовательной инфраструктуры в соответствии с запросами личности, общества и государства.

ФАКУЛЬТЕТ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА

В феврале 2000 г. Западно-Казахстанский институт искусств им.Даулеткереев вошел в состав Западно-Казахстанского государственного университета. С 2011-2012 учебного года институт культуры и искусств переименован в факультет культуры и искусств.

Факультет – крупный центр культурно-просветительного и музыкально-художественного образования западного региона Казахстана.

В структуре факультета 4 кафедры:

«Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение»

«Музыкальное образование»

«Художественно-прикладное искусство и профессиональное обучение»

«Вокал и инструментальное искусство»

Обучение на факультете ведется по 12 специальностям бакалавриата и 3 специальностям магистратуры.

Кафедра «Музыкальное образование» успешно прошла институциональную (2010) и Международную аккредитации (2012). Высокую оценку своей работы в Национальном аккредитационном центре МОН РК получили специальности бакалавриата «Музыкальное образование», «Изобразительное искусство и черчение», «Культурно-досуговая работа» - 2 место по республике, «Вокальное искусство» - 3 место.

Преподаватели и студенты факультета принимают активное участие в конкурсах и фестивалях международного и республиканского значения: за последние годы получены дипломы самого высокого достоинства г. Москвы, Самары, Оренбурга, Алматы, Астаны, Кызыл-Орды, Караганды, Семей и др. Среди них: доцент ЗКГУ Попов М.М. (Гран-При - международный конкурс «Окно в Европу»; II премия – международный конкурс «Романтизм: истоки и горизонты», сертификат на концертный тур в городах Бельгии, Польши, Германии, Франции).

Ансамбль народных танцев «Арна», в состав которого вошли лучшие студенты специальности «Хореография», являются обладателями Гран-при двух Республиканских конкурсов казахского танца им. Ш.Жиенкуловой, лауреатами международного фестиваля молодежного творчества «Шабыт», международного фестиваля детского и юношеского творчества «Европа+Азия» (Оренбург) и фестиваля народного танца среди молодежи и студентов (г. Ялта, г. Алушта) и др.

На факультете также организованы танцевальные ансамбли «Қыз Жібек» (рук.к.и., доц.Айткалиева К.Д.), детская балетная студия (ст.пр.Шукирова А.У.), молодежный студенческий театр «Мұрагер» (Искакова И.И.), «Серпін» (Ж.Мурзалиев), оркестр народных инструментов(ст.пр. Алимбаева Г.Б.), фольклорные ансамбли «Ата мұра» (ст.пр.Кусаинов А.А.), «Бапас сазы» (доц.Байтлеуов Д.М.), старший хор (ст.пр.Умирзакова Л.К.), ВАА «Nomad» (пр.Абжанов Б.А.), вокальные группы «Дарын», «Қорған», «Батыс»(ст.пр.Кисметов К.Л.).

Ежегодно проводится региональный конкурс «Жас дарын». Особенностью этого конкурса является то, что он дает путевку на участие в творческих экзаменах и помогает поступить лучшим исполнителям в наш университет.

В 2011 году хоровой коллектив, под руководством ст. преподавателя Умирзаковой Л.К. занял 2-е место, на Международном конкурсе хоровых коллективов, посвященный творчеству Жубановых (г. Актюбинск).

Студенты специальности «Музыкальное образование» Сундетова М., Мураткалиев А., Габдеева А., Кабиев А., вокальные группы «Жайнар», «Дарын» и многие другие являются лауреатами различных Республиканских и международных конкурсов.

Студенты кафедры «Вокал и исполнительское искусство» Джантуллин И., группа «Корган», Нурсултанова Р., Рахимберлиева Р., Кусаинова Г. являются обладателями Гран-при и 1 места многих престижных конкурсов республиканского и международного уровня.

В 2011 году на республиканской студенческой олимпиаде студент 4 курса Ибраев А. В номинации народное пение занял 3 место.

В 2012 г. в г. Оренбурге на Межрегиональном фестивале студенческого творчества «На Николаевской» студент 4 курса Кабасов А. Завоевав II место, стал лауреатом.

Студентка 4-курса Таудаева Э. Является лауреатом международного фестиваля молодежного творчества «Шабьт-2011».

В 2012г. студентка 2 курса Танатар П. И преподаватель кафедры «Художественно-прикладного искусства и профессионального обучения» Абдешев А.Б. став лауреатами областного конкурса молодых талантов «Дала дарындары», завоевали путевку на участие в международном фестивале молодежного творчества «Шабьт-2012».

4 октября 2012 года в театре им. Н.Островского с большим успехом прошел сольный концерт студентки 3 курса Айткалиевой Айнары.

ППС факультета и его студенты в рамках программы академической мобильности выезжают в вузы Польши, Германии, Бельгии, России и Казахстана. В их числе доценты Ворожейкина О.И. (Брюссель, курс лекции по русской иконографии), Нагимова М.М. (чтение лекций в Самарской госакадемии культуры и искусств).

Наряду с концертной практикой ведется активная научно-исследовательская работа, затрагивающая как повышение квалификации ППС (защита диссертаций, участие в совместных международных проектах с вузами-партнерами), так и студентов, в частности, за последние три года студенты специальностей «Культурно-досуговая работа» (рук. Абуова Р.С., Жумагалиева Г.Е.), «Традиционное музыкальное искусство» (Таудаева С.Ж.), «Изобразительное искусство и черчение» (Сейтимов А.Г., Тлеуханов Н.С.) и «Музыкальное образование» (Нагимова М.М.) становятся призерами Республиканской олимпиады.

Ушли в историю годы становления вуза, яркие события жизни молодого института, а для преподавательского состава и студентов открылись новые горизонты утверждения, решений профессиональных задач и реализации творческих проектов.

КАФЕДРА МУЗЫКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Кафедра «Музыкальное образование» была создана в 1990 г. (зав. Ломоносов И.М., с 1995 г. – Нагимова М.М.). Цель кафедры – становление личности музыканта с целостной мировоззренческой позицией и глубоким пониманием музыки, освоение им конкретной творческой специальности.

Коллектив кафедры представляет собой органическое единство, которое характеризует многообразные глубокие научные и творческие связи между его сотрудниками. Эти связи являются неперенным условием плодотворной педагогической деятельности, а также творческих контактов с музыковедческими кафедрами ведущих музыкальных вузов России. Имеются договоры между МПГУ, Саратовской гос. консерваторией им. Собинова, академией культуры и искусства г. Самары.

Преподают высококвалифицированные специалисты – заслуженные артисты РК, заслуженные работники культуры РК – профессор Илья Жаканов, доценты Шолпан Кыдырниязова, Канаткали Кужаков и магистры.

На кафедре созданы благоприятные условия для раскрытия творческого потенциала педагогов, создания авторских курсов, программ, методов обучения.

Особую значимость для учебного процесса имеют сборники обработки народных песен для баяна и фольклорного ансамбля преподавателей: Байтлеуова Д.М., Кусаинова А.А., переложения для хора ст. преподавателей Шабасовой Н.А., Окуневой О.П., Умирзаковой Л.К., учебник по методике музыкального образования доцента Нагимовой М.М.

11 учебно-методических пособий выпущено по рекомендаций Республиканского УМО.

Студенты специальности являются призерами и победителями Республиканских НИР (Елешов А., Тулегенова С., Уразалиева Г. И.). В рамках программы академической мобильности студентов и преподавателей 10 студентов специальности прошли в 2012г. обучение в Самарской государственной академии культуры и искусства РФ. Доцент СГАКИ Дятлов Д.А. с 2012 года работает на кафедре, проводит мастер-классы, читает лекции и дает концерты.

На кафедре музыкального образования широко развита просветительская и благотворительная концертная деятельность. Фольклорный ансамбль «Ата мұра», ставший лауреатом областного конкурса и завоевавшим путевку для участия в международном фестивале «Шабыт», студенты постоянно принимают участие в праздничных мероприятиях университета, города и ЗКО.

Последние годы кафедра постоянно подтверждает свой высочайший творческий уровень и профессиональный потенциал на областных, Республиканских и Международных фестивалях и конкурсах: «Лучший учитель музыки», «Жас толкын», «Елім менің». Среди них преподаватели Байтлеуов Д.М., Кусаинов А.А., Есентемиров Д.Н., Нагимова М.М. и студенты Сундетова М., Мураткалиев А., Габдеева А., Кабиев А., вокальные группы «Жайнар», «Дарын» и многие другие являются лауреатами различных республиканских и международных конкурсов. В 2011 году хоровой коллектив под руководством старшего преподавателя Умирзаковой

Л.К. занял 2-е место на Международном конкурсе хоровых коллективов. Кафедрой проведены республиканский конкурс имени Асета Бейсеуова «Армандастар», к 100-летию Г.Курмангалиева – международная конференция «Музыкально-педагогическое наследие Г.Курмангалиева».

Специальность «Музыкальное образование» успешно прошла в 2011 году институциональную, в 2012 году – Международную аккредитацию. По итогам национального рейтинга, проведенного Национальным аккредитационным центром МОН РК, специальность 5В010600 – «Музыкальное образование» заняла в 2011 году 3-место, в 2012 году – 2 место среди высших учебных заведений РК.

За годы своего существования кафедра подготовила значительное количество замечательных специалистов, которые работают в городских и сельских музыкальных школах, школах искусств, в общеобразовательных школах и гимназиях, в областной государственной филармонии им. Г.Курмангалиева.

ТЕАТРЛІК-ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ КІТАПХАНАТАНУ КАФЕДРАСЫ

2008-2009 оқу жылынан бастап кафедра «Хореография», «Режиссура», «Мәдени-тынығу жұмысы», «Кітапхана ісі» мамандықтарының бірігуі арқылы құрылды. Қазіргі мезгілде төрт бағытта мамандар дайындалады. Кафедра меңгерушісі өнертану кандидаты, доцент Қ.Д.Айтқалиева. «Хореография» мамандығы 1991 жылдан бастап мамандар дайындап келеді. «Хореография» мамандығының оқытушылары мен студенттері облыстық, қалалық, университеттік мәдени шараларға, республикалық, халықаралық байқау-фестивальдерге белсене қатысады.

2001 жылы «Арна» халық би ансамблі құрылды. Ансамблде мамандықтың ең үздік студенттері билейді. Қазіргі мезгілде ансамбль әлемге танылды. Атап айтсақ, 2001 жылы «Арна» ансамблі Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» жастар шығармашылығы фестивалінде дипломант атанды. 2001 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Ш.Жиенқұлова атындағы ІІ-ші Республикалық қазақ би байқауында «Арна» ансамблі «Бас жүлдеге» ие болды. Әділқазылар алқасының төрағасы ҚР халық әртісі, хореография профессоры Б.Ғ.Аюханов, мүшелері ҚР еңбек сіңірген әртісі, өнертану кандидаты, биші-ұстаз Т.Ізім, А.Селезнев атындағы хореография училищесінің қазақ би пәнінің оқытушысы Ғ.Бейсенова болды. 2006 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Ш.Жиенқұлова атындағы ІІІ-ші Республикалық қазақ би байқауында «Арна» ансамблі екінші жүлде «Бас жүлдеге» ие болды. 2006-2007 жылдары Ялта, Алушта қалаларында өткен ІV Халықаралық шығармашылық жастар мен студенттердің фестивалінде ансамбль екі рет фестиваль жүлдесін алды. 2007 жылы Орынбор қаласында өткен халықаралық «Европа+Азия» атты балалар және жасөспірімдер шығармашылық фестиваль-байқауында «Халық биі» номинациясы бойынша І дәрежелі жүлдегер атанды. 2008 жылы Польша елінде өткен «Мир под Кычера» атты Халықаралық этнографиялық фестивалде «Арна» ансамблі қазақ биін дәріптеп, фестиваль жүлдегері атанды. 2011 жылы наурызда «Жас Отан» жастар қанатының

ұйымдастыруымен өткізілген «Қара жорға – жастар сәні» би байқауында «Арна» би ансамблі «Қара жорғаның майталманы» номинациясына ие болып, «Бас жүлдені» қанжығасына байлады.

Қазіргі таңда хореография мамандығындағы студенттерге өнертану кандидаттары, доценттер Қ.Д.Айтқалиева, Г.Г.Гурьева, Халықаралық байқаулардың жүлдегерлері, тәжірибелі оқытушылар А.Ұ.Шукирова, О.Ф.Гузъ, Ә.И.Нұрғалиева, Т.М.Амреева, И.В.Борзиковалар дәріс беріп келеді. Олар Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясында, Қаз.Мем.Қыздар педагогикалық университетінде, А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде, «Қазақ биін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінен ҚР еңбек сіңірген әртіс, өнертану кандидаты Т.Ізімнен, сондай-ақ, «Модерн» жанры бойынша хореография профессоры Б.Ғ.Аюхановтан, «Театр өнері» бағытында өнертану докторы, профессор Б.Құндақбайұлынан, педагогика саласы бойынша педагогика ғылымдарының докторы, профессор Э.Б.Абдуллиннен біліктіліктері жоғарылатылды. ПОҚ-тың оқу-әдістемелік құралдары, көптеген ғылыми мақалалары да бар. Мысалы, Қ.Д.Айтқалиеваның «Танцы народов Средней Азии», маман пәндеріне арналған оқу бағдарламалары «Композиция восточного танца», «Танцы народов мира», А.К.Кульбекованың «Казахский танец», «Методика преподавания народно-сценического танца», Т.Ғ.Ғатауовтың «Народный танец», оқу бағдарламалары «Дуэтно-сценический танец», «Танцы народов мира», О.Ф.Гузъдің «Тесты по хореографии», «Хореографический коллектив. Методы организации и функционирования» оқулықтары басылып шықты. Сонымен қатар, Қ.Д.Айтқалиеваның «Д.Әбіровтің қазақ би мектебі», «Қазақ және шетел хореография тарихы», О.Ф.Гузъдің «Болгарский танец» атты электрондық оқулықтары шықты. Оқытушылардың осы аталған еңбектері студенттердің би өнері саласында білімдерін тереңдететін құралдар екені айғақ. Студенттер сабақтарында бұл жұмыстарды көмекші құрал ретінде қолданып келеді.

Студенттердің ғылымға, білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында кафедрада «Эврика» ғылыми-тәжірибелік үйірмесі жұмыс жасайды. Сонымен қатар «Қыз Жібек» және «Алау» би ансамбльдері ұйымдастырылды. «Алау» ансамблі ХІ Халықаралық «Шабыт» жастар шығармашылық фестивалінде ІІ орынға ие болды (2008ж). «Қыз Жібек» ансамблі ХХІІ Халықаралық «На Николаевской – 2011» студенттер шығармашылық конкурсында «Халық би» номинациясы бойынша І орынға ие болды (2011 ж. Орынбор). Ансамбльдер репертуарында көптеген әр түрлі халық билері, эстрадалық би, қазіргі балдық би, модерн билері биленеді.

«Режиссура» мамандығы «Драма театрының режиссері» мамандандыруы бойынша мамандарды дайындау 1993 жылдан бастап жүргізіліп келеді. «Режиссура» мамандығындағы студенттерге ҚР еңбек сіңірген әртісі, Облыстық қазақ драма театрының актері әрі режиссері С.Қажымұратов, Облыстық Қазақ драма театрының бас режиссері М.Томанов және мамандық түлектері М.Сұлтанова, Ә.Сүндетқалиева, И.Искаковалар дәріс береді. Оқытушылар 2006 жылы өнертану докторы, профессор, белгілі театртанушы Б.Құндақбайұлынан, 2010 жылы Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясында да оқытушылар А.А.Сүндетқалиева, М.И.Сұлтанова «Актерлік шеберлік», «Режиссура» «Драма театрының режиссеры» пәндері

бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2012 жылы 16 наурыз айында Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында өткен ҚР ЖОО студенттерінің Республикалық пәндік олимпиадасында 5В040600 «Режиссура» мамандығының 4 курс студенті Х.Аратқызы Г.Ибсонның «Үрей» спектаклінен үзінді қойғаны үшін мақтау грамотасымен марапатталды. Жетекшісі оқытушы М.И.Сұлтанова.

«Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы 1992 жылдан бастап Батыс Қазақстан облысы және республиканың басқа да аймақтарына мамандарды дайындайды. «Мектеп және мектептен тыс мекемелердегі мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру және оның педагогикасы» маманданды бойынша көптеген түлектер бітіріп шығуда. Олар мәдениет және өнер саласы бойынша ұжымдарға көркемдік жетекші болып, көпшілік–мерекелік қойылымдарды сценарилік-режиссерлық іске асыру, мектеп және мектептен тыс мекемелер тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, басқару, көпшілік шаралар, концерттер мен спектакльдер қоюда, музыкалық ұжымдар жұмысын басқарып, жетекшілік жасауда, арнайы тәртіптегі тәрбиелеу орындарында ұйымдастырушы-педагог және арнайы пәндер бойынша мектеп пен колледждерде оқытушы ретінде қызмет атқарып жүр.

«Кітапхана ісі» мамандығы бойынша мамандар 1992 жылдан бастап дайындалып келеді. «Құжаттану және басқаруды ақпараттық қамту», «Кітапханалық-ақпараттық жүйедегі компьютерлік технология» маманданды бойынша бітірген 2000-нан астам кітапханашы өмірге жолдама алды. Бұл мамандықты бітірген түлектер көбінесе Қазақстанның батыс аймақтарына Атырау, Ақтау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының мәдениет бөлімдеріне жолдама алады. Әр жыл сайын Орал қаласындағы ірі кітапханалардың сұранысы қанағаттандырылады және аудандық, қалалық орталықтанған кітапханалар жүйесінде қызметке орналасады. Ең бастысы – бітірушілер жұмыссыз қалмайды, барлығы да өз мамандығы бойынша қызметке орналасады. Қазақстанның басқа да кітапханашылар дайындайтын оқу орындары сияқты «Кітапханатану», «Библиографиятану», «Кітапхананың библиографиялық қызметі», «Кітапханатану қоры», «Кітапхана менеджменті» және т.б. арнайы курстармен қатар, таңдау курстары да оқытылады. Соңғы жылдары студенттерге кітапханалық-ақпараттық білім беруде «Ақпараттық ресурстар», «Автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйелер» және т.б. пәндер оқытылады.

ВОКАЛ ЖӘНЕ АСПАПТЫҚ ӨНЕР КАФЕДРАСЫ

1992 жылы 22 маусымындағы ҚР №24 Министрлер Кеңесінің қаулысымен Орал қаласында педагогика ғылымдарының докторы, профессор М.Е.Ержановтың тікелей инициативасымен бастамасымен Батыс Қазақстан мәдениет және өнер институты ашылды. 1992 ж. 7 қазан күні институттың салтанатты ашылуы болып, М.Е.Ержанов ректор болып тағайындалды. Сол жылы халық аспаптар кафедрасы атауымен ашылған ұжымда облыстың жоғары кәсіби музыкалық білімі бар, және Орталықтан жас мамандар жұмысқа тартылды. Кафедраны алғашында (1991-1994) Құрманбай Ғабделов (қазіргі кезде Тәттімбет атындағы Қарағанды облыстық академиялық халық аспаптар оркестрінің концертмейстері),

1994-1998 ж.ж. Мереке Есетовна Хайырова (қазіргі кезде С.Сейфуллин атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-лицейі жанындағы өнер мектебінің меңгерушісі), 1998-2000 ж.ж.) Д.К.Ақболатов (қазіргі кезде Л.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінде оқытушылық қызметте), 2000-2001 ж.ж. Т.А.Тяпкина (қазіргі кезде Мәскеу қаласындағы музыкалық білім беру оқу орындарында жұмыс атқаруда), 2001-2003 ж.ж. Н.О.Сертеков (қазіргі кезде Орал қаласындағы Құрманғазы атындағы саз колледжінің директорының орынбасары), 2003-2008 ж.ж. Республикалық дирижерлар конкурстарының лауреаты, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Е.Ш.Нұрымбетов (қазіргі кезде Дәулеткерей атындағы облыстық халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры), 2008-2010 ж.ж. өнертану кандидаты, доцент А.В.Самаркин басқарып келді. 2010-2011 оқу жылынан осы күнге дейін педогогикалық ғылымдарының кандидаты, доцент О.А.Бабенко басқаруда.

Кафедраның құрылғанына 20 жыл мерзім аралығында облысымызда тұңғыш рет кәсіби тұрғыда халық аспаптар оркестрі құрылып (көркемдік жетекшісі және дирижеры Г.Б.Әлімбаева), оның негізінде Дәулеткерей атындағы облыстық халық аспаптары оркестрі ұжымы ашылды. 2005 ж. ұйымдастырылған «Бапас сазы» атты фольклорлық-этнографиялық ансамблі (көркемдік жетекшісі Е.Ш.Нұрымбетов) 2007 ж. желтоқсан айында Польша елінің Варшава қаласында, 2008 ж. тамызында сол елдің Легницы қаласында өткен «Под Кичерой» атты Әлемдік фольклорлық-этнографиялық фестивальдеріне Тәуелсіз Қазақстан Республикасы атынан қатысып, жеңімпаз атанды. 2007 ж. кафедраның меңгерушісі Е.Ш.Нұрымбетов университеттің тікелей қолдауымен ҚР Министрлер Кеңесі ұйымдастырылған «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы берілу конкурсына ұсынылып, жеңімпаз атанды. 2007 ж. қараша айында кафедраның оқытушысы, Республикалық Д.Нұрпеисова, Мәмен атындағы конкурстардың лауреаты Д.Н.Мақсотов Астана қаласында өткен Халықаралық VII «Шабыт» шағармашыл жастар фестивалі аясында өткен конкурсқа қатысып, Гран-При жүлдесін жеңіп алды. 2010 ж. 29 қазан айында кафедраның оқытушысы А.Т.Ергалиева Алматы қаласындағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты жанындағы 53.40.03 Диссертациялық Кеңесте «Ұлттық музыка контекстіндегі Ықылас Дүкенұлы мұрасы» атты диссертациясын қорғап (ғылыми жетекшісі Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР еңбегі сіңген қайраткер, өнертану докторы, профессор С.Ә.Күзембай), өнертану кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

Кәсіби деңгейдегі сахна шеберлерін дайындайтын осы кафедраның құрылып, шыңдалып, жетілуіне Д. Р. Құсайынова, М.Е.Хаирова, Т.А.Тяпкина, Д.К.Ақболатов, Н.О.Сертеков, С.Н.Ерғалиева, А.Ю.Жұмашева, М.Ө.Өтегенов, Г.Б.Әлімбаева, А.Т.Ерғалиева, Л.Ж. Қаженова, Ж.Х.Сапарова, А.Н.Шакеновалардың еңбектері мол. Шығармашыл жастарды орындаушылықтың қыр-сырын меңгеруде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері, профессор Қ.Ахмедьяров (1947-2009), А.Т.Жайымов, Е.С.Мүсіреп, ҚР мәдениет қызметкері Х.Ж.Бердіғалиев, шеберлік сынып өткізіп, өскелең ұрпаққа

орындаушылық музыканың бай тәжірибесінен рухани азық боларлықтай қайталанбас сабақтарын өткізуде. Сонымен қатар, өздері үнемі концерттік-орындаушылықта сүбелі жетістікке қол жеткізген ҚР мәдениет қызметкері Е.А.Қазиев, А.Е.Қазиев, Республикалық конкурстардың лауреаттары мен дипломанттары Ж.И.Нұрымбетова, В.А.Витман, О.М.Войтехович, Ж.Х.Сапарова т.б. дәріс беруде. ПОҚ құрамы өздірінің тәжірибе нәтижесінде жинақталған еңбегін оқу-әдістемелік құрал ретінде баспадан шығарып, білім беру саласындағы оқу орындарында кең пайдалануда. 2003 ж. кафедрада ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістерін меңгеру жұмыстары алға тартылған. Өнертану кандидаты, доцент А.В.Самаркин «Этноаспаптық сөздік», Е.Ш.Нұрымбетов «Сыр сұлуы Әлшекей», Ж.И.Нұрымбетова «Қобыз өнері» атты электронды оқулықтар шығарды.

Түлектері орындаушылық өнерді облыс, республикалық деңгейде насихаттауда – Ермек Қазиев, Жаскелең Ғайсағалиев, Гүлбар Шуақбаева, Марат Сарбөпеев, Мұрат Аманшиев, Дәурен Сейтжанов, Ермак Молдабеков, Бақытгүл Молдабекова, Айнұр Рыскельдинова, Ардақ Орынбаева, Аңсар Бердіғалиев, Фариза Сикенова, Аида Салимова аймағымыздың әр түрлі мәдениет, өнер және білім ошақтарында еңбек етіп, кафедраның мәртебесін асқақтатуда. БҚМУ-дың жастар ісі бөлімінің меңгерушісі Мейрам Исатаев және ҚР Президенті Н. Назарбаев атындағы щәкіртақы иегері Республикалық конкурстардың лауреаты Эльмира Таудаева кафедра мақтаныштары.

Студенттердің орындаушылық деңгейін арттыру мақсатында әр түрлі жылдарда кафедра оқытушылары мен студенттерінен құрылған шығармашылық ұжымдар қызмет атқарды. Олар 2007 ж. қобызшылар ансамблі (жетекшісі А.Т.Ерғалиева), 2008 ж.орыс халық аспаптары ансамблі (жетекшісі Витман В.А.), 2009-11 ж. ж.домбырашылар ансамблі (жетекшісі Д.Н.Мақсотов), 2010-11 ж. дәстүрлі әншілер триосы.

Жиырма жылдық тарихы бар кафедра қазіргі кезде Қазақстанның Батыс өңіріне қажет мамандарды дайындайтын іргелі ұжымдардың бірі. Кафедра түлектері Батыс Қазақстандағы облыстық Дәулеткерей атындағы халық аспаптар оркестрінде, Атыраудағы Д.Нұрпеисова атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінде, Маңғыстаудағы облыстық халық аспаптар оркестрінде, Ақтөбе өңіріндегі шығармашылық ұжымдар мен білім саласында, Құрманғазы атындағы саз колледжінде, Ж.Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледжінде, С.Сейфуллин атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектепте, Таскала, Ақжайық, Жаңақала және т.б. аудандарында жемісті еңбек атқаруда.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КАФЕДРАСЫ

Еңбекке баулу, политехникалық пәндердің мұғалім кадрларын даярлау мәселесі өткен ғасырдың 50 жылдарынан қолға алынды. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында мамандар «Физика және өндіріс негізі» мамандығында, ал 1962-1963 оқу жылынан бастап материал технологиясы элементтері мен машинатану және өндіріс негіздері,

автомобиль және трактор салаларын тереңдетіп танитын «Жалпы техникалық пәндер және еңбекке баулу (қосымша физика)» мамандығы бойынша дайындады.

Кафедра ашылысымен 1971 жылға дейін меңгерушілік қызметін Н.Е.Жуковский атындағы Жоғары Әскери Әуе академиясының түлегі, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Г.М.Могилевский атқарды.

1971-1972 оқу жылында кафедраны аға оқытушы К.И.Фокин басқарды. К.И.Фокин 1952-1956 жж. Аралығында А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінде «физика» мамандығы бойынша білім алған. 1960-1966 жж. Саратов политехникалық институтында «Машинажасау, станоктар және құрал-жабдықтар технологиясы» мамандығын инженер-механик саласы бойынша тәмамдаған.

1972-1976 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін техника ғылымдарының кандидаты, доцент В.Н.Беляев атқарды. Бұл жылдары кафедрада ауылшаруашылық машиналар кабинеті ашылып, шаруашылық салаларымен келісім жұмыстары жүргізілді. Өндірістік сарамандар Волгоград трактор зауыты базасында өтті.

1976-1981 жылдар аралығында техника ғылымдарының кандидаты А.Б.Абдрахманов кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Ол әдістемелік жұмыстарға, жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарына көп көңіл бөлді.

1977 жылы «Құрмет белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының «Жалпы техникалық пәндер» кафедрасы базасында «Көркемсурет және графика» факультеті ашылды. Оның құрамында «Сызу және еңбекке оқыту», «Сурет және живопись» кафедрасы болды.

Факультетті 1977-1990 жылдар арлығында педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Төлебай Әбілұлы Әбілов басқарды. Кафедраның қалыптасып, дамуына, материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, педагог кадрларларды жинақтауда Т.Ә.Әбіловтің сіңірген еңбегі орасан зор.

Жас кафедраның алғашқы оқытушылары: п.ғ.к., доцент Т.Ә.Әбілов, т.ғ.к., доцент Г.М.Могилевский, В.Н.Беляев, А.Б.Абдрахманов, аға оқытушылар К.И.Фокин, В.П.Самохвалов, оқытушылар М.К.Ильсов, В.Ф.Крепица, А.И.Ларичкина, Р.С.Камалов, И.Ө.Өтегенов болды.

Құрылған уақыттан бері кафедра атауы бірнеше рет өзгерді: «Сурет» кафедрасы (1983 ж.), «Живопись» кафедрасы (1985 ж.), «Өнер технологиясы» (1989 ж.). Осы жылдардағы кафедра меңгерушілері: Г.Х.Хабдоллаев, С.Қ.Құлбеков, Қ.О.Оразғалиев.

«Бейнелеу өнері» кафедрасының дамуына және жаңа мамандықтардың ашылуына байланысты кафедра үшке бөлінді: «Сызу және еңбекке баулу» (1981-1996 жж. Кафедра меңгерушісі К.И.Фокин – Қазақстан Республикасының Білім үздігі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» (2002 ж.), БҚМУ дың 75 жылдығына «Адал еңбегі үшін» құрмет белгісінің иегері), «Живопись» (кафедра меңгерушісі аға оқытушы С.Қ.Құлбеков), «Сурет» (1981-2002 жж. Кафедра меңгерушісі аға оқытушы Г.Х.Хабдоллаев).

Сол кезеңдерде осы мамандықты тәмамдап, кафедрада қызмет атқарған

түлектер: В.И.Дробышев, М.Қасымов, Т.С.Ізтілеуов, Е.С.Қасымов, Н.К.Брикс, Е.Л.Лұқпанов, С.Б.Нұрғалиева, О.А.Булов, С.Х.Кульбеков, А.Ғ.Сейтимов, Б.М.Моменов, Т.В.Мартикова, К.О.Оразғалиев, Р.С.Оразғалиева, Н.М.Гомонова, Р.В.Алексеева, М.С.Джубаева, Е.Қ.Өтешев, Қ.Н.Мәдіров, Б.Ә.Молдашева, Т.Ә.Хамзин, И.Б.Мукашева, Т.С.Жаниярова, А.Тастілеуов, Қ.Т.Досалиев, И.Қадыров, Н.Қалиев, М.Т.Жұмағалиев, С.Ө.Исағалиев, О.И.Ворожейкина, Б.Ұ.Нұрашев, С.Е.Кенжеғалиев, Ж.С.Қайынбаева.

Сондай-ақ, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жолдамасымен Абай атындағы АлМУ-түлектері, жас мамандар Н.С.Тілеуханов, Л.Третьякова, Т.Марченко, С.Д.Қожасовалар кафедра құрамын толықтырды.

2000 жылдың 14 ақпанында ҚР Үкіметінің өкімі бойынша аймақтық үш ЖОО біріктірілуі нәтижесінде бұрынғы Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан мәдениет институты және А.С.Пушкин атындағы БҚМУ-дің көркем-графика факультетінің екі кафедрасы қосылып, Дәулеткерей атындағы Өнер институты құрылды.

Дәулеткерей атындағы Өнер институтының құрамында «Сәндік және бейнелеу өнері» факультеті ашылды. Факультет деканы болып, п.ғ.к., доцент Боранбай Мырзағалиұлы Моменов сайланды. Факультет «Көркем және кәсіптік білім», «Сәндік өнер және жарнама» кафедраларынан құралды.

2000-2002 жылдар аралығында «Көркем және кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі – 20 жылдай «Сурет» кафедрасын басқарған, бейнелеу өнерінің графика саласында көп жылдар жемісті еңбек етіп, бірнеше облыстық, республикалық байқаулар ұйымдастырып, бүгінгі қоғам сұранысын қанағаттандыратын шәкірт тәрбиелеуде зор еңбек сіңірген оқытушы Г.Х.Хабдоллаев болды.

2000 жылдан кафедра ұжымы жаңа кадрлармен толықтырылды: М.С.Кульбекова, А.Т.Испанова, Г.В.Жулягина, Г.Х.Қапақов, Н.А.Хабадашев, Н.Е.Әміржанов, Ж.С.Кенжина, А.Б.Абдешев, М.Т.Отаров, А.С.Бекқалиева.

2000-2006 жылдар аралығында «Сәндік өнер және жарнама» кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы С.У.Төлегенова болды.

2002-2011 жж. «Бейнелеу өнері» кафедрасын ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, филос.ғ.к., доцент А.Ғ.Сейтимов басқарды.

Айбар Ғалымұлы ғылым мен шығармашылықты ұштастыра білді. Оның «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» атты оқу құралы, 30-ға тарта ғылыми еңбегі жарық көрді. Суретшінің шығармашылығы фестивальдер каталогында, баспа беттерінде, өнертанушылар еңбектерінде кеңінен насихатталды. Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған ғалым, аяулы ұстаз, өмірінің аяғына дейін М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Көркем қолданбалы өнер және кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

«Бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушылары ғылыми басылымдарға мақалалар жариялап, кафедраның ғылыми әлеуетін көтерді, сонымен қатар көптеген ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен университет және институтшілік қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасты. 2005 ж. кафедра оқытушылары М.С.Кульбекова, 2006ж. А.Т.Испанова магистрлік диссертацияларын сәтті қорғады.

«Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

техника ғылымдарының кандидаты, доцент Исатай Өтегенұлы Өтегенов болды. Кафедрада тәжірибелі оқытушылар К.И.Фокин, Б.Ә.Молдашева, Ж.А.Ізтілеуова, А.И.Пак, А.Ж.Байзуллина, С.С.Гусманов, Ш.С.Искалиева, Қ.Қ.Жұмағалиева, А.М.Баекесова, А.Ж.Дүйсенбаев, А.З.Жұмағазиева жұмыс жасады. 2003-2007жылдар арасында кафедрада техника ғылымдарының докторлары, профессорлар А.Ф.Горин мен Е.С.Айталиев, техника ғылымдарының кандидаты Б.М.Махметов қызмет етті.

2008-2009 оқу жылынан бастап, «Бейнелеу өнері», «Еңбек технологиясы және кәсіпкерлік», «Сәндік өнер және жарнама» кафедралары біріктіріліп, «Көркем қолданбалы өнер және кәсіптік білім» кафедрасы болып аталады.

2008-2011 жылдар аралығында кафедраны ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, филос.ғ.к., доцент А.Ғ.Сейтимов, 2011-2012 оқу жылында техника ғылымдарының кандидаты, доцент И.Ө.Өтегенов басқарды.

Бүгінгі күні кафедра меңгерушісі – БҚМУ доценті Т.Ә.Хамзин.

Кафедрада 33 оқытушы жұмыс жасайды, білікті оқытушылар құрамында 4 профессор, 3 ғылым кандидаты, 2 ҚР Суретшілер одағының мүшесі, 1 магистр, 3 магистрант және аға оқытушылар қызмет етеді.

Кафедра 4 мамандық бойынша: бейнелеу өнері және сызу, сән өнері, дизайн және кәсіптік оқыту/сала бойынша/ мамандар даярлайды.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БАСҚАРУ ФАКУЛЬТЕТІ

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 80 жылдық тарихы бар білім мен өнердің қара шаңырағы болып табылады. Университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелері сияқты экономика және басқару факультеті экономиканың әр түрлі саласы бойынша студенттерді және магистранттарды дайындауға бағытталған бір бөлімшесі. Білікті педагог, білім беру ісінің құрметті қызметкері Нестеренко Галина Ивановна басқаратын бұл факультет құрылымы 3 кафедрадан «экономикалық теория және бизнес», «менеджмент және кәсіпкерлік», «есеп және қаржы» және студенттік деканаттан тұрады. Қазіргі бой емес, ой жарыстыратын кезеңде заманға сай білімді де білгір мамандарды дайындау үшін факультеттің материалдық-техникалық базасы барлық талаптарға сай. Оқу процесі кезінде интерактивтік оқыту әдісі кеңінен қолданылады, яғни, компьютерлік сыныптармен жабдықталған.

Сондай-ақ, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына, шығармашылық қабілеттерін танытуына кең мүмкіндік бар. Осы бағытта экономика және басқару факультетінің студенттері әр түрлі ғылыми-зерттеу байқауларына, конференцияларға, интеллектуалдық ойындарға, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар алып жүр.

Бүгінгі таңда факультет ғылыми жұмыстар мен академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру мақсатында Польша Республикасының Халықаралық туризм және мәдениет институтымен, Ресейдің Самара Мемлекеттік Экономикалық Университетімен, Поволжье Мемлекеттік Сервис Университетімен және К.Жұбанов атындағы Ақтөбе МУ-мен, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетімен өзара ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

Экономика және басқару факультетінде сонымен қатар өзін-өзі басқару бөлімі, яғни студенттік деканат жұмыс істейді. Студенттік деканат келесі бағыттар бойынша жұмыстар атқарады: ұлттық бірліктің идеясын студенттер арасында насихаттау, қазақстандық жастардың патриоттық сана-сезімі мен азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыру және арттыру, дене шынықтыру, мәдениет және спорт, студенттердің зиянды әрекеттеріне қарсы күрес, студенттердің білімге қолжетімдігіне көмектесу және т.б. Сондай-ақ университеттің, факультеттің профессор-оқытушылар құрамына жан-жақты көмек көрсете отырып, жоғары білікті мамандарды дайындау, білім сапасын жоғарылату, қоғамдық жұмыстарда көптеген рөл атқарады.

«Экономикалық теория және бизнес» кафедрасы 2002 жылы экономика факультеті құрамында құрылды. Қазіргі уақытта кафедрада 1 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты және 4 оқытушы мен зертханашы жұмыс жасайды. Кафедра меңгерушісі профессор Л.И.Мерғалиева.

«Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасы 2005жылы экономика және басқару факультетінің құрамында құрылған. Қазіргі таңда кафедраны экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Б.К.Сагинова басқарады.

«Есеп және қаржы» кафедрасы 2007жылы экономика және басқару институтының құрамында құрылған. Бұл кафедрада болашақ мамандарды жаңа экономикалық ойлауға тәрбиелеп, қазіргі заманғы сұранысы жоғары білікті кадрлар дайындалады.

Факультет өз тарихында бірнеше асулардан өтіп, шыңдарға жетті. Осы уақытқа дейінгі факультеттің бағындырған белестері көп. Халықаралық, республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, студенттер жүлделі орындарға ие болып жүр. Факультеттің шығатын шыңдары әлі де алда. Экономика және басқару факультетінің оқытушылар ұжымы мен студенттері өзара бірлікте жұмыс жасап, талай сайыстардан әр түрлі қырларынан танылып жүр. Факультетіміздің бұдан кейінгі жұмысы да дәл осылай ынтымақтастықта жүзеге асады деген сенімдеміз.

М. ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ КОЛЛЕДЖІ ТАРИХЫ

результат долгой, сознательной, кропотливой, подготовительной работы, в которой вокалист должен полностью отдавать себе отчет. Вокалом мы по настоящему начинаем заниматься очень поздно в 16-18 лет, когда музыканты-инструменталисты начинают заниматься с 5-7 лет. Вокальное обучение начинается с формирования у учащегося представления о том звуке, который ему предстоит воспроизвести. Педагог должен тщательно ознакомиться с характером и особенностями голоса учащегося. Это одна из главных задач учителя в постановке голоса. Общий педагогический принцип в вокале должен применяться каждому студенту отдельно, с учетом его индивидуальных данных, индивидуальных особенностей. В своей педагогической практике я твердо убеждена в том, что ежедневный, правильный режим занятий с учащимся по вокалу есть залог успеха. Великая русская певица А.В.Нежданова в своих записях говорит: «Огромное значение мой педагог Умберто Мазетти предавал общему режиму жизни и ежедневным занятием по вокалу. Также как и исполнитель – инструменталист, ежедневно тренируется на своем инструменте, то певец обязан повседневно тренировать свой голосовой аппарат, дыхание, иначе он никогда не добьется гибкости и ровности голоса, вокальной техники, никогда не создаст крепкой основы для выполнения поставленных художественных задач. Именно систематический, упорный и продолжительный труд есть путь к секретам и тайнам искусства, к вершинам мастерства.» Певец, не владеющий своими техническими навыками пения, беспомощен при исполнении художественных произведений. Формирование технических навыков должно идти в единстве с эмоциональным подтекстом, художественной выразительностью, поэтому в музыкальной педагогике основополагающим является принцип единства художественной и технических сторон обучения. Желательно даже при распевках, на вокализах воспитывать у вокалиста художественное воображение, постепенно раскрывая и развивая его. Также на занятиях по постановке голоса нужна последовательность, постепенность от простого к сложному, как вокально-техническая, так и художественно – исполнительская сторона. И здесь неоценимую помощь дают нам вокализы Абта, Зейдлера, Лютгена, Конконе, Панофки и староитальянская вокальная школа – Франческо Ламперти (1811-1892), к школе которого принадлежали такие блистательные певцы, как Альбани, Арто, Морель, Зембрих, Кампанини, Крувелли, Панталеони, Эверарди, Прянишников, Фигнер и др. Ламперти работая в Миланской консерватории, написал ряд теоретических работ в воспитании голоса певца. Среди основных принципов Ламперти есть его высказывание «школа пения – это школа дыхания.», «кто не поет легато, тот вовсе не поет» Также к крупнейшим педагогам 19 столетия принадлежит Матильда Маркези ди Кастроне. Ее ученики – Баттистини, Джильи, Лауре-Вольпи. Сама Маркези как певица (меццо-сопрано) училась у Гарсиа - младшего в Париже.

На занятиях по вокалу желательно и необходимо для правильного звукоизвлечения петь произведения «стариков» - Глюка, Генделя, Баха, Скарлатти, Страделла, Маркези, Каччини, Монтеверди, Джордано и др. Поэтому большое значение имеет вокальный репертуар учащегося в учебном процессе при постановке голоса. Задача педагога состоит в том, чтобы

отыскать вокально-удобный и полезный репертуар на каждой стадии развития учащегося при постановке голоса.

Профессор московской консерватории по вокалу Гуго Ионатанович Тиц на вступительных экзаменах спрашивал учащегося, хочет ли он петь так, чтобы целиком и полностью посвятить себя такому прекрасному искусству как пение, ведь путь музыканта тернист, нелегок и только большое желание петь, огромная сила воли и неустанный труд даст свои результаты.

Великая певица Мария Каллас говорит, что певцы - это вечные студенты, наверное, эти слова и подтверждают специфику столь тонкого искусства, как пение. Потому что певец постоянно находится в поиске лучшего вокального звучания, в поиске прекрасного бельканто, певец постоянно должен беречь свой голосовой аппарат, соблюдать режим, быть физически здоровым, постоянно работать над собой, быть в вокальной форме. Сознательный подход учащегося при вокальном обучении неразрывно связано с правильным вокальным звукоизвлечением. Очень важно знать, как правильно должен звучать звук и уметь его правильно воспроизвести. У певца в отличие от других музыкантов-инструменталистов, его инструмент (голосовой аппарат) находится в нем самом и является частью его организма, поэтому особое внимание заслуживает вопрос физического состояния организма, вплоть до правильного питания, правильного режима дня, занятия по вокалу.

Всемирно известный итальянский педагог вокала Марио Мелани говорит: "Именно педагог является истинным слушателем своего ученика, и поэтому плодотворный учебный процесс требует активного сотрудничества между учителем и учеником, который несет определенную ответственность за качество своего образования, добросовестно выполняя необходимые указания. Обучение вокальному искусству требует глубоких профессиональных знаний, основанных на определенных закономерностях, связанных с особенностями каждого голоса". Москва. Марио Мелани ""Поговорим о вокале" стр.4 - 5.

Если одни педагоги в своей работе с учениками работают только над дыханием или работают только над резонатором, дыханием, гортанью, не обращая внимания на другие недостатки, то я придерживаюсь и присоединяюсь к тем педагогам, которые в процессе обучения вокалу одновременно работают над дыханием и дикцией, над музыкальностью и техническим исполнением, т.е. одновременно работают в комплексе над всеми вокальными навыками необходимых в методике обучения певца.

Знакомясь с новым произведением, романсом или песней, желательно сначала ознакомиться с поэтическим текстом, читая вслух, выразительно, внимательно и затем перейти к музыкальному тексту произведения и только потом станет ясно в каком характере должно исполняться данное произведение. Важным фактором так же является знание обширного вокального репертуара, который служит основанием для дальнейшего художественного выбора вокально-технических и исполнительских возможностей. Музыкальная, вокальная литература, которой мы пользуемся, является как бы письмом, написанным композитором, оставленным для нас музыкантов, и мы обязаны грамотно прочесть, исполнять, соблюдая все штрихи, нюансы данного произведения. Так же в успехе творческого

процесса обучения большую роль играет сам учащийся. От его вокальных данных, желания, прилежания, стремления зависит становление его как певца. Поэтому как бы педагог не старался учить, будет трудно добиться успеха без всех этих качеств ученика.

"Что нужно знать учащемуся вокалисту, если он хочет стать хорошим певцом:

1. Хороший вокальный материал (голос)
2. Уметь управлять голосовым аппаратом (вокально-технические стороны)

3. Музыкальное сценическое дарование

4. Хорошие внешние данные." Луканин В.М. Ленинград 1977г.

"Обучение и воспитание молодого певца" (стр.19-20)

Как реализовать эти качества у учащегося, воспитать в профессионального вокалиста, который тембром своего голоса, музыкальностью, грамотной трактовкой произведения, культурным исполнением должен доставить слушателям эстетическое наслаждение. Для начала педагогу нужно добиться хорошей постановки голоса, сформировать певческий тон, выявить тембр, научить учащегося вокальной технике, развивать в нем художественно-эстетический вкус и музыкальное исполнение. Нужно воспитать у учащегося творческий подход к произведению. Вокалисты часто подражают своим кумирам, знаменитым певцам, забывая, что голое подражание плохо, потому что, подражая чужому голосу, пению, учащийся теряет свой тембр, свою природу, не задумываясь над произведением, поэтическим и музыкальным текстом, певцу нужно не забывать, что самое ценное – это его индивидуальность, неповторимость. Мы, педагоги вокалисты, должны последовательно изучать традиции старой итальянской вокальной школы, чтобы, опираясь на их опыт, изучить и обогатить нашу вокальную методику, нашу вокальную школу, обновляя и развивая, вносить новое и еще глубже изучая их. Изучение опыта прошлых лет помогает вокальным педагогам и певцам избежать многих заблуждений их предшественников. Не случайно Энрико Карузо сказал, что "должно существовать столько методов, сколько певцов, причем любой из этих отдельных методов, даже при самом точном применении, может оказаться непригодным для всех остальных певцов" Изд. Москва 1972г. Дж.Лаури-Вольпи Вокальные параллели (стр.4-5)



Мария Каллас



Энрико Карузо

Список использованной литературы:

1. Марио Мелани «Поговорим немного о вокале» Алматы 2003 г.
2. Дж.Лаури-Вольпи «Вокальные параллели» Москва 1972 г. (стр.4-5)
3. Менабени А.Г. «Методика обучения сольному пению» Москва 1987 г.

4. Дмитриев Л. «В помощь педагогу вокалисту» Москва 1974 г.

5. Молдагаинов А.А., Рахимова Ж.А. «Уроки музыки постановки голоса» Алматы 2007 г.

Мақалада XIX ғ. итальяндық вокал мектебінің мәдениетінің қалыптасу кезеңдері мазмұндалып, bel cantоның әншілік өнердегі орны анықталып, бұл орындаушылық дәстүрдің бүкіл Еуропа елдеріне кең тарағаны туралы жазылған. Вокал өнері мамандығы бойынша білім алушылар үшін аса қажет ғылыми жұмыс.

The present article was prepared for introduction in an educational process on methodology of vocal in mastering vocally - technical and vocally - artistic development of the singer in the system of professional preparation of specialists.

УДК 53:51

Сырым Ж.С. - п.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры
Жұмағалиева А.Е. - ф-м.ғ.к., М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті
Кабулова А.М. - М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

КОМПЛЕКС АЙНЫМАЛЫ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫН АШУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған орай, бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады.

Математика, физика ғылымдары мен компьютерлік технологиялардың соңғы жетістіктері ғылымның басқа салаларында кеңінен қолданылуда. Мысалы, комплекс сандардың физикалық мәнін ашу немесе комплекс айнымалы функцияның қасиеттерін қолдана отырып есептерді шешу жолдарын жеңілдету. Алғашында түбір табу үшін енгізілген абстрактілік жорамал шама, кейіннен күрделі есептерді шығаруға пайдаланылды, сандар теориясының дамуы негізінде комплекс айнымалы, комплекс айнымалы функция ұғымы енгізілді және олардың көмегімен жаратылыстану ғылымдарының практикалық есептерін шығаруда мүмкіндігі жоғарылады. Комплекс айнымалы функциялар теориясы жалпы математикалық функция теориясының дербес жағдайы болады. Сандар өрісінің комплекс сандар арқылы кеңейту, комплекс айнымалы функциялар теориясының нақтылауы тек математиканың өзінің ішкі мәселелерін ғана шешіп қоймайды, сонымен

қатар қолданбалы математикамен байланысты ғылымдардың (теориялық физика; гидродинамика; тығыздық теориясы; аспан механикасы; ...)

Комплекс сандар, теріс сандар сияқты, алгебралық теңдеулерді шешуден, математика ғылымының дамуынан пайда болды. Өзімізге белгілі

$$ax^2 + bx + c = 0$$

квадрат теңдеуін (мұндағы a, b, c – нақты сандар) шешуде оның түбірлері

$$x_{1,2} = \frac{-b \pm \sqrt{b^2 - 4ac}}{2a}$$

нақты сан болмауы мүмкін. Егер $b^2 - 4ac < 0$ болса, олар комплекс сандар болып табылады. Егер тек нақты сандармен шектелсек, онда $x^2 + 1 = 0$; $2x^2 + x + 1 = 0$ және т.б. осындай түрдегі көптеген квадрат теңдеулер шешілмес еді. Бұл тек алгебралық теңдеулердің шешуін ғана емес, физика-математикалық ұғымдар теориясын қиындатып жібереді.


Комплекс санның қасиетін тербелмелі контурдың резонанстық қисығын Delphi бағдарламалау тілінде шығарғанда қолдануға болады екен. Комплекс сандармен жұмыс жасау үшін қосымша VarCmplx модулін uses жолына енгізуіміз қажет.

Delphi бағдарламалау тілінде комплекс санның қасиеттерін пайдаланып өшетін тербелістің фазалық графигін шығаруға болады (3-сурет).

Delphi бағдарламалау тілінде жазылуы төмендегідей[1]:

```
uses
VarCmplx, Windows, Messages, SysUtils, Variants, Classes, Graphics,
Controls,
Forms, Dialogs, StdCtrls, ExtCtrls, TeeProcs, TeEngine, Chart, Series,
Buttons;
type
Tform1 = class(Tform)
var
    From1: Tform1;
    v1, v2, v3: variant;
    omega: real;
procedure Tform1.BitBtn1Click(Sender: TObject);
var k: variant;
    omega1, omega2: double;
begin
    Chart2.Series[0].Clear;
    omega1:=1e4;
    omega2:=9e7;
    omega:=omega1;
    Series3.Xvalues.Order:=loNone;
    repeat
        k:=VarComplexExp(VarComplexCreate(0, omega*5e-
7))/VarComplexCreate(1, omega*/1e-7);
        Series3.AddXY(k.real, k.imaginary);
        omega:=omega*1.005;
```

```
until omega>omega2;
end;end.
```






3-сурет. Өшетін тербелістерді жорамал i –санының қасиеттерін пайдаланып сипаттау графигі.

Бағытас екі тербелістің қосындысын олардың амплитудасы мен фазаларының айырмасы арқылы сипаттап, осы екі тербелістердің әр түріне сәйкес келетін векторын және сол векторлардың қосындысын қарастырсақ «соққы» графигін аламыз[2] (4-сурет).

```
procedure TForm1.Timer1Timer(Sender: TObject);
begin SpdButn2.Click;
with canvas do begin
c:=c-0.05;
a:=cos(c*strtoint(Ed1.Txt)+strtoint(CBox1.Txt)/180*pi)*145+200;
b:=cos(c*strtoint(Ed2.Txt))*145+250;
pen.Color:=clBlue; pen.Width:=7;
moveto(round(a)+1,round(b)-1);lineto(round(a),round(b));
```

Енді бағытас бірнеше толқындардың суперпозициясының нәтижесін компьютерлік әдіс арқылы алудың жолын қарастырсақ. Француз ғалымы Луи де-Бройль толқындық топтың кескінін математикалық жолмен алумен айналысты. Ол толқындық топты жиілігі бір-біріне жуық бірнеше толқындардың суперпозициясы түрінде қарастырды. Жиіліктері жуық екі бағытас толқындар соққы графигін берсе (4-сурет), онда жиіліктері бір-біріне жуық n бағытас толқындардың суперпозициясы амплитудасы бір жерде шоғырланатын толқынды береді. Көп уақыт бойы Луи де-Бройль электронды осындай толқындар шоғыры (толқындық топ) деп тұжырымдаған. (5-сурет).

Бағдарламалау тілдерін пайдаланып жиіліктер айырмасы өте аз n толқындар үшін векторлар суперпозициясын есептеп, төмендегі графикті аламыз (6-сурет).



5-сурет. Жиіліктер айырмасы өте аз n толқындар спектрінің суперпозициясы


6- сурет. Жиіліктер айырмасы өте аз 5 толқындар векторының суперпозициясы

Осы бағдарлама негізінде бірнеше бағытас тербелістердің векторларының қосындысының суперпозициясын алуға болады.

Тербелмелі контурды сыртқы айнымалы ток көзіне қосқанда ондағы үдерістерді қосалқы құралдың көмегімен бақылауға болмайды. Тербелмелі контурдағы сыртқы жиілікке байланысты графигін зертханалық жағдайда бірнеше рет алу үшін өте көп уақыт қажет және өте аз шамалармен – конденсатор сыйымдылығы $10^{-7} \div 10^{-9}$ Ф, ал индуктивтілігі $10^{-3} \div 10^{-5}$ Гн

болатын шамалармен есеп жүргізіледі. Ал оның графигін зертханалық жағдайда алу үшін әртүрлі жиіліктерге сәйкесті бірнеше өлшеулер орындалады. Осы үдерістің компьютерлік моделі кез келген параметр үшін контурдың резонанстық қисығын тез уақытта алуға мүмкіндік береді.

Резонанс құбылысының әртүрлі параметрлеріне байланысты өзгеру қисығын шығаруға болады. Активті, индуктивті және сыйымдылық кедергіні жоғарыда көрсетілген әдіспен тербелістің әр сәтіне сәйкесті есептеу арқылы Delphi бағдарламалау тілінде төмендегідей график шығаруға болады[3].



8-сурет. Резонанс графигі және оның векторлық диаграммасы.

Бағдарламалауда i жорамал санына байланысты әрбір параметрлер үшін (индуктивтілік, сыйымдылық және активті кедергілер мен сыртқы жиілік) функция өзгерісінің тәуелділігін жазып, олардың бір-бірімен байланысы тағайындалады. Мұнда қолданылған Chart компонентімен графиктің дәлдігін арттыруға болады. Осы модель арқылы әртүрлі комбинациядағы тербелмелі контурдың резонанстық графигінің түрі бақыланады (8-сурет).

Комплексті сандардың физикада қолданылу аясы өте аз болғанымен жоғарыда келтірілген мысалдарға сәйкес күрделі есептерді шығаруда көптеген жеңілдіктер туғызады. Айнымалы ток тізбегіндегі кедергіні есептеуде, тербелмелі контурдағы резонанстық қисық сызықтың графигін компьютерде бейнелегенде, өшетін тербелістерді қарастырғанда және бағытталған тербелістердің қосылуының сандық және графигтік бейнелеу әдістерін қарастырғанда комплекс сандарды пайдалану есептің шығарылу жолын көп жеңілдетеді. $W = e^z$ көрсеткіштік функциясы периодтылығын қолдана отырып механиканың тербеліске берілген және электр тізбегі теориясы есептерін шығару әдістері Шыққан нәтижелерден жорамал сандарды «ұстап көруге» болмағанымен, олар физикалық

үдерістерді түсіндіруде елеулі орын алатындығын білеміз[6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адаменко А.Н. *Pascal* на примерах из математики / А.Н. Адаменко.- СПб.: БХВ- Петербург, 2005.
2. Архангельский А.Я. «Delphi 7» Спб./ А.Я. Архангельский -М.: ООО «Бином - Пресс» 2004.
3. Бурсиан Э.В. *Физика 100 задач для решения на компьютере./ Э.В.Бурсиан. Учебное пособие.-* Спб.: ИД «МиМ», 1997. -256 с.
4. Сивухин Д.В. “Общий курс физики” III том “Электричество”/ Д.В.Сивухин. - М.: Наука, 1983, §§ 124-127.
5. Калашиников С.Г. *Электричество./ С.Г. Калашиников - М.: Наука 1977, §§56,209,210.*
6. Сырым Ж.С., Жакиев Н.К. *Комплекс сандардың физикалық мағынасы және оларды физикалық есептерді шығаруда пайдалану./ Ж.С.Сырым. П.И.Токаревтің 90-жылдығына арналған Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. Орал, 2006.*

При численном моделировании сложных физических задач, используя свойства комплексных чисел, можно уменьшить число переменных. Таким образом, можно говорить о физическом смысле комплексных чисел.

Under the numerical modeling of the complex physical problems, using properties of complex numbers, it is possible to reduce the number of variables. Thus, we can speak of physical sense of complex numbers.



УДК 81:316.32

*Коптлеуова К.Б. – к.ф.н.,
Актюбинский государственный
педагогический институт, г.Актобе*

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ДИСТРИБУЦИЯ ЯЗЫКОВ В ОБЩЕСТВЕ

Функциональная дистрибуция языков особенно значима в полиязычных обществах. Описание ситуаций двуязычия и многоязычия предполагает анализ соотношения общественных функций контактирующих языков.

Разнообразие созданных функциональных классификаций языков позволили по-новому взглянуть на существование разных языков в мире, на формы их существования, но ученые не смогли прийти к единому мнению, так как выделяли разные критерии в создании своих типологий.

По мнению некоторых лингвистов, основной функцией языка является коммуникативная функция как средство человеческого общения, которая реализуется в речи. Однако в исследованиях многих ученых отрицается монофункциональный характер языка. Они приводят неоспоримые доказательства в пользу полифункциональности языка.

В Словаре иностранных слов этому слову даются такие определения: «1) обязанность, круг деятельности; назначение, роль; 2) *мат.* зависимая переменная величина, т.е. величина, изменяющаяся по мере изменения другой величины, называемой *аргументом*; 3) *физиол.* специфическая деятельность животного или растительного организма его органов, тканей и клеток; 4) *лингв.* значение какой-либо языковой формы, ее роль в системе языка, определяемая соотношением с другими формами [1].

Ученые при характеристике функций языка делают акцент на предназначенность языка. Например, коммуникативная функция языка определяется как главная функция языка. Ее основное предназначение – быть средством общения. Подчеркивая приоритет коммуникативной функции и акцентируя внимание на ее назначении «быть средством общения», Л.А. Киселева пишет: «термином «коммуникативная функция» обозначается предназначенность языковых средств для удовлетворения потребностей вербального общения, т.е. потребностей в обмене языковой информацией» [2,39]. Когнитивная функция языка представляет собой функцию выражения деятельности сознания. Ее называют также и познавательной функцией языка.

Предназначенность языка для удовлетворения потребностей выражения эмоций реализует экспрессивная функция. Она выполняет функцию выражения субъективного отношения человека к действительности

при помощи эмоций, эмоциональной и эстетической оценки, желаний, воли [2].

В широком смысле термин «функция языка» употребляется в следующих значениях: 1) назначение, роль, выполняемая единицей (элементом) языка при его воспроизведении в речи; 2) цель и характер воспроизведения в речи данной единицы: ее актуализация или транспозиция в контекст речевого акта; 3) обобщенное значение разных сторон (аспектов) языка и его элементов с точки зрения их назначения, использования.

Существуют разные типологии функций языка, которые отражают взгляды ученых, исследовавших этот феномен, в связи с чем следует отметить, что многие лингвисты внесли определенный вклад в теорию функций языка и их типологию. В последнее время появились исследования, в которых ученые признают правомерность изучения сущности функций языка комплексно в контексте антропоцентрически ориентированного и деятельностного подходов. Одной из таких работ можно назвать монографию К.М. Абишевой [3]. Автор этой работы считает, что каждый язык обслуживает определенное общество, которое состоит из коммуникативных сообществ и может быть количественно и территориально ограниченным. Для определения функционального типа того или иного языка следует учитывать, его территориальную и социокультурную вариативность, степень включенности их носителей в соответствующее языковое общество. Поэтому языки максимального объема общественных функций обладают как социокультурной вариативностью, так и включенностью всего коллектива в этот язык, что приводит к распространению в обществе функционального билингвизма, к явлению диглоссии, когда языки распределяются по сферам общения. Язык минимального объема общественных функций (обычно родной язык) используется в семейно-бытовой сфере, а в большинстве общественных сфер (производственной, организационной, политической, духовной) используется язык максимального объема общественных функций (это может быть и родной и неродной языки). Полифункциональные функции языка рассматриваются в системе иерархических отношений.

Далее К.М. Абишева отмечает, что, считая правильным высказывания лингвистов о необходимости выделения иерархической системы функций языка, необходимо последовательно разграничивать три уровня в иерархической системе внутренних функций языка. К базовым функциям языка мы отнесем три главные, первичные: 1) коммуникативную; 2) когнитивную (познавательную, гносеологическую); 3) эмоциональную (быть одним из средств выражения чувств и эмоций). Эти три функции тесно взаимодействуют между собой и предстают как социально равноправные: они не сводимы друг к другу и не обобщаются друг в друга, так же, как и детерминирующие их потребности мышления и общения [3].

Весьма важным является изучение социальной функции языка. Социальные функции языка представляют собой проявление сущности языка, его назначения и действия в обществе.

Разработка социальных функций языка в советской лингвистике связано с именем Ю.Д. Дешериева. В его работах социальная функция языка - «это, в сущности, конкретная реализация коммуникативной функции языка как важнейшего средства общения в разных сферах деятельности людей.

Иначе говоря, в общественных функциях языка конкретно проявляется коммуникативная функция, как и другие его функции (экспрессивная, эстетическая, функция структурных элементов — падежа, грамматического времени и т. д.)» [4, с. 84].

В социолингвистике термины *социальная функция* и *общественная функция* употребляются как синонимы, в последнее время предпочтение отдают первому. По мнению Ю.Д. Дешериева, к социальным функциям языка относятся: 1) функции языка преподавания; 2) функции языка, употребляемого в различных сферах общественно-политической жизни: а) на собраниях в колхозах, совхозах, на заводах и фабриках; б) на конференциях, съездах; в) на научных сессиях и т. д.; 3) функции языка художественной, общественно-политической и научной литературы и т. д.; 4) функции языка периодической печати (газет, журналов и т. д.); 5) функции языка общения между собой его носителей во всех или отдельных сферах их деятельности в пределах села, целого района; 6) функции языка общения между собой его носителей в пределах союзной или автономной республики; 7) функции языка межнационального общения (например, русский язык) и т. д. и т. п. [5, с. 56].

Если социальные функции языка связаны с выражением социальной сущности самого языка, то проявление общественно-социальных функций языка связано с действием языка в той или иной социальной сфере и предопределяются общественными факторами, связанными с функциями языка в обществе. По определению Ю.Д. Дешериева, “общественные (социальные) функции – это конкретная реализация коммуникативной функции языка в определенной сфере социальной жизни – это роль, выполняемая им в данной сфере [6, с. 35].

Понятие “социальная функция” имеет несколько значений в социолингвистике: 1) внешнее проявление свойств какого-либо объекта, процесса в той или иной системе отношений (функция, свойство); 2) роль, которую играет определенный социальный институт или процесс по отношению к целому (функции–роли); 3) связь частей с целым, их взаимозависимость; 4) назначение языка в обществе, его действие.

Язык как организованное целое входит в систему социальных явлений, где занимает особое место, поэтому функции языка в системе социальных явлений «не могут быть никакими иными, как только социальными, общественными» [7, с. 34].

Социальные функции языка определяются через *символическую функцию*, состоящую из *объединяющей* (функция стандартного языка, объединяющего носителей нескольких диалектов в единый коллектив), *выделительной* (выделяет данный коллектив и противопоставляет соседним коллективам) и *престижной* (обусловлена социальным престижем) функций.

По мнению С.Ж. Баяндиной, социальная дифференциация языка, связанная с расслоением и варьированием его социальной коммуникативной системы по сферам общения, предполагает также учет социальной природы языкового поведения людей в обществе. Актами социальной природы являются лишь те, которые или имеют социальные условия своего возникновения, или, имея иные источники происхождения, зависят от социальных условий по форме своего совершения, или, наконец, те, которые

независимо от первых условий имеют определенные социальные последствия. Социально обусловленные характеристики языкового поведения людей связаны с социальными доминантами и функциональными группами, а именно: стратификационными и ситуативными переменными, в ходе актуализации которых реализуется то или иное языковое поведение людей и проявляются те или иные прагматические функции, пронизывающие социальную оценку людьми того или иного факта или поведения, поэтому аспект, как манипулирует человек языковыми знаниями и как это отражается на его социально-языковом (речевом) поведении, нашел отражение в лингвистической прагматике. Национально-языковое поведение людей может быть охарактеризовано и в процессе осуществления этнической функции языка, выделяются несколько частных функций этнической функции языка, а именно: этноконсолидирующая, этнодифференцирующая [8].

Этноконсолидирующая функция языка – это функция интеграции людей в один этнос, она создается не употреблением языка, а “отношением людей к языку, национально-культурной идеологией”. Функция языка как фактора сохранения национальности выражается в создании лингвокультурного сообщества или лингвистического тождества людей. Т.Г. Стефаненко считает, что, единство языка способствует процессу коммуникации, помогает осуществлять деятельность людей в рамках этнической общности [9].

По мнению С. Арутюновой, язык, наряду с общностью территории и культуры является необходимым условием для формирования этноса [10], так как общность языка, общность территории способствуют унификации этнической общности, и в этом проявляется этноинтегрирующая функция языка. Язык выполняет и этнодифференцирующую функцию, отличая один этнос от другого. Важна роль языка как этноопределителя: “язык по крайней мере на уровне обыденного сознания, на уровне автостереотипа этноса и представлений о данном этносе. Среди его соседей является в огромном большинстве случаев самым важным, ранее всего называемым признаком и определителем этноса” [11, с. 142].

Имеется несколько функциональных классификаций языков, которые различаются основанием, полнотой, целевой установкой, полнотой [12, с. 94]. В.А. Аврорин разграничивает языки по уровню «функционального развития»: 1) языки старописьменные, 2) языки младописьменные, 3) бесписьменные [7]. Ю.Д. Дешериев, опираясь на социально-национальные особенности СССР, выделяет: 1) русский язык как язык межнационального; 2) национальные литературные языки союзных республик; 3) литературные языки автономных республик и областей; 4) письменные языки с ограниченными общественными функциями; 5) бесписьменные языки малых народностей [6].

А. Мартине разработал функциональную классификацию в виде пирамиды, разделенной на ярусы: 1) диалекты и языки местного значения, 2) малораспространенные языки; 3) языки-посредники.

Классификация У. Стюарта 1) ненормированный родной язык; 2) нормированный; 3) нормированный, но не употребляющийся в настоящее время; 4) смешанный язык типа пиджин; 5) искусственный и маргинальный

языки.

Классификация Ч. Фергюсона, выделявшего: 1) основной язык; 2) второстепенный язык; 3) специальный язык, преследовавшего цель - дать основу для сравнения языков в социолингвистическом плане и возможность выразить языковую ситуацию в виде следующей формулы. Данная классификация подверглась критике, так как в ней превалирует количественный характер, и она не дает представления о действительной значимости языка и функциональном распределении языка в обществе.

Классификация Дж. Гамперца: 1) субрегиональные и региональные языки; 2) языки социальных и профессиональных групп; 3) религиозные и административные коды.

Классификация Е. Найды и У. Уондерли: 1) языки внутригрупповой, внегрупповой коммуникации; 3) языки специальной информации.

Проблема функциональной классификации языков исследована учеными А.О. Орусбаевым [13], Б.Х.Хасановым [10] на примере Киргизии и Казахстана.

Типология функций языка Д. Смитом представлена делением функций языка на *внутренние* и *общественные*. К первой (лингвистической) функции он относит референтную функцию, под которой понимает «систематическое соотнесение специфического поведения с концептуализированными аспектами мира опыта». Общественными функциями являются *коммуникативная*, указывающая на передачу информации и рассматриваемая как главная общественная функция языка, *экспрессивная*, указывающая, на использование языка для выражения определенной когнитивной ориентации отдельных людей или общественных групп своим лингвистическим поведением, *интегративная*, под которой понимается использование языка для объединения отдельных людей в общественную систему.

Выполнение общественных функций современными языками обусловлено различными факторами. По мнению Ю. Д. Дешериева, важнейшими считаются следующие: «1) своеобразие социально-экономического, политического и культурного развития данного народа; 2) факторы надстроечного характера (наличие своей государственности, формы национальной автономии и т. д.); 3) численность народа, говорящего на данном языке; 4) компактное проживание большинства носителей последнего на одной и той же территории; языковая практика данного народа (т. е., каким языком пользуется народ в основных сферах своей деятельности — исконно родным или вторым языком) и т. д.» [6].

Следовательно, функционирование языка осуществляется при наличии необходимых взаимозависимых условий: 1) социальные условия, 2) сферы и среды употребления языка, 3) формы существования языка, 3) структура языка в тех ее особенностях и элементах, которые порождаются внеструктурными факторами [14, с. 88].

Общественные функции языков не бывают одинаковыми. В определении объема выполнения этой функции языка, надо рассматривать функционирование языка в конкретном социуме. Так, например, общественные функции английского языка в разных государствах могут быть различны, общественные функции русского языка в России и в

Казахстане также не одинаковы.

Список использованной литературы:

1. Большой энциклопедический словарь. - М.: 1998. – 1434 с.
2. Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия. - Л.: 1978. - 160 с.
3. Абишева К.М. Социально-языковая контактология. - Алматы: Ғылым, 2001.- 426 с.
4. Дешериев Ю. Д. Развитие национальных языков и языка межнационального общения // Коммунист.1973. № 1.
5. Дешериев Ю. Д. Закономерности развития и взаимодействия языков в советском обществе. - М.:Наука, 1966. – 402 с.
6. Дешериев Ю. Д. Социальная лингвистика. М.: Наука, 1977.- 382 с.
7. Аврорин В.А. Проблемы изучения функциональной стороны языка. Л.: Наука, 1975. – 276 с.
8. Баяндина С.Ж. Функции языка в контексте современного языкознания. Алматы, 2005.- 248 с.
9. Стефаненко. Т. Г. Этнопсихология. - М.: Аспект Пресс, 2003. - 361с.
10. Хасанов Б.Х. Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. Автореферат докт. дисс., Алма-Ата, 1992. – 44 с.
11. Арутюнов С. Этнические процессы и язык// Герд А.С. Введение в этнолингвистику: Курс лекций и хрестоматия. - СПб.: Изд-во С.-Петербур. Унта, 2001 –488 с.
12. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. - М.: Просвещение, 1987.– 160 с.
13. Орусбаев А.О. Языковая жизнь Киргизии (Функциональная дистрибуция языков). - Фрунзе: Илим, 1990. –296с.
14. Никольский Л.Б., Швейцер А.Д. Введение в социоллингвистику. - М.: Высшая школа, 1978. – 216 с.

Мақалада тілдердің қызметтік типологиясы туралы айтылған ғалымдардың әр түрлі пікірлері мен көзқарастары қарастырылады.

In the article the author analyzes different typologies of language functions which reflect the scientists' views while researching this phenomenon. The variety of the existing functional classifications of languages gives the opportunity to consider the existence of different languages in the world in a new way, as well as the forms of their existence, but scientists couldn't come to a consensus because of different criteria in creation of the typologies.

УДК 82:396

Шәріп А. - ф.ғ.д.,
ЕҒҰ «Алаш» мәдениет және рухани
даму институтының директоры

НАМЫСҚА ҚАЙРАҚ, ЖІГЕРГЕ ШАҚПАҚ ЖЫРЛАР

Жұбан Молдағалиев қазақ арасында туу туралы куәлік дағдыға кірмеген заманда дүниеге келді. Сондықтан қай жылы кіндігі кесілгенін жобалап білгенімен, шар етіп пәни жалғанның есігін ашқан күнін нақпа-нақ анықтауы қиын еді. Тіпті алдыңғы үш перзентін жер қойнына тапсырған байғұс анасы Зеріп те кенже ұлының қай сәтте «тар құрсағын жарып, тас емшегін жібіткенін» жадынан өшіріп алыпты. Сұрайтын әке тағы жоқ – мұның қызылшақа сәби шағында бақиға аттанған. О бастан маңдайына жазылып, пешенесіне бұйырған нәрсе шығар, төлкүжат аларда анасымен ақылдаса отырып, Жұбан өзінің «туған күнін» өзі таңдайды. Және онысы жәй ғана дата емес-тұғын. 1920 жылғы 4 қазанда ресми түрде Қазақ советтік социалистік автономиялық республикасы құрылғандығы белгілі. Міне, сол межені қазық тұтқан бозбала «автономияның» алдына түспей, өзінің туған күні етіп 5 қазанды белгілейді. Осыдан арқаланған ол өмір бойына «мен – республиканың құрдасымын» деп жырлап өтті. Және сол Қазақ республикасы уақытындағы ұлтының адал ұлдарының бірі болды. Тәңірінің жарылқауы мен әлгі «кұрдастықтың» қуаты ұлы майданнан аман оралған, өз сөзімен айтқанда, «еңку-еңку жер шалған, егеулі қалам қолға алған» оққағары бар ақынды «Мен – қазақпын» деп жарияға жар салатын мезгілге жеткізді. Күндердің күнінде келімсек басшы Колбинның алдында: «Мен – қазақпын. Өз халқымды мақтан етемін», - деп тағы да нықтап, нығырлап айтқызды. Өмірі мен өлеңі өзектесе өрілген, қайраткерлігі мен қаламгерлігі қапысыз қауышқан ердің сойына елі сүйінбей қайтсін?!

Өкінішке қарай, Жұбан Молдағалиевтің 1964 жылдың көктемінде соңғы нүктесі қойылған «Мен – қазақпын» поэмасының бастауында сұрапыл соғыс жылдарында жазылған «Қазақ» атты өлеңінің тұрғанына қазір басқа түгілі, әдебиеттанушылардың өзі назар аудара бермейді. Ұзақ мезгіл суырмасында жатып қалған бұл шығармасы жөнінде ақын былай депті: «Кейін мен оны 1949 жылы шыққан «Жеңіс жырлары» атты тұңғыш жинағыма да кіргізгенім жоқ. Бірақ оны ұмытқан да емеспін. Ақыры «Мен – қазақпын» дастаны дүниеге келді. *Ал осының бірінші басқышы сонау соғыс өртінде туған өлең сияқты көрінеді. Сондықтан мен оны архивте сақтауды обалсынып, шығармалар жинағына енгізуді ұйғардым.* Әрине, біраз ықшамдап, редакциялауға тура келді». Сөйтіп, аталған жыр туындысы Жұбанның 1981 жылы жарық көрген үш томдық шығармалар жинағының алғашқы кітабына тұңғыш рет енді.

Ақын бастапқыда жанашыр жұртшылыққа «өлеңнің ниеті көбірек ұнаған болуы керек» дейді. Бүгінгі күні «ниет» деген сөздің ар жағынан Жұбанның өлеңінде өз ұлтын дәріптеп-дәрежелеу мақсаты меңзелгенін түсіну қиын емес. «Әрине, біраз ықшамдап, редакциялауға тура келді» дегенінен де цензураның жайын жұмбақтағанын оңай ұғынамыз.

Сонымен, Жұбанның «Қазақ» атты өлеңі ең әуелі өзі қызмет еткен, Солтүстік-Батыс майдандағы қазақ жауынгерлерінің «Отан үшін» газетінде 1943 жылы басылды. Көп ұзамай Алматыға іссапармен жолы түскен ол бұл өлеңін майдангер ақын Әбу Сәрсенбаевқа көрсетеді. Содан соң іле-шала

Сәбит Мұқановтың қолына тиіп, Қазақстан Жазушылар Одағында оқылады және республикалық радиодан беріледі. Мұнымен қоймай, көптің көңілін көншіткен өлеңді «Социалды Қазақстан» газеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мұқан Иманжанов өзі жұмыс істейтін басылымның бетінде жариялайды.

«Қазақ» өлеңінің қысқаша сюжеті мынадай. Ақын майданның алғы шебінде «қара сұр, қатал пішінді, жазық жауырын, сом дене», омырауында қос ордені бар сотқар солдатты кезіктіреді. Қазақ екенін бірден тани тұра, «кімсің?» деп әдейі орысша сұрайды. Анау шамданып: «Қазақты әлі білмейтін қайдан шыққан надансың?» деп ызғарлана сөйлегенде, отты көзі өңменінен тесіп өтеді. Бұл да пәтінен қайтпай: «Бос шіреніп, сызданғанша, жөніңді айтсайшы», - деп жүре қатарласқанда, намысқой жауынгер жігіт өз ұлтының жақсысын түгендей, тізбелей жөнеледі. Сөз қайырымдарын «Ол – қазақтың баласы», «Ол – қазақ, менің ер-халқым», «Ол – қазақтың ер елі» деген тіркестермен түйіндеп отырады. Әріде Исатай, Махамбеттен қозғап, беріде Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеуғали Әбдібеков (397 фашистің көзін жойып, екінші дүние жүзілік соғыстың ең үздік 16 мергенінің сапына кірген, әзірше толық мойындала қоймаған қаһарманымыз) туралы мақтанышпен толғайды.

*Қазақтың мен де бірімін,
Сүйемін туған халқымды,
Досқа – құл,
Жауға ірімін,
Білемін, иә, нарқымды, -*

деген ол: «Ал өзің кімсің, ағайын?», - деп бір аялдағанда, «Мен де сендей қазақтың баласымын», - дейді күле жауап берген ақын. «А, мені сынамақ болған екенсің ғой, жырынды журналисім», - деп солдат та ағынан жарылады. Екеуі құшақтасып, көріседі. Тебіренген ақын:

*Болды-ау деп уақыт аз-ақ тым,
Өкініп кейін аттандым.
Мен де бірі қазақтың
Болғаным мақтандым, -*

деп өлеңін аяқтайды.

Соғыстан соңғы «ұлтшылдыққа» қарсы науқан Жұбанның бұл өлеңінің қайтадан, оның өзінде түзелген яки күзелген күйінде жарық көруін 38 жылға шегеріпті.

Есесіне, баспаға жіберілмес бұрын, алты ай бойына «қырағы көздердің» суыққабақ сүзгісінен, ерекше елегінен өткен «Мен – қазақпын» поэмасы алаш игілігіне айналды.

Бұл поэманың көркемдік кестесіне, суреткерлік стихиясы мен сарынына, тынысы кең, тегеуріні күшті сөз түйдектеріне үңілсек, Ілияс Жансүгіров сара соқпағын салған эпикалық дәстүрдің тақтайдай даңғылына табан тірегендікті көреміз.

Жұбан Молдағалиев: «Өз басым ең алғаш «Сұлушашты» (Сәбит Мұқановтың дастанын айтып отыр. – А.Ш.) жүрегіме қысқам, соған «түнегем», - дейді. Бірақ бұл шәкірттік шақтағы әуелгі әсерлерін, алғашқы адымдарын ғана аңғартады. Өйткені 1935 жылы оның қолына көк-жасыл

мұқабалы, сыртында «Күй» деген алтын түстес жазуы бар кітап іліккенде, дүние төңкеріліп түскендей күй кешеді. Ілияс өлеңдерінен құмарта, құныға сусындайды. «Сол ғажайып жырлар арқылы мен ақын бейнесін де көзіме елестеттім. Ол маған бір аңыз адамындай көрінді. Асқан жүйрік те, керемет күйші де, арқалы ақын да – қысқасы, бәз-бәрі «мен – Ілияс Жансүгіровпын» деп тұрғандай болды. «Шіркін, соның аруағына түнер ме еді!» деп те ойладым мен», - деп жазды Жұбан кейіннен.

Ендеше, қаламгерлік қолтаңбасын айқындағанда, оны Ілиястың «аруағына түнеген» ақын деген абзал.

«Мен – қазақтың» поэмасындағы ұдайы қайталанатын «мың өліп, мың тірілу» мотиві – қатпар-қабатында байырғы мифологиялық таным-түсінік жатқан, тіршіліктегі қайта түлеуді, қайта тыныстауды білдіретін поэтикалық пайым. Ақын оны қазақтың тарихы мен тағдырына тереңінен телігенде айырықша эмоционалдық, экспрессивтік қуат өріс ашқан.

Даңқты поэманың тұтас тінін, жұмыр желісін құраған ішкі иірімдер, кәнігі оралымдар Жұбан Молдағалиев шығармашылығының бүкіл өне бойында ширыға шашырап, жайыла жөңкіп жатқан тәрізденеді. Мысалы, кезендік-конъюнктуралық белгі-бедерлерден аршып алғанда (кеңестік поэзияны онсыз елестету де мүмкін емес), атамекенге аялы көзқарас, өмір өзгерістерін елдік тұрғыдан топшылау, баһадүрлік рухты барлау – оның өршіл, өжет жырларының өзекті өрімдері.

Тарих тағылымына жүгінсек, метрополия тарапынан тыйым салынған тұстарда да отарланушы ортада ұлттық ұғымдар тығыла-тасалана, өңін өзгерте күн кешіруін тоқтатпайды екен. Кеңестік кезеңдегі қазақ өлеңінде кіндік кескен өңірдің жиі көтермелене, көріктендіріле жырлануында сондай сыр бар. Әсіресе, XX ғасырдың 60-80 жылдар поэзиясында туған жер культі әбден тұрақ тепті.

Жұбан Молдағалиевтің жырнамасы да бұл үде-үрдістен тысқары тұрған жоқ.

«Туған жер» мен «Ана» тақырыптарын жиі жырлаған ақын шығармашылығында осы екі образдың бара-бара өзара кірігіп кетуінде бір заңдылық барлығы зайыр. Және оның туындыларындағы тарихи-мәдени архетип – «Жер-Ана» бағзыбейнесінің ілуде бір емес, ұдайы ұшырасып отыратындығы да – қаламгердің дүниетаным тұтастығының және саналы суреткерлік ұстанымының белгісі.

Мысалы, Жұбан «Жер мен әйел» атты философиялық пайымға толы өлеңінде: «Жер демекші, о да – Ару, ол да – Ана, Әйелге тең теңеу болса, сол ғана», – деп, сонау Адам Ата, Хауа Анадан бері қарайғы тіршіліктің құрсағы – Жердің сұлулық сипатын, жаратушылық күшін, жарылқағыш мінезін, тылсымдық құдіретін әйел затымен сегіз шумақ бойына салғастыра суреттейді. Өлеңнің: «Мен әйелге тәңірімдей табынам...» деген алғашқы тармағындағы тұжырымның тылсымын осындай қарым-қатынас арқылы ашады, яғни қорытынды қисынға саятыны: Әйел де – тәңірі, Жер де – тәңірі. Бұл туындыда ақын жиһандық Жер туралы толғанады ма, жоқ оның бір мүйісін ғана ишаралайды ма дейтін мәселе көмескі күйінде қалған. Әркім мұндай бейтараптықты өз қалауынша, өз қорытуынша саралап-салмақтап алады. Сөйтсек, ақынның пайымынша – «Қазақ та Жер-Ананың перзенті екен, Күні жоқ адамзаттан ала қонған». Басқа бір өлеңінде («Жер деп Көкше

жерін айт») ол жалпы мен жалқыны түйістіріп, семантикалық егіздеудің сырын перзенттік сезіммен ашықтан-ашық жайып салады:

*Мен үшін қазақ жерінің
Жаманы және жаты жоқ.
Мен үшін қазақ жерінің
Анадан өзге аты жоқ.*

Әлбетте, бұл – қарапайым ғана айтылған, бірақ шынайылыққа суарылған ширақ шумақ.

Ал енді Жұбанның «Таңырқаймын шындарына таулардың» атты шығармасының «Дала! Дала! Дала! – емсіз ғашығым» деген жолдарын оқығанда, ақынның алдыңғы өлеңдерімен таныс адамның санасын «Дала-Ару», «Дала-Ана» ұғымдарының отша шарпып өтетіні рас. Поэзия тарихынан ептеп хабардар жанның есіне Сәкен Сейфуллиннің «Ғашығым менің – бостандық» деген өлең тіркесі де лезде оралады; біздіңше, Жұбанның да мұны білмеуі мүмкін емес.

Ендеше, ақын Жерді бірде ғашық аруға, бірде ғазиз анаға теңестіру арқылы өзгеше көркемдік өрнек қана емес, сондай-ақ қазақ қауымының туған топыраққа деген сүйіспеншілік сезімін оятудың тартымды тәсілін де тапқан.

Сондай-ақ, ат жалы, түйе қомында өскен көшпелінің бел баласы Ұлы Даланың суреттерін сомдағанда ұлттық атрибуттардан ажырамайды.

Мысалы:

*...Қара айғырдың тарақ өтпес жалындай
Қою еді түндері оның тек бұрын.*

*...Түннің қара сақалының
Бозарғаниша таңда етегі.*

*...Қараны ақ, қасіретті шат көріп,
Бала күндер құйынға да шапты еріп.
Армандады тай жалынан ұстауды
Нажағайдың шыбыртқысын шап беріп.*

*...Ақша бұлттар
Қатпар-қатпар
Терге шомған жабудай.*

*...Қазақтың қамшыға ілген тымағындай
Сайқұдық басындағы жалғыз ағаш.*

Жиырманшы ғасырдың басында, әсіресе Алаш ағартушылығы кемеліне келген тұста сайын сахараны сипаттайтын «Сарыарқа» атауы Қазақ Елінің тұтастығын танытатын ұлттық символдардың біріне айналған болатын. Бұл байырқалы бейне Мәшһүр Жүсіп, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Нарманбет, Ілияс, т.б. ақындардың өлеңдерінде тиісінше таңбаланды.

Ал большевиктер билік басына келісімен, «Сарыарқа» сөзі жаңаша таразы-талқыға түсіп, мән-мағынасына ескіліктің кебі кигізілді. Оның орнын Сәбит Мұқановтың «Қызыл Арқа» өлеңіндегі бояу басты. Бертініректе, 1943 жылы Қасым Аманжолов соғысқа сапар шегіп бара жатып, «Сарыарқаға»

атты өлеңін жазғанда, бұл бірыңғай «ұлттық томаға-тұйықтықтың» белгісі ретінде бағаланды.

Міне, мұндай солақай сын, асыра айыптаулар заманында «Сарыарқа» сөзін шығармаға кірістіру ерлікті керексінер еді. Сондықтан Жұбан Молдағалиевтің сталиндік саясаттың сағы енді сына бастаған сәтте – 1956 жылы дүниеге келген «Алтын Арқа» өлеңіндегі:

*Сұлу ғой Арқа жері, Арқа таңы!
...Қазақта «сары» – алтынның түсі еді ғой,
Мүмкін сол туған шығар жақсы арманнан, –*

деген жолдар бұлыңғыр бұлт бауырынан үзіліп түскен сынық сәуледей жылы әсер қалдырады.

Шынтуайтында, Жұбанның «Алтын Арқа» өлеңі – тың игеру науқанынан туындаған «мемлекеттік заказдың» әдеби өнімі. Бірақ тарих, табиғат және туған ұлтының тағдырын ішкі сезімі арқылы тұтас түйсінген ақынның бұл шығармасында көзге шалынарлық екі тұс бар.

Өлеңнің лирикалық кейіпкері (яки автордың өзі) Сарыарқаның дән алқабын тамашалап тұрып, сүйгенінің – жан қалқасының шырқаған әніндей сұңқ етіп естілген әсем дауысқа жалт қарайды. Байқаса, бұл бір кезде Біржан салдың өзі сұңқылына ән қосқан дала аққуы екен. Құлашын жарқын жайған тың игеруші жастар оны көзге ілер емес. Өйткені «өз аққуы, өз әншісі» – өздерінде...

Аспан аруына аяныш білдірген ақын:

*Жүрсе де сол аспанда қанат қағып,
Сезгендей өзін бізден аласарақ, –*

дейді.

Жыр жүйесі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылғанын байкатады. Бұл – бір.

Екіншіден, өлеңде қазақтың шалы мен орыстың Иван қартының диалогы берілген. Қазақтың шалы аңқау, аңғырт, алданымпаз. Біздіңше, орыс қартын мінездейтін жолдар оның мына сөздері болса керек:

*– Кім егіп, одан нені тұлға қылды?
Білем тек осы арада тұғанымды.
Білем мен, – дейді Иван қарт дәнді нұсқап,
Байлыққа белден батып тұрғанымды!*

Әрине, мұндай «білгіштіктің», «байлыққа белден батушылықтың» астарында қандай құбылыстар жатқандығы оқырманның ойын қозғамай қоймайды. Ақынның лирикалық кейіпкері өзін әңгімені сырттай тыңдаушы етіп қалдыра отырып, тың көтеру кезіндегі күрмеуі көп бір көріністі қаз-қалпында суреттеген.

Сөйтіп, тың игеру науқанынан кейін поэзияға «қызыл» секілді, «алтын» эпитеті де мықтап енді /алтын дән, алтын аймақ, алтын күн, т.с.с./. «Сары» мен «алтынның» арасында түр-түс алшақтығы болмағандықтан, бұдан былай «Сарыарқа» деп те, «Алтын Арқа» деп те жыр жаза беру мүмкіндігі туды.

Қанды жорықта алдымен артиллерист, батарея комиссары, содан соң жауынгерлік газеттің тілшісі болған Жұбан Молдағалиевтің поэзиясында соғыс пен ерлік тақырыбы ойып орын алған. Оның «Жауынгер хаттарынан», «Кек соты», «Командир», «Туған елге», «Қан басқан қағаз», «Батыр туралы баллада», «Ән», «Солдат ұлы», т.б. өлеңдері майдандық лириканың үздік

үлгілерінің қорына кіреді. Олардың бәрінде өмір мен өлім тайталасқан шақтың шындығы боямасыз бейнеленуімен бірге, «Ер қабірі» деген өлеңіндегі:

*...Таянып тауға ілініп қала жаздап
тұрғандай,
Күн жай батты, жел соқты аздап.
Айнала күңгірттенді, жұлдыз туды,
Шырақтай бейіт үстінде жанған маздап, -*

деген секілді жанды суреттер де мол ұшырасады.

Шалғай шепте, от пен оқтың ортасында жүрсе де, акынның есі-дерті туған жеріне тартып тұрады. «Қазақтың ұлымын» деп Еуропада Мені сені көкірегіме қысып өткем», - дейді ол жеңіс жылы жазған «Менің халқым» атты өлеңінде.

Ал сол жаугер жұрттың арасында ежелден «батырдың жаны қаруында болады» деген таным-түсінік ірге тепкен ғой. Қаһармандықты қадір тұтқан Жұбан Молдағалиевтің қиялы мен қаламынан Орал қаласының мұражайында басына дулығасы, үстіне сауыты кигізілген күйінде көрмеге қойылған белгісіз батырдың сүйек-сүлдесін және жанына жантайтылған тотықты қылышын көзімен көргеннен кейін «Суырылмай қалған семсер туралы» атты өлең туыпты. Өзі өскен өңірдің «қойнына небір сыр көмген» бұл аруақты азаматының тілсіз тұңғық – қалдық-қаңқасына қарап тұрып, акын өзінің теңіз бетіндей толқыған көңіл-күйін біресе мұңлықтар – әке суретін іздеген жетімге, жан жарын жоқтаған жесірге, біресе бақытты бейбақ – ойда жоқ жерде жанарына жаңа жарық құйылған соқырға теңейді. Бірақ авторды бәрінен бетер мазалай беретіні – «оқыс үзілген өлең», «сүйе алмай қалған ерін», «қапыда қапқан өрем», «әттең деп өшкен өр үн» секілді, қапияда қынаптан толық суырылып үлгермей кілт тоқтаған семсердің жұмбақ жайы, былайша айтқанда, тылсым трагедиясы. Иә, ердің қазасы қайдан келді, оның қолындағы құдіретті қарудың бейқамдығы неден болды – бұлардың жауабы тек бір Аллаға аян; осындай белгісіздік, бейхабарлық өлеңнің әсерлік кернеуін әлдеқайда күшейткен. «Адыра қалсын қылыштар Орталай ғана суырылған!» деп өткенге өкпесін айтқан акын «көне құрыштың» келешегіне, өзі айтқандай, «сыймен, сезіммен», яғни сеніммен қарайды. Батыр бабалардың ақ жолын ұстану мен ұлықтаудан, әрине, «қит етсе – қолға қару ал» деген аламандық шықпайды; мұндай мәністің астарында ең алдымен көркем жырдың көмегімен отаншылдықты ояту, намысқойлықты насихаттау жатады.

*Енді мен оған ортақпын,
Атадан қалған алмас деп,
Опасыз бенен қорқақтың
Көріне семсер салмас деп! –*

деген төрт тармаққа өлеңнің түйін-тағылымын жинақтаған Жұбан өзінің ақындық тағдырын да аяғына дейін суырылмай қалған семсермен тұспалдайды («Ақырғы жырын айта алмай, «Қош» дей де алмай шабытқа, Семсердей сол бір майталман Қалам да түсер табытқа...»).

Ойланыңқырап қарасақ, жақша ішіндегі жолдардан ноқталы саясаттың нәтижесінде ақиқатты толық айтуға мүмкіндігі болмаған қаламгердің астарлы

наз-наласы білінеді. Оның қайсыбір өлендерінен жолығатын «Асан боп туып қажекең, Өлетін Асан қайғы боп», «Ыстықтан тоңдым дірілдеп, Салқыннан күйді ауызым», т.с.с. тосын тіркестер де – ақынның әлгі контекстегі кереғар көңіл-күйінің көріністері.

Мұқият көңіл бөлсеңіз, Жұбанның ағысы қою, арнасы қазыналы жырдариясынан тұщыны да, тұздыны да көптеп таба аласыз.

Біз бар болғаны оның «намысқа – қайрақ, жігерге – шақпақ» поэзиясының шет жағасын шолып шықтық.

В статье автор рассматривает творческую жизнь Ж. Молдагалиева, а также анализирует его поэзию в рамках современного научного требования.

In article the author considered Z.Moldagaliyev's creative life, and also discussed his poetry within the modern scientific requirement.

УДК 821.161.1:821

*Науанова К.М. – к.ф.н., доцент,
ЗКГУ им.М.Утемисова*

А.С. ПУШКИН: ЛИЧНОСТНОЕ ИЗМЕРЕНИЕ ИСТОРИИ

В своем послании Государю императору Александру Павловичу Самодержцу Всея России великий русский историк Н.М. Карамзин пишет: «История народа принадлежит Царю» [1]. В ответ на эту историко-философскую концепцию А.С. Пушкин выдвигает свою «История народа принадлежит поэту», в которой он претендует на свое собственное самостоятельное осмысление истории посредством литературы. С помощью художественных средств поэт делает серьезную попытку на научной основе понять те истоки исторических событий, которые обусловлены человеческой личностью. В его творчестве история получает человеческое измерение.

В истории Пушкина интересует личность, ее духовный мир, смысл ее деяний, причины ее возвышения и падения. В его произведениях предстают разноплановые и неординарные личности: легендарный вещий Олег, узурпатор Борис Годунов, самозванец и авантюрист Лжедмитрий, коварный предатель Мазепа, жестокий реформатор Петр, бунтовщик Емельян Пугачев. Пушкин размышляет об их судьбе и о том, как они повлияли на судьбу государства и народа, показывая личность в переломные моменты истории, в периоды великих событий и свершений на фоне глобального исторического процесса. В произведениях А.С. Пушкина мы видим неразрывность судьбы России и судьбы отдельной личности, вовлеченной в бурный поток истории, стремящейся либо к продвижению России, ее обновлению, либо к сохранению устаревших устоев.

Особое место в них занимает личность Петра I и его деяния. Отношение поэта к самодержавному царю было неоднозначным. Его интересует и манит мятежная натура Петра, не желающего жить по старинке, плыть по течению.

Для него Петр «целая всемирная история». Пушкин видит в нем движущую силу, пробудившую Россию от «азиатского сна», реформатора, поставившего Россию в один ряд с развитыми европейскими странами. Благодаря Петру «Россия вошла в Европу, как спущенный корабль, при стуке топора и при громе пушек. Предпринятые Петром войны были благотворны и плодотворны как для России, так и для человечества» [2, с. 386]. Пушкин рисует Петра неординарной, многогранной личностью, неутомимо трудившейся во имя России:

«То академик, то герой,
То мореплаватель, то плотник,
Он всеобъемлющей душой
На троне вечный был работник» [2, с. 386].

Никто из русских царей не сдал столько для России сколько Петр:

«Самодержавною рукой
Он смело сеял просвещение,
Не призрал страны родной
Он знал ее предназначенье» [2, с. 386].

Как сильная титаническая личность Петр вызывает восхищение, а его деяния и творения – гордость. Это чувство Пушкин передает во многих своих произведениях. А в поэме «Медный всадник» он соединяет свою любовь к Петербургу с противоречивым отношением к его основателю.

Поэма «Полтава» стала апофеозом признания заслуг Петра, его гения и способности творить историю по своей воле. В «Полтаве» Петр изображен в зените славы, дерзновенные реформы которого, утвердили могущество и величие новой России, выразившиеся в победе русских над шведами. Весь величественный облик Петра вызывает воодушевление солдат. Пушкин описывает его перед Полтавской битвой таким:

«Выходит Петр. Его глаза
Сияют. Лик его ужасен.
Движенья быстры. Он прекрасен.
Он весь как божия гроза.
Далече грянуло ура:
Полки увидели Петра
И он промчался пред полками,
Могуч и радостен, как бой» [3, с. 119].

Серьезное изучение архивов, открывших «материалы для характеристики не реформ, а личности Петра» раскрыло и другую сторону реальной личности великого реформатора. Во всех своих деяниях и реформах Петр выразил идею абсолютной самодержавной власти императора, ничем неограниченной, олицетворяющего собой все государство, отрицающего свободу: «Петр I не страшился народной свободы, неминуемого следствия просвещения, ибо доверял своему могуществу и презирал человечество, может быть, более, чем Наполеон» [5]. Этим словам А.С. Пушкина созвучно высказывание А. Герцена, который писал, что Петр I – самый полный тип эпохи или призванный к жизни гений, палач, для которого государство было все, а человек ничего. Из этого следуют такие черты его характера как деспотизм, самовластье и самодурство. В записках А.С. Пушкина о Петре часто встречаются такие высказывания как «указ, превосходящий тиранством

все прежние», «указ жестокий, тиранический», «указ жестокий, своенравственный, писанный кнутом» [5]. Пушкин отказывается от восхваления, идеализации Петра. Наиболее ярко это стремление реализовалось в «Медном всаднике». В памятнике Петру I наиболее полно выразилось пренебрежительное отношение к судьбе отдельной личности ради великой цели, высшего блага. В этом произведении ясно проявились две тенденции в осмыслении личности Петра. Во вступлении поэмы мы видим воплощение грандиозного замысла деспотического самодержца, построившего город, который

«Из тьмы лесов, из топи блат

Вознося пышно, годеливо», «назло надменному соседу»

[6,с.173].

Петроград стал символом не только величия России, но и символом власти Петра, которая повернула страну в новое русло, поставив ее «на дыбы». Олицетворением неукротимого деспотизма Петра, его бездушия по отношению к людям является Медный всадник, истукан на бронзовом коне. Он символ самовласти Петра:

Того, чем волей роковой

Под морем город основался...

Ужасен он в окресной мгле» [6,с.182].

И не только «назло надменному соседу» но и природе вопреки построен это величественный город. И потому даже царь не в силах обуздать эту природную стихию:

«С божией стихией

Царям не совладать» [6,с.177].

«Именно Петр возвел идею сильной государственности и абсолютной власти в высшую степень исторической добродетели, перед которой личные человеческие судьбы ничто. Они лишь строительный материал для гигантской машины управления империей» - так характеризует созданный А.С. Пушкиным личность Петра I Г. Волков [7].

Если преобразования, деяния Петра превратили Россию в сильное европейское государство, то царствование Бориса Годунова стало предтечей «смутного времени». Трагедия «Борис Годунов» начинается с диалога бояр Шуйского и Воротынского, в котором подчеркивается бесстыдное двуличие, лицемерие Бориса Годунова. Бояре приписывают Годунову убийство наследника престола царевича Дмитрия, и вместе с тем он бессовестно позволяет упрашивать себя занять царский трон.

«Борис не так-то робок !

Какая честь для нас, для всей Руси!

Вчерашний раб, татарин, зять Малюты,

Зять палача и сам в душе палач,

Возьмет венец и бармы Мономаха» [8, с.356].

Трагедия Бориса Годунова состоит в том, что он осознает бессмысленность своего царствования: Власть не дала ему душевного покоя, не принесла ему любви и уважения народа: «Шестой уж год я царствую спокойно» - говорит Борис Годунов, имея ввиду отсутствие в государстве заговоров, мятежей, войн, « но счастья нет в моей душе». Горечь испытывает царь оттого, что дочь его несчастна. Скорбь в душе его оттого, что умер сын.

Раскаяние наполняет его душу, потому, что

«Я ускорил Феодора кончину,
Я отравил свою сестру царицу,
Монахиню смиренную... Все я !
Ах! Чувствую: ничто не может нас
Среди мирских печалей успокоить» [8, с.370].

Совесть не дает его душе успокоения. Сам Борис Годунов признается: «Жалок тот, в ком совесть нечиста». И не найти ему покоя. А.С. Пушкин ставит вопрос о смысле власти, если она обрекает человека на одиночество, потерю близких. Эти чувства и переживания обесмысливают власть.

Не менее трагична судьба другой исторической личности, героя поэмы «Полтава», Мазепы. «Сильные характеры и глубокая трагическая тень, набросанная на все эти ужасы, вот что увлекло меня» [5] - признается Пушкин А.С., объясняя причины написания поэмы.

В первой песне поэмы Пушкин ярко и точно характеризует Мазепу как человека, который владеет искусством притворства на самом высоком уровне. Мазепа предстает в поэме личностью, которая удивительно легко использует интригу в достижении своих целей. Она знает каким образом обращаться с различными людьми.

«Но чем Мазепа злей,
Чем сердце в нем хитрей и ложней,
Тем с виду он неосторожней
И в обхождении простей»
«Как он умеет самовластно
Сердца привлечь и разгадать,
Умами править безопасно,
Чужие тайны разрешать !
С какой доверчивостью лживой,
Как добродушно на пирах,
Со старшими, старик болтливый,
Жалеет он о прошлых днях
Свободу славит с своевольным,
Поносит власти с недовольным,
С ожесточенным слезы льет,
С глупцом разумну речь ведет!» [4, с.94].

Поэт рисует Мазепу циником, которого отличает пренебрежительное отношение к судьбе Отечества, народа и отдельного человека:

«Что он не ведает святыни,
Что он не помнит благостыни,
Что он не любит ничего,
Что кровь готов он лить как воду,
Что презирает он свободу,
Что нет отчизны для него» [4, с.94].

Пушкин называет Мазепу «злодеем», «Иудой». Предательство Мазепы Пушкин объясняет его местью Петру за нанесенное оскорбление. «Мазепа, воспитанный в Европе в то время, как понятия о дворянской чести были на высшей степени силы, - Мазепа мог помнить долго обиду московского царя и отомстить ему при случае. В этой черте весь его характер, скрытый,

жестокий, постоянный» [13]. В поэме сам Мазепа объясняет это так:

«Я слово смелое сказал...
Царь, вспыхнув, чашу уронил
И за усы мои седые
Меня с угрозой ухватил.
Тогда, смерясь в бессильном гневе.
Отомстить себе я клятву дал...
Срок настал» [4, с.95].

Мстительность украинского гетмана не знает предела. Он мстит Петру, казнив своего друга Кочубея, отца любимой, одного из преданных подданных царя. Другой чертой его характера были честолюбие и тщеславие, подтолкнувшие его к измене России, а именно желание самому безраздельно править Украиной. Поэтому он прибегает к помощи шведского короля Карла XII и польского короля Станислава. Здесь проявляется политическая наивность Мазепы, непонимание того, что давние враги России используют Мазепу в качестве орудия борьбы с ней. А потому Украине не быть независимым государством, даже если бы эта борьба увенчалась успехом. В своих действиях Мазепа руководствуется не объективными историческими потребностями народа, а своими собственными честолюбивыми целями.

А.С. Пушкин неоднократно пишет о лицемерии и лживости Мазепы, проявляющиеся во всем. Петру, московскому царю, уличившего его, по доносу Кочубея, в стремлении перейти на сторону врагов России, Мазепа представляется:

«... в горести притворной,
К царю возносит глас покорный.
И знает бог, и видит свет:
Он, бедный гетман, двадцать лет
Царю служил душою верной...
Ему ль теперь у двери гроба
Начать учение измен
И потемнять благую славу?» [4, с.99].

Ф между тем, Мазепа со своими единомышленниками плетет сеть предательства:

«Измену ценят меж собой...
Торгуют царской головой,
Торгуют клятвами вассалов...
Повсюду тайно сеют яд» [4, с.98].

И между тем Марии он клянется в том, что любовь к ней превыше всего:

«Мария, верь: тебя люблю
Я больше славы, больше власти» [4, с.102].

В поэме личность Мазепы выступает сложной и противоречивой, трагичной. Пушкин постоянно обращает внимание, что предательство, коварство не дают покоя Мазепе:

«Мазепа мрачен. Ум его
Смущен жестокими мечтами» [4, с.101].

В поэме показаны угрызения совести, которые испытывает Мазепа

накануне казни Кочубея:

«Все, что цены себе не знает,
Все, все, чем жизнь мила бывает,
Бедняжка принесла мне в дар,
Мне, старцу мрачному, - и что же ?
Какой готовлю ей удар !» [4, с.109].

Однако, эти переживания обусловлены не тем, что на алтарь тщеславия положена жизнь человека, а тем, как отнесется Мария к казни отца любимым человеком Трагедия Мазепы состоит не только в бессмысленности предательства, но и в ошибочности расчетов. Пушкин показывает раскаяние Мазепы, вытекающее из понимания неосуществимости его цели и стремления.

«Поторопились мы некстати:
Расчет и дерзкий, и плохой,
И в нем не будет благодати
Пропала, видно, цель моя.
Что делать? Дал я промах важный» [4, с.117].

Трагедия Мазепы состоит также и в том, что в своей борьбе против Петра Великого он совершил ошибку, делая ставку в своих стремлениях на шведского короля, о котором в поэме говорится:

«Он слеп, упрям, нетерпелив,
И легкомысленен и кичлив...
Он силы новые врага
Успехом прошлым только мерит...
Стыжусь: воинственным бродягой
Увлёкся я на старость лет» [4, с.117].

Здесь Мазепа сравнивает себя с девой робкой, способной увлечься в ослеплении воинственной бесплодной отвагой короля – героя.

В завершении поэмы А.С. Пушкин дает ответ на вопрос: в чем состоит смысл деятельности исторических личностей

«Прошло сто лет и что ж осталась
От сильных, гордых сих мужей,
Столь полных волею страстей ?
Их поколение миновалось-
И с ним исчез кровавый след
Усилий, бедствий и побед» [4, с.125].

Список использованной литературы:

1. Карамзин Н.М. *История государства Российского т.1.*, М., 1936, с.17
2. Пушкин А.С. *Стансы Соч. В 3-х т. Т.1.* с. 386, М., 1985
3. Пушкин А.С. *Медный всадник. Соч. В 3-х т., т.2.*, с.173, М., 1985
4. Пушкин А.С. *Полтава. Соч В 3-х т., Т.2*, с.119, М., 1985
5. Пушкин А.С. *Заметки о русской истории 18 в. Соч В 3-х т., Т.3*, с. 487, М., 1985
6. Пушкин А.С. *Медный всадник. Соч. В 3-х т., Т.2.*, с.173, М., 1985
7. Г. Волков. *Мир Пушкина* М., 1989, с.141
8. Пушкин А.С. *Борис Годунов Соч. В 3-х т., Т.2.*, с.356, М., 1985
9. Пушкин А.С. *Опровержение на критики. Соч. В 3-х т., Т.2.*, с.482, М., 1985

Мақалада автор ұлы орыс ақынының тарихтағы тұлғаның көзқарасы мен рөлін қарастырады. А.С. Пушкин тарихты тұлғаның мақсаты мен ұмтылысы және күштілігінің барысында пайда болғандығын көрсетеді. Өзінің шығармаларында тұлғаның трагедиясына тарихи оқиғалардағы жағымды және жағымсыз ықпалын көрсетеді.

The author looks the opinion of great Russian poet as the person and its role in the history. Pushkin shows history as phenomena of aims of falantend, strong, energy man. He describes the man's possessive and negative affection on the historical events movement in his novels.

УДК 82-1:821.512.122

*Мүтиев З. - ф.ғ.к., доцент,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ*

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ДАМУ СИПАТЫН АНЫҚТАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Поэзия – көркем әдебиеттің сұлу да әсем әшекейлі жанры. Лирикалық поэзия – адам санасының түрлі иірімдерінің барша құпиясын, күллі, тілсіз, яки айтуға тіл жетпейтін құбылыстарын жеткізетін өнер түрі. Лирикалық поэзияның арнасы (туу, жетілу, өсу, гүлдену, кемеліне келу сияқты үдерістері) кең, тіні тереңде, тамыры тарам-тарам. Аты, заты белгісіз ықылым замандардан бері халықпен (қазақпен) бірге жасасып келе жатқан лириканы (өлең-жанрды) шартты түрде ауыз әдебиетінің бас жауынгер жанры ретінде алға тартамыз, яки лирика тарихы фольклордан бастау алады екен.

Адамзат өркениетке ұмтылып, санасы дамып, қағаз бен қалам алып ғылымға, өнерге бас қойғанда Аристотель, Әбу Нәсір әл-Фараби өлең өнері яғни лирика хақында алғашқы ой-пайымдарын айтты. Сөйтіп, «Поэтика», «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» дүниеге келді.

Ұлт өлеңінің ғылыми негізде қарастырылуын Шоқан Уәлиханов есімімен байланыстыра тұра, XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласын шарлаған саяхатшы-зерттеушілер Н.П.Рычков, П.С.Паллас, А.И.Левшин зерттеулерінде, сәл кейінірек В.В.Радлов, А.В.Васильев, Я.Я.Лютин, А.Е.Алекторов және басқалардың еңбектерінде тіл мен әдебиеттің (өлең-сөздің) мәселесі батыл қозғалғаны бүгінде баршаға аян. Әсіресе В.В.Радловтың «қазақ ауыз әдебиеті туралы, оның ішінде қазақ поэзиясы туралы алғашқылардың бірі болып, байсалды ғылыми пікірлер айтқанын» [1, 20-б.] ауыз әдебиеті мұрасын зерттеп, жинаушы жидашы ғалым А.Сейдімбеков өз еңбегінде атап өтеді.

Жаңа заманға бет бұра мәдени өмірдің сәулесі шуағын мол төге бастаған кезеңде Шоқан салған ізбенен Ы.Алтынсарин, Г.Н.Потанин, Ө.Диваев еңбектерінде қазақтың өлең-жырының табиғатына алаң көңілмен ден қоя бастаған бірлі-жарымды көзқарас пайымдар туа бастады. Қазақ өлеңінің ғылыми түрде толыққанды зерттелуі нысана көзіне ілінді. Ө.Марғұлан, Б.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.С.Сильченко, Е.Ысмайылов,

М.Қаратаев, С.Қирабаев, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, М.Дүйсенов, Б.Уақатов, З.Ахметов, А.Сейдімбеков, Р.Нұрғали, М.Мағауин, Қ.Өмірәлиев, К.Сейдаханов, С.Негимов және басқалардың зерттеулерінде өлең-сөздің келелі мәселелері тұщымды сипат тапты. Қазақ лирикасының көрнекті өкілдерінің белгілі тұлғаларының шығармашылығын жеке дара алып қарастырылуы, зерттеу нысанына алынған өлең-сөз өкілінің бітім-болмысына тереңдеу барып, тұтас қопара, індетте тексеру әдіс-тәсілдері XX ғасырдың алғашқы ширегінен басталып бүгінге дейін дәстүр жалғастығын табуда.

Мысалы, Абай (М.Әуезов, С. Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, М.Мырзахметов, Ж.Ысмағұлов т.б.), Сәкен (С.Қирабаев, Е.Ысмайылов, Т.Кәкішев т.б.), Жамбыл (Н.Төрекұлов, Б.Кенжебаев, М.Жолдасбеков, С.Садырбаев т.б.), Ілияс (М.Қаратаев, М.Дүйсенов, Т.Әбдірахманова т.б.), Бейімбет (Қ.Жармағамбетов, Т.Нұртазин, Б.Наурызбаев, С.Ордалиев т.б.) Сұлтанмахмұт (Б.Кенжебаев, А.Дүйсенбаев, А.Еспенбетов, т.б.), Махамбет (Қ.Жұмалиев, Х.Досмұхамбетұлы, Б.Аманшин т.б.), Сәбит (Т.Нұртазин, М.Хасенов, С.Мақырұлы, Қ.Ергөбек т.б.).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ қауымына қайта оралған ақын арыстарымыздың мұраларын басы-бүтін зерттеу қолға алына бастады. Мәселен, Шәкәрімнің (М.Мағауин, Ш.Сәтпаева, Б.Әбдіғазизұлы, С.Ізтілеуова т.б.), Мағжанның (Ш.Елеуенов, М.Базарбаев, Б.Қанарбаева т.б.), Міржақыптың (М.Әбсәмет, Ж.Ысмағұлов т.б.), Ахметтің (Р.Нұрғали, Ө.Әбдиманов т.б.) шығармашылық өрістеріне терең барлау жүргізілді.

Қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбалары қалған Қ.Аманжолов, Ө.Тәжібаев, Ж.Саин, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Ө.Сәрсенбаев, Ғ.Орманов, Б.Бекхожин, А.Тоқмағамбетов, Ө.Тұрманжанов, сондай-ақ сол дәуірдің басқа да ақындарының шығармашылық табыстарына толымды талдаулар жүргізіліп, кандидаттық диссертациялар қорғалды, монографиялық зерттеулер жарияланды.

Халықтық поэзия мен жазба әдебиетті тел емген И.Байзақов, Н.Байғанин, О.Шораяқов, К.Әзірбаев, К.Баймағамбетов т.б. ақындар шығармашылығынан ғылыми дәрежелер қорғала бастады.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында өмір сүріп, демократтық-ағартушылық, діни-кітаби делінетін стиль бағытын ұстанған С.Көбеев, С.Дөңентаев, Ғ.Қараш, М.Сералин, Ш.Жәңгіров, Ақмолла ақын, М.Жүсіп Көпеев, Көкбай, Б.Күлеев, Т.Ізтілеуов, Т.Жомартбаев т.б. ақындар шығармашылығы арнайы зерттеу көзіне айналды.

Тәуелсіздік тұғырымен тізе түйістіре келген үлкен жаңалықтың бірі - «Зар заман» ақындарының мұрасын қайта қарап, жинақтау мәселесі өзектілік танытса, соның жарқын дәлелі ретінде Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулат, Шашубай, Ж.Ешниязұлы т.б. шығармашылықтары арнайы зерттеу нысанына алынды.

Қазақ әдебиетінің, оның поэзиясының шарықтау кезеңі XX ғ. 60-90 жылдар еншісін иеленгені белгілі. Ренессанс дәуіріне баланған жылдардың белгілі көрнекті өкілдері М.Мақатаев, Қ.Мырза Әлі, Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, Ж.Нәжімеденов, М.Шаханов, М.Айтхожина, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, С.Жиенбаев, І.Мәмбетов, Б.Ысқақов, Т.Медетбеков, Ж.Жақыпбаев, Ж.Әбдірашев, К.Мырзабеков және басқалардың поэзиясын

тексеру және олардың ақындық болмысын анықтау мәселелері әдебиеттанудың соңғы он-жиырма жылдың еншісіне тиеселі рухани-ғылыми ізденістер болып табылады.

Қазақ лирикасының өзекті мәселелері өз кезеңінде идеологиялық бағытпен шығарылған «Уақыт және қаламгер» (1973-1990 ж.ж.), «Сөзстан» (1980-1987 ж.ж.) жинақтарында сыни әрі ғылыми әдіспен қарастырылды.

Бұл аталған жинақтарда өлең-сөздің жай-күйін (жетімді және жетімсіз мәселелерін, толымды және толымсыз тұстарын) қарастырған зерттеушілер С.Қирабаев, Ә.Тәжібаев, З.Ахметов, М.Қаратаев, Ә.Жәмішев, С.Әшімбаев, Ж.Әбдірашев, Қ.Ергөбеков, З.Серікқалиев, Ә.Бөпежанова, У.Қалижанов, Б.Сарбалаев, С.Дәуітов, А.Егеубаев, Ө.Күмісбаев, Ж.Дәдебаев және басқалардың зерттеу мақалалары жарияланып, ұлт лирикасының заманауи тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұматтар беріліп отырды. Тарих қатпарында қалған ол еңбектердің өз кезінде жас талапкер-ақындардың өлеңді өнер деп тануына үлкен әдістемелік көмегі болғаны даусыз шындық.

Қазақ лирикасының тек түрінде дамуының өзіндік ерекшеліктерін, өнер ретіндегі, яки «сымбаты бөлек сырлы сөз» боп ерекшеленетінін пайымдаған зерттеулердің бірі ретінде Асқар Егеубаевтың «Сөз жүйесі» (1985) кітабын атап өткен жөн. «Расында да, лирика деген дәйекті түсініктің өзіне нақ жанрдың басты белгілері сыршылдықпен сезімталдық аңғарылып тұрған жоқ па? Ол сыршылдық пен сезімнің азаматтық мұраттар деңгейіне көтерілуі өз адына көркемдік-эстетикалық проблема» [2, 93-б.] деп ұғындырады зерттеуші лирика хақындағы көзқарастарында.

«Сын мұраты» (1974) «Талантқа тағзым» (1982), «Парасатқа құштарлық» (1985) т.б. сын-зерттеулердің авторы Сағат Әшімбаев «Өлең – сөздің өрнегі» мақаласында: «Өлең әдебиеттің көне жанры ғана емес, көлденең көк атты кимелей алмайтын көш бастаушы көсем жанры. Мәселен, проза әдебиеттің еркін әрі етек-жеңі кең формасы болса, өлең қиюы бөлек қиын саласы» [3, 164-б.] деп аталған жанрға әділ бағасын береді.

Ақындық тұлғаның қалыптасу әдебі тек бүгінгі поэзияның ғана емес, халық ақындары шығармашылығымен тығыз байланыста екенін М.Дүйсенов бастаған ғалымдар да өз зерттеулерінде атап өтеді: «Ақын дүниені эстетикалық-көркемдік тұрғыдан қабылдап, сана-сезімнің, ой-түйсіктің, қиял-шабыттың арқасында көрген-білгенін поэзиялық суретке көшіреді. Көркем сурет - поэзиялық бейнелеу ақындық тіл арқылы туып, тіршілік етеді» [4, 111 б.] дейді зерттеушілер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбеков А. *Мың бір маржан. Алматы: Өнер, 1989. -256 б.*
2. Егеубаев А. *Сөз жүйесі. Алматы: Жазушы, 1985. -271 б.*
3. Әшімбаев С. *Екі томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Астана: Елорда, 2006. -392б.*
4. Дүйсенов М., Сейдаханов К., Негимов С. *Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты, Алматы: Ғылым, 1982. -192 б.*

В статье автор, исследуя научные труды национальной литературы, указывает на его влияние в развитии казахской лирики..

The article is about the development of Kazakh lyric poetry. The author investigates the scientific proceedings of the outstanding scholars of national literature.

УДК 82.09-821.512.122

Сұлтанғалиева Р.Б. - ф.э.к., қауымдастырылған профессор,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

ОРАЛХАН БӨКЕЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ ЖӘНЕ МИФТІК САНАНЫҢ КӨРІНІСІ

Оралхан Бөкей туындыларынан белгілі-бір сюжетке құрылған тұтастықтан, оқиғаның сан-сапырылысқа толы сюжеттік желіден гөрі кейіпкердің ішкі монологқа толы толғанысы арқылы суреткердің бағытын анық көруге болады. Қаламгер көп жағдайда диалогтан гөрі монологты қолданады. Автордың ойы кейіпкердің ойымен біте қайнасқан шығармасының бірі «Қайдасың, қасқа құлыным» повесі. Аталған повесте оқиға бала Оралдың атынан баяндалады. Сол Оралдың адам, табиғат, адам бойындағы адами қасиеттер, адамгершілік деген мәселелерге өзіндік көзқарасы мен дүниетанымы авторлық ұстанымға сай суреттеледі. Шығармада кейіпкердің ойы ішкі монологпен берілген. Сонымен бірге Орал кейде барлық билікті қолына алған әкесі Бөкешке де кеңшілік жасап, ішкі монологына да ерік беріп қояды. Ішкі ой кезектесіп беріліп отырады. Оралдың ойында туған жерге деген махаббаты, сүйіспеншілігі басым тұрса, ал әкесінің ойында өз өмірін, жастық шақтың қызықтарын еске алып, баласы Оралға сол өткен кезеңді әңгімелеу арқылы тәрбие беруді мақсат тұтқанын аңғару қиын емес.

Ішкі монолог автордың мақсатына сай жүзеге асырылады және санадағы іс-әрекет үнемі бақылауға алынады. Демек кейіпкер арқылы да автор тұлғасы байқалып отырады. Шығармада екі түрлі сана, екі түрлі әлемді қабылдау жүйесі, екі кезең ұрпағы танылғанмен, олар үнемі автордың бақылауында.

Шығармада Сарқынды шалдың жарық дүниені қимаса да, жылап тұрмаған тұсын автор монолог арқылы шебер суреттеген.

Шал: „Бұған дейін баз кешкен ғұмырым, құдай-ау, шынымен-ақ, көрген түстей, алыстан бұлдырайтын сағымдай алдамы мол өткінші дүние ме едің. Жарық әлеммен актық рет қоштасар сәтімде көз алдыма бір рет елестетіп, суыған жүректі жылытар көрген жақсылығым кәне? Қайғы қажаған өмірімнің ең соңғы түнін күнәмнан арылуға арнасам етті. Кешермісің, өз қолыммен жөнелткен Таңатар, кешермісіңдер, арманда кеткен адамдар, кеш, жас шарана жас құлын, кеш, кейінгі ұрпақ, кеш!“ - деп еді [1, 191 б].

Бұл Сарқынды шалдың өлер тұсындағы жан айқайы. Дүниедегі ең қорқынышты да қорлық нәрсе адамды тірідей жерлеу екені айқын. Сарқынды шалды арнайы қазылған шұңқырға түсіргенде, ешқандай дыбыссыз аспанға көз тіккен адамды суреттейді. Әкесі мен Қаршығаға қабірге түскен шал сыбызғы мен домбырасын қоса жерлеткізеді. Шалдың болса қойнындағы пышағын сыртқа қарай лақтырып, сол қалпымен мәңгі келмеске соншалық

ғажап өліммен сапар шеккенінің Қаршыға куәсі болады. Сары аяқ төрт көз иттің жас қабірге қарап қыңсылап, иесін жоқтайды. Бұл да қазақы болмыстың көрінісі. Повестің соңында әкесінің боз биесінен қара қасқа құлын туады. Бірақ жануар өз тумасынан өзі жеріп, тарпып өлтіргені Қаршығадан келген хатпен баяндалады.

«Қайдасың, қасқа құлынымнан» кейін жарық көрген «Елең-алаң» повесіндегі Зарлық Оралдың жалғасындай. Өз ортасына, айналасындағы адамдарға ойлана көз жіберетін Зарлық – адал, әділ, тазалықтан арылмаған жас, жас та болса ол жан-жағына сын көзбен қараудан жалықпайды. Өмірдің қиыншылығын жастайынан көрген Зарлық жамандық пен жақсылық, адалдық пен арамдық деген мәселелерді ерте айырады. Шығармада әділетсіздіктің көрінісі Зарлықтың мектептен шығып қалуы, мұғалім Бөстекбаевтың білімсіздігін бетіне басқандағы арқылы көрінеді. Зарлық Бөстекбаевтың көрсеткен әділетсіздігіне төзе алмайды. Жастайынан қолынан кітап түспейтін Зарлық өмірдегі күреске әлсіздік танытады. Ол рухани күйзеліске ұшырайды, бірақ жақсылық пен жамандық жайлы ойлаудан жалықпайды. Іштен тынған ой мен қайғыдан ол айықпас дертке ұшырайды.

Осы Зарлық арқылы да Оралхан кейіпкерлерінің қызық тағдырлы, жалғыздікті, қиялшыл болып келетінін байқауға болады. Оның атының өзі анықтап тұрғандай, Зарлықтың аз ғана ғұмырының өзі зарға-мұңға толы. Шығармада Зарлықтың бойындағы тек өзіне ғана тән ерекшеліктерін де көру қиын емес. Мысалы, ол бала боп көп ойнамайды. Әлімжеттік жасаған жандарға қаны қас, оңаша өскен Зарлықтың бір оңаша қылығындай. Әділетсіздікке төтеп беріп, оңаша күй кешеді. Жалғыздықпен өмір сүреді. Оның жалғыздықтағы жалғыз серігі – ой болуы заңды да. Оның ойына әділетсіздік туралы ойласа, есіне Бөстекбаев түседі. Тазалық, адалдық деген үлкен мәселелер Зарлықтың ойынан кетпейді. Сондықтан ол өзі өмір сүріп отырған ортасынан түңіліп, әділдіктің, адалдықтың жолын іздеуге қалаға барады. Бірақ Зарлықпен бірге айықпас дерт, мұң, қайғылы саз қалады. Автордың айтайын деп отырғаны да тағдырдың, өкініштің өзекті өртеп мұңға айналуы. Оны автор Зарлық арқылы жеткізеді.

1975 жылы жарық көрген «Мұзтау» повесіндегі Ақтан да Зарлық кешкен үйді басынан өткізеді. Тау бөктеріндегі Аршалы ауылы бұрын мыңдаған түтіні бар үлкен ауыл болған. Алайда, қайсібір жылы «қсақ ауылдарды біріктіріп, орталық құрамыз» дегенде бүкіл ауыл тайлы-таяғымен екі-ақ күнде көшіп кеткенде Ақтан ғана «Аршалыға» қорықшы болып қалады. Бір ауылда мылқау шешесі екеуі ғана қалады. Ақтанның жалғыздыққа баққан тірлігі осыдан басталады. Қасында не жары, не сырлас досы жоқ, не әңгімелесетін шешесінің тілі жоқ. Жападан жалғыз қалған Ақтанның осындай тіршілік кешуі заңды да. Оның тау мен таспен тілдеспегеннен басқа амалы қалмағаны анық. Өз бетімен өзіндік ісін істеп жүре берсе, малдан айырмашылығы болмас еді. Ақтанның рухани дертке ұшырауы осыдан басталады. Ақтан бар шерін тау мен тасқа ақтарады. Ақтанның жарылқаушысы да, жанашыры да – табиғат. Табиғат күлсе, күледі, жаңбыр жауса көңілі бірге жылайды, қабырғасы қайысады. Бұдан Ақтанның табиғатпен тұтасып кететіндігін анық байқауға болады.

Қаламгердің қай шығармасын алып қарасақ та ішкі монолог, ой, сезім құбылыстарына, табиғаттың адамдарға әсеріне толы. Жазушы шеберлігінің

бір қырын Ақтанның күнделікті тіршілігін табиғаттың құбылыстарымен нанымды суреттей алғандығынан көруге болады. Ақтанның үнемі ұшы-қыры жоқ қиял, ой үстінде жүретіндігін, рухани үмітті талап ететіндей бір қажеттілігін автор үнемі байқатып отырады. Дүниеде ең қиын нәрсе сөйлесіп, шер тарқатар, ой бөлісер адамның жоқтығы болса, осыны Ақтан да өз басынан кешіреді. Ақтанның күндегі тіршіліктегі ой қуу, әкесі туралы ойлау, осының барлығы Ақтанның ішкі монологына, жалғызсырауына әкеліп соғады. Ақтан қанша жерден сезімтал, ойшыл, қиялшыл болғанына қарамастан, ақыры өзінің адамдық қасиетін жоғары ұстап, тәкаппар түрде күресе білгендігімен ерекшеленді.

1978 жылы жарық көрген «Ән салады шағылдар» атты жинағына үш повесть жинақталған. Олар «Қар қызы», «Мынау аппақ дүние», «Құм мінезі». Оларда ортақ идея. Онда да қаламгерге ең жақын жақын құндылық – тазалық, адалдық, адамгершілік суреттеледі. Бұл шығармаларда тек Оралхан Бөкейге ғана тән жырлай алатын лирикалық толғау, романтикалық сарын барын байқау қиын емес.

Сыншы Е. Әмірхан: «Жазушы шығармашылығындағы «Қар қызы», «Жетім бота» т.б. моральдық-эстетикалық символдар – адам жанынан «цивилизацияны» сығып тастаған сұлулық», - деп бағалаған. Бұл шығармаларында да ары таза, жаны жомарт кейіпкерлермен жүздесесің. Олар арқылы күнделікті күйбең тіршілік күйбеңімен жүріп табиғат пен адамның бөле жаруға болмайтын тұтастығын, шын сұлулықтың сырын бар болмысыңмен ұғына аласың. „Оралхн „Қар қызында“ өз кейіпкерлерінің – замандастарының көзсіз ерлігінің, табандылығының, мінез-құлықтарының әр алуан әрі тұлғаларының тұтастығының қайнар көзін соншалықты нәзік, жүрек қылын шертер сезімталдықпен баяндап береді. Ол осылайша өз кейіпкерлерінің тағдыры арқылы бүгінгі алмағайып замандағы жастардың орны мен қам-қарекетінің жалпыадамзаттық мән-маңызын ашып көрсетеді“ [2, 199 б] деп Қуанышбай Құрманғали „Жасын ғұмыр жазушы“ атты естелігінде туынды туралы құнды пікір айтқан.

Осындай ертегіге белгісіз жұмбақ оқиғаларға сендіру үшін шеберлік талап етілері даусыз. «Атаукере» повесінде суреткер терең философиялық тұжырымдарын оқырман көңіліне жеткізу үшін адамдар өмірін қатар суреттеп бейнелейді. Автор повесті «Атаукере» немесе «Қауіпті будан» деп атаған. Жазушы адамдар мен аралар өмірінің ұқсастығына назар аудартады.

Бөкеевтің кейіпкерлері – жан дүниелері бай, рухани биік, бостандық сүйгіш, арманшыл, қиялшыл адамдар. Оларды бір-бірімен жалғастыратын ортақ қасиет – қиын-қыстау жағдай туса да, жаны мен арының ақтығын сақтап, адамдық қасиетін жоғалтпауы, рухтың берік болуы. Оларды толғандыратын ортақ ойлар – адам болмысының құпиялылығы мен жұмбақтығы, рухтың мәңгілік мәселелері және рухани құндылықтар.

Оралхан шығармалары романтикалық прозаның да үздік үлгісін көрсете білді.

Оралханның философиялық ойларының терең іздері жануарлар жайлы шығармаларында таныла түседі. Әлемде тұнып тұрған экологиялық апат, адамдардың ашкөздігінің құрбанына айналған дала еркелері мен тұрмысымыздан алшақтап, өгейлене бастаған үй жануарының бүгінгі халі

«Кербұғы» мен «Бурада» көркем баяндалады.

«Кербұғы» – бұл өмірдің өткінші, алдамшы екенін, топ бастаған серкелік те, бойда күшің, қажыр-қайратың барда еркелік те, билік те, байлық та қолдың кірі секілді тұрақсыз екеніне меңзейді. Дүние-кезек дегенді өмір заңдылығында барлығымен дәлелдейді. Кербұғы үшін өмірде адамнан асқан қатыгез, қаскөй жоқ. Тау етегінде мамыражай тірлік кешкен ата-баба ұрпағын қыспаққа қамап, табиғат берген ерекше сұлулығынан айыратын да сол тойымсыз адамдар. Әбден жанымен арпалысқан Кербұғыға Жасбұғымен ақтық айқаста алапат күш берген де адамдарға деген ұзақ уақыт бойы жиналған кегі, ашу-ызасы, өшпейтін өшпенділік еді. «Еркіндіктің ерке желімен жарысып, ой мен қырдың ара-жігін ажыратпай, бұла боп өскен бұғы дәл қазір өмірдегі жамандық пен жақсылықтың уланған бастауынан дәм татты. Дәм татқызған – Адам! Тағдырдың бар талқысын жазмыштан ғана көретін аңқау көңіл, ақымақ хайуан бар билік, бар байлық, бар еркіндік тек адамдарда деп білді. Рас, Кербұғы екі аяқтыларды шексіз сүйетін, бірақ кейде, өз махаббатынан өзі шошынушы еді, бақса пенде дегенің қатыгез әрі ашқарақ, қанағатсыз екен-ау. Жек көрудің ең сұмдығын адамдардың өзі туғызды... Қиянат!» [3, 13 б]. Бұл Кербұғы басындағы аянышты халді суреттеген автордың баяндауы. Жасбұғымен айқаста жеңілгенмен, Кербұғы ақшағыл арман – Ақшоқыға аттанады. Еркіндігін аңсаған Кербұғы қоршаудан босап, тіпті өлмегендігін, еркіндік алан бұғылардың тек қана о дүниеде екендігі автор атынан баяндалады. Шығарма түйіні де осы.

Қаламгердің «Қамшыгер» – халық тарихының бір қырын, бір үзік оқиғасын суреттеген әңгімесі. Бұл әңгіме ел санасынан өшіп бара жатқан дәстүрді тірілтен. Қаламгер Садақбайдың ауыр тағдырын, жапан далада өмір кешкен жалғыздығын, өзін мерт еткен барымта сапарын суреттеу арқылы көзге елестетеді. Жарық дүниедегі адамдардың психологиясы, қаһарманның қайтар жолда құз басынан құлауы, өмірінің соңғы сәттеріндегі бой жазу әрекеттері анық көрсетіледі.

Шариғаттың заңын бұзып, Садақбайдың қамшысын ахиретке өзімен бірге ала кетуінде символдық, астарлы мән жатыр. Соңында қамшыгер ғана өлген жоқ, дәстүр де өлді дегенге меңзейді. Сонымен бірге осы әңгімесі арқылы жазушы адам өмірінің кезеңдерін ұтымды символикалық мәнмен бергендігін анық байқауға болады. Мұндай жазушылық шеберлік – тек Оралхан Бөкей қаламына ғана тән құбылыс. Сонымен бірге қамшыны өзімен бірге ахиретке әкетуі де бір философиялық жүк көтеріп тұрғандай. Бұл – дәстүрдің жойылып, дәстүрдің өліп бара жатқанын меңзейді. «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Сарқынды шалдың домбырасы мен сыбызғысын да бірге жерлеткен көрініс, «Қамшыгерде» қамшыны ахиретке бірге әкеттіреді. Яғни қамшыны ұстайтын Садақбайдың артында ұрпақ та жоқ екенін аңғартады.

«Қар қызы», «Қамшыгер», «Бура», «Кербұғы» сынды шығармаларында автор сол қоғамға, өмір сүрген ортаға деген ішкі наразылығын астарлы оймен, көркем суреттеулермен, символикалық бейнелеулерімен нақ жеткізе алды. Жазушы шығармаларындағы көріністер арқылы бүгінгіден сабақ аларлық қаншалықты астарлы ой, терең пәлсапалық топшылаушылар түюге мүмкіндік туғызары анық. Бұл – жазушының ізденіс жолдарындағы қол жеткізген ірі жетістігі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдасын, қасқа құлыным. Кітапта: О. Бөкей. Кербұғы. Алматы. Атамұра, 2003.134-194 бб.
2. Қ. Құрманғали. Жасын ғұмыр жазушы. Кітапта: О. Бөкей. Кербұғы. Алматы. Атамұра, 2003. 194-201 бб.
3. Кербұғы. Кітапта: О. Бөкей. Кербұғы. Алматы. Атамұра, 2003. 6-19 бб.
4. Г. Піралиева. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. Алматы, 2007.

В статье рассматривается психологизм как раскрытие внутреннего мира персонажа и интерпретации мифологического сознания в прозе Оралхана Бокея.

The article describes the psychologism, as discovering the inner world of the personage and interpretation of mythological awareness in the proeses of Oralkhan Bokey.

УДК 82-1(574)

*Тұрғаналиева Г. - магистр, оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

**Қ. АМАНЖОЛОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ
КОММУНИКАТИВТІК-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Қоғамдағы әлеуметтік сипаты басым қарым-қатынас жасау құралы болып табылатын тілдің негізгі элементі – сөз. Сөз белгілі бір ойды білдіріп, нақты бір ұғымдарға атау болады. Демек, көркем мәтіндегі тілдік бірліктер оқырманын маңызды сипатқа ие оқиғалардан не автор толғанысынан хабардар етіп, қатысымдық сипатқа ие болады. Мағыналық және құрылымдық жағынан тиянақталған мәтін коммуникативтік жағдаятқа байланысты қатысымдық сипатқа ие болады. Ал мәтіннің коммуникативтік қызметі қаламгердің белгілі бір мақсат көздеуімен (автордың идеясы, ойы) өлшенуге тиіс. Сондықтан да Қ.Аманжолов заман келбетін, жаңа өмірді, туған жер табиғатын жырлай отырып, тыңдаушысының дүниетанымын арттыратын, оған ой салатын ауқымды мәселелерді қозғайды. Бұл – өлең мәтіні коммуникациясындағы түпкі мақсат және күллі поэзия табиғатына тән ерекше болмыс. Бұл ретте тыңдаушы психикасына ерекше әсер ететін, тыңдаушының эмотивтілігін арттыратын экспрессивті, эмоционалды сөздер, бағалауыштық қолданыстар таңдалынады. Мысалы:

Сен кім? Мен кім?

Ойлашы бір осыны,

Таңғалдырар,

Ойландырар

Кенет ойдың тосыны.

Ақылды бол,

Тілегім сол,

Құлағыңа кірсе егер дос үні
Шыпжаңдама,
Қылжаңдама,
Дұрыстан.
Кім ұқпайды:
Түк шықпайды
Ұрыстан.
Қыңыр тартып,
Қиындыққа кеткенше.
Дұрыс болар
Адал жолмен тырысқан. («Сен кім? Мен кім?» өлеңінен)
немесе:
Көкте зырлап барады
Алтын жұлдыз.
Жерде тұрып қарады
Әлия қыз.
Алтын жұлдыз алысқа
Кетті ағып,
Кетті ағып, жас қызға
Бір ой салып,
Алтын жұлдыз зымырып
Кетті алыс.
Кетті алыс мылтық ап
Бір жап-жас қыз
Майдан кеітті мылтық ап
Әлия қыз,
Өр төсінде жарқырап
Алтын жұлдыз («Әлия қыз» өлеңінен).

Мұнда қабылдаушы тез түсінетін ұғымдар, жеңіл ұйқастар алынған. Ақынның мұндай туындыларында автордың дүниеге көзқарасы айқындалады. Оқырман авторлық ойдан, оның жеткізер мағлұматынан хабардар болады, ақпарат алады. Жеке тұрғанда, заттың, сынның, қимылдың т.б. атауы болып номинативті қызмет атқаратын тілдік бірліктер көркем шығарма мәтіні құрамында қатысымдық бірлікке айналып, коммуникативтік қызмет атқарады. Осылайша, адам ойын жарыққа шығаратын, қарым-қатынас құралы саналатын тіл көркем шығарманың да басты құралы бола отырып, нақты бір мағлұматты, хабарды оқырманға жеткізеді. Сонымен ақын поэзиясы тіліндегі қатысымдық бірліктер автордың айтайын деген ойын іске асыру мақсатында тұтас мазмұнын түсінуге септігін тигізіп, идеялық мақсатын ашып беруге мүмкіндік береді.

Біз қарастырып отырған Қ.Аманжолов поэзиясында монолог пен диалогтың нақты бір адам ойынан хабар, ақпарат беретіндігі айқындалды. Автордың дүниетанымы мен шеберлігіне байланысты көркем туындыдағы диалог та монолог сияқты автор бейнесінің көрінуіне ерекше әсер етеді. Кейіпкерлердің өзара сөйлесулерін бере отырып автор өзінің оларға көзқарасын, нақты оқиғаға қатысты пікірін, ұнату, ұнатпау сияқты қатынасын сездіре алады. Осыған орай, диалог қос бағыттағы коммуникативтік үдеріс, диалогтың әр қатысушысы субъект және сол мезеттегі диалог әрекетінде

объектісі болып табылады. Демек, көркем шығармадағы диалогта автор сөзі мен кейіпкер сөзі бірін-бірі алмастырып, бірін-бірі толықтырып отырады. Кейіпкерлерді сөйлетіп, оларды әр түрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзінен оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады.

Тілдік қатынастың хабардың пайда болуы, хабардың сыртқа шығуы, хабардың жеткізілуі, хабардың қабылдануы, хабардың жауабы деген бірнеше кезеңнен тұратынын ескере келе, «тілдік қарым-қатынас болу үшін, хабарды қабылдап алумен ғана шектелу біржақты процесс болады, тілдік қатынас жүзеге асу үшін, қабылданған хабарға көңіл аудару, яғни оны сарапқа салу, бағалау, түсіну, сосын жауап қату шарт», – деген ғалым Ф.Оразбаева ойына назар аударсақ, ақынның:

Әлде, менің махаббатым харам ба?

Әлде, көңілім сен дегенде сараң ба?

Әлде, менің адамшылық арым кем,

Дос болуға сірә сіздей адамға?

Әлде, сенен басқа жарды сүйдім бе?

Сенен ұрлап жүректе сыр түйдім бе?

Әлде, мүмкін, дұшпан сөзін құп көріп,

Сабырсыз боп жоқ нәрсеге күйдің бе?

Әлде, мүмкін, тұтылды ма алтын күн,

Ай күңгірт боп басты ма кеп қара түн?

Әлде, мүмкін, шалқып жатқан дарияға

Күйе түсіп, қаптады ма көк түтін, («Әлде...» өлеңінен) – деп келетін «Әлде...» өлеңіндегі автор сауалы жауапсыз қалған деп айта алмаймыз. Бұдан қарым-қатынас орнаған жоқ деген ой туындамауы керек. Себебі, ақын сауал қою арқылы бақылаушы-оқырманына кейіпкерінің психологиялық күйінен хабар беруді мақсат еткен. Бұл диалогтың басты ерекшелігі – мұндағы диалог шығарма кейіпкерлері арасында емес, автор мен кейіпкердің арасындағы диалогтың орын алуында. Бірақ, шығарма кейіпкерінің авторға жауап беруі міндетті емес. Бұл – поэзиялық шығармадағы диалогты қатысымдық мақсатта қолданудың бір ерекшелігі. Тағы бір мысал:

Неге мұнша, сорлы жүрек, соғасың?

Неге күйіп, неге мұздап тоңасың?

Арпалысып тыныш жата алмай ұяңда,

Неге мұнша мазасыз сен боласың?!

Неге мұнша үрейлене соғасың?

Қиял кернеп, нені ойлап шоласың?

Сорлы жүрек, ойларсың да, толғарсың,

Толарсың да, сарғаярсың, соларсың.

Неге мұнша жалындайсың, жанасың?

Жанды қинап, тәнді өртеп барасың?

Өл дейсің бе, кет дейсің бе ғайып боп,

Талақ етіп жер мен көктің арасын! («Сабыр етші» өлеңінен)

Ақын диалог құруда өлең жүйесіндегі заңдылықтарды сақтай отырып, адресатқа кейіпкердің психологиялық жай-күйін толық хабардар ететін, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты тереңінен ашатын, эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктерге толы диалог үлгілерін көрсетті. Жалпы, ақын

поэзиясындағы монолог пен диалог ең алдымен, оқырманға (қабылдаушы) ой салатын және кері жауап тудыратын ақпарат көзі; екіншіден, олар (монолог пен диалог) – мазмұн жағынан өзара тығыз байланысты коммуникативтік-функционалдық тұтастық; үшіншіден, олар кейіпкер бейнесін ашу үшін жұмсалған тілдік бірліктермен өрілген, экспрессивті-эмотивті интонацияға ие қатынас түрі деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов Қ. Дарига, сол бір қыз. Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1979.
2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Алматы: – Арыс, 2009. – 368 б.
3. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: ф.ғ.к....дисс.: 10.02.20. – Алматы, 2004. – 242 б.
5. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос, 2000. – 184 б.

В статье рассматриваются коммуникативные функции единиц языка в поэзии Касыма Аманжолова. Так же приведены примеры по коммуникативной функции текста. Коммуникативные функции языка помогают раскрыть идеи автора.

The article is about the communicative functions of the units of language in the poetry of Kasim Amanzholov. Also there were given examples on the communicative functions of the text. The communicative functions of the language help show the author's ideas.

ТАРИХ



ИСТОРИЯ

УДК 215(574) «17/19»

*Тасмагамбетов А.С. – д.и.н., первый проректор
ЗКГУ им. М. Утемисова*

О НЕКОТОРЫХ ОСОБЕННОСТЯХ РАЗВИТИЯ РЕЛИГИИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ

Конец XVIII-начало XX веков было основным периодом присоединения территории Казахстана к Российской империи и нахождения в ее составе. По существенным сторонам содержания и развития многих исторических процессов и явлений, происходивших в это время здесь в общественной жизни, указанное время составляет относительно самостоятельный этап в истории нашей страны. Это относится и к истории религии в Казахстане. Многие события и процессы, затронувшие тогда духовную сферу

у и во многом определившие содержание и особенности развития религии в данной территории, были тесно связаны с присоединением казахских земель к Российской империи, с осуществлявшейся здесь политикой колониальных властей, с проводившимися ею реформами и, соответственно, с глубокой и радикальной трансформацией казахского общества. К тому же, события и процессы, произошедшие в религиозной сфере здесь в это время, имели и ряд качественных отличий от предыдущих периодов.

К данному периоду относится широкое проникновение и распространение православия на территории нашей страны и меры по осуществлению миссионерства русской православной церковью (РПЦ) при поддержке государства. Качественно изменилось в новых условиях и при новых обстоятельствах и мусульманское миссионерство, способствовавшее в это время распространению и развитию здесь уже в основном канонических форм ислама. С данного периода можно говорить о более организованных формах конфессионального развития религии на территории нашей страны. Начало этого периода во многом связано со временем принятия множества указов Екатерины II, относившихся к религиозной сфере и имевших влияние на процессы конфессионального развития и на территории казахских земель. А конец же данного периода относится ко времени установления нового политического режима на территории бывшей Российской империи – Советской власти.

В рассматриваемый период ислам на территории Казахстана значительно укрепляет свои позиции. Важной особенностью этого процесса было довольно активное развитие в это время его внешних конфессиональных форм. Причем, в конце XVIII-начале XIX веков этому способствовало само царское правительство. Влияние «русского» мусульманства с его организационными началами, проповедывание в этот

период среди казахов в основном «книжного» ислама, изменение характера социальных отношений способствовали организационному развитию мусульманства на территории нашей страны через новые конфессиональные институты («указное» и «неуказное» духовенство, мечети и мектебы, подчинение оренбургскому духовному собранию, попытки создания собственного духовного правления, миссионерство, меры по введению метрических записей и др.), и приобретению им более конкретных конфессиональных форм.

Вместе с тем, организационное развитие ислама в новых условиях на территории нашей страны в этот период не получило своей определенной завершенности. Властями стало признаваться опасным последовательное организационное развитие ислама в империи, особенно на ее окраинах, что, не без основания, считалось ими основой для культурного и, далее, политического объединения мусульманского населения России под руководством своих духовных лидеров.

К середине XIX столетия российское правительство отходит от политики поддержки распространения мусульманства в Казахстане и переходит к политике по его ограничению. Однако, несмотря на это, процесс исламизации казахов со временем только усиливался. И причины этого лежали гораздо глубже, чем в области внутренней или внешней политики. Предпосылки к этому, во многом, были связаны с процессом радикальной трансформации в этот период всего казахского общества, перестройкой экономического и политического строя, сопровождавшейся разрушением прежней патриархальной идеологии, как несоответствующей новым реалиям, и процессом сложения новых форм существования и развития духовной культуры общества. В этих условиях для казахов более приемлемым, более близким, более понятным и, в принципе, уже духовно воспринятым был ислам. Поэтому в это время в синкретическом исламе, который был присущ для традиционного казахского общества, центр тяжести стал перемещаться в сторону усиления позиций канонического («книжного») ислама.

В усилении позиций ислама на территории Казахстана в изучаемое время важная роль принадлежала мусульманскому миссионерству, которое в этот период осуществлялось не только со стороны Средней Азии, Поволжья и Сибири, но и, в частности, представителями Турции. При этом важной его особенностью было, как уже отмечалось, проповедывание здесь уже положений канонического ислама.

В укреплении мусульманства в казахских землях и в данное время важное место продолжали занимать суфии и ходжи, на протяжении веков способствовавшие постепенному гармоничному вхождению ислама в степную духовную культуру. Но и суфизм в оговариваемое время, в связи с трансформацией традиционных общественных отношений, начинает также претерпевать изменения. В последующем среди представителей отмеченных течений, стали появляться случайные люди, которые в целях извлечения материальных выгод в среде религиозно неграмотного населения, стали дискредитировать звание суфиев, с которыми раньше связывались отреченность от мирского и только духовное совершенствование, а их деятельность среди кочевников способствовала восприятию ими, прежде всего, духовных ценностей ислама.

Важной отличительной чертой мусульманского миссионерства в это время в Казахстане от православного было наличие здесь для него объективных предпосылок, подготовленных предыдущим ходом развития духовной культуры казахов. В этом плане оно тут было в новых условиях даже востребовано, что и подтверждалось на практике, несмотря на препятствия официальных структур, особенно с середины XIX века.

Исследуемое время было качественно новым периодом в распространении и развитии ислама в Казахстане также его влиянием на общественное сознание и на общественную жизнь уже как учения и как системы идей.

Распространение и организационное развитие русской православной церкви (РПЦ) в Казахстане в конце XVIII-начале XX веков во многом было связано с территориальным продвижением Российской империи на Восток, с расширением ее колониальной политики в этом направлении, с процессами хозяйственно-экономического освоения данного региона и его административно-политическим переустройством. Отмеченные процессы приводили к увеличению потока переселенцев в присоединяемые к империи территории, большинство которых составляли христиане православного толка.

Увеличение и распространение в этот период христианских общин и храмов в степных районах Казахстана в первое время шло за счет тех из них, которые обслуживали воинские посты и гарнизоны. Это накладывало определенный отпечаток на их организационное развитие. Так, в рассматриваемый период здесь активное влияние на епархиальные дела РПЦ оказывала военно-гражданская власть.

Пути движения православия на территорию Казахстана в этот период шли, как правило, со стороны Оренбургского края и Западной Сибири. И в этой связи, деятельность Оренбургской и Западно-Сибирских епархий (особенно Омской) в этом направлении являлась важной предпосылкой и условием для организационного развития РПЦ в это время в целом на всей территории нашей страны.

Дореволюционный период активного распространения и организационного развития РПЦ в Юго-Восточном Казахстане приходится на вторую половину XIX-начало XX веков. Организационное развитие официального православия в этом регионе было связано с историей возникновения и развития во второй половине XIX-начале XX веков Туркестанской епархии, хотя первоначально к данному процессу имели отношение Оренбургская и Томская епархии. В первое время значительную часть последователей православия здесь представляли военные. Военное духовенство Туркестанского края, до начала XX века оставалось в ведении местной гражданской епархиальной власти.

В истории православия на территории Казахстана в изучаемый период имела свое место и история старообрядчества. Причем оно проникло сюда и получило здесь развитие раньше, чем РПЦ. В распространении и развитии старообрядчества в Казахстане в конце XVIII-начале XX веков важную роль играло Уральское казачество. Приуралье было центром старообрядчества на территории всего Казахстана в исследуемое время.

Уральское казачество, отвергнув в середине XVIII века попытку

введения у них официального духовного правления, долгое время находилось под властью своего протопопа. В плане организационного строительства, некоторое сближение у них с официальной церковью стало наблюдаться позже через единоверческую церковь. Но данная, «компромиссная», церковь так и не сделала уральских казаков в этот период в полной мере последователями РПЦ и, по сути, большинство из них так и оставалось староверами.

На территории нашей республики в это время в основном получило распространение староверие поповского направления. Это, опять-таки, было связано с тем, что поповство долгое время было характерно для уральского казачества, хотя и у них наблюдались периоды укрепления беспоповства, когда усиливались гонения на раскольников со стороны царского правительства.

На территории Казахстана в рассматриваемый период получает распространение и один из интересных феноменов в истории русского православия – единоверие. Его внедрение предпринималось и в среде уральского казачества. Причем, единоверие здесь получило распространение гораздо раньше, чем в других регионах Российской империи и имело свои особенности, которые во многом были обусловлены их культурной самобытностью. К концу XIX–началу XX веков единоверие уральскими казаками воспринималась, в некотором роде, как традиционная вера. Но основная цель его введения, все же, не была достигнута, и большинство уральского казачества, по сути, оставалось староверами.

Появление многих ранних христианских культовых зданий на территории нашей страны также было связано со старообрядчеством. С нею же в основном связано и появление здесь скитов, которые затем уничтожались по мере укрепления тут позиций РПЦ. И первые монашеские обители из православия на территории казахских земель были обителями старообрядческих скитов.

В проникновении староверов в регионы Казахстана немалое место занимала, опять же, политика по колонизации новых территорий. В этом плане власти особо не препятствовали старообрядцам и русским сектантам, переселявшимся сюда, которые, таким образом, увеличивали славянское население на окраинах империи.

Наряду со старообрядчеством в оговариваемый период на территории нашей страны получили распространение и старые русские секты (СРС), также имевшие отношение к распространению здесь православной религиозной культуры. В основном это были последователи так называемых «духовных христиан» (молокане, духоборцы, скопцы и ряд др.). Их появление и развитие здесь в то время было связано как с переселенческим движением, так и с гонениями на них со стороны официальных светских и духовных органов.

Большинство старообрядцев и СРС представляли собой умеренные, с рационально устроенным бытом религиозные объединения. «Нежелательными» и «гонимыми» их делали, в основном, идейные и культовые расхождения и противоречия с официальной церковью и устоями монархизма. Многие положительные качества староверов и раскольников, зачастую, отмечались самими представителями официальной власти. Это

были, как правило, нижние чины администраций, соприкасавшиеся с ними непосредственно на практике.

Миссионерская деятельность РПЦ в Казахстане в рассматриваемый период имела место во всех его регионах и была связана, а во многом и обусловлена, политикой царизма на окраинах империи в отношении присоединенных к ней народов. В то же время, в разных регионах страны она имела свои особенности во времени, методах и формах реализации. Так, к примеру, не было открытого и широкого миссионерства РПЦ на Юго-Востоке Казахстана, являвшейся тогда частью Туркестанского генерал-губернаторства.

Объективных предпосылок в проведении православного миссионерства на территории Казахстана в данное время не было, были, в основном, имперские задачи по политической и культурно-этнической ассимиляции присоединенных к России народов, что подтверждается отсутствием массового характера крещения казахов в этот период. А немногие из них, принявшие православие, как правило, относились к его обедневшей части, оторванной от традиционной среды, и испытывавшие материальные трудности.

После 1905 года православному миссионерству пришлось заботиться уже не об умножении числа «просвещенных», а об удержании их в рядах крещенных прежде, так как после провозглашения свободы вероисповедания, начался отток многих крещенных ранее в свои традиционные верования.

Главным же фактором неэффективности миссионерства РПЦ среди казахов в этот период, помимо прочих (территориальная протяженность, нехватка подготовленных миссионеров, исламское миссионерство, влияние среды и др.) являлось то, что казахи к этому времени являлись мусульманами не просто «этнически». К этому времени ислам уже значительно проник в их духовную культуру, хотя многие, прежде всего представители колониальной администрации, считали казахов слабоисламизированным народом и называли их «язычниками». Но это было далеко не так. Хотя мусульманство в среде казахов к данному времени существовало в основном в форме бытового ислама, но осознание себя и окружающего мира у них в основном шло через исламские ценности. Поэтому, несмотря на то, что казахи находились на периферии исламского мира, и несмотря на кочевую среду, к данному периоду они себя считали и ощущали мусульманами, доказательством чему была дальнейшая результативность мусульманского миссионерства в Степи, по сравнению с православным, несмотря на значительные к этому препятствия со стороны царской администрации, что ее представители в последующем и признали. На практике деятельность РПЦ и официальных органов по православному миссионерству среди «инородцев» в большей степени приобретала формы одного из путей их русификации.

Таким образом, период конца XVIII-начала XX веков можно рассматривать как качественно новый этап в развитии религии на территории Казахстана. Это было периодом не просто активного распространения и развития здесь таких религии как ислам и православие, но и прохождением этих процессов при новых социально-экономических и политических условиях, при быстро изменявшихся формах и характере общественных отношений. Данное время было характерно развитием на территории нашей

страны новых для нее конфессиональных институтов ислама и православия. Если до этого о религии здесь можно было говорить в основном как об определенных системах мировосприятия людей, в реальной жизни проявлявшихся, как правило, в форме различных обрядов и традиции, то в рассматриваемое время важное место начинают занимать конфессиональные формы и институты их организации и развития. К тому же, именно в этот период казахстанское общество становится многоконфессиональным, и в его религиозной сфере происходят значительные структурно-организационные изменения.

УДК 929:94 (574)

Жақсығалиев Ж. - т.ғ.к., аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ҒҰБАЙДОЛЛА ӘНЕСОВ: «ЖАСАСЫН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ, ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БОСТАНДЫҚ АЛАТЫНЫНА КӘМІЛ СЕНЕМІН!»

*Азаттықты жанымен құптаған көп,
Енді осындай ерлерден мықты адам жоқ.
Ғұбайдолла жас еді жанып кеткен,
«Қазақ халқын құлдықтан құтқарам!» деп.
Ғайса-Ғали Сейтақ*

Сөз басы. 1943 жылы Орал қаласындағы НКВД түрмесінде он тоғыз жасында оққа байланған оғлан Ғ.Әнесов – мемлекеттік деңгейде әлі толық тарихи бағасын алып үлгермеген жас боздақ. Қазақ тарихына есімін алтын әріптермен қашаған Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Қ.Рысқұлбеков сынды сандақпен тағдырлас Ғ.Әнесов тұлғасы соңғы жылдары жұртшылықтың назарын өзіне аудара бастады. Әзірше көңілге медеу болары жалындаған жас жетекші Ғ.Әнесов негізін қалаған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» туралы қысқаша мәліметтің ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен мектеп оқулығына енуі [1].

Батыс Қазақстан облысы көлемінде белгілі болған бұл оқиғаны республика жұртшылығы әлі толық біле бермейді. Ұлы Отан соғысы басталардан сәл ғана бұрын Батыс Қазақстан облысының Жалпақтал ауданында «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген атпен антикеңестік мақсатта құрылған жасырын ұйым жеті ай өмір сүрген. Арасында Орал педагогикалық институтының студенттері болған бұл жастар ұйымының саны 14 еді: 17 мен 23 жас арасындағы балғын боздақтардың бәрі де кейін ұсталып, сотталды. Сол кезде ұйым басшысы Ғұбайдолла Әнесов небәрі 17 жаста еді. Ол 1943 жылы 19 жасында Орал қаласындағы НКВД түрмесінде атылған. Қылышынан қан тамған Қызыл империяға қарсы көзсіз ерлікке барған оғландардың есімін елі, ұрпағы ұмытпауы тиіс. Олар: Ғұбайдолла (Ғұбаш) Әнесов, Сейітқали Бажекенов, Сатқали Молдағалиев, Ғұмар

Тұрымов, Сайдолла Шорабаев, Мұхамбетжан Нұралин, Иғали Мұхамбетқалиев, Мәззап Әлиев, Мәннап Ахметов, Қамал Мақұлбаев, Сүндетқали Қаражанов, Өтеген Аманов, Қайырғали Сапаралин, Иманғали Насыров.

Ұлт ісі дегенде үнемі тастүйін жүретін әріптес ағамыз профессор Шарабасов Серікқали бір күні үйге телефон қоңырауын шалып, ертең Ж.Молдағалиев атындағы орталық кітапханада журналист А.Шахиннің «Сол бір сүргін» атты кітабының тұсаукесері болатынын, соған дейін зерттеуді бір қарап шығып, зобалаң жылдар шежіресінен сыр шертетін деректі еңбекке кәсіби тарихшы ретінде ақ жол тіле деп қолқа салды. Бұл 2002 жыл еді. Ғалым ағаның ұсынысын құп алып, кітапты қайта-қайта парақтап, өз түйген-білгенімізді ертеңгісін жергілікті зиялы қауыммен бөліскен едік. Осы жиында жасалған баяндаманың мақала түріндегі нұсқасы сол тұста «Орал өңірі» газетінде жарияланды. Көтерілген мәселе туралы өзара әңгімеде кітап авторы бұл тақырыпты тарихи тұрғыда тереңдете зерттеу қажет екендігіне тоқталды және жаны жайсаң азамат қолындағы бар деректерінің көшірмелерін тарту етті. Уақыт өте «Үміт» лингвистикалық гимназиясындағы шәкіртім Есенбаева Қымбат екеуміз аталған тақырыптан ғылыми жоба дайындауға білек сыбана кірісіп кеттік. Гимназия директоры Д.Мұштанованың белсене араласуымен ҰҚК Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мұрағатына рұқсат қағаз алып, бұрын А.Шахин пайдаланған тергеу хаттамаларын тарихшының көзімен қайта пайымдап, ол кісі жарияламаған кейбір құжаттарды ғылыми айналымға қосу нәтижесінде Ғ.Әнесов және ол жетекшілік еткен ұйымның тарихын тағы бір мәрте сараладық. Сол тұста ұйым мүшелерінен жалғыз тірі қалған Орал қаласында тұратын Молдағалиев Сатқали ақсақалдың үйіне шәкіртімді ертіп барып, ұйым тарихы туралы ұзақ әңгімелестік. Астыртын ұйымның белсенді мүшесімен болған бұл диалог мұрағатта сақталған ұйым мүшелерінің тергеу хаттамаларындағы тағдырлар еш күмәндануға болмайтын тарихи шындық екеніне біздің көзімізді жеткізе түсті. Бертін келе қала сыртындағы бейіттердің бірінен Сатқали қартқа уақыт болғанын көріп, марқұмның рухына бет сипадым.

Сөздің қысқасы, қай қырынан алып қарағанда да «Халық Қаһарманына» лайықты асыл ұлдың ерлігі бүгінгі өскелең ұрпаққа өнеге. Сонымен, әлқисса...

Антикеңестік ұйым қалай құрылды? 1936 жылы Фурманов (қазіргі Жалпақтал) поселкесінде 14 жастағы Әнесов Ғұбайдолланың отбасымен бірге сол кездегі Фурманов аудандық атқару комитетінің іс жүргізушісі болып қызмет атқарған 25 жастағы Сатымов деген туысқаны тұрған. Жасөспірім Ғұбайдолланың саяси көзқарасының жетілуіне осы азаматтың әсері болғандығын айыпталушы Әнесовтің жауаптау хаттамаларынан аңғаруға болады. Алайда Сатымов құрт ауруына шалдығып, көп ұзамай сол 1936 жылы дүниеден өткен. Ауруы әбден асқынған ол бақи өмірге аттанар алдында Ғұбайдолланы өзіне шақырып алып, саналы ғұмырын қазақ халқын орыстың бұғауынан босату жолына арнағандығын айтып, мектеп оқушысы – Ғұбашты кеңестік билікке қарсы ұйымдасқан күреске бағыштап, Қазақстанды КСРО-дан бөлуге әрекет жасау керектігін өсиет еткен. Сатымовтың бұл өсиетін жаттап қалған зерек бала ержете келе, айтылған әңгіменің саяси

астарын жете түсіне бастайды. Бұл жерде азамат Сатымов сол жылдардағы кеңес үкіметіне қарсы ұйымның мүшесінің бірі болды ма екен деген де ой келеді. Бірақ мұрағат құжаттарымен толық танысқан біздер Сатымов туралы басқа ешқандай мәлімет таба алмадық.

Осы жерде айта кетуіміз керек, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мұрағатынан біздің назарымызды аударған қызықты тарихи деректер табылды. 1942 жылғы 2 наурыздағы тергеу кезінде С.Шорабаев: “Орал мұғалімдік институтының студенті болып жүріп, институт ішінде студенттерден құралған “Сұрпақбайлар” атты антикеңестік топтың бар екенін естігем. Бұл туралы маған Қосанов Ғалиасқар (С.Шорабаевпен пединститут жатақханасының №61 бөлмесінде бірге тұрған 4 курс студенті – *автор*) айтты. Осы әңгіме Советская-125 көшесіндегі мемлекеттік пединститут жатақханасының №61 бөлмесінде болды. Менен басқа бізбен тұратын студент Демжанов Мағын да сол кезде бөлмеде отырған еді. Бұл әңгіме неден пайда болғаны есімде жоқ” – деп жауап берген [2]. Ал тергеушінің антикеңестік “Сұрпақбайлар” тобының құрамын және басшысы кім екенін білуге қызығушылық таныттыңыз ба? – деген сұрағына Сайдолла: “Жоқ”, - деп қысқа қайырған [3]. Бұл тарихи деректен біздің байқағанымыз сол кезде Орал педагогикалық институтында “Сұрпақбайлар” атты ұйымның болғандығы. Біз алғаш рет ғылыми айналысқа қосып отырған тарихи құжат – 1941 жылғы 18 желтоқсандағы Молдағалиев Сатқалидың жауаптау хаттамасында төмендегідей мәліметтер келтірілген: “1941 жылдың 2-жартысында Әнесов маған Оралда “ҚХҚО” деп аталатын, өзінің алдына Қазақстанды бөліп алуды мақсат еткен ұйым бар деп айтты. Сонымен қатар Әнесов осы ұйым басшылары атынан 1941 жылғы қарашаның басында маған “ҚХҚО” атты ұлтшыл контрреволюциялық ұйымға кіруге ресми ұсыныс тастады.” [4]. Бірақ 1941 жылы 29 желтоқсанда Ғ.Әнесов тергеушілерге берген жауабында: “ҚХҚО” деп аталатын кеңестік үкіметке қарсы ұйымға мені ешкім де тартқан жоқ. Өйткені бұл ұйымның ұйымдастырушысы да, басшысы да өзім – Әнесов Ғұбашпын” деген. Қалай болғанда да, сол жылдары Орал пединститутында антикеңестік мақсатта әйтеуір бір ұйымның болғандығын мұрағат деректерін мұқият тексерген адам іштей сезіп отырады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тағы бір фактіге жүгінейік. 1942 жылғы 3 маусымда Әнесов пен Шорабаевты тергеушілер жүзбе-жүз жауаптағанда, Ғұбаш былай деген: “Шорабаев өзі 1936-37 жылдары Алматыда байланысшылар курсына болғанда курсанттардың бірінен (Мұхамбетжанов) Орал пединститутында контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның барын естіген, бірақ НКВД органдары оны өз уақытында жойған болатын.” [5]. Әнесовтің берген жауабын Шорабаев толығымен қуаттаған. Жоғарыда келтірілген мұрағат құжаттарынан шығатын қорытынды біреу: ҚХҚО-на дейін де Оралда студенттердің антикеңестік ұйымы өмір сүрген. Бәлкім, Ғұбайдолла 1942 жылы 30 қаңтарда НКВД жөніндегі жауаптағанда басқа да алаш азаматтарына зиянын тигізбес үшін осыдан алты жыл бұрын көз жұмған туысқаны Сатымовқа барлық кінәні ысырып, оларды тасалады ма екен. Ол жағы бізге беймәлім.

Фурманов орта мектебінде оқып жүрген ол, 1940 жылға дейін Кеңес үкіметіне қарсы пиғыл көрсетпеген, керісінше марксизм-ленинизм негіздерін ең дұрыс ілім – оны қазақ халқы білуі тиіс деген көзқарасты ұстанған. Бірақ,

1940 жылдың орта шенінен бастап өз көзқарасын кілт өзгерткен Әнесов те біртіндеп Қазақстанның КСРО құрамынан бөлініп, оның Түркия, Иран, Ауғанстан т.б. елдер сияқты дербес мемлекетке айналуы үшін, Кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргізу керек деген ойлар қалыптаса бастады. Өзінің көзқарасын ол алғаш рет 1923 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарасты Жетібай ауылында туған Сейітқали Бажекенов деген азаматпен бөліскен. Осы кезде өзімен бір мектепте оқитын 8 сынып оқушысы Насыров Иманғалимен арадағы достығы оларды Кеңес үкіметіне қарсы бірыңғай пікірге әкелді. Олар партия мен үкіметтің ұлт саясаты ұлтты жоюға бағытталған деп шешті. Ғ.Әнесов былай дейді: “Біздің пікірімізше Қазақстанда дербес мемлекет болған жоқ, бәріне орыстар билік жүргізіп келеді. Осындай тұжырымға келген соң біз КСРО-дан бөлініп, қазақтың дербес мемлекетін құру үшін Кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрес жүргізу керек деген шешімге келдік. Кешікпей оқу жылы аяқталып, Насыров «Талдықұдық» кеңшарындағы ата-аналарына жазғы демалысқа кетті [6].

1940 жылғы тамыз айының басында Насыров каникулдан келгеннен кейін үш дос бір мезгілде Оралдағы мұғалімдер институтына түсуге сөз байласады. Сөйтіп олар 1940 жылғы 19 тамызда Оралға келіп, Әнесов физика-математика, Насыров пен Бажекенов тарих факультетіне студент болып қабылданған. Осы кезде Ғұбаштың жақсы танысы Мақұлбаев Қамал да Фурмановтан келіп Оралдың гидротехникумына оқуға түскен.

Көп ұзамай үкіметтің ақылы оқуды енгізген жарлығына сәйкес Насыров пен Бажекенов 1940 жылы 6 қазанда үйлеріне қайтатын болып, оларды Әнесов пен Мақұлбаев вокзалдан ауылға шығарып салған. Жолдастарының көзқарасын мақұлдаған Қамал антикеңестік жұмысқа өзінің де белсенді атсалысатынын білдірген. Бірақ ол да сол жылғы қарашада гидротехникумдағы оқуын тастап, ауданға кетіп қалған. Желтоқсан айында Насыров пен Бажекенов Оралдағы Әнесовке жеке-жеке хат жазып, онда Кеңес үкіметіне қарсы жұмысты тоқтатуды сұраған. Бұл ұсынысқа келіспеген Әнесов Насыровқа жауап хат жазып, Кеңес үкіметіне қарсы жұмыстарын одан әрі жүргізе беретіндігін және оның да өз көзқарасын өзгертуін сұраған [7].

Өз мүдделестерінен оқшауланған Ғұбаш жаңа пікірлестер тауып, жұмысын одан әрі жалғастыруды көздейді. Осыған байланысты мұғалімдер институтының тарих факультетіндегі тарих пәнінің үздігі Шорабаев Сайдолламен 1941 жылы сәуірдің бас кезінде тым жақын әңгімелесе бастайды. Бастапқыда сабақ төңірегіндегі әңгімеден басталған бұл кездесулер кейін партияның, әсіресе ұлт мәселесі жөніндегі бағытын сынай бастауға ұласады. Бұған Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті мұрағатындағы мына тарихи деректер дәлел бола алады. «Мұнан әрі біз (Әнесов пен Шорабаев – *автор*) Қазақстан экономикасын Кеңес үкіметінен бөліп алу жағын ашықтан- ашық қарастыра бастадық. Қазақ халқы, оның тілі мен мәдениеті өркендемейді, қазақтар ұлт ретінде дамымайды, керісінше жойыла береді деп тұжырымдап, Қазақстанның КСРО-дан бөлінуіне бағытталған Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдасқан белсенді күрес жүргізуді қажет деп шештік,-деп жауап берген саяси ұйымның жетекшісі Ғ.Әнесов,- осы кезден бастап өзімнің Кеңес үкіметіне қарсы көзқарастарымды бөлісіп, идеялық жағынан ұлтшылдық көзқараста жүрген студенттерді белсенді үгіттеуім басталды» [8].

Алайда, бұдан кейінгі үгіттеулер кейін тарих дәлелдегендей Әнесов үшін өте сәтсіз қалыптасты. НКВД жансыздарының жымысқы саясатын аңғармаған аңғал ер Ғұбайдолла кейін мұнысына өкінді ме, тіпті мұны білмей кетті ме екен деп те ойланасың. Біз қараған мұрағат деректерінде Ғ.Әнесовтің өз серіктерін бұл саяси ұйымға қалай біріктіргені жөнінде көптеген мәліметтер бар. Ұйым мүшелерінің тергеу кезінде қайтарған жауаптарының көбі ұқсас болғандықтан осылардың кейбірін ғана оқырман назарына ұсынбақпыз. Мәселен, өзін антикеңестік ұйымға Ғұбаштың қалай тартқаны жөнінде С.Шорабаев былай деген: «1940-1941жж. мен Орал пединститутында оқып жүргенде, көктемде Әнесов Ғұбашпен жақынырақ таныстым. Менімен достық қарым-қатынаста бола жүріп, оңаша қалғанда Әнесов өзінің антикеңестік көзқарастарын байқатып жүрді. Әнесов маған жақсы дос сияқты сенетінін айтты. Егер менің алдымда өз сырын ашса оны ешкімге ашпайтынына сенімін білдірді және бұл туралы басқаларға айтпау туралы уәде беруімді сұрады. Мен өз тарапымнан маған сенуіне болатынын, оның ашқан құпиясын ешкімге айтпайтынымды айттым. Менің осы сөздерімнен кейін Әнесов колхоз қазақтарының ауыр тұрмысын айтып қынжылды. Мысал ретінде Фурманов ауданының колхоз адамдарының өмірін сипаттап берді. Осыған орай Әнесов мұндай жағдайдан шығу жолдарын қарастыруымыз қажет, қазақ еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсартуымыз керек деп алдымызға мәселе қойды [9]. Мұрағат деректерінен біздің түйгеніміз Ғ.Әнесов Қазақстан Кеңес одағынан бөлінсе қазақтардың тұрмыс жағдайы жақсарады деп ойлаған және ол жауаптау кезінде тергеушілерге дәл осындай мәлімет берген: «Шорабаевтың мінезін зертегеннен кейін, «марксизм-ленинизм» пәні бойынша сынаққа дайындалып жүріп, егер ол менімен келіспесе де, мені ешкімнің қолына тапсырмайтынына, менің айтқанымды басқа кісіге айтпайтынына сеніп, тәуекелге бел буып, өзімнің ұлтшыл көзқарасымды ашық айтуға ұйғардым [10]. Кеңестер Одағының ұлттар мәселесінде ұстанған саясатындағы кемсітушіліктерді анық аңғарған Әнесов Шорабаевқа: «Одақтық және автономиялық республикалардың орнына ұлттарға дербес мемлекет беру негізінде шешу керек. Бұл жағдайда әр халық өзінің мәдениеті мен материалдық жағдайын көтеруге тырысатын болады [11],-деп айтқан.

Сатқали Молдағалиевтің жауаптау хаттамаларынан да осыған ұқсас үзінділер оқимыз: «1941 жылдың тамызында не қыркүйегінде Фурманов поселкесіне Орал қаласынан менің танысым Әнесов Ғұбаш келді. Қазан айларында Әнесов менімен кездесетін болды. Әңгіме кезінде антикеңестік көзқарастарын білдіріп, мені антикеңестік бағыттарға бұрғысы келді. Маған айтатыны, қазақтардың тұрмысы нашар, көбі жұмыссыз, салықтарды көп төлейді, тіпті үйлері жоқ, жер үйлерде тышқандар сияқты өмір сүреді. КСРО Конституциясында барлық адамдардың құқықтары тең, іс жүзінде көп адамдардың құқықтары сақталмайды, соның ішінде – қазақтардың. Маған әсер ету үшін Әнесов: «Үкімет ешқандай кінәсі жоқ сенің атаңды – Молдағалиді қамауға алып, соттап жіберді. Мына үкіметтен не жақсылық көріп жатырсың, жұмысың жоқ, тұрмысың нашар» [12]. Әнесовтің әсерлі әңгімелерінен кейін Сатқали Молдағалиев өзінде антикеңестік көзқарастар күшейе түскенін айтады.

Насыров Иманғалидың да ұйымға қалай кіргені жайлы НКВД

адамдарына берген жауаптары жоғарыдағы серіктеріне өте ұқсас. И.Насыров: «Мен Ғұбашпен 1938 жылдың қазанында Фурманов орта мектебінде оқып жүріп таныстым. Ол сонда 8 сыныпта оқитын. Алғашында біздің таныстығымыз жиі-жиі кездесуден басталды. Екеуміз сабаққа бірге дайындалдық, киноларға, көріністерге бірге бардық. Бірте-бірте жақсы дос болып кеттік. Уақытын дәл білмеймін. Өнесов кездесулерімізде Қазақстанға қатысты партия мен Кеңес үкіметі саясатына наразылығын жиі білдіретін болды. Есімде, 1940 жылы қаңтар айының аяғында екеуара әңгімеде Кеңес үкіметі кезінде қазақ халқының жағдайы тым ауыр, адам төзгісіз қалыпта, тіпті өмір сүруге қаражат табу қиын екенін дәлелдеуге тырысты. Тіпті патша заманында да дәл бұлай болмағанын айта келе, қазақ халқының мәдениеті мен тілі бұрмаланып жатыр, қазақтар ең соңғы, ең төмен ұлт болып саналады, яғни олар адамға саналмайды дегенді айтты. Дәлел ретінде басқарушы және жауапкершілігі жоғары орындарда тек қана орыстар отырғанын, ал қазақтар қара жұмыс істеп жүргенін мысал қылды. Осыдан кейін Өнесов: қазақ халқы бізге сенеді, бізді зиялылар деп есептейді, сондықтан болашақта біз қазақ халқының мүддесін қорғауымыз керек, ал ол үшін ұйым құрып, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алу бағытында ұйымдасқан түрде күрес жүргізіп, дербес қазақ мемлекетін құру қажет» [13]-деп өзінің ұйым жетекшісімен қарым-қатынасының қалай басталғанын еске түсірген.

Жоғарыда есімі аталғандардан басқа ұйымға тартылғандар жөнінде Ғ.Өнесов 1941 жылы 31 желтоқсандағы жауабында төмендегі адамдардың есімін атаған: Мұхамбетқалиев Иғали, Ахметов Мәннап, Қаражанов Сүндетқали, Аманов Өтеген, Сапаралин Қайырғали.

Келтірілген мұрағат деректерінен байқалатыны – «ҚХҚО»-ның негізін салушы, яғни ұйымдастырушысы ретінде айыпталушылардың бәрі бірауыздан Ғ.Өнесовтің есімін атаған. Осы деректерді саралай келе 37-нің қан-қасап қуғын-сүргінінен кейін іле-шала азаттық идеясын ту етіп көтерген он жеті жасар ұлдың атан тартпас ауыр жүкті өз мойнына алған қайсарлығына тәнті боласың.

Он тоғызында оққа байланған оғлан. Өзіне пікірлестерді, жақтастарды көбейткен Ғ.Өнесов бастаған топ алда тұрған міндеттерді шешу жолында нақты іс-әрекетке кірісе бастады. Байқауымызша, әуелі кеңестік үкіметке қарсы ұйымға жаңа мүшелер табу әрі оларды тарту өте өзекті мәселе болған. Контрреволюциялық ұйымға қатысушылардың жасырын жиындарын өткізу күн тәртібіне қойылды. 1942 жылы 5маусымда НКВД адамдарының «ҚХҚО» контрреволюциялық ұлтшыл ұйымының отырысы қашан болды?-деген сұрағына Ғ.Өнесов: «1941 жылдың қыркүйегінің алғашқы күндерінде аудандық емханада болды» [14],- деп жауап берген. Бұл мерзімді С.Бажекенов те өз сөзімен бекіткен. Бұл құпия жиналысқа Ғ.Өнесов, С.Бажекенов, Ғ.Тұрымов, М.Әлиев, И.Мұхамбетқалиев қатысқан. Бөлмедегі терезелерді әртүрлі киімдермен қымтағаннан кейін, жиналысты С.Бажекенов ашып, сөзді Өнесовке берген. Жиналыста қарулы көтерілісті қалай ұйымдастыру жайы сөз болған. Ұйым мүшелері, Ахметов Мәннап пен Сапаралин Қайырғали және т.б әскерге аттанатын күні, шақыру қағазына ие болған 150-дей жігітті қарулы көтеріліске жұмылдыру жоспарларын талқылаған. Әскери комиссариат әскерге шақырылғандарды Александров Гай станциясына дейін шығарып салатындығын білген олар, жалпы

жағдайды талдай келе әскерге шақырылғандарды аудан орталығын басып алуға пайдаланбақшы болып ұйғарады. Жиынға қатысушы ұйым мүшелері әскерге аттанғандарды «Красный Партизан» кеңшары тұсында салт атпен қуып жетіп, жоспарларын қарулы жолмен жүзеге асырмақшы болып келіседі. Бір сағаттай уақытқа созылған жиналыста осындай мәселелер жоспарланады. Алайда, әскерге аттанушылардың күні өзгергендіктен, көтеріліс жасау мәселесі аяқсыз қалған.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, ұйым 1941 жылғы қыркүйек айының соңына таман Фурманов поселкесінде құрылған. Ұйымға «Қазақ халқын қорғаушылар Одағы» атауы да осы кезде берілген. Ғ.Әнесовтің айтқанына жүгінсек, «одақты» негіздеу үшін ұйымға қатысатындардың жалпы жиналысын өткізбей С.Молдағалиев екеуі ақылдасып оған «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» деген ат беруді ұйғарған. Бұл шешімді олар С.Бажекеновке, Ғ.Тұрымовқа, М.Әлиевке айтқан, бұлар екеуін толық қолдаған.

«ҚХҚО» ұйымының контрреволюциялық жұмысын жандандыруға серпін берген мәселе мынадай еді. 1941 жылғы қыркүйек айының екінші жартысында Ғұбаш ұйым мүшелері Молдағалиевке, Бажекеновке және Тұрымовқа қазақ халқына үндеу жасайтын контрреволюциялық үнпарақ жасап шығарудың қажеттілігін айтады. Ортақ пікірге келген олар үнпарақты жазып, оны ауыл сыртындағы иесіз жер үйде талқылайды. Оған Молдағалиев, Бажекенов, Әлиев және Әнесов қатысқан. Біраз күнге созылған үнпарақ жобасын талқылау оны даярлауға ұласады. Тергеу кезінде Ғ.Әнесов үнпарақ мазмұнының есінде қалғанын айтып берген.

Ұйымның екінші жиналысы 1941жылғы қараша айында Молдағалиев Сатқалидың сарайында болған. Бұл жиналысқа Әнесов, Бажекенов, Молдағалиев, Құлбасов және Әлиев қатысқан. Ғұбаш Оралдан келген Құлбасовқа Бажекеновты, Молдағалиевті және Әлиевті таныстырып, ұйым мүшелерінің рухын көтеру үшін Құлбасовты жақсы қызметкер ретінде мадақтаған. Сол күнгі жиналыста тәртіп, мүшелік билеттерді басу, ұйымның мүшелік жарнасы және Молдағалиевті казначей етіп сайлау мәселелері қаралды. Бір сағатқа созылған жиналыста аталған шаралар жүзеге асып, әуелі Әнесов, сосын басқалары сөз сөйлеген.

1941 жылы ұйым мүшелері Қазақстан үкіметінің басшыларына антикеңестік мазмұнда хат жазу туралы бір шешімге келеді. Осыдан кейін хатты көбейту үшін аппарат мәселесі ойластырыла бастайды. Алғашында кейбір ұйым мүшелерінің (С.Бажекенов, М.Әлиев) қызмет бабын пайдалану арқылы құжатты басу мүмкіндігі қарастырылады. Алайда бұл ойларының жүзеге аспайтынына көздері жеткеннен кейін олар жасырын баспахана туралы: «Біздің антикеңестік ұйымның заңсыз баспаханасы бар. Ол баспаханалық шрифтілер мен кішкене бояудан тұрды. Қазіргі уақытта (1941жылы 18желтоқсан - *автор*) баспахана Әнесовтің сарайындағы тезек жәшіктің ішінде жасырулы тұр. Бір кездері баспахана қазақ зиратында сақталды. Кейін зираттан менің үйіме әкелінді. Соңынан Әнесовтің сарайына көшірілді [15] - делінген.

Жасырын баспаханада «ҚХҚО» ұйымының мүшелік билеттері де басылып шыққан. Мүшелік билеттің мәтінін Әнесов пен Құлбасов құрастырған. Шрифтілерді Әнесов пен Молдағалиев терген. С. Молдағалиев

«60 билетті басып шығару үшін қағаз дайындалды. Бірақ бұл жоспарымыз жүзеге аспады, себебі 13 билет бүлініп қалды. Бар болғаны 10 билетті басып шығардық» [16] - десе, Әнесов: «Билеттің бірінші бетін тергенде билеттің ұзын-ырғасы 100 данадай болды. Бірақ ішкі бетін басқан кезде оның бірнеше данасы бүлініп қалды. 20 билеттен 11-і шамаға келерліктей болып шығып, мен оларды толтырып ұйым мүшелеріне таратып бердім. Билеттерді басуға Молдағалиев пен менен басқа ешкім қатысқан жоқ», - дейді. Баспаханаға қажетті жабдықтарды, мәселен, керосинді (бояулар мен шрифттердің кірін жуу үшін) Тұрымов пен Бажекенов беріп отырса, баспахана бояуларын Әлиев аудандық баспаханадан алып отырған.

Алғашқы үнпарақты теру аяқталғаннан кейін Әнесов партия мен Кеңес үкіметінің жекелеген басшыларына хат жазу жолдарын ойлай бастайды. Бұл жөнінде әуелі Молдағалиевпен, сосын Бажекенов және Тұрымовтармен ақылдасады. Шамамен 1941 жылдың 9-10 қарашасында Молдағалиев Сатқали екеуі Ғұбаштың үйінде хат жазуға кіріседі. Үш хат жазылады. Біріншісі – КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасына. Екінші хат – КСРО Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасына. Үшінші хат – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасының атына жазылады. Алғашқы екі хатты Молдағалиев жазса, соңғы хатты Әнесов қазақ тілінде жазған. Хаттың жазылған дұрыс уақыты 9-10 қараша болса да, олар саяси жағынан тиімді болады деген есеппен 7 қараша, яғни Қазан төңкерісінің 24 жылдығы күні жазылды деп белгілеп, Қазақстанды бөлу жөніндегі талаптарын осы күнге тұстас келтіргісі келген. Бұл хаттар оларды көп ұзамай тұтқындауға себепші болатынын сол сәтте жалпақталдық жастар білмеген еді. Аталған хаттың ғылыми құндылығын жоғары бағалап, сол күйінде оқырманға ұсынуды жөн көрдік. Осыған дейін бұл хатты А.Шахин жұртшылыққа ұсынған еді. Бұл хат қазіргі таңда Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мұрағатында сақтаулы. Хаттың мәтіні: КСР Одағы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы М.И. Калинин жолдасқа қазақ халқынан достық сәлем.

Біз «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымының мүшелері қазақ халқының атынан осы хатты жолдай отырып, мынадай талап-тілектерімізді білдіреміз. Қазақ халқы КСРО Конституциясына сәйкесті дербес қазақ мемлекеті болып бөлінгісі келеді.

Оның себебі, орыстандыру саясатына байланысты қазақ тілі, қазақ халқының мәдениеті мен халықтың құқығы аяққа басылды. Қазақтар қазір құл сияқты тұрып жатыр. Күні-түні жұмыс жасайды. Өнімді аз алады. Оны да мемлекетке береді. Киінуге түк қалмайды.

Қазақ халқының орыстардан бөлінуін сұраймыз. Егер бұл талаптарымыз орындалмаса, халық отанның дербестігін амалсыздан қолына мылтық алып қорғауға шығады. Жауапты осы жылдың 1 желтоқсаны күні «Правда» газеті мен радиодан күтеміз.

ГАКСИМ 7/11-41 жыл.

«ГАКСИМ» деген қол Ғұбаш Әнесұлы Көшекөв, Сатқали Иманғалиұлы Молдағалиев деген ұғымдарды беретін еді. Қалған екі хатта олар есімдерін әдейі түсініксіз етіп жазған.

Қазақстанның КСРО-дан бейбіт жолмен бөлінуі туралы сөз болуы мүмкін еместігін жақсы білсе де, хаттарды тиісті мекен-жайға салып

жіберген. Бұл жердегі олардың ұстанған мақсаты – қазақ халқын қарулы көтеріліске шақыруға себеп тауып, әуелі Қазақстанды бейбіт жолмен бөлінуін қалағандықтарын, сол үшін хат жазғандықтарын, бірақ Кеңес үкіметі оған ешқандай жауап бермегендіктен, қарулы күрес әдісіне баруға мәжбүр болғандығын дәлелдеу болатын. Жауаптау кезінде Ғұбаш НКВД тергеушілеріне дәл осылай жауап берген. С.Молдағалиевтің айтуынша, Өнесов екеуі Сталин, Калинин, Қазақбаевтың аттарына хат жазуды басқа ұйым мүшелерімен ақылдаспастан, өзара шешкен. Оған дәлел С.Молдағалиевтің тергеудегі жауабында мынадай үзінділер бар: «Сол хаттарды жібергеннен кейін ғана мен бұл туралы Бажекенов пен Тұрымовқа айттым. Тұрымов бұлай істемеу керектігін айтты, себебі хатпен бұларды ұстап алу қиын емес» [17]. Шынында да Тұрымовтың айтқаны келді, осы хаттан кейін-ақ тіміскілеу басталған еді.

«ҚХҚО» өз жұмыстарын нығайта беру үшін ұйым мүшелерін жекелеген аудандарға бөлу жұмыстарын жүргізді. Өнесов Фурманов ауданына, Бажекенов Жәнібек ауданына, Құлбасов Жымпиты, Нұралин Жаңақала ауданына баруға тиіс болды. Казталовка ауданына бару Мақұлбаев Қамалға жүктелді. Адамдарды аудандарға бөлу шамамен 1941 жылғы қараша айының соңына таман жүргізілген. Мақсат - 1942 жылы сәуірдің бірінші жұлдызына таман Батыс Қазақстан облысының бірқатар аудандарында әскери көтеріліс ұйымдастыру. Осыған қажетті Батыс Қазақстан облысының жағрафиялық картасын Әбілхайыров Байтұрған есімді азаматтан алған. Барлық аудандарда көтерілісті бір мезгілде бастау үшін шартты түрде хабар беруге келіскен. Мысалы Ғ. Өнесов көтерілісті 5. IV- 42 жылы бастайтын болса, «Менің үйлену тойым 5. IV- 42 жылы болады» деген жедел хат жолдайтын болған. Ғ. Өнесов Фурманов, Жәнібек және Жымпиты аудандарында көтерілісті бір мезгілде бастауға тырысқан. Көтеріліс уақытын 1-сәуір деп белгіледі. Жердің өте лайсаң кезі болғандықтан, машинамен қозғалушыларға қиын, керісінше өздері салт атты әскерді пайдаланғысы келген. Ұйымды қаржыландырудың төте жолы ретінде банкіні тонау да ойластырылған еді.

Бірақ балғын боздақтар әзірлеген барлық жоспар сәтсіз аяқталды. Олар сол сәтте әлемдегі ең алып держава саналатын КСРО империясы құрамынан дәл осындай қимылдармен бөлініп шығу еш мүмкін емес екеніне көз жеткізе алған жоқ. Бұл кезде өлкенің ұлан-байтақ даласы Кеңес өкіметінің толық өктемдігінде еді.

НКВД желтоқсан айында ұйым мүшелерінің бәрін тұтқындады. Ұйым мүшелерінің ішінен ең бірінші С. Молдағалиев тұтқынға алынады. Ұйымның іс-әрекеттерін жасырын аңдыған НКВД облыстық әскери комиссариатпен келісіп, жалпақталдық жастарды соғысқа алуға әдейі асықпайды. Әбден іздерін аңдып, қолға түсіреді. Сөйтіп 1941 жылдың 21 желтоқсанында ұстап алып кетеді. Олардың арасында Құлбасов деген жалған атпен жүрген НКВД-ның өз адамы болған. Батыр аңғал, албырт келеді демей ме, Оралда таныс болған Құлбасовқа Ғұбайдолла сеніп қалған. Біз ҰҚК облыстық басқармасының мұрағат қорларынан жансыз Ғабиден Құлбасов туралы жаңа деректер таптық. Ұйым мүшелерінің мәлімдеуінше ол білімі төмен, тәртібі нашар студент болған.

Ғ. Өнесовпен оның серіктері тергеп- тексерулер кезінде өздерінің

жасырын ұйымға қатысты істерін ашық айтудан тайсалмаған. Мұны мұрағат құжаттары да растайды.

Ғ. Әнесов КСРО НКВД-сы жанындағы айрықша кеңестің шешімі бойынша ату жазасына кесілді. РСФСР қылмыстық кодексінің тиісті баптары бойынша ұйым мүшелері С.Бажекенов, С.Молдағалиев, Ғ.Тұрымовтар он жылға, С.Шорабаев, М.Нұрәлин, И.Мұхамбетқалиев сегіз жылға, қалғандары бес жылға бас бостандықтарынан айырылды. Қ.Сапаралин 1942 жылдың 7 желтоқсанында НКВД қызметкерлерінің соққысынан қаза тауып, ісі тоқтатылады. Соған қарамастан оны да бес жылға соттап жіберген.

Бұл азаматтардың кейбіреулері айдауда жүріп қаза тапты. Олар Сібірде Карлаг пен Колымада азап шекті. Жазаларын өтегеннен кейін де ұйым мүшелерін қайтадан Қиыр Шығысқа жер аударып жіберді. Кеңес үкіметі оларды ғұмыр бойы саяси тұтқында ұстады. Тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана саяси әрекеттері үшін жазаланған 14 боздақтың азаматтық құқығы қалпына келтірілді. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы 1993 жылдың 26 ақпанында аталған қылмыстық іс бойынша арнайы қорытынды жасады. Бұл шешім бойынша «Қазақ халқын қорғаушылар одағының» барлық мүшелері толық ақталды.

Тобықтай түйін. Ел басына күн туғанда ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятын дарабоз саңлақтар ғана – алғы шепке суырылып шығатына мың мәрте дәлелденген аксиома. Ал ерлік һәм батырлық дәстүр – халық мерейі, ұлт мақтанышы ретінде жас ұрпаққа қызмет жасайды. Қазағын қапысыз сүйіп, сол жолда ұмытылмас өнегелі өмір сүрген һәм қаршадайынан азаттық үшін «атойлаған» алаштың алтын асықтай айбоз ұлының әруағы алдында біз не істей алдық? «Өлі разы болмай – тірі байымайды» деп жатамыз. Түсінген адамға әруаққа жасалатын құрмет бақиға кеткендер үшін емес, керісінше, бізге – фәнидегі тірілер үшін қажет. Білуімізше, боздақтарды еске түсіретін Жалпақтал ауылындағы Ғ.Әнесов атындағы көше мен сондағы бақта «Жалпақтал жастарына» орнатылған тақтадан басқа әзірше, ештеңе жоқ.

Ғ.Әнесовтің тағдырынан тағылым алу, оны бүгінгі және келешек ұрпаққа насихаттау үшін мынадай ұсыныстар айтқымыз келеді:

- Ғ.Әнесовке Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында немесе туған топырағы Жалпақтал ауылында ескерткіш орнату қажет;

- Ғ.Әнесовтің тарихи мұрасын бүгінгі жас ұрпаққа жеткізу үшін, қайраткер туралы Орал, Алматы қалаларындағы мұрағат деректерін жинақтап, кітап етіп шығару керек;

- Батыр тұлғасын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында Жалпақтал өңіріндегі немесе облыс көлеміндегі мектептердің біріне Ғ.Әнесовтің есімі берілуі керек;

- Ғ.Әнесовтің құрметіне арнап қала көшелерінің біріне оның есімін беруіміз керек;

- Батыс Қазақстан облыстық әкімшілігі өз өмірін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп, ұлт жолында жиырмасына жетпей қыршын кеткен жас боздақ Ғ.Әнесовтің есімін ұлықтау мақсатында Республиканың мемлекеттік деңгейдегі ең жоғарғы наградаларының біріне ұсыну керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Тұрлығұл, С.Жолдасбаев, Л.Қожакеева. Қазақстан тарихы. 11 сынып. А., 2007. 64-65 бб.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облыстық басқармасының мұрағаты (бұдан кейін ҰҚК БҚОБМ) №П 3545, іс №3789, т.1, 143-парақ

3. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №1627, 144-парақ

4. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 277-парақ

5. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 622--624 парақ

6. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 156- парақ

7. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №1627, 546- парақ

8. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №1627, 550-парақ

9. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 145-парақ

10. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 622-парақ

11. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 623-парақ

12. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 277-парақ

13. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 484-парақ

14. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.2, 611-парақ

15. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 277-парақ

16. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 278-парақ

17. ҰҚК БҚОБМ, №П 3545, іс №3789, т.1, 279-парақ

В статье рассматривается секретная деятельность организации «Союз защитников казахского народа», образованной в крае накануне Великой Отечественной войны с антисоветской целью. Члены одной из групп этой организации под руководством молодого, горячего Губайдоллы Анесова являлись студентами Уральского педагогического института.

In this article is reported about a secret service of "union of Kazakh people defenders" organization, which had established in the anti-soviet purpose in our region before the Great Patriotic War.

The majority of group members, which had managed by the perspective young leader Gubaydolla Anesov, were the students of the Ural pedagogical institute.

УДК 821.512.122-09

*Ахмет А. - т.ғ.д., доцент,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті*

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БЕЙНЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Халық басына түскен ауыртпалықтың қордалана түсуі, әділдік іздеуші ерлер алдында өлшеусіз кедергі-қамалдар тууы-осылардың бәрі қашан да қай елде болмасын тарихи тұлғалар туралы шығармалар әдебиетте қанат жаюына ықпал еткені мәлім. Қазақ қоғамында әдеби процестер ауызекі шығармашылық пен жазбаша бағытта өрбіді.

Әдеби шығармаларға арқау болған сондай тарихи тұлғалардың бірі де

бірегейі Сырым Датұлы-Отандық тарихтағы ұлт-азаттық көтеріліс қолбасшыларының ішіндегі ерекше тұлғалардың бірі. Сырым батырдың өміріне, ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліске арналған бірнеше еңбектер [1] мен іргелі зерттеулер бар [2].

Сырым Датұлы хақында қазақ әдебиеті тарихында оның жағымды бейнесі ақын-жыраулардың жырлары мен дастандарында, жазушылардың көркем туындыларында ерекше атап өтіледі. Оның басты себебі Сырым Датұлының есімі мен даңқы халықтың есінде уақыт өткен сайын жаңғырып отыруынан деп түсінген абзал. Кешегі патша заманында, одан бергісі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында да Сырымның есімі әдебиет тарихында ерекше орын алады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығы ерекше құбылыс. Оның айқын дәлелі халқымыздың Сырым батыр туралы даланың ауызша тарихы мен ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де мол мұралармен қамтылғанымен де құнды.

XX ғасырдың басында ағартушы ақын, ойшыл, публицист Ғұмар Қараштың (1875-1921) 1911 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Бала тұлпар» жинағында «Сырым батыр» тарихи жыры жарияланды. Ақын батырдың болмысын былайша жырлайды:

Сырым деген ер болған

Халқының қамын жер болған [3, 258, 306 бб].

Х.Досмұхамедов (1883-1939) «Қазақ батырлары:Исатай, Махамбет» және «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты мақалаларында: «1785-1800 жылдардағы байұлы Сырым батырдың көтерілісі барысында Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша өкіметімен жауласты. Сырым ақырында жеңілді деп қысқаша мағлұмат береді. Сырым он бес жылдай(1782-1797) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішінде жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды. Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы илануы елден айырылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жаңғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты», - деп жазды [4, 51-52 бб]. Х.Досмұхамедов Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі отарлауға қарсылық деп өзінің көзқарасын айқындайды. Оның әдебиет ісіндегі Ы.Шөрековтің мұраларын жинақтауы да зор игі іс еді.

1924 жылы жазылған Ығылман Шөрековтің (1876-1931/32) «Исатай-Махамбет» дастанында Сырым туралы:

Хан-ие сонда сөйлейді:

-Исатай, мені аяма!

Күнім туса көрермін,

Алла салса көнермін.

Келсе де ажал ерте-кеш,

Тағдырменен өлермін.

Қашаннан қазақ қайырсыз,

Қай ісіне сенермін?
Қарға қазақ шулаған,
Қастассам сені жеңермін.
Шаптым деп ханды мақтанба,
Үргеніште қалған Сырымдай

Сүйегінді шетке көмермін,-деген жыр жолдары бар [5, 35 б]. Ақын Сырымның Хиуа хандығында жүріп қаза болғанын туралы Жәңгір ханның ауызына сөз салады.

Сырым Датов туралы қалам тартқан қазақ жазушыларының бірі-Сәбит Мұқанов. Ол-қазақ әдебиетінің тарихында әдебиет зерттеуші тұлғалардың бірі.

С.Мұқанов (1900-1970) «Сырым Датұлы туралы» атты мақаласында Сырым батырды, кезінде халық ақындары, тамаша халық батыры образында түрлі себептермен жырлаған жоқ- деген пікірін білдіреді.

Жазушы Сырым туралы әдебиеттік материалдар жөнді болмағанымен, «Қазақтың ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктеріне»(1942) оның атын мына төмендегі себептермен кіргізгенін атап өтеді:

«...Біріншіден, Сырымнан ілгерірек өткен Бұқар жырау, патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы деміне қалтыраса. Сырым батыр, сол ызғардың түтеген боранынан тұншықты, аязынан үсіді. ...Сырым батыр ол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Екіншіден, Сырымның көтерілісі, одан кейін, екі жүз жылға созылған қазақ халқының азаттық жолындағы ұлы күресінің басы», -деп әділ бағасын береді [6, 56 б].

Жазушы аталған кітапта осы дәуірлер әдебиеті бойынша жиналған мол материалдарды жүйелеп, әдеби құбылыстарды халық тарихымен салыстыра қарайды. Жасыратыны жоқ С.Мұқанов Сырымның тұлғасын таптық көзқарас тұрғысынан талдады.

Сырым бейнесі Ұлы Отан соғысы жылдарында да жазушылар мен ақындардың шығармаларына арқау болды.

Ұлы Отан соғыс жылдарында Түркістан легионы қатарында болған атыраулық Ғайпен Бейісовтің келтірген дерегіне де назар аудару жөн сияқты.

Ғайпен Бейісов 1921 жылы Атырау (бұрынғы Гурьев) облысы, Махамбет (бұрынғы Бақсай) ауданына қарасты Талқайраң ауылында дүниеге келген. Он сегіз жасында партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданып, Бақсай аудандық партия комитетінде жұмыс жасайды, әскерге алынып, училищеге оқуға жіберіледі. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, 15-қыркүйекте Украинадағы Лоховица қаласының маңындағы ұрыста ауыр жараланып, неміс фашистерінің қолына түсіп, бірнеше ай бойы лагерь азабын бастан кешіп Түркістан Ұлттық комитетіне жұмысқа алынады. Соғыс жылдарында Вермахтының Жоғарғы Бас командованиесінің Түркістан насихат бөлімінің әскери фототілшісі болып қызмет атқарып, шығармашылықпен айналысқан. 1945 жылы легионерлердің қашуын ұйымдастырды деген сезікпен Ғ.Бейісов, Х.Абдуллин, Закиров, Е.Қалдыбаев тұтқындалып, ату жазасына кесілген. Бұл кезеңде кеңес армиясының қарқынды шабуылынан қаймыққан неміс-фашисттері шапшаң шегінуде болатын. Тағдырларына қарай үкім орындалар түнінде түрме күзетшілері қашып кетіп, бұлар аман қалады. Неміс түрмесінен босаған соң Қызыл Армия

қатарына қабылданып, 1946 жылы әскер қатарынан босап елге оралған Ғ. Бейісов 1946 жылы РКФСР Қылмыс заңының 58-16 бабына сәйкес «халық жауы» ретінде 10 жыл бас бостандығынан айырылып, атышулы Сібір, Степлаг, Карлагтың тозақ өмірін бастан кешіп, 1956 жылы босайды. Одан кейінгі жылдары Атырау, Маңғыстау облыстарының кәсіпорындарында инженер қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Тек 60 жылдан кейін Қазақстан Республикасының Бас Әскери Прокуратурасының № 12/3-06(Р) 2006 жылдың 24 сәуірдегі қорытындысымен ақталып, саяси қуғын-сүргін құрбаны мәртебесін алған. Сол қортындысымен бірге Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті мұрағатында сақталған 1941 жылы соғыс алдында лейтенант формасында түскен фотосуретін қоса алған. 2007 жылдың 8 мамыр күні бақиға озды.

Ғ. Бейісовтың (1921-2007) «Тамұқтан өткен тағдыр» атты деректі әңгіме кітабында Мұстафа Шоқай, Хамза Абдуллин (әдеби бүркеншек есімі Сайран), Мәулікеш Қайболдин(Асан Қайғы), Мәжит Аяпбеков(М.Дара), Баймұрза Хайт, Қарес Қанатбаев, Қазі Қазыбеков(Қазі), Мәжит Айтбаев (Қобызшы Қорқыт) т.б. сияқты соғыс кезіндегі Берлиндегі Түркістан Комитетінің көрнекті өкілдерінің қилы тағдырлары жан-жақты әңгімеленеді. Естеліктерін 1955 жылы Қоянды басқармасының лагерінің 3-бөлімінде жүріп жаза бастаған.

Автор өзінің деректі әңгіме кітабында 1944 жылдың 10 мамыр күні Австрия астанасы Вена қаласында Түркістан түріктерінің І Құрылтайы болып өткендігін, құрылтайға Түркиядан, Ауғанстаннан, Ұлтаралық неміске тәуелді комитеттердің он үші қатынасқанын, келесі күні атақты Вена опера және балет театрында Қазі Қазыбековтің «Ұлы адамның арманы» атты қысқа екі актілі пьесаның қойылғанын жазады. Пьесаның оқиғасы Сырым Датұлының ұлт-азаттық күресі туралы, Сырым ролінде артист Мұхамбетқали Батыргереев, сахнаға қойған журналист Мәжит Жақсылықов, музыкасын жазған Вена консерваториясында оқып жүрген Ғалым Абсаламов және Түркістан легионының көркемөнер үйірмесінің жетекшісі, скрипач, әрі дирижеры Айтекеш Толғанбаев. Бұл кәрі Европа төріндегі театрдағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихы жөнінде қойылған алғашқы туындылардың бірі болды деп есептеуге болады. Бұл қойылым Ғайпекеңе ерекше әсер еткен. Ол: «Әлі есімде, шымылдық жартылай ашық тұр. Қазақтың кең даласы. Алыста ойлы-қырлы белестер көрінеді. Ұзын жолдың бойы. Екі көзі жоқ қарияны бір жас қыз жетектеп келеді. Қарт тұрып:

Мұнарда мұнар мұнар күн,
Сәулесіз меніру қара түн.
Қара түнді қак жарып,
Қазақтан енді шығар кім...»

Басқаны қайдам, пьеса маған қатты әсер етті, ұнады,-деп еске алады. [7, 163-164 бб].

Қазі Қазыбековтың бұл пьесасы Түркістан Ұлттық Комитетінің баспасөз органында жариялануы мүмкін-ау деген ой да келеді. Пьесаның негізгі идеясы-азаттық идеясы-легионерлердің бойындағы азаттық рухты көтергені сөзсіз. Айырықша атап өтетін мәселе Түркістан түріктерінің І Құрылтайында Вена опера балет театрында басқа түркі тектес ұлттардың ұлт-азаттық көтерілісі туралы қойылымдарының болмауы. Бұдан шығатын

қорытынды Сырым бейнесінің қазақ әдебиеті тарихындағы орнының ерекше екендігін көрсетсе керек-ті.

Сонымен бірге Жәрдем Тілешовтің 1945 жылы майданда жүріп жазып бітірген «Сырым батыр» дастанын айтуға болады:

Сол адам ханға тіл қатты:

Менің атым ер Сырым

Менің сырым ел сыры

Еңіреген еріңмін

Асқақтап аққан Жайықпын,

Атыраудай асау теңізбін

Топанымын халық кегінің

Сеңіме сені сүздіртіп

Селкілдетіп Ордаңды,

Он төрт жыл соққан желіңмін,-деп батырдың бейнесі арқылы халықтың кегін қайтаруды жырына қосады. Ақын дастанында:

Тұлғасына қарасам,

Адамға біткен бір алып...

Ажарына қарасам,

Ашулы көкжал арыстандай,

Қабағы тым қатыңқы

Қара бұлт басқан аспандай,

Сәукеле қара сақалды

Азын-шоғын ақ бардай,-дей отырып батырдың бейнесін сомдайды [8].

1967, 1989 жылдары «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Шешендік сөздер», «Ел аузынан» жинақтарында Сырымның шешендік сөздері берілген.

Жинақтардағы Сырымның шешендік сөздері халықтың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ауызша аңыз, әңгімелерге сүйеніп жазылған.

Сырым Датұлының қоғамдық-саяси қызметі тақырыбына қалам тартқан Ғабит Мүсірепов(1902-1985) 1980 жылы «Болашаққа аманат» атты Сырым туралы төрт перделі тарихи драмасын жазды. Тарихи драма 1981 жылы «Жұлдыз» журналының №1 санында жарияланды [9, 16-40 бб].

Бұл тарихи драма халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде ашық та батыл көтерген шығарма. Ғ.Мүсіреповтің бұл тарихи драмасының негізгі идеясы ұлт азаттығы, халықтың өзін-өзі билеуі жөніндегі идеямен ұштасып жатады. Жазушы кейіпкеріне, яғни Сырымға: «Қай ел болса да өзінің қандай ел екенін өз тізгіні өз қолында тұрғанда ғана көрсете алады», -деген өте батыл сөз айтқызып, батырдың асқақ арманы мен аманаты халқының тәуелсіздігін жазушы асқан шеберлікпен қалың оқырманға жеткізе білді.

Ғ.Мүсіреповтың қаламынан туған бұл шығармаға филология ғылымының докторлары Х.Әдібаев пен Ж.Ысмағұлов: «Сырым Датұлының өмірі мен билік қызметі жайындағы бұл еңбек кезінде цензура бақылауынан қағаберісте өтіп кетсе де, әдеби-драматургиялық сын тарапынан да тиісті бағасын ала қоймаған туынды. Ал шындығында, ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде

дәл осындай ашық та батыл көтерген басқа шығарманы біз онша көп біле бермейміз», -деп баға береді [10, 230б].

Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романындағы басты кейіпкер Қайрошта (Кенес Одағының Батыры Қайырғали Сұмағұлов) Сырым шыққан топырақтан. Жазушы өмірде болған, әр қилы заманда өмір сүрген елін, туған жерін сыртқы жаулардан қанын төгіп қорғаған қазақ батырларының ерліктерін көркем әдебиетте шебер сабақтастыра білді.

Тарихи шығармаларға деген халықтың ықыласы ерекше екендігі де белгілі. Тәуелсіздік жылдарында жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы жиырма жыл бойы ізденіп «Тар кезең» тарихи романын 2012 жылы жарыққа шығарды [11]. Тарихи роман ресми мұрағат құжаттарындағы бұйрықтарға, хаттарға сүйеніп, зерттеп, зерделеу арқылы жазылған. Бұл жаңа туынды туралы Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры, ақын Несіпбек Айтұлы: «Тар кезең» романы Қ. Мұханбетқалиұлының жиырма жыл көз майын тауысып зерттеп жазған шығармасы және үлкен, күрделі шығармаға келу үшін адам оны көп уақыт зерттеу керек», -деп атап өтті [11]. Сонымен қазақ әдебиеті Сырым Датұлы туралы тағы бір тарихи романмен толықты.

Халық мүддесін бар өміріне мұрат еткен ұлы күрескердің ерлік хикаясы да, қиын-қыстау заманның қыспағынан қымсынбай, ащы шындығымен, асқақ романтикасымен бейнелеп кеткен ақындар мен жазушылардың қажырлы еңбектерінің нәтижесі қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығының айқын үлгісі.

Отандық тарихта өзіндік орыны ерекше тұлға Сырым Датұлының халқына сіңірген баға жетпес қоғамдық-саяси қызметін зерделей отырып жас ұрпақты отансүйгіштікке баулаудың үлгісі ретінде мектептерде, арнаулы оқу орындарында Сырымтану курстарын енгізсе нұр үстіне нұр болған болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996. -656 с; Гавердовский Я.П. Обозрения киргиз-кайсацкой степи или описание страны и народа киргиз-кайсацкого Ч.2. 1803; Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа(1797-1838г.). В 2-х книгах, Кызыл-Орда, 1926; Мұқтар Ә. Тарих тұңғышындағы тұлғалар(ХҮІІІ-ХІХ ғғ.). –Алматы: Арыс, 2008. -240 б.
2. Вяткин М.П. Батыр Сырым. Учебное пособие. –Алматы: Санат, 1998. - 344 с; Мұқтар Ә. Азаттық таңы жолында –Алматы: Ғылым, 2001.-258 б.
3. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараи: өмірі мен шығармашылығы. –Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004.-384 б.
4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы(Избранное). –Алматы: Ана тілі, 1998. - 348 б.
5. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. Дастан мен өлеңдер. (Құрастырған Б.Амашин.) –Алматы: «Жазушы», 1976. -160 б.
6. Сырым баба ізімен. -Орал, 2007. -184 б.
7. Бейісов Ғ. Тамұқтан өткен тағдыр. Деректі әңгіме. -Алматы: «Өлке», 2002. -400 б.
8. Тілешов Ж. Сырым батыр // Қазақ әдебиеті, 21 тамыз, 1992.
9. Мүсірепов Ғ. Болашаққа аманат. Тарихи драма // Жұлдыз, №1, январь, 1981. -224 б.

10. Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. -Алматы. ҚАЗАҚПАРАТ, 2004. -520 б.

11. Тоқсанбай Қ. Жиырма жыл жазылған роман // Егемен Қазақстан, 26 қыркүйек, 2012.

В данной статье автор рассматривает преемственность фольклорного жанра (стихи, романы, поэмы) в истории казахской литературы и о предводителе национально-освободительного движения, батыра, бие Сырым Датове.

In that article the author examines a succession of folk genre (poems,novels, poetries) in the kazakh literature history about a leader of national liberation morement, a warrior Syrym Datov.

УДК 94(574)

Сармурзина Н. - т.ғ.к.,

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университеті

ШЕТ ЕЛДЕРДЕН ОРАЛҒАН ОТАНДАСТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шет жерлерде мекен етіп отырған қандастарымыздың ұлт ретінде өсіп-өркендеуі және тарихи отанына оралуы Қазақстан мемлекеті үшін өте қажет. Оларды тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу, нәтижесін жүйелі түрде жүзеге асыру- ұлт бірлігін нығайтып, ұлтымыздың дамуына, жандануына ғана әкеліп қоймай басқа елдердің аз санды халыққа деген қатынас тәжірибесін анықтап, зерттеуге де мүмкіншілік береді. Сондықтанда шет елдердегі қазақтардың проблемалары, олардың этно-әлеуметтік мәселелері және этнографиялық болмысы атажұртқа көптеп оралуы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, шетте жүрген қандастарымыз қазақ этносының бір бөлігі, қазақ халқының тұтастығын, көздейтін болсақ, олардың мәдениетімен этникалық ерекшелігін, тұрмысы мен мәдениетін, қазіргі жағдайын, басқа елдердегі олардың саяси әлеуметтік статусын зерттеу ҚР ұлттық идеясын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі. Бұларды тарихи-этнографиялық тұрғыдан саралай отырып, зерттеу бүгінгі күннің талабы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс. Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», - деп көрсетті [1, 8 б]. Өзімізді танып білу, жоғымызды іздеу тек еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана мүмкін болғандығы белгілі. Әлемдегі диаспораның үлкен бір қауымын

қазақтар құрайтындығы белгілі. Өз республикасынан тыс, шет жерлер мен шет елдерге таралу жағынан да қазақтар алдыңғы орындарда тұр. Халқымыздың 5,5 миллионға жуығы төл ортадан жырақта өмір сүруде. Соның ішінде саяси-экономикалық құрылымы әртүрлі елдерде өз қандастарынан бөлек ортада өмір сүріп отырған қазақтардың үлкен бір қауымын Орта Азиядағы қазақтар құрайды. Мәселен, 1995 ж. орта кезеңіндегі мәліметтер Өзбекстанда 1,5 миллион, Түркіменстанда 100 мың, Қырғызстанда 45 мың, Тәжікстанда 10 мың қазақ болғандығын көрсетеді [2]. Қандастарымыздың шет жерлерге таралу тарихы да баршамызға аян. Ол XVII-XVIII ғ.ғ. халқымызға жасаған қыспақ жоңғар шапқыншылығының зардабы, XIX және XX ғасырдың бас кезеңіндегі патшалық Ресейдің отаршылық саясаты қазақтардың дәстүрлі қоныстану тәртібін әміршіл-әкімшілік жолмен шешуі, шұрайлы жерлерді басып алуы, 1916 жылғы патша жарлығы, 1917-1918 жж. саяси экономикалық дағдарыс, онан кейінгі кезеңдердегі ауыртпашылықта қоғамдық саяси жағдайларға байланысты жалғасты, күштеп коллективтендіру дәуіріндегі асыра сілтеу, ашаршылық, т.б. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан республикасының маңызды саясатының бірі елдегі халық санын жиырма миллионға жеткізе отырып, елімізді әлемдік деңгейдегі мемлекеттер қатарына қосу болып табылады. Ол үшін кемінде 3,5 миллион қазақты елге оралту қажет. Бұл салада мемлекетіміз бір кездері тарихи себептермен шет елдерге ауған отандастарымызды тарихи Отанына қайтарудың әртүрлі амал-әдістерін жүзеге асырып келе жатқандығы белгілі. Осыған байланысты еліміз тәуелсіздігін алғалы бері кейбір деректер бойынша 800 мыңға жуық қазақтар елге оралғаны белгілі [3]. Бүгінде міне, сол Отанға оралған қандастарымыздың төл ортаға бейімделуі, олардың әлеуметтік-мәдени дамуы, ұлттық мәдени мұраларды жаңғыртуда, еліміздің тұтастығы мен өркендеуіндегі олардың үлесі мен орнын саралау маңызды болып саналады. Сондықтан да олардың қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық проблемалармен байланысты елге оралуын, көші-қон саясатындағы оларды орналастыру мәселелерін сараптау, тарихи отанда жергілікті халықпен сіңісу, бейімделуін болжау тарихшы, этнолог мамандардың міндеті болып саналады. Сонымен қатар бөгде ортада ұзақ жылдар бойы мекендегеніне қарамастан дәстүрлі мәдениетін сақтап қалған отандастарымыздың мәдени мұрасын зерттеп, оларды елде қайта жаңғыртуда қазақ халқының біртұтастығын көрсетеді.

Бүгінде Қазақстанның Батыс аумақтарына Түркіменстаннан, Қарақалпақстаннан, Ауғанстаннан, Ресейден оралған отандастарымыздың бір шоғыры орналасқан. Сондықтан да олардың ұлттық болмысын, мәдениеті мен салт-дәстүрінің сақталуы мен өзгерісін, мәдени мұраларын зерттеп қана қоймай, сол өздері қоныстанған аймақтарда әлеуметтік-мәдени дамуын, тарихи Отанға бейімделу үдерісіндегі проблемаларды анықтап, шешуге, олардың өзін-өзі дамытуына жағдай жасау немесе ықпал тигізумен қатар қазақ репатрианттарының тарихи және қазіргі этникалық дамуына байланысты тарихи этнографиялық аспектілерін зерттеу қажет.

Сондай ақ шет жерлердегі қандастарымыздың елге оралуына қолдау көрсету оларды барынша тұрмыстық бейімділігіне қарай орналастыру-ҚР-ның ішкі-сыртқы саясатындағы маңызды мәселелердің бірі және олардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұрмыс жағдайын, қоныстану

аймақтарындағы өзекті проблемаларын жан-жақты зерттеп, нақты мәліметтер негізінде ғылыми жүйеге түсіру кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі кезеңде елімізге алыс-жақын шет елдерден көшіп келіп Қазақстанның түкпір-түкпіріне қоныстанған қазақтардың проблемасы ҚР ішкі саясаты болып табылады. Қазақ диаспорасының қалыптасуын, олардың өткені мен бүгіні, ертеңіндегі тарихы мен мәдениетін зерттеудің қажеттілігі сонда, шет жерлердегі қазақтардың бір бөлігі әр кезеңдердегі тарихи оқиғалар: жаугершілік, қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық, Ресей отары кезінде шұрайлы жерлерден айырылу, Кеңес дәуіріндегі ұжымдастыру, ашаршылықтың, т.б. нәтижесінде қалыптасқан диаспораны құрса, енді бір бөлігі этникалық-территорияны межелеуге байланысты өзінің тарихи Отанынан еріксіз бөлініп қалған «ирредент» (өз ұлтынан бөлініп қалған) қазақтарды құрайды. Тарихи отанына оралған отандастарымыздың қоныстану, тарихи-географиялық ортаға икемделу, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының сақталу мәселелерін зерттеу жүздеген, ондаған жылдар бойы бөгде ортада өмір сүріп, сол елдің даму статусына икемделген қандастарымызда қаншалықты деңгейде ұрпақтар байланысының генетикалық сабақтастығы, дәстүрлі мәдениеттің сақталу деңгейі, сол елдердегі этникалық үдерістердің (миграция, консолидация, ассимиляция, эмиграция) т.б. ықпалын анықтау, зерделеу біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің дамуына зор ықпалын тигізеді.

Сырттағы қандастарымыз сол тұрып жатқан елдердің саяси-әлеуметтік жағдайларының тұрақсыздығы мен кейбір қажеттіліктерінің орындалмауына байланысты (қазақ мектептерінің жабылуы, басшылық орындарға алмау, жұмыссыздық т.с.с.) еліміз егемендігін алғалы бері өздерінің тарихи Отанына оралуда. Осыған байланысты елімізде көші-қон департаменті, Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, Нұрлы көш, т.с.с мемлекеттік және қоғамдық орындар жұмыс істеуде. Орта Азия елдерінен оралған қандастарымыздың басым бөлігі мәселен, Өзбекстан, Қарақалпақстандағы қазақтар Оңтүстік облыстарға орналасса, Түркіменстан, Қарақалпақстандағы қазақтар Ақтау, Ақтөбе облыстарына көптеп орналасуда. Дегенмен де мемлекеттің қаулысымен оларды Қазақстанның солтүстік аймақтарына да орналастырылып жатқандығы құжаттардан белгілі [4]. Оралмандарды бейімдеу мен кіріктіру орталықтарын құру ең алдымен, тәжірибе жүзінде, республика бойынша оралмандар едәуір көп қоныстанған Маңғыстау облысында жүзеге асырылмақшы. Осы іс-шараға республикалық бюджеттен 633,140,9 мың теңге мөлшерінде қаржы бөлу көзделген. Міне, осы істелініп жатқан шаралардың барлығы Отандастарымыздың ата қонысына бейімделуіне жасалып жатқан қамқорлық.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі әртүрлі елдердегі қазақтардың да өсу, өну, даму үдерісі сол елдің ішкі бірлігімен астасып жататындығы белгілі. Сондықтан да Қазақстан өкіметі еліміздегі қазақ ұлтының бірлігін нығайту мақсатында шет жерлерден көшіп келіп еліміздің түкпір-түкпірінде тұрып жатқан қандастарымыздың да тұрмысы мен мәдениетін, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, рухани тыныс тіршілігіндегі мәселелерді де талдауға олардың сұраныстарын қанағаттандыруға тырысады. Болашақта тарихи отанына қайтқысы келген отандастарымызға жағдай жасау, көшіп-қону мәселелерімен айналысатын орталықтар құру, т.с.с. шараларын әлі де дамыту

керек.

Қазақтың арқа сүйер сүйеніші, киелі құт мекені тек қана қазақ жері, Қазақстан мемлекеті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы шетелдердегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдап [5], оларды мүмкіндігіне қарай елге қайтаруда және ұлттық сана сұранысына қарай жағдай жасауда. Сондай-ақ 1992 жылы Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығының құрылуында шетелдердегі қазақтармен байланыс жасауда маңызды іс-шаралар мен жұмыстар атқаруда. Тарихи отанына келгісі келетін қандастарымызға жағдай жасап, көші қон мәселелерімен айналысатын орталықтар құрып әр-түрлі шаралар атқаруда. Сондықтан, шет жерлерден көшіп келген қазақтардың тұрмысы мен мәдениетіндегі проблемаларды зерттеу арқылы этностар арасындағы қарым-қатынас, мәдени өзара байланыс, ықпал яғни этномәдени процестерді талдауға да мүмкіншілік береді деп есептейміз. Сол арқылы еліміздегі аз санды халықтардың да даму процесін зерделеуге болады. Мұндай зерттеулер мемлекетімізді нығайтып, ұлт бірлігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақ диаспорасына қатысты проблемаларды зерттегенде Ресей, Орталық Азия (Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан, Монғол т.б.) қазақтардың сол елдердегі саяси - әлеуметтік, экономикалық, мәдени тұрғыдағы статусын анықтаудың маңызы зор. Себебі, бұл елдер ежелден тарихи даму үдерісіміз бір, этникалық және мәдени байланысымыз біте қайнаскан көршілес, бірі туыстас мемлекеттерге жатады. Сондықтан да жергілікті халықтардың қазақтардың тұрмысы мен мәдениетіне тигізіп отырған ықпалын анықтау, олардың дәстүрлі мәдениетінің сақталуы мен өзгерісін айқындау да маңызды.

Бөгде этникалық ортадан және саяси - әлеуметтік-экономикалық статусы да әртүрлі елдерден оралған қандастарымыздың дәл қазіргі кезеңдегі біздің дәстүрлі мәдениетімізге бейімделуі біршама уақытты қажет етеді. Сондықтан олардың да төл ортаға бейімделу жағдайын, еліміздің саясаты мен рухани өміріне араластыру бағытын зерттеу маңызды мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Дүние жүзі қазақтарының II-құрылтайында жасаған баяндама // Дүние жүзі қазақтарының шежіресі. - II кітап. – Алматы: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2005. – 71 б.
2. Итоги Всесоюзной переписи населения 1989 г. Национальный состав. М: ЦСУ, 1991. – 356 с.; Демографический ежегодник Узбекистана. – Ташкент: Государственный Статистический комитет РУ, 2006. – 191 с.; Статсборник население Кыргызстана. – Бишкек, 2000. Кн. 11. – Часть. 1. – 272 с.; Население Республики Таджикистан. – Душанбе, 2000. – 155 с.
3. Сейдин Н. Казахи за рубежом как объект национальной политики // Книги КИСИ.-Алматы: Рейз,2005.
4. Қалишабаева Б. Орталық Азия қазақтары .- Алматы, 2011.-405 б.
5. Шетелдердегі отандастарды қолдаудың 2003-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Алматы, 2002.-34 б.

В данной статье описывается важность исследования проблем адаптации казахов, переехавших из других стран в родной земле

This article describes the importance of the study of adaptation of Kazakhs moved from foreign countries to their native land

УДК 0018:378(574)

*Сулейменова Г.Б. - к.и.н., доцент,
ЗКГУ им. М.Утемисова*

ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ КАМПАНИИ СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ОБЛАСТИ НАУКИ И ОТРАЖЕНИЕ ИХ НА СУДЬБАХ УЧЕНЫХ УРАЛЬСКОГО ПЕДИНСТИТУТА

Крупным достижением и событием в культурной жизни республики явилось открытие в июне 1946 года Академии Наук Казахстана на базе Казахского филиала АН СССР. Образование национальной Академии наук свидетельствовало о том, что в республике выросли многочисленные кадры ученых, окрепли и расширились научные учреждения. Большую помощь в развитии науки в республике оказали видные русские ученые – академики С.И.Вавилов, И.П.Бардин, А.М.Панкратова. Первым президентом Академии был избран К.И.Сатпаев – видный ученый и талантливый организатор науки в Казахстане.

Филиалы Академии Наук Казахстана были созданы и в Западном регионе республики. Особенно успешно развивалась ветеринарная наука, т.к. основным видом хозяйства было животноводство. В г. Уральске в конце 40-х - начале 50-х работала Западно-Казахстанская Научно-исследовательская Ветеринарная Опытная станция Института Ветеринарии Казахского филиала ВАСХНИЛ. Ученые П.И.Островидов, В.С.Анисимов работали над темами: “Бруцеллезная инфекция у верблюжат”, “Изучение степени восприимчивости к сибирской язве у животных, перенесших искусственную иммунизацию” и другие. /1/

4 апреля 1955 г. вышло постановление ЦК КПСС “Об улучшении научной работы в области экономики сельского хозяйства”. В постановлении указывалось на “неудовлетворительную подготовку научных кадров по экономике сельского хозяйства, особенно специалистов высшей квалификации”. В регионе в 50-х годах не было аграрного вуза. /2/

В 50-х годах началось формирование еще одного важнейшего узла науки в Гурьеве. В 1956-1958 гг. были организованы Институт нефти и Институт ихтиологии и рыбного хозяйства. Главное внимание в плане Гурьевского Института нефти уделялось проблемам интенсификации добычи нефти, исследованию физических, технологических, химических свойств нефти и нефтепродуктов. /3/

В 50-е годы на развитие естественных наук оказала влияние восторжествовавшая лысенковщина, которая нанесла огромный вред всей науке в целом. Эта политическая акция против науки началась со знаменитой

августовской сессии ВАСХНИЛ (1948), которой руководил академик Т.Д.Лысенко. Итог сессии - "в биологической науке существует два противоположных направления: одно направление прогрессивное, материалистическое, мичуринское..., а другое реакционное, идеалистическое, вейсманистское (менделе-моргановское), основателями которого являются реакционные биологи Вейсман, Мендель, Морган". Это противоборство классифицировалось как форма "классовой борьбы" социализма с капитализмом. /4/ Специальные комиссии занимались проверкой биологических и сельскохозяйственных кафедр вузов. Вузы Актюбинска и Гурьева были созданы позже в середине 50-х годов. Поэтому, такие болезненные проверки коснулись Уральского педагогического института. Проверяли не только факультет, кафедру, но и каждого преподавателя. Например, преподавателю Еременко инкриминировалось обвинение: недостаточно разобралась с противоречиями между прогрессивным, мичуринским учением и реакционным, вейсманистским лжеучением. /5/

В лекциях по так называемому классическому дарвинизму кандидата биологических наук Цыганкова А.А. обвинили в том, что он оставил без критического разбора ошибочные стороны теории Дарвина (кроме мальтузианских ошибок), "не дал хотя бы краткого понятия о решении проблемы академиком Т.Д.Лысенко". Главным в биологических науках в 50-х годах была пропаганда мичуринской биологии. Комиссия, направленная в Уральский педагогический институт, указала, что работники кафедр ботаники, зоологии и химии не сразу поняли сущность решений сессии ВАСХНИЛ, поэтому в преподавании биологических наук в институте имели место недостатки: слабое отражение в читавшихся курсах учения И.В.Мичурина и Т.Д.Лысенко, недооценка их работ... Комиссия, проверявшая преподавание биологических дисциплин, констатировала, что перестройка в преподавании биологических дисциплин, предусмотренная решением августовской сессии ВАСХНИЛ, по существу не завершена. /5/ За все годы своего существования тоталитарная система требовала от науки соблюдения марксистско-ленинского диалектического подхода, классовости и партийности. Даже от естественных наук требовалось соблюдение "большевистской принципиальности". Доцента Иванова В.В. обвинили в том, что, рассказав о превращении пшеницы в рожь, он не подчеркнул, что это превращение произошло скачкообразно, революционно. Данный факт доказывал: "доцент Иванов недостаточно усвоил диалектический подход к рассмотрению явлений в природе". /5/ Главный итог лысенковщины - исследования в области генетики и других важных разделов общей биологии почти прекратились. Новые идеи и крупные открытия в химии, биологии, физике объявлялись враждебными материализму.

В общественных науках в 50-60-е годы ведущее место в исследовательской и педагогической практике обществоведов занимали работы Сталина, идеи которого воспринимались как непререкаемые истины. На "Кратком курсе истории ВКП(б)" продолжала базироваться история партии и история советского общества. За развитием общественных наук наблюдали комиссии, направленные в вузы. В 1952 году такие проверки установили, что лекции ряда преподавателей Уральского пединститута

“читаются на очень низком идейно-теоретическом уровне”. Планы работ кафедр неконкретны, а самое главное, в основу ряда планов не положены постановления ЦК ВКП(б) и ЦК КП(б) по идеологическим вопросам, являющимися методологическими основами всей деятельности этих кафедр, каждого преподавателя, института в целом. Было выявлено, что преподаватель кафедры философии Мишелевич Р. в ряде своих лекций не раскрывал роль партии в социалистической революции. Преподавателя Н.А.Кобяк обвинили в том, что лекция “Общий обзор США” не была связана с докладом товарища Сталина на XIV съезде ВКП(б) о стабилизации капитализма. /5/ Глубоко аполитичными и безыдейными оказались лекции профессора Фремда на тему: “Нефть”. Лекция не показала исходных “философских позиций” авторов различных теорий образования нефти, не подверглись критике идеологические теории по этому вопросу. Также не были затронуты вопросы об их значении для “формирования диалектико-материалистического мировоззрения”, не была раскрыта закономерность происхождения горных пород... По квалификации членов комиссии, “такие лекции с успехом могут быть прочитаны в любой капиталистической стране, так как они оторваны от советской действительности”. /5/

Обстановка, сложившаяся в науке, наглядно отразилась в дискуссиях конца 40-х - начала 50-х годов. В дискуссиях приняли участие руководители партии: по философии – член Политбюро ЦК, занимавшийся вопросами идеологии А.А.Жданов, по языкознанию и политэкономии – И.В.Сталин. Уже само участие партийных руководителей в дискуссиях исключало возможность свободного обсуждения научных проблем, ибо их выступления воспринимались как руководящие указания. Положение дел в науке было подвергнуто резкой критике, отчасти и справедливой, но были допущены и несправедливые оценки деятельности отдельных ученых с наклеиванием порочащих их ярлыков. Проработочные кампании создавали нервную обстановку в вузовских, научных и творческих коллективах. Ряд обществоведов, историков, в том числе Е.Б.Бекмаханов, были обвинены в буржуазном национализме и антисоветской пропаганде. Профессор К.Н.Нурпеисов указывает, что доморощенные “сверхинтернационалисты” начали тотальный поиск носителей буржуазно-националистических идей среди научной интеллигенции. В научно-исследовательских институтах, вузах, в коллективах творческой интеллигенции усилились подозрительность, страх, психология покорности и доноительства, возник синдром 1937-1938 годов. /6/

Носители идей «буржуазно-националистического» характера были найдены в Уральском пединституте. Оказалось, что в институте не были подвергнуты должной большевистской критике националистические извращения, ныне “разоблаченных буржуазных националистов – Бекмаханова, Джумалиева и многих других”. А сам Акмурзин С.А., как ректор и заведующий кафедрой казахской литературы, “проявил политическую близорукость и недальновидность в разоблачении Бекмаханова, Джумалиева и других, не возглавил в институте критику”. Эта политическая кампания началась с того, что в декабре 1950 г. в “Правде” была опубликована статья “За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана” и в 1951г. ЦК КП(б) Казахстана принял постановление о

статье в газете “Правда”. Оказалось, что кафедра казахской литературы, возглавляемая Акмурзиным, “не наметила мероприятий по исправлению ошибок и недостатков, имевших место в ее работе, и осуществление задач, вытекающих из этой статьи и постановления ЦК по этому вопросу”. /5/ И в связи с этим еще более усилилась идеологизация вузовской науки. Вслед за этим постановлением последовал ряд гонений на профессорско-преподавательский состав.

Преподавателя Тлеужанова М.М. обвинили в том, что он дает неправильные формулировки по вопросам творчества Мурата и Шортамбая. Они являются “реакционными писателями”, их нельзя ставить рядом с Абаем и Алтынсариним. Преподаватель М. Тлеужанов допускает “грубейшие политические ошибки”. Например, при чтении темы: “Творчество Алтынсарина” Балхожа показывается как защитник народа, в действительности Балхожа был феодалом, беспощадно эксплуатировавшим народные массы, имел десятки рабов и являлся известным и крупным баем. Во взглядах Тлеужанова М.М. выявились настроения “низкопоклонства” перед Западом. При чтении темы “Литературные методы”, он объясняет, что термин “классицизм” заимствован в XVIII веке из Франции. /5/

Искоренить “раболепие перед иностранщиной” пытались на кафедре русской и зарубежной литературы. При анализе эпосов средневековья “Песнь о Роланде”, “Песнь о Нибелунгах” преподаватели не должны были забывать об их классовом характере. Это замечание касалось преподавателя Е.З.Литовченко, который, рецензируя доклад “Эпитеты былин”, не подчеркнул антинародный характер религиозных мотивов в былинах. /7/ Таким образом, творческий подход к науке, неординарность мышления должны были быть в рамках “дозволенного”.

Ученым, занимающимся научными изысканиями в области языкознания, вменялось в обязанность использовать как методологическую основу “труд Сталина по языкознанию”. Лекторам Малеча Н.М. и Кадырбергенову К. инкриминировалось обвинение, что они не использовали работы вождя “всех времен и народов”. Особые требования предъявлялись преподавателям гуманитарных дисциплин. В лекциях преподавателя Мишелевич в освещении вопроса о взглядах Гегеля и Феербаха “не была выделена реакционность и национализм их философии”. /7/

С особым вниманием следили за ходом мысли историков. Доцент Медведев Д.О., уделяя особое внимание внешнему ходу исторических событий, “слабо анализировал эти события с позиции партийности”. Чтобы напомнить, что самая передовая наука и культура это русская, доценту Ступаченко Л.М. сделали замечание в том, что она “обходит вопросы всемирно-исторического значения передовой русской науки и культуры”. /7/

Идеологизация тоталитаризмом научной мысли достигла своей цели, все научные изыскания, открытия должны были иметь одну единственную методологию – марксистско-ленинскую.

Таким образом, в 1945-1985 годы в развитии науки региона были заметные успехи. Крупным научным центром был город Гурьев. Здесь были открыты Институт нефти и Институт ихтиологии. Действовал Институт химии нефти и природных солей. Велись исследования в области геологии, химии, генетики, биологии, медицины, селекции животных и растений,

нефтехимии и других отраслях науки. Следует отметить и то, что науку региона коснулись политические кампании и дискуссии 50-60-х годов. Эти “проработки” отразились на судьбах Джумалиева К., Жубанова А., уже тогда известных ученых, а также молодых тогда Иванова В.В., Фреда М.В., Цыганкова А.А. и др. Развивалась вузовская наука. Успешные изыскания в геологии региона привели к открытию нефти на Мангышлаке. Велись исследования в общественных и гуманитарных науках. Гуманитарные науки были полностью идеологизированы.

Список использованной литературы:

1. ГАЗКО. – Ф. 850. – Оп. 9. – Д. 454. – Л. 2.
2. КПСС о культуре, просвещении и науке. – М.: Политиздат, 1963. – с. 486
3. Аханов Ж. Наука Советского Казахстана в условиях развитого социализма (Из истории деятельности Академии наук Казахской ССР (1959-1970 гг.)). – Алма-Ата, 1982.
4. Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана и политика тоталитарного государства в сфере науки и высшего образования (1946-1985 гг.). - Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы, 1993. – 476 с.
5. ГАЗКО. – Ф.37. – Оп.21. – Д.441. – Л.131–144; 146.; 8–9; 17–18; 85–86, 87.
6. Нурпеисов К.Н. История одного “дела”. // Сб.ст. История Казахстана: белые пятна. - Алма-Ата: Казахстан, 1991. – с. 40.
7. ГАЗКО. – Ф. 37. – Оп. 22. – Д. 2. – Л. 106; 113; 4–6;

Бұл мақала Кеңес Одағындағы саяси кампаниялардың нәтижелерін айқындайды. Сол кезде идеология ғылым саласында басым болды.

Article highlights one of the darkest periods of history - the political campaigns. These campaigns were directed against scientists and cultural figures.

УДК 326,9 (574)

*Гайсина М. Б. – оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫНЫҢ
БАСТЫ САЯСИ БАҒЫТТАРЫ**

Қазақстанның қазіргі әлемдегі ролі мен орны көп жағдайда оның геосаяси жағдайымен айқындалады. Басты геосаяси жағдайлардың бірі маңызды кеңістіктер мен географиялық орталықтарды бақылай алу қабілеті болып табылады. Геосаяси жағдай тек кеңістіктік географиялық фактордан ғана емес, ол әлеуметтік, демографиялық, саяси және т.б. контекстерді қамтитын күрделі жүйе. Геосаяси ойлау өркениеттер көкжиегінде пайда болып, географиялық территориялар мен табиғи ресурстарды бақылау үшін бәсекелестік жағдайында дамыды. Ресей ғалымы А. Дугин геосаясатқа

мынадай анықтама береді: «Геосаясат - бұл биліктің дүниетанымы, билік туралы және билік үшін ғылым» [1. 13-14 бет]. Басқаша айтқанда геосаясат дегеніміз мемлекеттің өз дамуына қолайлы маңызды стратегиялық жер аймақтарын бақылауда ұстау және одан пайда табуды көздеу.

Орталық Азия әлемдік саясаттың басты субъектілері үшін әрдайым үлкен қызығушылық тудырып келеді. Бұл аймаққа билік жүргізу үшін Шыңғыс-хан, жоңғарлар, патшалық Ресейде мыңдаған жылдар бойы соғысқан болатын Кеңестік жүйенің ыдырауынан кейін Орталық Азия «үлкен ойынның» жаңа аренасына айналды. Бұл елдер үшін жеке дара сыртқы саясат жүргізу қажеттілігі туды. Сонымен қатар тарихи конспектіде Орталық Азия көп жағдайда тұрақсыздықтың, әскери қақтығыстың аймағы болды. Сондықтан да тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттер алдында халықаралық аренада өз орнын табу, ұзақ жылдар бойы оған егемендікті қамтамасыз ететін жаңа геосаяси жағдайға ену міндеті тұрды.

Егер Х. Маккиндердің Жердің ортасында Орталық Азия орналасқан деген теориясының басты қағидасына сүйенсек «Жердің континентальды жүрегін кім билесе, ол Әлемдік аралды да билейді, Әлемдік аралды кім билесе, ол әлемді де билейді». [2.4-5б]. Сондықтанда Орталық Азия жетекші әлемдік державалардың саяси, экономикалық, діни және тағы басқа да мүдделерінің тоғысқан аймағы болып табылады.

Қазақстанның геосаяси жағдайына тоқталсақ, біздің еліміз унитарлы президенттік-парламенттік республика. Халқы 15.9 млн. құрайды, аумағы жағынан 9-ші орынды алады. Еліміз энегетикалық ресурстар мен минералды шикізатқа бай. ІЖӨ 134 млрд құрайды. Алтынвалюталық қоры 10 млрд, ал ұлттық қоры 10 млрдтан асады [3,1-2б]. Еліміз Орталық Азияда экономикалық өсу қарқыны жағынан алдыңғы қатарда және барлық аймақтық ІЖӨнің 60 пайызын береді. Қазақстан шетел инвесторларын тартуда посткеңестік елдер ішінен алдыңғы қатарда. Еліміздің ішкі тұрақтылығы, заң шығарушы базасы, қазіргі қаржылық жүйені, либералды нарықтық экономиканың негізін қалыптастыра алуы сияқты факторлар Қазақстанның әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуға және сыртқы саясатта үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді [4].

Соңғы уақытта ел экономикасына 5 млрд доллар құйған АҚШ бас инвестор болып табылады.

Пайдалы қазбалар қоры көлемі жағынан Қазақстан ТМД елдері ішінен хром мен қорғасын өндіру бойынша алдыңғы, мұнай, күміс, алтын, мыс, марганец, цинк, никель мен фосфор бойынша екінші, газ, көмір, алтын бойынша үшінші орында алады.

Қазақстанның геосаясаттағы басты факторларына тоқталсақ, біріншіден, Қазақстан Евразия континенті сияқты өте ыңғайлы географиялық жағдайда орналасқан. Яғни еліміздің тарихи қалыптасуына екі жақтың - батыстық және шығыстық өркениеттің тигізген ықпалы зор. Қазіргі уақытта Қазақстанның геосаяси мәртебесі белгілі-бір жағдайда айқындалды. Қазақстанның халықаралық қатынастарын реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер, сыртқы саясат Концепциясы қабылданды. Бұл халықаралық деңгейде де, аймақтық деңгейде де көрініс табуда. Қазақстан үшін негізгі үстем бағыттар мыналар болмақ:

- Ресеймен айрықша достық қатынас орнату;
- Қазақстан үшін маңызды сауда байланысынан бастап, теңіз порттарына шыға алатын мұнай құбыры жүйесі бар Орталық Азия елдерімен, сонымен қатар Түркия, Иран, Пакистан, Афганистан, Азербайджан сияқты елдермен үстем бағытты сақтау;

- Қытаймен берік достық қатынас орнату. Бұл өзара ынтымақтастық үшін үлкен потенциалға ие: аймақта бейбітшілдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуден Қазақстанның теңіз порттарына шығуына дейін қамтамасыз етеді.

- Жапония, АҚШ, Батыс Европа елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, алдыңғы қатарлы технологиясын пайдалану;

Қазақстанның геосаяси стратегиясында Ресейдің алатын орны зор. Әрине барлық посткеңестік елдер үшін де Ресей геосаяси және геоэкономикалық орталық болып қала бермек. Ресей үшін де Қазақстан үлкен қызығушылық тудыруда. Өткен ғасырда Ресей Қазақстанды Батыс Қытай мен Афганистанның үстінен бақылау жасауға қолайлы объект ретінде қарады. Сол арқылы Ресей Орта Азияға үстемдік орнатқысы келді. Қазіргі таңда Қазақстан үшін Ресей сияқты алпауыт мемлекетпен достық қатынаста болу еліміздің тұрақтылығы мен тәуелсіздігін сақтаудың негізі болып қалмақ.

Қазақстанның геосаяси стратегиясының тағы да бір басты бағыттарының бірі ислам әлемі елдерімен өзара ынтымақтастықты орнату болып табылады. Еліміз Ислам конференциясы Ұйымына 1995 жылы мүше болып қабылданды; Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғыстан, Азербайджан елдерімен 1993 жылы біріккен Декларациясын қабылдады. Қазіргі уақытта олар барлық 27 түркі тілді халықтарды біріктіргісі келеді [5.1-36].

Қытай үшін Қазақстан стратегиялық маңызды объект. Бәрімізге белгілі Қытайдың батысында мемлекеттің 1/6 бөлігін алып жатқан территорияда 7 млнға жуық ұйғыр мен 1 млнға жуық қазақтар тұрып жатыр. Қытай елі кез-келген геосаяси жағдайда тиімділікті қамтамасыз ететін өз айналасындағы елдермен достық қатынасты орнатуды көздейтін сыртқы саясат стратегиясын ұстануда. Қазақстанға Қытай тарапынан келген инвестиция соңғы 5 жыл ішінде шамамен 11,4 млрд. долларды құраған. Бүгінгі таңда Қазақстан басшылығымен өзара екіжақты ынтымақтастықты нығайту, сенім мен қауіпсіздік механизмін жасау жолында үлкен жұмыс жасалынды.

Қазақстанның Каспий маңы аймағында орналасуы геосаяси және геоэкономикалық стратегиялық маңызға ие. Бұл фактордың маңыздылығы келесі жағдайларға байланысты.

1. Қазақстанның жанармай-энергетикалық жүйесін дамыту. Кейбір деректер бойынша Қазақстан көмірсутегі шикізат қоры бойынша әлемде 13-ші орынды алады. Ал мұнай қоры бойынша әлемдік даңгейдің 3,3% мен газдың 1% құрайды. Мұнай мен газды өндіру көлемі жылдан-жылға ұлғаюда. Қазақстанның мұнайгаз саласының дамуы Қазақстандық сектордың Каспий теңізін пайдалану мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүзеге асуда. Ол 2003 жылы мамырда қабылданып және 2015 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

2. Қазақстанның халықаралық аренада дипломатиялық мүмкіндігі мен позициясын кеңейту. Каспий теңізі маңында Азербайджан, Иран, Ресей,

Түркіменстан, сонымен қатар АҚШ, Қытай, Түркия, Батыс Европа, Таяу Шығыс елдерінің мүддесі тоғысқан. Бұл жағдайда Қазақстан өзінің сыртқы саяси және экономикалық бағытына сәйкес, сонымен қатар Ресей, Иран, Түркіменстанға қарағанда Каспий теңізінің ашықтығы жағынан ол маңға шетел инвесторларын тарту деңгейі бойынша алдыңғы орында.

Сондықтанда Қазақстан өзінің екі және көпжақты қатынастарының кейбір мәселелерін өзі шеше алады. Ол АҚШ және Ұлыбритания сияқты елдерге ЕҚЫҰ төрағалық етуге өз позициясын өткізе алды және 2010 жылы төрағалықты ойдағыдай атқарып шықты.

3. Қазақстанды теңіз державасы ретінде қалыптастыру. Әлемдік Теңізге ашық шығу жолы болмасада еліміз Каспий аймағындағы өз позициясын теңіз державасы ретінде пайдалануға тырысады. Қазақстан осы мәртебеге сай болу үшін қажетті атрибуттарды қалыптастыруға ат салысуда. Осыған байланысты өз әскери-теңіз флотын дамыту мәселесін алға қояды. Ресми түрде елдің әскери-теңіз күші 2003 жылы құрылды.

4. Каспий теңізінің биоресурсын сақтау және пайдалану. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау мен Каспийдің бай балық қорын сақтау мәселесін алдыңғы қатарға қояды. Қазақстанның бекіре балықтарды аулаудың квотасы 186 тонн құрайды.

Сонымен Қазақстан тиімді географиялық жағдайда орналаса отырып, Қытай, Ресей, АҚШ, Батыс Европа елдері сияқты алпауыт мемлекеттердің стратегиялық мүдделері тоғысқан аймақ болып табылады. Олардың ішінен айрықша қаржылық ресурстар мен халықаралық қауымдастықта үлкен ықпалға ие АҚШ Қазақстанға көп назар аударуда. АҚШ Орталық Азияны өз мүддесінің аймағы ретінде қарап, Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытуға күш салуда. Вашингтон Астанамен әсіресе бизнес пен әскери-техникалық салада өзара тиімді жағдай орнатқысы келеді. Қазақстанның сыртқы және ішкі саясат бағыты бүкіл Азия аймағы үшін маңызды болып келеді. Сондықтанда Қазақстан ұлттық мүддеге сәйкес келетін - көршілес мемлекеттермен бейбіт қатынасты сақтауға негізделген тиімді және жан-жақты дипломатиялық бағытты ұстануы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Дугин «Основы Геополитики» Москва, Арктогея, 2000, 3-4 стр.
2. А. Дугин., Основы геополитики; электронный учебник ModernLib.Ru, 4-5 стр.
3. А. Дергачев., Геополитика., Москва., 2001., 1-2 стр;
4. Ru.wikipedia.org/wik. Материал из Википедии — свободной энциклопедии; стр1-2
5. Касабеков Сайлау Аманжолулы, Малгараева Зауре Боранкуловна, Геополитические перспективы Казахстана .gisap.eu/ru/node.1502 1-3стр

В данной статье кратко изложено геополитическое положение Казахстана, политические аспекты и порядок использования геополитических интересов Казахстана на мировой арене.

Kazakhstan's geopolitical position, political aspects and forational uze of Kazakhstan's interest on world arena is briefly presented in this article.

УДК 94 (574) "17/19":32.019.5

*Тукешева Н.М. - к.и.н., ст.преподаватель,
ЗКГУ им. М. Утемисова*

**ПЕРВЫЕ СВЕДЕНИЯ О ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ В РАБОТАХ
РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ XVIII в. П.И. РЫЧКОВА И
Н.П. РЫЧКОВА**

С момента принятия подданства Российской империи Младшим жузом с тридцатых годов XVIII века Западно-Казахстанский край занял важное место в научных изысканиях российских исследователей Оренбургского края. В XVIII в. интерес к исследованию казахского народа и Казахстана был продиктован преимущественно политико-прагматическими интересами Российского государства, тем не менее богатое научное наследие, оставленное участниками множества экспедиций, является значительным вкладом в изучение истории казахского народа и его территории.

Одним из первых российских исследователей Западного Казахстана был П. И. Рычков, который в 1734 г. по рекомендации И. К. Кирилова приступил к работе в Оренбургской экспедиции, в качестве бухгалтера экспедиции. Под влиянием руководителя экспедиции П.И. Рычков стал формироваться как ученый-естествоиспытатель и стал одним из крупных исследователей неизученного Оренбургского края, в состав которого входили и области Западного Казахстана.

В 1741 году П.И. Рычков возглавил Географический департамент, который являлся первым географическим учреждением края, созданный при Оренбургской комиссии. Под руководством П.И. Рычкова были составлены первая Генеральная карта и в 1755г. Атлас Оренбургской губернии П.Красильникова. В 1750 г. П.И. Рычков написал свой первый историко-этнографический труд о тюркоязычных народах Евразии «Краткое известие о татарах и нынешнем состоянии тех народов, которые в Европе под именем татар разумеются». В данной работе П.И. Рычков уделил определенное внимание казахам, исторические сведения о которых он поместил в нескольких разделах «Краткое известие о татарах». Несмотря на то, что эта работа стала известна в XIX-XX вв. многим профессиональным исследователям Южного Урала, Казахской степи, Средней Азии, она до сих пор не была опубликована [1,с.8].

Фундаментальными трудами П.И. Рычкова являются, изданная в Санкт-Петербурге в 1762 г. «Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником и императорской Академии наук корреспондентом Петром Рычковым». С.6 "Топография Оренбургской губернии" была написана в двух частях и завершена с интервалом в пять лет (1755г. и 1760г.). Публиковаться стала после одобрения М. Ломоносовым.

Представительный корпус источников, послуживших для составления "Топографии", определяют научный характер, приводимых в нем сведений. Это довольно разнообразный картографический материал, «личные наблюдения Рычкова во время его поездок по Оренбургскому краю;

опросные сведения, собранные во время бесед с местными жителями разных национальностей; официальная информация представителей различных миссий, посольств, побывавших в Казахстане и Средней Азии; опросные сведения, полученные в беседах со среднеазиатскими купцами; письменные и устные сообщения чиновников и других работников оренбургской администрации; официальные документы, хранившиеся в Оренбургской губернской канцелярии; рукописные работы европейских путешественников Паладио Карпини, Виллема Рубрука и других, а также рукописные "татарские истории". При написании своего труда П.И. Рычков опирался на работы русских историков - "Описание Сибирского царства" В. Миллера и сочинения В. Татищева [2].

При описании природно-климатических условий Западно-Казахстанского края П.И. Рычков характеризует Каспийское и Аральское моря, дает первое географическое описание крупного озера Западного Казахстана как Индер в Атырауской области.

"Индерское, в Киргизской же степи при Индерских горах, от Яицкого городка по Яику-реке вниз триста девяносто семь, а от Яика-реки девять верст... Окружность его двадцать шесть верст сто сажен. На поверхности его лежит заматеревшая соль, подобно льду, так что и ходить по ней можно, которую пробив пешней, является рассол; а в нем лежит соль мелкая серая... Наверху же этого озера в жаркие дни садится на полвершка толщины особая соль, которая называется самосадкой, весьма чистая и белая..." – писал российский исследователь [3, с.217-218].

П.И. Рычков, кроме Каспийского моря, собрал много сведений и об озерах, которые расположены на территории Западного Казахстана. Согласно П.И. Рычкову, к числу данных озер относятся Тазган-Каракуль, Грязное, Индерское озеро и реки Яик, Эмба. Так, например: озеро Тазган-Каракуль находилось по словам П.И. Рычкова «от реки Яика по течению ее влево дня с два, ниже Яицкого городка. В него впадает река Уил; окружностью считается верст на пятьдесят. Близ одного есть множество малых озер и великие камыши, где киргизцы Меньшей орды кочуют. Лес по нем тальник и осинник; рыбы имеется множество»[4, с.97]; Грязное озеро, которое находилось «за рекою Яиком, от Яицкого казачьего городка двести семьдесят, а от реки Яика сто семь верст. Окружность одного сочиняет пять верст девяносто сажен. На нем так же, как и на Эбелее, в жаркие дни садится соли множество, которую яицкие казаки добывают и на свои расходы употребляют, но в дождливую погоду всю ту соль размывает и претворяет в тузлук»; Индерское озеро, которое располагалось «при Индерских горах, от Яицкого городка по Яику реке вниз триста девяносто семь, а от Яика реки девять верст, от предписанного ж Грязного озера степью и по Яику двести девяносто три версты. Окружность одного двадцать шесть верст сто сажен. На поверхности одного лежит заматеревшая соль, подобно льду, так что и ходить по ней можно, которую пробив пешнею, является рассол, а в оном лежит соль мелкая серая, и пошла так глубоко, что измерить невозможно» [4, с.98].

Среди первостепенных рек края П.И. Рычков отмечает Яик и Эмбу. В частности, автор "Топографии" реку Эмбу описывает следующим образом: "Эмба, вершины ее в киргиз-кайсацкой степи под 49 градусом широты, из Мугалжарских гор неподалеку от Орских вершин, впадает прямо в

Каспийское море. В вершинах ее есть довольно бродов, и течет по камню, но что ниже, то глубже становится, течет по песку и бродов уже не имеет. Ширина ее сажень на тридцать, а местами и многим шире. Рыбы в ней множество всяких родов, особенно сомы и сазаны весьма крупные, а к устью находятся белуги и осетры. Лес по ней — осокорь, ветла, тал, осина, джадовник, черемха, жимолость, а местами есть и камыши; но в вершинах его мало" [3, с.224-225]. Это описание имеет сейчас большое естественно-историческое значение, так как, начиная с 40-х годов XX в. река Эмба сильно обмелела и фактически не впадает в Каспийское море.

К знатнейшим рекам П.И. Рычков относит р.Яик, которая по его словам «вершину имеет за Уральскими горами на Сибирской дороге, в Куваканской волости, из горы, называемой Калган-Тау... Течение ее близ трех тысяч верст, при котором, забрав в себя с обеих сторон многие реки, впадала она в Каспийское море между камышей ниже Гурьева городка около десяти верст» [4, с.99] и Эмба вершины, которой «в Киргиз-кайсацкой степи под 49 градусом ширины, из Мугалжарских гор, неподалеку от Орских вершин, впадает прямо в Каспийское море. В вершинах ее есть довольно бродов, и течет по камню, но что ниже, то глубже становится, течет по песку и бродов уже не имеет. Ширина ее сажень на тридцать, а длине и многим шире» [4, с.101]. Кроме подробной характеристики перечисленных выше вод П.И.Рычков приводит сведения и о песках, которые располагаются в Западном Казахстане. Так он выделяет белые чистые пески, которые используются в производстве стекла и хрусталя и степные пески, приводит их подробное описание[4, с.108].

В "Топографии" дана и обстоятельная характеристика рельефа края, даны выводы не только по Уральским горам, описываются Мугалжарские, Индерские и Губерлинские горы, приводятся сведения о наличии полезных ископаемых.

«Топография Оренбургская» представляла собой своеобразную энциклопедию края, научным справочником в которой впервые полностью освещались природа, население, хозяйство, история. Исследование П.И.Рычкова "Топография Оренбургской губернии" соответствовало потребностям в изучении края. Сведения о хозяйственной жизни и быте казахских степей были необходимостью для закрепления экономического и политического доминирования Российской империи в казахских степях.

Значительным вкладом в историографию изучения Западного Казахстана стал исторический труд П.И. Рычкова - «История Оренбургская (1730—1750)», вторая наиболее крупная и значимая его работа. Впервые она была опубликована в Петербурге в 1759 г. в издаваемом академиком Г.Ф. Миллером журнале «Сочинения и переводы, к пользе и увеселению служащие». В 1896 году отдельной книгой была издана в Оренбурге по постановлению Оренбургского губернского статистического комитета.с.7 [5].

Историческое сочинение состоит из разных по объему условных частей: предложение к известию (написано в Оренбурге 11 августа 1744 г.), известие о начале и о состоянии Оренбургской губернии, табель о состоянии Оренбургской линии и прибавление к Оренбургской истории.

В «Истории Оренбургской» подробное описание получает Младший жуз, особое внимание автор отводит характеристике хана Абулхаира и его

сына Нурали [5, с.7].

Обоснованием этого послужили исторические события, участником которых был сам П.И. Рычков. Собственно 15 июня 1734г. Оренбургская экспедиция отправилась вместе с посольством хана Младшего жуза Абулхаира (1710-1748) из Петербурга в направлении на юго-восток «в земли и народы азиатские». 12 августа 1735 г. «при Яике-реке и устье Орском» город Оренбург был заложен. Вся последующая жизнь П.И. Рычкова протекала на границе России и Казахской степи, где сформировались его основные познавательные интересы и были созданы первые рукописные исследования о казахском народе. В 1759 году П.И Рычков за свои историко-литературные труды был избран членом–корреспондентом Академии наук [6,с.15]. Занимая должность управляющего Оренбургской канцелярии, он регулярно участвовал во всех дипломатических приемах среднеазиатских посланников и купцов, а также в многочисленных официальных встречах своих прямых начальников с казахскими ханами и султанами. Присутствие и участие в русско-казахских переговорах П.И Рычкова, составили основу для создания им протоколов, «журнальных» и «церемониальных» записок, заключающие в себе подробное содержание и конкретные результаты дипломатических встреч.

В работе П.И. Рычкова освещались деятельность Оренбургской экспедиции, основание Оренбурга и укрепленной линии, принятие Малым Казахским жузом российского подданства. При написании данного труда П.И. Рычков использовал архивные материалы Оренбургской губернской канцелярии. "История Оренбургская" имеет значение и как публикация исторических источников, так как содержит документальный материал официального характера (царские грамоты и указы), в частности о принятии российского подданства Младшим жузом. В данном труде П.И. Рычков впервые сделал попытку объективно оценить процесс присоединения Младшего жуза к России [7].

Позже в 1867 году бывшим оренбургским генерал-губернатором, генерал-адъютантом Н.А. Крыжановским был поднят вопрос об издании местным статистическим комитетом всех сочинений П.И.Рычкова. Но тогда данное предложение осуществилось лишь переизданием местным географическим отделом в 1887 году «Топографии Оренбургской губернии». И только в 1896 году «История Оренбургская» была переиздана под редакцией Н.Гутяра. По сведениям Н. Гутяра рукопись по которой была издана в 1896 г работа П.И. Рычкова, приобретена бывшим оренбургским и самарским генерал-губернатором графом Перовским от дворян Демидовых и хранилась в Оренбургской городской библиотеке. Начиная с §123, текст печатался по книжкам второго полугодия журнала Миллера за 1759 г, случайно купленным за 10 копеек на местном маленьком базаре. Но в данной рукописи не хватало девяти параграфов. Заполнить эти пробелы редактору так и не удалось, так как он не мог найти журнала Миллера за 1759г. Тем не менее, переиздание «Истории Оренбургской» П.И. Рычкова и в таком виде оправдывает его значение, как важного и почти совсем неизвестного в то время первоисточника для истории колонизации юго-восточной окраины Европейской России [7, с.14].

П.И. Рычковым написаны десятки географических статей по экономике, географии и истории Оренбургского края. Среди них: «О горячей угольной земле» (1761), «О медных рудах и минералах, находящихся в Оренбургской губернии» (1766), «О сбережении и размножении лесов» (1767), «Описание Илецкой соли» (1779). В последние годы своей жизни ученый был занят составлением топографического словаря Оренбургской губернии. В 1777 году П.И. Рычков написал работу: «Лексикон или Словарь топографический Оренбургской губернии», которая так и не была издана (рукопись хранится в Российской государственной библиотеке в Москве) [7, с.15].

По сведениям, приведенным П.И. Рычковым, территория Западного Казахстана вошла в состав созданной Оренбургской губернии с главным центром в Оренбурге. До принятия Младшим жузом Российского подданства, за границу Российской империи была взята р. Яик, которую между собой разделяли казахи Младшей и Средней Орды. После принятия Младшим жузом Российского подданства Оренбургская линия и форпосты начали строиться и продвигаться вниз по реке Яику до устья, где она впадает в Каспийское море, а так же г. Гурьев с прилегающим к нему гарнизоном вошли в состав ведомства Оренбургской губернии. Таким образом, по свидетельству П.И. Рычкова внешние границы Оренбургской губернии проходят: «от Гурьева городка или паче от устья реки Яика, где она впадает в Каспийское море, можно представить себе прямую линию на устье реки Эмбы, для того, что киргиз-кайсаки Меньшей орды обыкновенно по обеим сторонам сей реки зимуют, да и летом тут нередко и немало кочуют» [5, с.11].

Следовательно, кроме Яицкого городка на территории Западного Казахстана имел важное значение и Гурьев городок. Согласно данным, П.И. Рычкова Гурьев городок располагался «на правой стороне, от устья, где сия река (т.е.реки Яика) протоками впадала в море Каспийское, 10 верст, от Оренбурга по нынешнему исчислению 744, от Яицкого городка 474, а от Астрахани с 400 верст» [3, с.127]. Далее П.И. Рычков приводит сведения истории возникновения данного города. Согласно рассказам яицких старшин и местных старожилов П.И. Рычков пишет, что Гурьев городок был построен «для рыбного промысла, купцом из великороссийских городов Михаилом Гурьевым». Недалеко от нового построенного города находился татарский городок Сарайчик, владельцы которого обложили данью М.Гурьева, «но как скоро крепостное строение привел он в оборонительное состояние и усмотрел, что татары ничего ему сделать не могут, от одного платежа отказался, и так усилился, что промыслы свои мог он беспрепятственно производить» [3, с. 260-261]. Для строительства городской каменной стены, М.Гурьев привез их Астрахани и других мест работников, которые построили стену, а со стороны предполагаемого нападения татар, «задернуто было парусами, в тот вид, дабы они мнили, что, то суда торговые и рыболовные стоят, а не крепость строят...» [3, с.260-261]. Относительно административной принадлежности Гурьева городка П.И.Рычков указывает, что Гурьев относился первоначально к ведомству Астраханской губернии и только после был переведен к ведомству Оренбургской губернии. Жители данного городка согласно П.И. Рычкову занимались рыбным промыслом и отлавливали в основном

осетров, белугу и севрюгу. Нередко, по словам автора, между «яицкими казаками и астраханскими рыбными промышленниками случались великие споры и весьма затруднительные разбирательства» [3, с.129].

Не оставил без внимания П.И.Рычков и развалины старинных городов и строений, которые так же находились на территории Западного Казахстана. Так, П.И. Рычков изучил старинный город Сарайчик, и представил о нем следующие сведения: «...на берегу реки Яика, не доезжая до Гурьева за пятьдесят восемь верст, где ныне яицких казаков форпост, называемый Сарачик. Сей город, по объявлению яицких казаков, бывал нагайских татар. Там еще поныне в земле находят многие палатки: видно, что бывали они кладбища знатных людей, ибо во многих находят гробы и кости. Сказывают, что настроение Гурьева городка кирпича много взято из сих развалин. Да и ныне яицкие казаки, около сего места на форпостах находящиеся, на дело печей и на другие потребности кирпич из оных развалин и из тех палаток выбирают» [3, с.261].

П.И. Рычков отмечает территорию кочевков Младшей орды «въ стороне Каспийского моря, по Орю, по Илеку, по Тургаямъ и по другямъ степнымъ рекамъ и речкамъ, а иногда и подле самого Яика реки, временемъ же откочевываетъ въ Каракалпаки къ Аральскому морю, и на реку Сырь-Дарью, въ то море впадающую» [4, с.72]. Все кочевья Младшего жуза П.И. Рычков разделил на зимние и летние. К летним кочевкам он отнес 8 маршрутов: «1) по двум рекам Бердам...; 2) по реке Илеку...; 3) по реке Кобде...; 4) по реке Ибейте...; 5) по реке Ори...; 6) по реке Мурзабулаку...; 7) по рекам Ярлыке и Кумаке...; 8) по реке Сундуке...» [4, с.47]. К зимним кочевкам Младшей орды он так же отнес 8 путей, которые в основном расположены «от Оренбурга к стороне Орской крепости» [4, с.47]: «1) по двум рекам, называемым Камышла-Иргиз и Таил-Иргиз...; 2) по озеру Аксакалу...; 3) при урочище, называемом Кара-Кум, то есть черный песок...; 4) при урочище Турнаке...; 5) по ту сторону реки Эмбы, при урочищах Большом и Малом Бурсуках...; 7) при озере Каракуле, между Эмбы и Яика рек...; 8) по двум рекам Уиле и Кииле...; 9) по речкам Галдыгаиты, и Бултурды...» [12, с. 48]. Кроме перечисленных урочищ согласно сведениям П.И. Рычкова случилось, что население Младшей орды «за недостатком кормов по самому Яику зимует, а иногда табуны их лошадиные и на сю сторону Яика реки перепускаются. Но в таком случае для спокойствия их киргиз-кайсацкого берутся от них аманаты» [4, с.49].

Большой знаток политико-правовых традиций степного населения Западного Казахстана П.И. Рычков писал, что правление над ордой «по большей части походит на демократическое, ибо кто в каком роде старее и богаче, того и почитают. Но власти надлежащей не только старшины, но и сами владельцы над народом почти не имеют, разве тогда, когда для добычи ездят или защищаются от неприятелей своих, ханам и старшинам своим повинуются, и по их приказам собираются и поступают» [5, с.72].

П.И. Рычков, дает описание родо-племенной структуры Младшего жуза. По его словам, она включает в себя два больших племени «одни называются алчинцы, а другие семиродцы, из которых первые гораздо сильнее последних» [4, с.49]. Автор «Истории Оренбургской» перечислил знатнейшие племена и роды казахов в Меньшей орде, где владельцем

является Абулхаир-хан со своими детьми. Знатнейшими родами являются: 1) Алчинский, 2) Аданский, 3) Моткорский, 4) Таминский, 6) Табынский, 5) Китейский, 7) Каракитейский, 8) Чумаканский, 9) Чиклинский, 10) Джасальбайлинской. П.И. Рычков утверждает, что Младшая орда “въ подданство российское пришла в 1730 и в 1738 годах [5, с.71].

В XVIII в. Данные, приведенные по родам Младшего жуза П.И. Рычковым, сравнивал со своими данными руководитель одной из академических экспедиций, И.П. Фальк: «1) Аймак Алача, или Алача-Ил, в Рычковой "Оренбургской Топографии"- поАлчинской волости; 2) Байбакте; 3) Машкар; 4) Касельгурт; 5) Тана, у Рычкова - Таминский ил; 6) Серкеш; 7) Тасдар; 8) Аслен; 9) Адай, у Рычкова - Адашский; 10) Берш; 11) Узенбемер; 12) Диагус; 13) Тукмер-Адай; 14) Бойбат; 15) Кашай; 16) Тассеке; 17) Кеншальбан; 18) Моат; 19) Табиш; 20) Картмалтак; 21) Балак-ша; 22) Дисмеией-Караш» (стр 22 т 25). И.П. Фальк замечает, что его перечень расходится с перечнем П.И. Рычкова, и по его мнению возможно были и другие аймаки, которые они не назвали. Перечисленные аймаки со слов самих казахов И.П. Фальк характеризует как «очень неравны по удельному весу между собой» [8, с.22].

Исследователями записывался фольклорный материал и о возникновении Яицкого казачества. В частности, П.И. Рычковым со слов яицких старшин было записано предание о Нечае, основателе яицкого казачества, происходивших «от бывших на Каспийском море разбойников», где они нападали на многие купеческие персидские и армянские караваны [5, с.34].

Деятельность П.И. Рычкова и его труды позволили впервые узнать, оценить природные богатства, историю края, и несомненно повлияли на решение Академии Наук организовать в 1768-1774 гг. научные экспедиции для продолжения исследования юго-восточных районов России.

В 1769-1770 гг. по территории Заволжья, Приуралья и в целом Западного Казахстана, совершил несколько самостоятельных путешествий ученый, этнограф Николай Петрович Рычков, сын П.И. Рычкова. В 1768 г. Н.П. Рычков принимал участие в экспедиции Петербургской Академии Наук, под руководством П.С. Палласа. В 1769-1770 он объехал Казанскую, Оренбургскую, Уфимскую, Вятскую и Пермскую губернию и на основе собранного материала составил их описание, которое содержит сведения географического, исторического и этнографического характера. В 1771г. участвовал в экспедиции, которая проходила по территории Западного Казахстана [9]. В 1771 г. Н.П. Рычков находился в составе отряда, под командой генерал-майора Траубенберга, который был послан для преследования волжских калмыков. Н.П. Рычков был отправлен с целью исследования достопамятных мест, находящихся во владении казахов и для сбора продуктов, которые находятся в этой стране. Н.И. Рычков, совершил научный поход по маршруту Орск – р. Ыргыз – слияние рек Улькайяк-Кабырга. Итогом данной поездки стала его работа «Дневные записки путешествия в Киргиз-Кайсацкую степь в 1771 г» [4, с.145]. Данный труд имеет большое значение для развития научных знаний о казахах Младшего жуза. Н.П. Рычков в ходе своего путешествия побывал в Ханской ставке Нуралы, лично видел могилу Абулхаира хана. В своей работе Н.И. Рычков

описывает путешествие по казахской степи и приводит подробные сведения о социальной организации, хозяйстве и быте казахов, их отношениях с русскими.

В XVIII-XIX вв. российские и зарубежные исследователи, проезжая по территории Западного Казахстана, записывали много сведений географического и территориально-административного характера.

Н.П. Рычков в своих дневниках ежедневно записывал то, что видел на своем пути и всегда указывал расстояние лагеря от границы. По реке Ирғиз Н.П. Рычков видел казахские кладбища, осыпанные огромными кучами дикого камня, мрамора и различного агата, которого находят они множество в холмах и в расщелинах местных гор. Могилы одна от другой отличались тем, что некоторые из них покрыты были поверх камня кошами и коврами, сделанными из камыша; и сверх сего на иных были воткнуты копейные древки и колчаны со стрелами, что было знаком храбрости умершего. «Казахи, - сообщает Н. Рычков, - с усопшими погребают вместе их оружия и могилы свои осыпают они камнями, землею, а иногда сооружают над ними здания из дерева или из дикого камня» [10, с.44]. Н. Рычков видел могилу Абулхаира, хана Младшей орды. Ханская могила сделана из необожженного кирпича, обмазанного белой глиной, наподобие четвероугольной палаты; другие могилы круглые, наподобие башни; прочие же могилы осыпаны землею и покрыты сверху коврами, сделанными из камыша, обвитыми синими, красными бумажными нитками. На них положено небольшое число пороку и свинцовые пули, которых казахи обыкновенно кладут на могилы своих рыцарей. Место захоронения Абулхаир хана для казахов Младшего жуза согласно Н. Рычкову является священным местом, куда местное население приходит и проводит обряд жертвоприношения [10, с.45].

Интересные сведения о традициях и обычаях казахов привели российские исследователи. Например, Н. Рычков описывал свадебные обряды «Богатый киргиз берет за себя двух, трех, даже четырех жен. За первую жену он дает в качестве калыма приблизительно полсотни лошадей, сотню овец, несколько рабов или вместо них верблюдов и ко всему этому прилагает еще панцирную рубаху. Родители невесты неохотно отдают дочь во вторые жены, ибо только первая жена является настоящей хозяйкой. Бедный киргиз берет себе только единственную жену и калым обычно состоит из десятка лошадей и двух десятков овец, бывает даже дешевле. Свадебные празднества и увеселения составляют, как и у башкир, обеденное пиршество, музыка, танцы, борьба и конские бега» [8, с.114].

Таким образом, сведения о Западном Казахстане в работах российских исследователей XVIII вв. П.И. Рычкова и Н.П. Рычкова содержат обширный материал, характеризующий все стороны жизнедеятельности казахского общества. Фольклорный материал позволяет изучить культурологические, мировоззренческие, социальные аспекты. От историков требуется изучение этих работ как источников по истории как Западного, так и всего Казахстана и проведения тщательного источниковедческого анализа, систематизации, обобщения, проведения на их основе комплексных научных исследований.

Список использованной литературы:

1. *История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Первые*

историко-этнографические описания казахских земель. XVIII в. т.IV / сост. И.В.Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 368с.

2. А. А. Чибилев В глубь степей. Очерки об естествоиспытателях Оренбургского края. Екатеринбург: УИФ «Наука», 1993.

3. Топографія Оренбургская, то есть: обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное Коллежским Совѣтникомъ и Императорской Академіи Наукъ Корреспондентомъ Петромъ Рычковымъ. Часть первая. Въ Санктпетербургѣ при Императорской Академіи Наукъ 1762 года

4. Труды отца и сына Рычковых по этнографии казахов. 2-е изд. доп. Т. 33. Астана, 2007. - 246 с.

5. Рычковъ П.И. Исторія Оренбургская (1730-1750гг.). Издание Оренбургскаго Губернскаго Статистическаго Комитета. Под. ред. и с примеч. Н.М. Гутъяра. Оренбургъ 1896.

6. Трутнев И.А. Петр Иванович Рычков: Первый член корреспондент Петербургской академии наук / Урал. гос. ун-т им. А.М. Горького и др. - Екатеринбург: Банк культурной информации. 1999. - 24 с.

7. Исследователи природы, хозяйства, истории и этнографии Казахстана и российско-казахстанского пограничья. // <http://kz.ethnology.ru/win/issledov.php>

8. Российские академические экспедиции XVIII в. об этнографии казахов. 2-е изд. доп. Астана: т. 25. Алтын кітап, 2007. - 240 с.

9. Большая Советская Энциклопедия. Рычков Н. П. // <http://bse.baiskan.com>

10. Рычков Н. Дневныя записки путешествія Капитана Николая Рычкова въ киргисъ-кайсацкой степь, 1771 г. Въ Санктпетербургѣ при Императорской Академіи Наукъ, 1771 г.

Мақалада 18 ғ. орыс зерттеушілері П.И.Рычков пен Н.П.Рычковтың еңбектерінің Батыс Қазақстанды зерттеу үшін маңыздылығы қарастырылады.

The importance of the works of such Russian researchers as P.I.Rychkov and N.P.Rychov to study Western Kazakhstan is taken up based on historiographic analysis in the paper.

УДК 94(574/470):392

Исмурзин Ж.— т.ғ.к., аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

МҰСЫЛМАН БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘУЛЕТІ

(орыс мұрағатының құжаттары мен фольклорлық деректер негізінде)

Еліміздің егемендік алуымен төл тарихымыздағы жеке тұлғалардың ғұмырнамасын зерттеу жаңа белеске көтеріліп, «Тарих – адам қызметі» деген методологиялық ұстаным басшылыққа алынуда. Осыған орай өлке тарихында өзіндік ізін қалдырған тарихи тұлғалар тағдыры бүгінде жаңаша саралануда. Осындай тұлғалар қатарында Кіші жүздің, Бөкей ордасының XVIII-XIX ғасырлардағы қоғамдық-саяси өмірінде көзге түсіп, ел істеріне араласқан Мұсылман би әулетін атауға болады. Бұл әулеттің тарихына қатысты

тарихи деректердің басым бөлігін орыс мұрағатының құжаттары құрайды. Өйткені сол дәуірдегі қазақ тұлғаларының тарихы негізінен Орынбор, Мәскеу, Астрахан қалаларындағы мұрағат қорларында сақталған болатын. Осы мұрағаттардағы құнды құжаттар кезінде Ресейдің түрлі ғылыми қоғамдары мен мұрағаттық комиссияларының ауқымды қызметтері нәтижесінде жүйеленіп, жинақталған еді. Аталған ұйымдарға мүше болып, қызмет еткен, ғылыми ізденістермен шұғылданған орыс зерттеушілері де өз еңбектерінде қазақ тарихына қатысты құнды деректерді жариялап отырды. Міне, сондықтан да құжаттық деректер мен фольклорлық мұраларымызды салыстырып, талдау ғана әулет тарихының бір жүйеге келуіне мүмкіндік береді.

Сонымен, ата шежіремізге назар аударсақ, Мұсылман би Кіші жүздегі 12 ата Байұлының Шеркеш руынан. Бұл ру ерте заманнан Жайық өзенінің екі бетін өзге қазақ руларымен бірге мекендеген. Орынбор Шекаралық комиссиясы келтірген мәліметте «Шеркеш руының Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қосым, Қылыш-Кестен бөлімдері жазда Қалдығайты, Бұлдырты өзендерінде, қыста Гурьев қалашығына қарсы Каспий теңізі жағалауында, ал кейбіреулері Тайсойғанда көшіп-қонады» делінген [1, с. 127]. Бұл хабарды кейін орыс зерттеушісі М.Н. Галкин де қайталайды [2, с. 244]. Бас штаб полковнигі И.Ф. Бларамберг Шеркеш руының Қойыс, Еламан, Қылыш-Кестен, Жауғашты, Қосым бөлімдерінің қысқы жайылымдары Жемнің Каспий теңізіне құяр жеріндегі қамысты аралдарда, жазғы мекені Ойыл өзені бойында болғандығын алға тартады [1, с. 84]. Прапорщик Г.С. Карелин Бөкей Ордасына қатысты жазбасында «Шеркеш руының Қойыс, Шумақ, Қосым, Жауғашты, Еламан, Қылышкестен, Сақау бөлімдері Нарын құмдарының ортасында және басым бөлігі теңіз жағалауында қыстайды» деп анықтайды [3, с.]. Ал қазақ руларының құрамы мен қоныстануын зерттеуші В.В. Востров, М.С. Мұқановтар Бөкей Ордасында Шеркеш руының Қойыс, Шумақ, Жауғашты, Қосым, Қылышкестен, Құлақасқа, Жетей деген барлық жеті бөлімшесінің қоныстанып, рудың көпшілік бөлігі Каспий теңізінің жағалауын алып жатқан Мыңтеке құмының жиегінде қыстаса, ал оның бірқатар бөлімшелерінің қысқы жайылымдары Нарын құмында, Дүйсекұм алқабында болғандығын айтады. Каспий маңында қыстаған Шеркеш руының күзгі-көктемгі жайылымдары – қыстауларының солтүстік жағындағы далада, ал Дүйсекұмда қыстағандардың күзгі-көктемгі жайылымдары оңтүстікке қарай, Ноғайбай құмының солтүстік жиегіндегі ауданда болған. Жазда олар басқа рулармен бірге Каспий мен Нарын құмы арасын жайлаған [4, с. 242-243].

Тарихшы Х. Мадановтың пайымдауынша, Шеркеш – Қыдырсиықтың баласы – он екі ата Байұлының ішіндегі ағаның, үлкенінің баласы. Сондықтан Шеркеш – Байұлы ру бірлестігіне кіретін рулардың ішіндегі үлкені болып саналады [5, 35 б.]. Шеркеш руы өз ішінде Аққұба және Бөтік атты екі қанатқа бөлінеді. Мұсылман би Бөтік атты қанаттан өрбиді. Одан әрі шежіреге сүйенсек, Бөтіктен – Қойыс, Жайық атты бөлімдер таралады да, Қойыс өз ішінде Тоқтағұл, Қашқыншы, Сүйініш, Сақау, Еламан, ал Жайық Дербіс деген бөлімшеге жіктеліп кетеді. Келесі бір шежіреде Бөтік – Жайық – Қойыс – Дербіс болып таралады. Дербістің төрт әйелінен Құлмас, Жамас, Нәзік, Токтар, Қошқар, Базар, Сатай, Сатылған, Түрке атты ұлдар туылған. Осы Түркеден Жомарт, Жомарттан Мұсылман дүниеге келген [6, 10-14 бб.].

Бір атап өтер жәйт, Мұсылман есімі шежіреде Пұсырман деп берілсе, мұрағат мәліметтерінің өзінде екі түрлі кездеседі. Бидің көзі тірі кезіне тән 1750 жылғы Мәскеу мұрағаты құжаттарында нақты Мұсылман би деп көрсетілсе, оның ұлдарына қатысты кейінгі деректерде Баймамбет Бұсұрманов, Тұрмамбет Басұрманов, Тұрмамбет Мұсылманов деп келіп отырады.

Мұсылманның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасып, Шеркеш руының биі дәрежесіне дейін жетуі алдымен оның өскен ортасымен, шығу тегімен байланысты болса керек. Өйткені қазақ халқы «тектіден текті туады» деген қағиданы ғасырлар бойы тектен текке ұстанып келмеген болар. Бұл жөнінде халқымызда небір тарихи аңыз әңгімелер, нақыл сөздердің көп болғандығын білеміз. Зерттеуші Ө. Әлімгереев өз еңбегінде халық ауыз әдебиеті туындыларына, шежірелердегі мәліметтерге сүйене отырып, бидің ата-тегін мүмкіндігінше саралайды. Оған зер салсақ, Мұсылман бидің ата тегі батыр, билер әулетінен бастау алатынына куә боламыз. Мәселен, Мұсылман би бабалары Қойыс пен Дербістің аты шыққан батыр болғандығы туралы ел есінде [6, 10 б.]:

...Қойыс пен Дербіс серт еткен,

Серт еткен жауын мерт еткен.

Шеркештен батыр көп шықты,

Ол заманда – ерте өткен, –

деген жыр жолдары сақталған.

Ал Мұсылманның атасы Түрке би атанып, қазақ рулары арасындағы жер мен жесір, мал мен құн дауын шешіп, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағиданы берік ұстанып, әділдігімен әлеуметке кеңінен танымал болған. «Адайдың атақты Абыл ақыны айтыпты» деп Әбдірахман Бекбасаров деген ақсақалдан мынадай жыр жолдары жеткен [6, 11 б.]:

...Ар жағы Қойыс, Саталы,

Бер жағында Түрке бар,

Әулие болған баталы.

Түркеден барып бата алса,

Оң болған екен сапары.

Жалауында Қыдыр жүріпті,

Әлиістен деген қыз екен,

Асыл шыққан жатағы.

Дербістен Түрке туыпты,

Он бес жаста ту алған,

Қылышын қанға суарған!

Әулие Бопан-Аспанай,

Құр қалмаған дуаннан

Байұлы түгіл қазақтан,

Сахилығы асқандай.

Осы жыр жолдарынан Түркенің тек би ғана емес, қол бастаған батыр, айтқаны келер әулие ретінде бағаланғанын байқаймыз. Шежіре бойынша Түрке биден Жомарт, Жомарттан – Мұсылман, Жақау және қалмақ Әйтіктен Байгөбек туады делінеді. Олармен қатар Бокқара, Токсанбай деген балалары болуы мүмкін дейді. Мұрағат құжаттары Мұсылман бидің әкесі Жомарттың Шеркеш руының биі болғандығын хабарлайды. Оның есімі 1731 жылы 10 қазанда орыс бодандығына ант қабылдаған Кіші жүздің би, батырлары

қатарында аталады. Сол тұстағы Кіші жүздің белгілі рубасы старшындары Табын Бөкенбай батыр, Тама Есет батыр, Алаша Бәйсеу би, Каракете Әжібай бек, Тана Құлжаназар би, Қызылқұрт Қосқадам, Есентемір Мырзаболат, Масқар Қаракұдық, Жағалбайлы Сәрке батырлармен бірге Шеркеш Жомарт биде Әбілқайыр хан саясатына қолдау білдірген. Сөйтіп Жомарт бидің әйгілі Әбілқайырмен бірге ант қабылдаған Кіші жүздің атақты 29 старшынының қатарында болуы, оның тұлғалық болмысын айқындай түседі. Хат соңына ол «Алшын-Шеркеш старшыны Жомарт би» деп өзінің мөр таңбасын түсірген [7, 9 п.]. Жалпы сол кездегі қазақтың би, батыр, старшындарына қатысты мұрағат деректерінде әкелерінің есімдерінің орнына көбіне олардың шыққан рулары көрсетіледі. Мұның себебі орыс отарлауы орныққанға дейін қазақтардың өздерінің есімдеріне ру-тайпа аттарын тіркеп айтқаны, әкелерінің есімдерінің орнына дәл осы рулар мен тайпалар аттарының жазылуымен байланысты болатын.

Мұсылман бидің бауыры Жақау есімі шеркештердің ұранымен аттас. Орыс зерттеушілері И.Ф. Бларамберг [1, с. 80], Л. Мейер [8, с. 89] өз еңбектерінде шеркеш руының ұранын «Жақау» деп береді. Шеркеш ұранына айналған Жақаумен жоғарыда айтылған Мұсылман би бауыры Жақау екеуі бір адам ба, әлде тек аттас есімдер ме, ол жағы әлі анықтауды қажет ететін мәселе. Көрнекті қазақ ғалымы М. Тынышпаев шеркеш руының ұранын «Шағырай», таңбасын «Бақан» деп көрсетеді [9, с. 106].

Шежіреде Мұсылманның есімі жай ғана Пұсырман аталып, қай кезде өмір сүргені, қандай қызмет атқарғаны көрсетілмегенімен, мұрағат деректері оның би болғандығын анықтайды. 1750 жылдары Нұралы хан басқарған Кіші жүз бен Қайып хан билігіндегі Хиуа хандығы арасында сауда қатынастарына байланысты шиеленісті мәселелер туындаған. Ол Кіші жүз арқылы Орынборға келетін хиуалық сауда керуендерінің қазақ рулары тарапынан тонауға ұшырауымен, ал Хиуаға саудаға барған қазақ саудагерлерінен үлкен көлемде алым-салық алынуымен, сауда керуендеріне кедергі келтірумен түсіндіріледі. Сөйтіп екі жақты сауда-саттық мәселесін реттеу үшін Нұралы хан 1753 жылы күзде Хиуаға Шеркеш Мұсылман би бастаған елшілік аттандырады. Елшілік құрамында Нұралының нағашы ағасы адай Мырзатай батыр, Мұсылман бидің туған інісі Бура, баласы Тұрмамбет, Малыбай, Олжа, т.б. қазақтармен қатар Нұралының генерал-губернатор И.И. Неплюевтен сұрауына байланысты Орынбордан жіберілген орыс елшілері тілмаш Я. Гуляев пен канцелярист П. Чучалов та болды. Елшілік Хиуаға 1753 жылы 18 желтоқсанда жеткен [10, с. 153-154]. Мұсылман би бастаған қазақ елшілері 21 желтоқсанда Қайып ханға Нұралы хатын тапсырады. Қайып хан оларды құрметпен жылы қабылдап, 25 желтоқсан күні өзіне шақырған. Кездесу барысында қазақтар 1751 жылы Өтелбай батыр тонаған 40 хиуалық түйе орнына, 150 ту бие қайтаруға келіскен. Қайып ханмен кездескен қазақ елшілері, соның ішінде Тұрмамбет «орыс елшілері Хиуаға әскер әкелуге қолайлы болу үшін суларды жазып алды» десе, оның әкесі Мұсылман би «өткен жылы Нұралы хан жанында болған кезінде Я. Гуляев орданы аралап, барлық жерлер мен суларды қарап, өзінің іс-әрекеті арқылы Нұралы ханды Ресейдің айтқанын тыңдайтын етіп қойды, егер де Қайып хан Я. Гуляевті өзімен әңгімелесуге қабылдайтын болса, онда Қайып ханда оған қарсы ештеңе айта алмайды және сол арқылы алданып қалуы мүмкін» деген [11,54-п.]. Сөйтіп

орыс елшілеріне күмән, сенімсіздікпен қараған қазақ билері Қайып ханның олармен кездесуінде сақ болуын қалаған. Сонымен бірге Қайып хан Мұсылман биден өзінің өткен жылы құда түскен Нұралы хан қызы жөнінде сұраған. Өйткені 1752 жылы өз шаруасымен Хиуаға келген Мұсылман би бауыры Шеркеш Бурадан Қайып хан өзін Нұралының ортаншы қызы Мысыр Ханыкеймен құдаластыруды өтінген болатын. Қайтар жолында Бура Қайып хан ұсынысын Нұралы ханға жеткізеді. Нұралы егер Қайып құдалыққа дұрыс, сенімді адамдарын жіберсе, оның қалауын орындайтынын білдірген. Бірақ Мұсылман би мен Бура Хиуаға келер алдында Нұралыдан қызы туралы сұрауды ұмытып кеткен. Мұрағат құжаттарында осы Шеркеш Бура Мұсылман бидің туған інісі деп көрсетілген. Ал шежіреде Мұсылманмен қатар Жомарттың Боққара деген баласы болуы мүмкін делінеді. Мұның өзі мұрағаттағы Бура мен шежіредегі Боққара бір адам емес пе екен ойға жетелейді. Себебі орыс кеңселерінде тілмаштармен хатталып, қағазға түскен қазақ есімдерінің түрліше өзгеріске ұшырап отыруы сол тұста кездесіп отыратын жәйт.

1754 жылы 6 қаңтарда Мұсылман би, Мырзатай батыр бастаған қазақ елшілері Қайып хан сарайына шақырылып, онда неке дұғасы оқылып, әдеттегідей құттықтаулар жасалған. Хиуаға келгеннен бері өздерін ханның қабылдамауына байланысты орыс елшілері осы кезде Мұсылман би арқылы Қайып ханға шығуды көздегенімен, ол жоспарлары жүзеге аспайды. Өйткені Қайып хан «Ресейдің мұнда шаруасы жоқ» деп, қазақ-хиуа қатынасына қатысты мәселелерді талқылау барысындағы келіссөзге орыс елшілерін қатыстырмаған. 12 қаңтар күні Қайып хан қазақ елшілерін кейін Нұралыға қайтарайын деп жатыр деген хабарды Тұрмамбеттен естіп, абыржыған орыс елшілері Мұсылман би, Мырзатай бастаған қазақ елшілерін кеңеске шақырып, биден қандай да бір сылтаумен жол жүруді көктемге дейін кейінге қалдыруды өтінген. Олар қазір қыстың суықтығына байланысты биге жол жүрудің қауіпті болуы қартайған шағында оның түбіне жететіндігін айта отырып, Нұралының керуенсіз қайтпа деген бұйрығын еске салған. Орыс елшілерінің айтуынша, Мұсылман би бірде бір рет Орынборда болмаған, осыған байланысты Нұралы хан оған Орынборды көру сәтін туғызу үшін оны бас елші етіп тағайындаған [10 с.155; 12, с.812]. Алайда екі ел арасындағы мемлекеттік маңызды мәселелерді талқылап, шешу үшін бас елшілікті кез-келген адамға сеніп тапсырмайтынын ескерер болсақ, Мұсылман би Нұралы хан ордасындағы беделді билер қатарында болған.

Мұсылман би бастаған қазақ елшілерінің табанды өтінішінен кейін Қайып хан 1754 жылы 6 ақпанда орыс елшісі Я. Гуляевті өз сарайында қабылдап, кездесуде тек аман-саулық сұрасып, тілмаш әңгіме бастай бергенде хан жасауылдары оны бөлмеден шығарып, кері пәтеріне апарады. Бұл арада Қайып хан Мұсылман бидің «Я. Гуляевпен әңгімелессең оған қарсы ештеңе айта алмай алданып қалуың мүмкін» дегені мен өз елшілерінің екі қайтара патша сарайына жіберілмей, Орынбор мен Астраханнан кері қайтқанын есепке алса керек. Оның үстіне, біздіңше, Мұсылман би бастаған қазақ елшілері мен Қайып хан арасында өзара жасырын келісім болғанға ұқсайды. Өйтпеген жағдайда Қайып хан орыс елшілерін Хиуаға келгеніне 51 күн өткен соң, әрі қазақ елшілерінің өтінішінен кейін Я.Гуляевті жай ғана амандасу үшін қабылдас болар еді.

Мұсылман би, Мырзатай бастаған қазақ елшілері 12 сәуірде Хиуадан кері Кіші жүзге қайтады. Ол туралы Нұралы хан 1754 жылы 22 мамырда И. Неплюев пен А. Тевкелевке жолдаған хатында «Ерәлі сұлтан, Мұсылман би, Мырзатай бастаған қазақтар ордаға оралды. Олармен бірге болған Байсау би ұлы Малыбайды Қайып хан Хиуадан босатпай және өзінен хиуалық Құтлұқ Токсоба бастаған алты адамды жіберді» деп жеткізді [11, 35-37 пп.]. Нұралы хан Хиуадан оралған Мұсылман би мен Қайып хан атынан құдалыққа келгендерге «орыс елшілері мен көпестерін не үшін тастап кеттіңдер» деп наразылық білдірген. Оған қоса Нұралының Қайып хан жіберген құдаларды ұстауға бұйрық беруін естіген Мұсылман би мен құдалыққа келген хиуалық Токсоба одан кетіп қалған. Кейін 1754 жылы тамызда Кіші жүзден Хиуаға қайтқан Токсоба мен Мұсылман би баласы Тұрмамбет «қазақтардың барлығы Нұралыны тастап шалғайға көшіп кетті, оны хан ретінде құрметтегісі келмейді, тек қана ордада Қайыпты әкесімен және туыстарымен бірге құрметтейді» деген хабарларды жеткізген [11, 65 п.].

Міне, осы оқиғалардан кейін Мұсылман би Кіші жүздің қоғамдық-саяси өмірінде айтарлықтай көзге түспейді. Біздіңше, осы тұста Мұсылман би жасының ұлғаюына байланысты ел істеріне белсенді араласпаған сыңайлы. Өйткені жоғарыда айтып өткеніміздей, Хиуада болған орыс елшілері 1754 жылдың қаңтарында Мұсылман биді қартайған шағында деп көрсетеді.

Мұсылман биден тараған ұрпақтарға келер болсақ, шежіре бойынша оның үш әйелінің біріншісінен – Баймамбет, Тұрмамбет, Сәмембет, екіншісінен – Жолымбет, үшіншісінен – Жиёмбет, Ақмәмбет туған. Мұсылман би қартайып, қайтыс болғанымен, шеркеш руының басына баласы Тұрмамбет келіп, әке жолын жалғастырған. Елдің саяси істеріне ерте араласқан Тұрмамбет шеркеш руының биі ретінде 1750 жылдардан бастап Кіші жүзде орын алған маңызды оқиғалардың бел ортасында жүрді. Оның есімі мұрағат деректерінің басым бөлігінде Тұрмамбет деп кездессе, шежіреде Тұрымбет, Тұрмағамбет болып келеді.

1761 жылы 5 қыркүйекте шеркеш Тұрмамбет, адай Асан палуан, алаша Байқара бастаған шеркеш, алаша, адай, таз, ысық руларынан 300 қол Ойыл өзені бойында Хиуа ханы Темірғазы атынан Орынборға келе жатқан елші, Исхак молда Тәңірбергенов бастаған Хиуалық керуенді тоқтатқан. Олардың барлығына Нұралы ханның күйеу баласы Қарабай сұлтан бас болған. Исхак молданың хабарынша, хиуалықтар сауда керуенін Орынборға жеткізу үшін Кіші жүздегі шеркеш руының қазақтары Күлік Бабаназар мен Матай батырды жалдаған. Олар Ойыл өзеніне дейін аман-сау жетіп, Орынборға шамамен үш күндік жер қалғанда жол бастаушы Күлік Бабаназар мен Матай батырдың келісімімен қазақтар керуенді тоқтатқан [13, 7-8 пп.; 14, с. 88]. Осыдан соң Орынбор губернаторы А.Р. Давыдов Нұралы ханнан тоналған хиуалық сауда керуеніндегі тауарларды қайтаруды талап етеді. Нұралы хан болса Қарабай сұлтанның керуенді бауыры Бөрі сұлтанның Хиуадағы өлімі үшін тоқтатқанын жеткізеді. Бірақ А.Р.Давыдов Бөрі сұлтанның хиуалықтар емес, қарақалпақтар қолынан өлгенін алға тартқан. Кейін қазан айында Орынбордағы айырбас сарайына саудаға барған шеркеш Тұрмамбет бауыры Баймамбет Бұсұрманов мен адай Шердәлі Көккөзов ұсталды. Жауап алынып, тергеу барысында шеркеш Баймамбеттің хиуалық сауда керуенін тоқтатқан қазақтар арасында болғандығы анықталса, ал адай Шердәлі онда

болмағанымен Асан палуанға туыс болып келген. Осыған орай Сыртқы істер коллегиясы 1762 жылы 10 қаңтарда Орынбор губернаторы А.Р.Давыдовқа егер де қазақтар хиуалық тауарды жақын арада жинап, қайтармайтын болса, онда Баймамбет пен Шердәліні ұстап қалуды бұйырған [15, 15-16 пп.]. Нұралы хан 1762 жылы 4 тамызда губернатор А.Р. Давыдовқа жазған хатында хиуалық тауар үшін еш кінәсіз ұсталған адай руының қазағы Шердәлі Көккөзұлын босатуды талап ете отырып, былай дейді: «А вместо ево за тот хивинской товар буде черкесского роду невозможно то ис тех сильных родов о которых я пред сим к вам сообщил задержание учинить. Ибо задержанием не сильных родов то дело решится не может. Да не из сильных родов и задерживат ненадобно» [16, 13 п.]. Дегенмен кейінгі тарихи деректер бойынша хиуалық керуеннің тауары қайтарылмағанға ұқсайды. Оны 1768 жылғы 2 ақпандағы Орынбор губернаторы А.А. Путятиннің хабарынан және 1770 жылғы 2 қыркүйектегі Сыртқы істер коллегиясының Орынбор губерниясы кеңсесіне жолдаған жарлығынан көре аламыз [17, 173-174 пп.]. Ал Баймамбет Орынбордан елге қайтарылды ма, қайтарылса қашан, ол жөнінде мұрағат деректері еш сыр бермейді.

Тұрмамбет би Е.И. Пугачев басшылығымен Кіші жүзді шарпыған шаруалар көтерілісі кезінде де көзге түсті. Осы көтерілісті арнайы зерттеген тарихшы Н. Бекмаханова орыс үкіметіне қарсы күресте қазақ жасақтарын басқарған старшындар қатарында болған Тұрмамбеттің қай руға жататындығы анықталмаған [18, 146 б.] десе, жазушы Әбіш Кекілбайұлы руы белгісіз Тұрмамбетті Шеркеш биі Тұрмамбет деп анықтайды [19, 117 б.]. Көтерілістің қызып тұрған шағында тұтқынға түскен Тойоғлы Сейітқұлұлы 1774 жылы 18 қаңтарда берген жауабында Нұралы ханның күйеу баласы Қарабай төре ұлысындағы Тұрмамбет Басұрмановтың қарауындағы Кіші жүз қазағы екендігін айтады. Оның хабарынша, бұрынғы жылдары Қарабай төре өзіне қарасты мыңға жуық түтінмен Жайық өзенінің арғы жағын мекендеп, жазда Орынбордан далалық беттегі Жем өзені бойында, ал қыста Жайық өзенінің сағаларында, Нұралы ханның қыстауынан алты күндік, теңізге жақын Атырау деп аталатын жерді жайлаған [20, с. 29-30.]. Бұдан Тұрмамбеттің Қарабай сұлтан ұлысына қарайтынын аңғарамыз. Жалпы Қарабай сұлтан мен Тұрмамбет би арасында қалыптасқан оң қарым-қатынас, кейін оның ұрпақтары арасында жалғасын тауып, құдандалық туыстыққа ұласқан.

Тұрмамбет бидің Кіші жүздің қоғамдық-саяси өмірінде өрлеу кезеңі Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен тұспа-тұс келді. 1785 жылы шілде айында Кіші жүзде өткен жиналыста қазақ старшындары Ордадағы қоғамдық-саяси жағдайды талқылап, патша әкімшілігінен Еділ-Жайық аралығындағы жайылымды шешу, Орал казак-орыстарының «әскери тіміскілеулерін» тоқтатуды талап етті. Сонымен бірге ру басылары, старшындар Нұралы ханды тақтан тайдыру мәселесін көтерді. Сырым батыр бастаған Кіші жүз ақсақалдарының 1785 жылы шілдеде II Екатеринаға «Егер сіз Әбілқайыр хан балаларын хандықтан тайдырмасаңыз, бізде сізбен келісім пен тыныштық болмайды» деп мәлімдеген хат соңында Шеркеш руынан Тұрмамбет, Есенаман билер, Көсем баһадүр, Жарқынбайлар қол қойған [21, 33-34-пп.]. Осы шеркеш Жарқынбай мұрағат құжаттарында Тұрмамбеттің немере інісі делінеді. Сөйтіп қазақ старшындары Нұралының биліктен кетпейінше орыс үкіметімен келіссөз жүргізбеу жөнінде ортақ шешімге

келген. Өйткені бұл кезде Нұралы хан ел ортасына бара алмай, Кіші жүздегі белгілі тұлғалармен арадағы байланысын үзіп, өзінің ордадағы ықпалынан айырылып, Ресей шенеунігіне айналған еді.

1785 жылы 21 қыркүйекте Жайық өзенінің ар жағындағы, Елек қорғанынан жүз верст жердегі Жіңішке өзені бойында өткен Кіші жүз старшындарының жиналысына байбақты Сырым батыр, табын Тіленші батыр, кете Көккөз би, ысық Қаратау батыр, шеркеш Тұрмамбет би, шекті Сегізбай би, Қарабай сұлтан және т.б. Кіші жүздің беделді тұлғалары қатысқан. Жиналыс қорытындысы бойынша би, батыр, старшындар патшадан Кіші жүзге Қайыпты хан сайлауды және Қайып хан інісі Қарабай сұлтанды патша қызметіне белгілеуді сұрайды. Бірақ бұл мәселе шешімін тапқанша Орынбор ұсынуымен Кіші жүздің басты үш бірлестігі Әлімұлы, Байұлы, Жетіруға халық ішінде жасы үлкен, беделді 3 бас старшын сайланды. Байұлы руларына бас старшын болып Тұрмамбет бидің сайлануы, оның ел ішіндегі беделін нақты айқындай түсті. Жиналысқа қатысқан Кіші жүздегі қазақ руларының белгілі би, мырза, старшын, батырларынан барлығы 208 адам салтанатты жағдайда ант қабылдап, өздерінің мөрлері мен таңбаларын басады. Қазіргі таңда Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекетінің Әскери тарихи мұрағатында сақтаулы тұрған осы тізімнің басында ең бірінші болып шеркеш руынан Тұрмамбет би Мұсылман би ұлы өзінің мөрін басқан [22, 209-210 pp.]. Сонымен қатар тізімде шеркеш руынан Олжабай, Матай, Бақтыбай батыр Өтебайұлы, Сарша батыр Ұрысұлы, Сасай Самратұлы, Айдабол батыр Жақұтұлы есімдерін көруге болады. Кеңес қорытындысымен генерал-губернаторға аттанған 16 атақты би, 100-ге тарта Кіші жүздің түрлі ру өкілдері 8 қазанда Орынборға келіп, О.А. Игельстроммен кездесіп, 30 қазанда кері қайтқан.

1786 жылы жазда Сырым Датұлының Ерәлі сұлтан қолына тұтқынға түсуі кезінде Тұрмамбет би батырды босату жолында қазақ старшындарымен бірлесе қимылдады. Сегізбай, Тұрмамбет билер, Әбдіжәлел қожа, Көккөз би, Шүкірғали, Досы, Барақ батырлар, Мұрат, Қаратау, Сыпыра билер Сырымның тұтқынға түскенін 14 тамызда Симбирск және Уфа генерал-губернаторы О.А. Игельстромға хабарлады. Мұны губернаторға жеткізу үшін жіберілгендер ішінде Тұрмамбеттің немере інісі Қарақия Жапақұлы да болған.

Кейін Тұрмамбет би Елек өзені бойында өткен Кіші жүздің старшын, би, батырларының кеңесіне қатысады. 23 қыркүйекте қазақ би, батырлары егер Тіленші батыр ел өміріне қатысты мәселелерді шешуге шақырып жатса, олар уақыт оздырмай Қайып ханмен бірге аттануға дайын екендігін хабарлау үшін Тұрмамбет би өзінің туысы Дауылбайды жіберген. 25 қыркүйек күні болған Кеңеске Қайып хан, Қарабай сұлтан, Жиһангер сұлтан, Сейітғали сұлтан, Әлімұлынан Сегізбай, Мұрат билер, Байұлыдан Сыпыра, Қаратау, Құлжабай, Бөдене билер, Дөнен батыр, Жетірудан Тіленші, Жанболат, Тілеп, Күшікбай батырлар, т.б. жүздің беделді азаматтары қатысып, елдегі маңызды мәселелер талқыға түскен. Кеңесте қарастырылған мәселелер Орынбордан Ордаға келген коллежск ассесоры М. Бекчурин, ахун М. Хұсайынов, адъютант О.Алкин және бұхарлық М. Мирбадаев түзген 8 беттік журналда толығымен тіркелген [22, 254-261 pp.].

Осы тұста қазақ старшындары патша әкімшілігі алдына бұрынғыша

мал жайылымы, ішкі жақтағы жерлерді пайдалану, қазақтардан қашқандарды кері қайтару сияқты мәселелерді көтерген. Ол туралы Қарабай сұлтан, ысық Қаратау би, шекті Мұратбек, кете Көккөз, шеркеш Тұрмамбет, масқар Дөнен, алаша Сыпыра, беріш Бөдене, Шойтас, таз Олжабай, адай Асан, табын Тіленші, т.б. орданың белгілі тұлғаларының 1786 жылы 8 қарашада О.А. Игельстромға жолдаған хатында айтылады. Хат соңына Тұрмамбет, Қаратау билер, Қарабай сұлтан өз мөрлерін түсірген.

Бұл кезде қазақтың дәстүрлі басқару жүйесін жоюды мақсат еткен генерал-губернатор О.А.Игельстром өз реформасын одан әрі жалғастырды. Соның нәтижесінде 1787 жылы қыркүйек айының соңында Қобда өзенінде старшындар жиналысы өтіп, онда Әлімұлы, Байұлы, Жетіруда расправалар құрылып, бас старшындар сайланады. Байұлы расправасына төрағалыққа шеркеш Тұрмамбет Мұсылманов сайланып, заседателдігіне алаша Сыпыра би Қарабатыров, беріш Бөдене би Байтілеуовтер тағайындалады. Тұрмамбет би өзге де расправа мүшелерімен бірге 1787 жылы 16 қазанда Орынборға келіп, ант берген. Бұл арқылы ел игілерін өздеріне жақындатуға ұмтылған орыс үкіметі оларға түрлі жалақы тағайындап, тұлғалар арасындағы бірлікті жоюға бар күшін салды. 1788 жылдан бастап шеркеш Тұрмамбет, шекті Сегізбай, алаша Сыпыра, кете Көккөз, беріш Бөдене, табын Жәнібек билер расправа мүшелері ретінде орыс әкімшілігімен тікелей байланысқа шықты. 16 мамырда шеркеш Тұрмамбет, ысық Қаратау, беріш Бөдене билер Орынбор әкімшілігінен Жайық қорғандарына қашқан тоғыз адамды кері қайтаруды сұрағанымен, шекаралық сот «қашқындар православиені қабылдады» деп бермеген [23, 155 б.]. Сөйтіп, расправа мүшелері ретінде би, старшындар қазақ халқының сол тұстағы негізгі талаптары жайылымдарды шешу, орыс әскерилерінің озбырлықтарын тоқтату, қашқындарды қайтару, т.б. мәселелерді шешу үшін өз мүмкіндігін барынша пайдалануға тырысты.

Тұрмамбет бимен қатар оның ұлы Бекмамбет есімі де алғаш рет сол тұстағы тарихи деректерге енген. 1790 жылы 17 мамырда Абдулкасым молда Байұлы расправасының төрағасы шеркеш Тұрмамбет би баласы Бекмамбеттен Сырым батырдың Бұхараға елшілікке жіберген адай Қыскелдінің орыс билігінен қашқан Хасан молда мен Әлімұлы руынан Телек молдаларға жол бастаушы ретінде Бұхараға барып, аталықпен кездесу барысында айтылған мәселелер туралы естігенін хабарлайды [24, 283 б.].

1790 жылы 11 тамызда Уфа қаласында Нұралы хан қайтыс болды [25, 155 п.]. Осыдан соң Кіші жүзге хан сайлау мәселесі көтерілді. Шеркеш Тұрмамбет, алаша Сыпыра билер, Әлімұлының бас старшыны Мұратбек билер бірауыздан Есім сұлтанды қараша айында хан тағына көтерді. Ноғай старшыны Құрбанғали Забирдың хабарынша, хан сайлауға Әлімұлы руларынан Тоқтамыс би, Байұлы руларынан Азамат би, Батырұлы Қарабай сұлтан бастаған 1000-ға жуық қазақ қатысқан. Есімнің хан сайлануына байланысты 1791 жылы 2 қаңтарда Орынбор обер коменданты, шекаралық сот төрағасы Я.М. Зембулатов пен коллежск кеңесшісі Чучаловқа жолданған хат соңына Сырым Датұлы, Тұрмамбет Мұсылманұлы, Тойғозы Бармақұлы өз мөрлерін басқан. Алайда көп ұзамай 24 қаңтарда ноғай старшыны Құрбанғали Забирдың Орынбор шекаралық істері экспедициясына жолдаған хатынан «Есім сұлтанды хан сайлаушылардың бірі төраға Тұрмамбет би жақында Сырым батырдан Есімге шағым білдіріп А.А.Пеутлингке жолданған

хатта өзінің мөрін басқан. Дегенмен ол Тұрмамбет естуімізше бұрынғы уәдесінде, ал Сырымның шағым хатындағы Тұрмамбеттің мөрі мынадай жағдайда басылған: Сырым батыр шағым хатын ешкімге көрсетпей жазып, Тұрмамбеттің мөрін өзіне әдейі алып, аталмыш шағым хатына басқан, бірақ ол жөнінде Тұрмамбет хабардар емес» деген жолдарды оқимыз [26, 26-27 пп.].

Міне, осы 1791 жылғы деректерден Тұрмамбет пен Сырым арасындағы қатынастарда алшақтықтардың пайда болғандығы байқалады. Ол турасында белгілі тарихшы М.П.Вяткин «патшалық Ресейге қарсы күресуге бел байлаған Сырым өз күресін кеңейту үшін қоныстары шекара шептеріне жақын старшындарды өзіне қосып алу үшін түрлі әдістерді қолданып, беделді старшындарды өз жағына тарту үшін Дөнен би, шеркеш Тұрмамбет би және алаша Сыпыра би өздерінің орындарынан алынып, бұлардың орындарына басқа старшындар сайлансын деген Ресейден жарлық келді деп хабар таратты» деген пікірмен қорытады [27, с. 259]. Бұл кезде Сырым батыр орыс үкіметінің саясатына ашық күресті қолдаса, ақсақалдық жасқа жеткен Тұрмамбет би шепке жақын жерлерді қоныстап, даланың түкпіріне көшіп кетуден бас тартады. Сөйтіп Әбілқайыр хан ұрпақтарымен бірлесе отыра ашық күреспей, бейбіт түрде тыныштықты қалпына келтіруді жақтады. Мұндай саясатты сол тұста Тұрмамбет бимен қатар Әлімұлы руынан Қаракөбек, Жанназар, Мұратбек, Сегізбай билер, Байұлы руынан Сыпыра би, Жетірудан Тіленші батыр, Тілеп, Жәнібек билер қолдаған. Жалпы осы уақытта старшындардың Сырымға қосылудан бас тартуына ықпал еткен жер, жайылым мәселесі болатын. Өйткені басты мәселе старшындар да ғана емес, олардың артынан ерген рулы елдің негізгі күн көріс көзі мал шаруашылығында болатын. Өйткені оңтүстікке қарайғы жайылымдар төрт мезгіл қазақ малдарын асырай алмайтын. Сондықтан да кейбір рулар шекара бойында малды ішкі бетке өткізуге мәжбүр болды.

Осы тұста Орынбор әкімшілігіне арқа сүйеген Есім сұлтан қазақтар арасында тұтқынға түскен орыстарды тізіп көрсете бастады. 1791 жылы 12 қаңтарда Есім сұлтан Орынбор шекара істері экспедициясына шеркеш руындағы Тұрмамбеттің немере інісі Жарқынбайдағы 4 орыстың біреуін және шеркеш Арыкішкендегі 2 орыстың біреуін кете Көккөз бидің немере інісі Базарбай Орал қаласына жеткізді деп мәлімдеді [26, 18 п.]. Сыпыра бидің 1791 жылы 23 маусымда Шекара істері экспедициясына жолдаған хаты да сол кездегі жағдайдан хабар береді. «Орда Сырымның қолында емес, - деп жазылған хатта, - өйткені рулар тыныштық халде отыр. Шөмекей руынан, сол сияқты Шекті старшындары Мұратбек пен Сегізбай, төртқара Қаракөбек, шеркеш Тұрмамбет құрметті Ерәлі сұлтанға, Түрікменнің Пірәлі ханына осы туралы хат жазған. Қысқаша айтқанда, рулардың бәрі бірауыздан келісіп тыныш отыр. Қазір Сырым Қобда өзенінің жоғары жағындағы Қарағанды деп аталатын жерде және ондағы қауымға салқын түсуімен орыстарды талқандау үшін үш жерден үш сан, яғни 30000 қолмен аттанатынын айтуда» [28, 235 п.].

Дегенмен Орынбор әкімшілігінің Ордада жүргізіп отырған отаршыл саясатына байланысты аталмыш билер көп ұзамай Сырыммен бір болған. 1792 жылы 10 маусымда Тұрмамбет би шекті Сегізбай, Сырым батыр, Мұратбек, Жанназар, төртқара Көбек, Сарыалтай, Қараалтай, Басықара, қаракесек Айдарбек, уақ Жәдігер, Түбек, Тойғозы, ысық Сұлтанбек, таз Құлжабай, беріш Бөдене билермен бірге Орынбор шекара істері

экспедициясына Ерәлінің хан сайлануына наразылық білдіреді. Олар «Әбілқайыр хан балаларынан хан сайлау ұ.м.и. тиімді болды, оны біз жоққа шығармаймыз, тек қазақ халқы Ерәлі ханның ісіне риза емес, өйткені ол жасының ұлғаюына байланысты түрлі рулар арасындағы талас-тартыстарды шеше алмайды» дегенді алға тартып, өздерінің лайықты санаған адамын хан сайлауға рұқсат сұрап, ұсыныстарын патшаға жеткізу үшін елшілік жіберуді өтінеді [20, с. 136-137]. Губернатор А.А. Пеутлинг болса мұны аяқсыз қалдырып, экспедицияға жауап қайтармауды бұйырды.

Қазақ-орыс қатынасының шиеленісуі нәтижесінде шекаралық орыс әскерлері 1793 жылы желтоқсанда есентемір Мыңбай батырды қолға түсірді. Осыған орай шеркеш Тұрмамбет би, байбақты Өтебай батыр, шеркеш Айдабол би, беріш Садақбай би, Саржала би, адай Үсен билердің 1794 жылы ақпанда Орынбор шекара істері экспедициясына жолдаған хабарынан адай және есентемір руларының Сырымға қосылғандығы белгілі болды [23, 174 б.].

1794 жылы 10 маусымда Ерәлі ханның дүние салуына байланысты шеркеш Тұрмамбет би, беріш старшыны С. Құбайұлы және адай руының қазақтары Есімге келіп, қазақы дәстүрмен ағасы Ерәлі ханның өлімін естірткен. Ол жөнінде Есім сұлтан 7 шілдеде Шекаралық экспедицияға хабарлаған [29, 46 п.]. Осыдан кейінгі мұрағат деректерінде Тұрмамбет би есімі кездеспейді. Өйткені, бұл кезде Тұрмамбет бидің жасы ұлғайып, егде тартқан шағы болатын. Мәселен, 1789 жылы 10 мамырда II Екатеринаға жолдаған хатында О.А. Игельстром расправаларға сайланған Тұрмамбет, Сегізбай, Сыпыра, Көккөз билерді қартайған шағында деп көрсетеді. Тарихшы Ә.Қ. Мұқтардың анықтауынша Тұрмамбет би XVIII ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында қайтыс болған [30].

Тұрмамбет би дүниеден озғанымен оның ұлдары Бекмамбет, Құлмамбет билер әке мұратын жалғастырып, Кіші жүздің, Бөкей Ордасының саяси өміріне араласып, ел басқаруда көзге түсті. Бекмамбет орыс деректерінде Бекмамбет, Бекмұхамет болып жазылса, фольклорлық мәліметтерде Бекпембет аталады. Ал Құлмамбет есімі шежіреде Құлымбет болып келеді. Әкеден дарыған қасиет Бекмамбет пен Құлмамбеттің бойына бітсе керек. Себебі екеуі де шеркеш руының биі дәрежесінде ел өміріне араласты. Ерәлі ханнан кейін патша үкіметінің ықпалымен Кіші жүзге хан сайланған Есім ханның көп ұзамай 1797 жылы 27 наурыздағы өлімінен кейінгі шиеленісті сәтте, Әбілқайыр тегінен Ордадағы басқаруды қолға алуға ұмтылғандардың алдында Қаратай сұлтан жүрді. Осы кезде Бекмамбет, Құлмамбет билер Қаратай жанынан табылып, сұлтанға сенім артты. 1797 жылы 10 сәуірде Орынбор шекара істері экспедициясына Есім ханды өлтірушілерді жазаға тартуды сұраған хат соңына Биғали, Қаратай, Бөкей сұлтандар және Байұлы руының би, батырлары Барғана Бартаев, Төлеп Дәуітов, Толыбай Тұяқов, Табылды Өтеев, Базарбай Шахмурзин, Байқара Мыңбаев, Тілеулі Есназар, Есенаман Еділбаевтармен бірге Бекмамбет Тұрмамбетовте өз мөрін басқан [31, 48-49 пп.]. Ал Құлмамбет би тамыз айында Ордада Қаратай Нұралыұлын хан сайлауға қатысып, сұлтанға қолдау танытты. 13 тамызда Қаратайды хандыққа бекіту туралы Орынбор әкімшілігіне жолдаған Кіші жүз руларының өтініш, ұсыныстарының ішінде Құлмамбет бимен бірге шеркеш руының 11 старшын, би, батырлары болған [32, 35 б.]. Бірақ Орынбор ұлықтары беделді билердің ұсынысын бұл жолы да

ескермеді. Өйткені өзінің отарлау саясатына ыңғайлы да қолайлы тұлғаны хан сайлауға дағдыланған патша үкіметіне тәуелсіз хандық басқару жүйесін қалпына келтіре алатын қабілетті Қаратайды хан тағына бекіту тиімсіз еді. Сондықтан орыс әкімшілігі Қаратай сұлтанды Кіші жүздің хан тағына жолатпауды көздеді.

Осыдан соң Бекмамбет, Құлмамбет билер 1797 жылы 29 тамызда өткен Кіші жүздегі Хан кеңесіне келеді. Оған Әлімұлы руынан Қаракөбек тархан, Басықара, Манаш, Айдарбек, Жанназар, Қарашонай, Қаражан, Назарқұл, Қараша, Көккөз, Наурызалы билер, Шоқралы батыр, Байұлы руынан Сасай, Бекмамбет, Құлмамбет, Бөдене, Марқаш билер, Жетірудың кейбір старшын, би, батырларымен барлығы 1000-нан аса адамды бастап Сырым батыр қатысқан. Кіші жүздегі беделді ру басылар қатысқан Кеңес барысында қазақ-орыс мәселелерін реттеу Әлімұлы руларында Қаракөбекке, Байұлы руларында Сырым батырға жүктелген [27, с. 310-311]. Сөйтіп Бекмамбет, Құлмамбет билер ел өміріндегі маңызды істерге араласып, сол тұстағы белгілі тұлғалар қатарынан көрінді.

Тұрмамбет би ұрпақтарының бұдан кейінгі тарихы 1801 жылы құрылған Бөкей Ордасының өмірімен өзектес өрбиді. Орданың негізін қалаушы Бөкей Нұралыұлы 1801 жылы 20 желтоқсанда негізінен өз туысқандарынан тұратын 183 шаңырақты ішкі тарапқа бастап өтеді. Бөкейдің артынан Бекмамбет би 1802 жылы өзінің қол астына қарайтын шеркеш руының шаңырақтарын Жайық өзенінің оң жақ бетіне өткізеді. Бекмамбетпен бірге туған інілері Жәкып пен Бекболатта өз жанұяларымен ішкі бетке өтіп, тұрақтаған [33, 15 п.].

1803 жылы жазда Орынборда сауда жасап, ал қыста Жайық шебі бойын жайлайтын 8000 жанұялы Шеркеш руының 8 бөлімін Байшеркеш, Құшытбек, Бекмамбет старшындар басқарған. Осы кезде жер мәселесі барысында туындаған шиеленісті жәйттер бөкейліктегі кейбір рулардың Кіші жүзге өтуіне әкелді. 1804 жылы 22 наурызда Орынбор басшысы Г.С.Волконскийдің Сыртқы істер министрі А. Чарторыйскийге хабарлауынша, Бөкей сұлтанмен бірге Астрахан даласына өткен Жүз батыр старшын бастаған беріштер мен Бекмамбет басқарған шеркеш рулары өздерінің жанұя, малдарымен Шанасалған мен Амутай мекенінен Жайық өзеніне қарай қозғалған. Олар Орал кордон сақшыларынан жасырыну үшін Пірәлі хан қарауындағы қазақтармен араласып, Жайықтың дала бетіне өтуге ұмтылған. Алайда 26 наурызда Орал казак-орыс әскерлері Бекмамбет бастаған шеркеш руларын Сарайшық бекінісі маңынан кері қайтарғанымен, кейін олар сәуір айында түрікмен билеушісі Пірәлі хан қарауындағылармен бірігіп, Сарайшық, Жаманқала, Кулагин бекіністері тұсынан Жайықтың Бұхар бетіне өтіп кетеді [34, с. 264-266].

Бекмамбет би Кіші жүзге өткенімен оның Бөкей сұлтанмен арадағы байланысы үзілген жоқ. 1805 жылы 7 қарашада Бөкей сұлтан губернатор Г.С.Волконскийге «таратылған Байұлы расправасының заседателдері, старшындар Бекмұхамет Тұрмұхаметов пен Медет Басмановтың басқаларға жылдық жалақы беріледі, ал өздеріне неліктен берілмейтінін айтып, менен талап етуде» деп мәлімдейді [35, 9-10 пп.]. Бірақ Орынбор әкімшілігі Бекмамбет биге 1805 жылдан кейін де жалақы бермеген. Тарихи деректер Бөкей Ордасындағы Бекмамбет бидің өз қызметі үшін 1801 жылдан 1809

жылға дейін жалақы алмағанын, ол туралы Бөкей сұлтан 1809 жылы губернатор Г.С. Волконскийге мәлімдеп, оған жалақы беруді сұрағанын хабарлайды [3, с. 932]. Біздіңше, Бекмамбет биге Орынбор әкімшілігінің жалақы бермеуінде бір гәп бар. Өйткені өз саясатын қолдағандарға түрлі шен-шекпен, жалақы, сыйлық, тарту-таралғыларды үлестіріп, таратуға келгенде пейілі кең патша үкіметінің бұл арада неліктен сараңдық танытқаны түсініксіз. Әлде Бекмамбет бидің кезінде шеркеш руларын бастап Орынбор рұқсатынсыз Жайықтың далалық бетіне өтуін кешірмеді ме екен?

Бөкей Ордасында сот істерін сұлтандар, старшындар мен билер қараса, тек маңызды істерді ғана Бөкейдің өзі шешкен. Орданың басқару істеріне Бөкейге жақын кейбір тұлғалар қатысып, олардың ішінде сұлтанға кіші әйелі шеркеш Жұма жағынан туыс болып келетін Бекмамбет би де болған. Ол жөнінде белгілі жазушы Әбіш Кекілбайұлы «Бөкейдің кіші әйелі Жұма Шеркештердің нағыз жуан тамырынан. Бірінен-бірі өрбіп жатқан Түрке, Пұсырман, Тұрмағамбет, Бекмұхамбет, Шолтырлар қолынан қамшы түспей келе жатқан ордалы билер» деп бағалайды [19, 256 б.].

1811 жылы 13 қыркүйекте Бөкейді хан сайлау кезінде Бекмамбет би сұлтанға қолдау білдірді. Кейін хан тағына бекіген Бөкей 1812 жылы 24 шілдеде Орал қаласында таққа көтеріліп, арнайы патша заңымен заңдастырылды. Осыдан кейін Хан Кеңесін жасақтауға кіріскен Бөкей хан Кеңес заседателдігіне ұсынған бес адамның басында шеркеш Бекмамбет Тұрмамбетұлы болғанымен, орыс әкімшілігі Бөкейдің Кеңесін бекітусіз кері қайтарады [23, 228 б.]. Сонымен бірге фольклор деректерінде Бөкейді хан атағына бекіткен патша үкіметінің құжатын Орынбордағы губернатордан Бөкейдің қолына аман-есен әкеп табыстаған да осы Бекмамбет би екендігі айтылады. Сайып келгенде, мұның барлығы Ордадағы кеңесші 12 бидің бірі болған Бекмамбет би мен Бөкей хан арасында өзара сенімді байланыс орнап, бір-біріне қолдау көрсетіп өткендігін дәлелдейді.

1815 жылы 21 мамырда Бөкей хан ауырып қайтыс болған соң, Ордадағы билік інісі Шығай сұлтанның қолына көшті. Шығай Нұралыұлының ел билеу кезінде де бөкейлік қазақтар Жайықтың далалық бетіне өтуге ұмтылып отырған. 1820 жылы қыркүйекте шеркеш, байбақты, тана, беріш рулары Орал казак әскерінің атаманы Бородинге өтініш берген. Бұл туралы 1821 жылы 7 қаңтарда Шығай сұлтан Орынбор губернаторы П.К.Эссенге мәлімдей отырып, шеркеш руының старшыны Бекмамбет Тұрмамбетұлынан басқалары өздерінің ешқашан Бородинге өтініш беру жөнінде сұлтан Қарабаевпен келісім болмағанын хабарлады дегенді алға тартты. Осы жылдың 5 тамызында Кіші жүз ханы Шерғазы Айшуақұлы Сыртқы істер министрі К.В. Нессельродеден Бөкей Ордасының бір топ сұлтандары мен старшындарына Жайықтың далалық бетіне өтуіне рұқсат сұрады. Оның ішінде шеркеш руынан Бекмамбет пен Ерболат старшындар бастаған 215 шаңырақ және қойыс бөлімінен өзіне қарасты 112 түтінмен старшын Мүсіреп Айдаболұлы да болды [3, с. 219-221]. Жалпы Бөкей Ордасындағы қазақ руларының Жайықтың далалық бетіне өтуге ұмтылысы сол тұстағы жер мәселесінен туындаған себептермен байланысты.

Каспий теңізі жағалауындағы жерлерді қыстауға келген шеркеш руларына жайылым мәселесінде батаға басшылары да түрлі қысым көрсетіп отырды. 1823 жылы қыста Новинск батағасының приказчигі шеркеш руының

старшыны Бекмамбет Тұрмамбетовтен көшіп-қонғаны үшін қой, басқа да заттармен айып төлеуді талап еткен. Ал кейін оны бермеген соң шөбімді жапырды деген сылтаумен бидің малын ұстап алып, көлемді айыппұл талап етіп, көптеген қой төлеуге мәжбүр еткен. Мұның барлығын кейін Бекмамбет Орынбор шекаралық комиссиясының ассессоры А.Д. Кузнецовқа дәлелдеп, приказчиктен 471 сом көлемінде ақшалай қаржы төлеуді талап еткен.

Бекмамбет би 1824 жылы жазда Жәңгір Бөкейұлын хан сайлау кезінде оған қолдау танытты. 25 маусымда Орынбор губернаторы П.К.Эссеннің Жәңгірді хан тағына тағайындау үшін Орал қаласына шақырғандар қатарында Бекмамбет би де болды [36, 275 п.]. 1825 жылы мамырда Орынбор шекаралық комиссиясының ассессоры А.Д.Кузнецов келтірген мәліметте, Мүсіреп Айдаболұлы мен Бекмамбет Тұрмамбетұлы басқарған Ішкі ордадағы Шеркеш руының 5200 адамнан тұратын 1300 түтіні қыс кезінде теңіз жағалауы мен Нарын құмдарына бөлініп қыстаған. Олардағы жалпы ірілі-ұсақты мал саны 279500 басты құраған. Кейін Жәңгір ханның 12 желтоқсанда Шекаралық комиссияға жолдаған Ішкі орданың рубасылар мен старшындар тізіміне назар аударсақ, шеркеш руының 6 бөлімін старшындар Бекмамбет Тұрмамбетұлы мен Құрмат Айдаболұлының басқарғанын байқаймыз [3, с. 261-262, 281].

1827 жылы көктемде бөкейлік қазақтар құпия түрде Жайықтың далалық бетіне өтуге ұмтылды. Орынбор әкімшілігі болса оған қарсылық танытып, ордадағы толқуды басуға тырысты. 25 сәуірде Жәңгір хан губернатор П.К. Эссенге шеркеш руының старшындары Мүсіреп Айдаболов, Бекмамбет Тұрмамбетов және Бекболат Байшеркешовтердің Жайықтан өтуге тырысу ғана емес, тіпті ол туралы ойламаған деп жеткізді [37, 1028-1029 пп.]. Кейін 1828 жылдың соңында қазақ ауылдары мен казак-орыстар қатынасы қайта шиеленісе бастады. Осыған орай Ордаға келген кеңесші А.Т. Ларионов қараша-желтоқсан айларында сұлтан, би, старшындармен кездесіп, Жайық казак-орыстарының Кіші, Үлкен өзендердегі қазаққа қысымын, тіпті Кіші өзенде малға су ішуге рұқсат етпей, әскермен қуып жүргенінен хабардар болған. 1829 жылы 23 қаңтарда Шекаралық комиссияға берген рапортында А.Т. Ларионов өзінің хан ордасында болған кезінде атаман Д.М. Бородин старшын Бекмамбет Тұрмамбетовке «егер ол Жайықтың арғы жағына өтуді қаласа, онда өткел тауып беремін» деп хат жазғанын білдім дейді. Содан комиссияның тапсырмасы бойынша кеңесші бидің шын мәнінде тірі екендігіне көз жеткізуге тиісті болған. Осыған байланысты ол Бекмамбетті шақырып, одан өзіне жеткен қауесет туралы сұраған. Бидің берген мәліметі бойынша кейбір қазақтар Бақсай өзеніне көшіп кеткен. Сұлтан Сүйінішқали Жаналиев те Жайықтан өтуді қалаған ешбір қазақтың жоқтығына сендірген. Осыдан соң А.Т. Ларионов «егер Бөкей Орда қазақтары қоныстан қысым көрмесе, наразылыққа және Жайықтан өтуге өз еркімен бармайды» деген қорытындыға келген [3, с. 457].

Шеркеш руының старшыны болып ұзақ жыл қызмет еткен Бекмамбет 1835 жылы 30 мамырда жасының ұлғаюып, денсаулығының нашарлауына байланысты старшын қызметінен өз еркімен кетеді. Дегенмен, ол осыған дейін атқарып келген қызметін өзінің ұлы Шолтырға мұрагерлік жолмен қалдыруды көздейді. Осы ойын жүзеге асыру үшін Жәңгір ханға өтініш хат жолдап, баласы Шолтырды Шеркеш руының Қойыс бөліміне старшын етіп

бекітуді сұрайды. Содан Жәңгір ханның Орынбор шекаралық комиссиясына жолдаған ұсынысы арқасында 42 жастағы Шолтыр Бекмұхамедов старшын қызметіне бекітіліп, «жарлық» қағазын алады [38, 5-6 пп.; 39, 97 б.]. Сөйтіп Бекмамбет биден тараған ұрпақ ішінде ел істеріне араласып, саяси өмірде көзге түскен Шолтыр жарлық старшыны ретінде 150 түтінді басқаратын болды.

1838 жылы 25 сәуірде Жәңгір ханға Шеркеш руының 6 бөлімінен хан кеңесшісі Мүсіреп би Айдаболовтың қайтыс болуына байланысты оның орнына баласы Шанқайды ұсынған өтініш түседі. Кейін аталған рудан кеңесші қызметіне Шолтыр Бекмұхамедовты сайлаған екінші үкім келеді. Жәңгір ханның ұсынысынан соң ғана 1839 жылғы 26 мамырдағы жарлықпен Шолтыр Бекмұхамедов кеңесші болып бекітіледі [40, с. 59]. Осылайша Жәңгір ханның сенімді әрі адал көмекшісі старшын Шолтыр Бекмұхамедов «хан кеңесінің» толыққанды мүшесіне айналады. 1840 жылы 9 қаңтарда Шекаралық комиссияның Орынбор губернаторы В.А. Перовскийге Ішкі орданың рубасылары мен старшындарын марапаттауға ұсынғандар қатарында кеңесші Шолтыр Бекмұхамедов Анна лентасындағы алтын медалға ұсынылды [3, с. 383].

1845 жылдың аяғында Ішкі ордадағы саяси өзгерістер кезінде Шолтыр кеңесші қызметінен босатылып, тек старшын қызметін ғана атқарып қалады. Сонымен бірге шеркеш руының қазақтары тарапынан Астрахан губерниясының Енотаевск уезінде депутат болды. Оны Әділ сұлтанның 1845 жылы 13 қарашада Шекаралық комиссияға жолдаған Ішкі Орданың депутаттар тізімінен көреміз [41, 47 п.]. Жәңгір ханның билігінен кейін де Шолтыр он бес жылға уақыт старшын қызметін атқарды. Осы жылдар аралығында Ішкі орданың Каспий жақ бөлігінде жүргізілген саяси-әкімшілік реформаларға ат салысады және сол реформаның нәтижесінде құрылған 1-ші және 2-ші теңіз округтерінің бірінде старшын болып сайланып қызмет етеді. 1855 жылы жүргізілген бұл реформа Шеркеш руын үш ірі бөлімге бөлшектеп, оның әрқайсысына бір-бір старшынды тағайындайды. Соның бірінші Шеркеш бөліміне старшын Ідіріс Шолтыров, екінші Шеркеш бөліміне старшын Есболай Жүзбаев, ал үшінші Шеркеш бөліміне старшын Шолтыр Бекмұхамедовтің өзі тағайындалады. Бірінші старшындықта – 435 түтін, онда 1086 түйе, 1699 жылқы, 2030 ірі қара және 12454 қой, екінші старшындықта – 378 түтін, онда 801 түйе, 774 жылқы, 1358 ірі қара, 7756 қой, ал Шолтыр старшынның қоластындағы халықта 462 түтін, 2329 жылқы, 2098 сиыр және 13716 қой саналды [42, 26-27 пп.]. Шолтыр Бекмұхамедов бұл қызметін 1860 жылдың 4 наурызына дейін жалғастырған. Осы жылы, яғни қызметінің соңғы жылында ол Владимир лентасындағы алтын медалға ұсынылды. Оның бұл медалға ұсынылу себебі Ішкі ордадағы топографтардың жұмыстарына жағдай жасауымен және далада кезіп жүрген қарулы топтардың қарсылық көрсетуінен сақтап, солардың қасында жүруімен түсіндіріледі [43, 4-5 пп.].

1840 жылғы 3 маусымдағы қызметтік тізімінде кеңесші Шолтыр Бекмұхамедов 45 жаста, шеркеш руын басқарады, шен-шекпен, сыйлық, мақтау қағазы, алғыс хат алмаған, айыппұл төлеп, сотталмаған, марапаттауға лайықты және қабілетті деп көрсетілген. Сонымен қатар әйелі Қамқа 40 жаста, ұлдары Көбен 20, Әбіл 18, Ідіріс 15, Мұхамеджан 9, Жемел 3 жаста, ал қыздары Ажар 13, Сара 6 жаста делінген [3, с. 577]. Бұдан басқа Шолтырдың

Бәдел есімді ұлы болған. Ідіріс секілді ол Шеркеш руының әрбір старшындығында старшын қызметін атқарды. Мысалы, Мұхамеджан Шеркеш руының Қойыс бөліміне қарайтын №3 старшындыққа басшылық етті. 1863 жылы Бөкей ордасындағы старшындардың мал санын есептеген кезде Мұхамеджанның жеке меншігінде 1 түтіні, 18 түйесі, 120 жылқысы, 50 ірі қарасы мен 140 қойы болған. Осы бөлімге қарасты №5-ші старшындықтың старшыны Бәдел Шолтыровтың меншігінде 1 түтін, 25 түйе, 75 жылқы, 65 ірі қара, 20 қой болса, старшын Ідірістің қолында 1 түтіні, 30 түйесі, 310 жылқысы, 85 ірі қарасы мен 700 ұсақ малы бар делінген [39, 99 б.].

Шолтырдан өрбіген ұрпақ арасынан Мұхамеджан Бекмұхамедов тарихымызда Мақаш әкім есімімен белгілі. Шолтыр шаңырағында дүниеге келген бала Мақаштың XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси дамуында ел билеп, әкімшілік қызметтер атқарып, ағартушылық істерімен елге танылып, Мақаш әкім дәрежесіне дейін жетуі, халық құрметіне бөленуі ата-бабадан дарыған тектілікпен байланысты болса керек. Мақаш Шолтырұлынан Хамза, Шафхат, Ғаббас, Мүбиін, Әміржан, Фазыл, Мерпайыс, Жәмел есімді 8 ұл мен Зұлфат атты бір қыз тараған. Олардың арасынан XX ғасырдың басында ел ішіндегі қоғамдық-саяси істерге белсене араласқан Шафхат Бекмұхаметовты ерекше айтуға болады. Ол 1917 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген соң елімізде түрлі басшылық, ұйымдастыру істеріне қатысып көзге түсті. 1921 жылы қыркүйек айындағы екінші жалпықазақ съезінде Қазаткомның шешімімен Қазақ АКСР әділет комиссары болып тағайындалып, кейін заң саласында түрлі қызмет атқарған...

Қорыта келгенде, Мұсылман би әулеті қазақ тарихында терең із қалдырған әулет болып табылады. Өйткені осы әулеттен тараған ұрпақ еліміз бен жерімізді сақтап, дамытудағы маңызды істерге белсене араласып, өзіндік үлес қосты. Оның үстіне шығу тегінің батыр, билер әулетінен бастау алуы, олардың би болып, ел басқаруына ешқандай кедергі жоқтығын айқындайды. Мұсылман би әулетінің қоғамдық-саяси көзқарасы, өмірлік ұстанымы қалыптасуына ата-тек үрдісі, олардың өлкемізде атқарған қызметтері, көршілес халықтармен, мемлекеттермен байланысы әсер етті дей аламыз. Осы әулетке қатысты ел аузында сақталған аңыз бойынша Мұсылман би атасы Түрке би бірде құрдасы Мөңке биге келіп: «Менің жасым өсіп, жасамыс тартқан сайын кейінгі ұрпағымның тағдырына көбірек алаңдайтын болдым. Атадан қалған даңқ, шен-шекпен балаларыма ұласа ма, соны болжашы» деп сұраған көрінеді. Ертесінде Түрке биге берген жауабында Мөңке би: «Көргенімді айтып, болжағанымды баяндасам, сегізінші ұрпағыңа дейін бедел мен билік, байлық пен даңқты көктен құдай, жерден құмай қуып жете алмас, тәңір тәлкектеп ала алмас. Ал сегізіншіге жетіп, тоғызыншыға толғанда торғайдай үнің, тоқтыдай пұлың қалмас, ар жағына сөзім жоқ», - депті [6, 92 б.]. Иә, Мөңке би айтқан болжамның шындыққа ұласуы, аңыз түбі ақиқат дегенді тағы бір дәлелдей түскендей. «Жеті атасы би болған – жеті жұрттың қамын жер» демекші, Түрке, Жомарт, Мұсылман билерден бастау алып, Тұрмамбет, Бекмамбет, Шолтырмен, одан әрі Мақаш, Шафхатқа дейінгі өзара жалғасқан әулеттегі билікшілдік дәстүрдің өлкемізде өзіндік ізін қалдыруы тарихымыздың тағылымды беттерінің бірі. Олай болса осы әулеттің еліне сіңірген еңбегі мен атқарған істерін, қайраткерлік келбеті мен

болмыс-бітімін, яғни, қазақ қоғамындағы орнын анықтап, танып білу бүгінгі ұрпақ парызы. Бұл арқылы ақиқаты ашылмай жатқан ақтаңдақ беттер айқындалып, төл тарихымыздың толығына түсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) Орды, Оренбургского ведомства. – СПб., 1848. – Т. XIV. Ч. 2. – 160 с.
2. Галкин М.Н. Этнографические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. – СПб.: Тип. Куколь-Яснопольского, 1867. – 250 с.
3. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. – 1120 с.
4. Востров В.В., Муқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). – Алма-Ата: «Наука», 1968. – 256 с.
5. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. – 168 б.
6. Мақаш Әкім / Жинақ. – Алматы: Арыс, 2004. – 272 б.
7. Ресей империясының Сыртқы саясат мұрағаты (бұдан әрі РИССМ). 122-қор, 122/1-тізбе, 2-іс.
8. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. – СПб.: Тип. Э.Веймара и Ф.Персона, 1865. – 288 с.
9. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: «Санат», 2002. – 224 с.
10. Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России с Средней Азии со времени кончины Абулхаир хана (1748-1765). // Оренбургские губернские ведомости. – 1753. – 27 июня. – № 26.
11. РИССМ. 125-қор, 125/1-тізбе, 1753-1754, 1-іс.
12. Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. – Казань: Типо-лито. В.М.Ключникова, 1897. Т. III. – 974 с.
13. Ресей Федерациясының Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі РФ ОрОММ). 3-қор, 1-тізбе, 61-іс.
14. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – СПб.: Типо-литография П.Н.Жаринова, 1898. Приложение. – 532 с.
15. РФ ОрОММ. 3-қор, 1-тізбе, 64-іс.
16. РИССМ. 122-қор, 122/2-тізбе, 1762-1775, 14-іс.
17. РФ ОрОММ. 3-қор, 1-тізбе, 105-іс.
18. Бекмаханова Н. Көктемір туралы аңыз. – Алматы: Жалын, 1983. – 184 б.
19. Кекілбайұлы Ә. Шандоз: деректі-тарихи баян. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 б.
20. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 744 с.
21. Ресей мемлекетінің Әскери тарихи мұрағаты (бұдан әрі РМӘТМ). 52-қор, 1/194-тізбе, 355-іс, 1-бөлім.
22. РМӘТМ. 52-қор, 1/194-тізбе, 367-іс.
23. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 258 б.
24. Вяткин М. Журнал Оренбургского муфтия (отрывок) // Сырым Датұлы. Жинақ / Толық., екінші бас. – Алматы: Арыс, 2010. – 232-297 бб.

25. РФ ОрОММ. 5-қор, 1-тізбе, 34-іс.
26. РФ ОрОММ. 5-қор, 1-тізбе, 38-іс.
27. Вяткин М.П. Батыр Срым. – Алматы: «Санат», 1988. – 344 с.
28. РФ ОрОММ. 5-қор, 1-тізбе, 40-іс.
29. РФ ОрОММ. 5-қор, 1-тізбе, 58-іс.
30. Мұқтар Ә.Қ. Сыпыра тархан // Ана тілі. – 2010. – 15-21 шілде.
31. РФ ОрОММ. 5-қ., 1-т., 63-іс,
32. Ахмет А. Қаратай хан. – Алматы: «Арыс», 2007. – 176 б.
33. Ресей Федерациясының Астрахан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 1-қор, 4-тізбе, 1-том, 554-іс.
34. Материалы по истории Казахской ССР. Т. IV. (1785-1828 гг.). – Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1940. – 543 с.
35. РФ ОрОММ. 6-қор, 10-тізбе, 243-іс.
36. РФ ОрОММ. 6-қор, 10-тізбе, 2800-іс.
37. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ҚРОММ). 4-қор, 1-тізбе, 4747-іс.
38. ҚРОММ. 4-қор, 1-тізбе, 1592-іс.
39. Рахымқұлов Д.А. Жәңгір ханның серіктері // Отан тарихы. – 2010. – № 4. – 83-102 бб.
40. Иванов И.С. Джангер, хан Внутренней киргизской орды // Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 2. – Алматы: «Өлке», 2001. – С. 5-139 41.
41. ҚРОММ. 4-қор, 1-тізбе, 5440-іс.
42. ҚРОММ. 4-қор, 1-тізбе, 5607-іс.
43. ҚРОММ. 4-қор, 1-тізбе, 2948-іс.

В данной статье дается сравнительный анализ по истории Мусульман-бия и его династии на основе архивных фондов России, Казахстана, трудов русских исследователей, сведений, опубликованных в последние годы отечественных научных исследований и фольклорных источников.

In this article the comparative analysis of Musulman biy and his dynasties history is given on the basis of archival funds of Russia, Kazakhstan, Russian researchers' works, domestic scientific research data, published in recent years and folklore sources.

УДК 821.161.18 (574)

*Мұханғалиева Ж.Қ. - т.ғ.к., аға оқытушы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ЖАЙЫҚ ӨңІРІНІҢ ТАРИХЫНА ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Жайық өңірі көне дәуірлерден бастап түрлі тарихшы ғалымдардың, саяхатшылардың, географтардың, өлкетанушылардың назарына ілігіп, зерттеулердегі әрқилы пікірлерге арқау болды. Жайық өзені саяхатшыларға Джаха – Яик – Джайк тағы басқа да көне атауларымен белгілі болған. Жайық өзені туралы алғашқы мәлімет грек ғалымы Птоломейдің еңбегінде кездеседі. Клаудий Птоломей өзінің картасында алғаш рет Жайық өзенін сипаттап, оның Хазар теңізіне (Каспий) құйылатынын анықтайды. Азия

картасында ол Жайықты Даикс деп көрсеткен [1, 90 б.]. Түрік қағаны Истемиге (Дизабулу) келген Византия императорының елшісі Земарх өзенді «Даих» деп атаса, XI-XII ғ.ғ. авторы әл-Идриси хабарламасында Жайық өзенінің аты башқұрт даласында болған бір саяхатшының әңгімесі негізінде «Руза», көптеген орыс жылнамаларында, атап айтсақ, Лаврентьевский, Холмогорскийдің, өзен 1229 жылдан Гаик, Яик, Еик деп те аталады [2, 55 б.].

Осы Еділ-Жайық аумағында дәуіріміздің бастауында және Азия мен Еуропаның ортағасырлық тарихында аса маңызды рөл атқарған мемлекеттер пайда болды. Алғашқы тайпалық дәуірі кезінде Еділ мен Жайық далалары савроматтар, сарматтар бірлестігінің қонысы болғандығын Геродот баяндаған еді. «Тарих атасының» айтуынша, савроматтар, ерекше тайпа ретінде, скифтердің амазонкалармен – соғысқұмар әйелдермен некесінен таралған. Геродоттың аңыз әңгімелері кейінгі кезде өз дәлелдерін табуда. Мәселен, Американ археологы, профессор Жанина Дэвис-Кэмбел кеңестік ғалымдармен бірге Батыс Қазақстанда савромат-сарматтық 50 қорғанды зерттей келіп: «Қорғандардан біздер қола қанжарлары мен қола жебенің ұштары кездескен әйелдер жерлеулерін таптық. Бұл олжалар, амазонкалар туралы гректік жазбаларды шынайы фактілермен негіздейді деген пікір туғызады» деп жазған болатын [3, с. 41].

Каспий теңізі солтүстігінде, қазіргі Батыс Қазақстан жерінде, Еділ мен Жайық аралығында II ғасырда Ғұн ордасы пайда болды. Оның ең күшейген кезі Еділ Мұңдузқұлының тұсы еді. Олар IV ғасырда Шығыс Еуропаға қарай жылжып, Батыс Қазақстан өңірінде 5-6 ғасырларға дейін өмір сүрді және Қазақстан аумағында қалыптасқан ежелгі бірлестіктер құрамына кірді. Жазба деректер ішінде сыңаржақ болғанына қарамастан, Сыма Цянның (б.з.б.145-86) «Тарихи жазбалар», б.з.1 ғасырында Бань Гу жазып, оның оқымысты қарындасы Бань Чжао аяқтаған «Ежелгі Хань тарихы», осы еңбекке 5ғ. қосымшаны жазған Фань Е-нің еңбектері ғұндардың тарихы мен мәдениетін зерттеуде ерекше құнды.

Ғұндарға өз зерттеулерін арнаған еуропа тарихшыларынан Аммиан Марцелианды атап өткен жөн. Оның «Іс қимылдар» деп аталатын 31 кітаптан тұратын шығармасында б.з. I ғасырынан V ғасырына дейінгі ғұндар туралы маңызды деректер келтірсе, гот тарихшысы, б.з. V ғасырында өмір сүрген Иордан еңбегінде ғұндар көсемі Ругила, Аттила басқарған мемлекеттер туралы және Аттиланың Римге жорығы туралы, соғыстың жеңістері жөнінде өте бағалы мәліметтер қалдырған [4]. Сондай-ақ, 1253 жылы Франция королінің елшісі фламандтық Виллем Рубрук өзінің қолжазбасында Жайық өзені және осы елдегі әр түрлі жерлер мен халықтар жөнінде жан-жақты мәліметтер келтіре отырып, осы өңірді бір кездері ғұндар жайлағанын атап көрсеткен [5, с. 107]. Жалпы, б.з.д II мыңжылдықтан б.з. II мыңжылдығының ортасына дейінгі Жайық өңірі дамуын анықтауға А.Харузиннің, П.С.Рыковтың, М.П.Грязновтың, М.В.Комарованың, Т.Н.Сенигованың, И.В.Синициниң, М.Г.Мошкованың, Г.А.Кушаевтың, Б.Ф.Железчиковтың зерттеулері мүмкіндік береді [6, с. 9-17].

651 жылдар шамасында Солтүстік Каспий, Еділ мен Жайықтың төменгі сағалары аймағында ежелгі көктүріктердің қолдауымен Хазар мемлекеті пайда болса, VIII ғасырда басталған, IX ғасырдың соңында жалғасқан көші-

қонының нәтижесінде қаңғарлар осы Еділ-Жайық аралығында кейбір жергілікті тайпалардың басын біріктіріп, печенег тайпалық одағын құрды. Бұл тайпаның IX ғасырда Жайық өзені бойында саяси билікке ие бола бастағанын әл-Идриси, Истахри, Масуди, ибн Фадлан, К.Богрянородный және т.б. еңбегінен көруге болады.

XI ғасырдың басында бұл территорияда оңтүстік орыс даласының, Еділ бойы мен Жайық өңірінің түркі тілдес халықтары – печенегтердің, оғыздардың, хазарлардың қалдықтары мен ертедегі болгар мен башқұрт тайпаларының бір бөлігін қамтыған Қыпшақтар әскери-саяси үстемдікке ие болды. Олар Сыр бойындағы Оғыз жерлерін, Арал-Каспий, Жайық пен Еділ аймағындағы бұрынғы Хазар иеліктерін басып алды. Ал, XIII-XIV ғасырларда өңірде Алтын Орда мемлекеттері өмір сүрді.

Моңғол дәуірінде Еділ мен Жайық аралығы Жошы ұлысына қарады. Еділ өзені мен Жайық өзені аралығында билігін жүргізген моңғолдар Жошының баласы Батый тұсында сарайлар салдырса, кейінірек оның жоғарғы жағынан Берке хан да қала салған. Моңғол дәуіріне дейін өңірді мекен еткен түркі тайпаларының тағдырына келер болсақ, сол заманда өмір сүрген араб тарихшысы әл-Омари моңғолдар туралы хаттарында: «Ертеде ол жерлер қыпшақтар елі болған, оларды моңғолдар билеп алғаннан кейін, қыпшақтар солардың қол астына қарап қалды. Сонан кейін олар бұлармен араласып, туысып кетті... Олардың бәрі бір атадан туғандай, қыпшақ болып кетті, осыдан кейін келіп моңғолдар қыпшақ жеріне мекендеп қалды», - деп [7, 10 б.] баяндауы, моңғолдардың қыпшақтануын көрсетеді. Уақыт өте келе түркі тайпаларын біріктірген жаңа халық, жаңа атау «Ноғайлар елі» тарих сахнасына шығады.

Алтын Орда билеушісі Меңгі Темір тұсында Еділ мен Жайық өзендері аралығы Ноғайға сыйға, яғни, «сойырға» беріледі. Ноғай Ордасының негізін Едіге би құрады. Ноғай дәуірі қазақ жырауларының жырларында көп жырланған. Мәселен, Қазтуған жыраудың:

«Тоқсан баулы ноғайлар

Мәслихат төбе басында

Жиылып кеңес құрады» [7, 26 б.], - деп басталатын жырынан моңғол дәуірінде өңіріміздегі түркі тілдес тайпалар «Ноғай елі» құрамында болғандығын білеміз. Орыс ғалымдары зерттеулерінің арасынан Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезеңдегі Еділ өзені бойы мен Жайық өзені аралығы жөнінде құнды мәліметтерді Г.Перетяковичтің зерттеуінен кездестіреміз. Онда ғалым XVI ғасырдағы ноғайлардың қазақтармен қатынастары туралы, Ноғай Ордасындағы жекелеген мырзалардың өздеріне бағынышты рулармен бірге Жайық үшін қазақ билеушілерімен өзара тартыс кезеңіне көшуі туралы баяндайды [8, 34 б.].

XVII ғ. басында Едіге ұрпақтары арасында билік таласы басталып, мемлекеттің іргесі шайқалады. Осы орайда, сөзімізді қуаттайтын халық ауыз әдебиетіндегі шығармалардың, оның ішіндегі Шалкиіз жыраудың:

«Балпаң, балпаң басқан күн,

Бай ұлынан асқан күн,

Орманбет би өлген күн

Он бес ноғай бүлген күн», - деп, ноғайлы елінің іргесі сөгіліп, дәурені өткенін өкінішпен жырлайтын тұсын, орыс тарихшысы Карамзин

«Ноғайларға бас би болып Ескербек 1604 жылы келді», - деп жазады [7, 13 б.].

Хақназар ханы тұсында Еділ мен Жайық аралығы қазақ хандығының қоластына өтті. Жалпы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Мұрын, Асан қайғы және басқа жыраулар Еділ-Жайық өңірінің саяси өмірін, оның ата қоныс, бабалар мекені болғанын жырлаған.

Жайық өңіріне қатысты мәселелердің бірі оның бойында қалыптасқан қалалар мен қалалық мәдениет. Ахмет ибн-Фадланның «Еділ Бұлғариясына саяхат» (X ғасыр) және Әбу-Хамит әл-Гарнатидың «Шығыс және Орталық Еуропаға саяхат» (XII ғасыр) еңбектерінде Батыс Қазақстандағы қалалар, сауда және керуен жолдары жөніндегі деректер кездеседі.

Араб саяхатшысы әрі жазушы ибн-Фадлан 921-922 жылдары халиф елшісімен бірге Еділ Бұлғариясында болған және Жайық өзені бойымен жүріп өткен. Ибн-Фадланның кітабын аударушы ретінде белгілі кеңес зерттеушісі, шығыстанушы А.Ковалевский елшіліктің жол картасын келтіреді. Ол ибн-Фадланның өзеннің сол жағасынан оң жағасына Шаған мен Жайық өзендерінің қиылысында, қазіргі Оралдың ескі бөлігі орналасқан тұста өткелден өткендігін көрсетеді. X ғасырда, ибн-Фадланның нақтылауынша, осы жерде қалашық болған.

Ибн-Фадланның саяхаты оғыз мемлекетінің өркендеу кезеңімен тұспа-тұс келді. Мемлекет шығыста – Хорезммен, солтүстікте – Еділ бұлғарларымен, батыста – Хазар иелігімен шектесіп жатты. Кәсіпшілігі дамыған, ірі қалалары бар мемлекетпен көрші болған қағанат Орта Азия мен Еуропа арасындағы өзінің географиялық орналасуын саудасын өрістету үшін тиімді пайдаланды және отырықшы қалашықтардың құрылуын ынталандырып отырды. Міне, араб саяхатшысының туындысында осы үрдіс көрініс тапқан [9, 34 б.].

Жалпы, екінші мыңжылдық басында араб елдері мен Жайық пен Еділ арасындағы халықтар байланысы тұрақты болды. Шығыс географтары бұл алыс өлке туралы жақсы білді. Қалалар туралы үзік-үзік деректер Рашид-ад-Дин, ибн-Сайд, Әбул-Фид және басқа араб-парсы авторларының шығармаларында келтіріледі. XI ғасырдағы отырықшылық пен оны мекендеген халықтар жайында Махмуд Қашқари «Дивани лұғат-ат-түрік» атты еңбегінде жазды [9].

XIII-XIV ғасырларда еуропалық зерттеушілер мен саяхатшылар өздері әлденеше рет кесіп өткен Жайық өзенін жазуды жолжазбаларында ұмытқан жоқ. Олардың ішінде 1339 жылы өңірде және Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласында болған дін қызметшісі Пасхали, 1367 жылы итальяндық ағайынды көпестер Доминико және Франциско Пициганилер Сарайшық қаласы мен одан солтүстірек орналасқан қала жөнінде мәліметтер береді. Ағылшын көпесі А.Дженкинсон өзінің 1562 жылы картасында Жайықтың төменгі ағысында, батыс оң жағалауында Сарайшықты белгілесе, солтүстігінде, осы жағада Шакафни қаласын орналастырған.

Осы аталған саяхатшылар мен шығармалардың авторлары Ватикан, рыцарьлық ордендердің тапсырмаларын орындау мақсатында Орталық және Оңтүстік Еуропадан Монғолияға сапарын Жайық өңірі арқылы жүзеге асырған. Батыс еуропа саяхатшылары өз сапарларын Жайық өңірі арқылы жалғастыруларының басты себебі, Ұлы Жібек жолының батыстан шығысқа Үндістанға баратын ең ерте және қысқа жолдың өтуі еді.

Сөйтіп Х-ХІV ғасырлардағы саяхатшылар, көпестер мен миссионерлер зерттеулері мен еңбектерінде Еділ мен Жайық аралығындағы, сондай-ақ Жайық бойындағы қалалардың тұтас желісі болғандығы көрсетіледі. Шығармаларда ХІV ғасырда әйгілі Сарайшықтан басқа Жайықтың жоғары жағында, солтүстікке қарай қазіргі Орал қаласының орнында тас ғимараттары бар тағы бір қала болғаны тура айтылады.

Ал осы араб деректерінен бізге жеткен бұл мәліметтер ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы орыс зерттеуші ғалымдарының еңбектерінде жалғасады. Атап айтсақ, «Үлкен сызба» («Большой Чертеж») деп аталған алғашқы орыс карталарының бірі ХVІ ғасыр аяғында жасалып, бүкіл мемлекеттің аумағын бейнелеген. Уақыт өте келе бұл карта әбден тозғандықтан, оның дәл сондай жаңасын жасау, оған толық түсінік беру қажеттігі туындады. «Үлкен сызба кітабы» осылайша дүниеге келді. Картаның өзі бізге жеткен жоқ, ал көшірмелері баршылық.

1692 жылы шығарған, картаның соңғы көшірмелерінің бірінде қазіргі Оралдың орнында бүгінде белгісіз Метжет, оның солтүстігінде, Елек пен Жайықтың қиылысында Солянк көрсетілген. Мұнда «Жайықтың оң жағында ноғайлар мен Алтын Орда, сол жағында қалмақтар тұрады» деп жазылған, казактар жөнінде бірауыз сөз жоқ. Осындай жеткіліксіз тұсына қарамастан, «Үлкен сызба кітабында» Батыс Қазақстандағы қала мен қалашықтардың елеулі бөлігі көрініс тапқан [10, с. 366].

Петр Рычков 1748 жылы жазылған «Орынбор губерниясының топографиясы» еңбегінде Жайық өзені бойындағы қалалар жөнінде көптеген дәлелдер мен мысалдар келтіреді. Автор жазғанындай, олар бір-біріне жақын орналасқан, арасы - бір-екі күндік жол. Бұл олардың арасында байланыс болғандығын, біртұтас мемлекет аясында өмір сүргендігін болжауға мүмкіндік береді. Аталған қалалардың ғимараты сақталғанын ескерсек, бұл мемлекет Алтын Орда болуы мүмкін.

Петр Рычков өз еңбегінде қазақтар Ордасында талай болған Орынбор губернаторы кеңсесінің аудармашысы Яков Гуляевтің мәліметтерін, сонымен қатар ол Орынбор губерниясы кеңсесіндегі ресми мәліметтерді, қариялар, көпестер мен жиһанкездерден алынған деректерді пайдаланған [11].

Орыс зерттеушілері еңбектері ішінен Петр Палласты атап өтеміз. Ол Жайық өңірінде үш рет болды, Жайықты Гурьевтен Оралға дейін түгел жүріп өтті, өлкенің солтүстік бөлігін, Бөкей ордасын зерттеді. Петр Паллас өз жинағандарын «Ресей империясының әр өлкесіне саяхат» атты көлемді еңбегіне енгізді, мұнда ол өлке аумағын, этнографиясы мен тарихын барынша толық көрсетті. Өз шығармасында Петр Паллас екі қалашықты көргенін жазады. Мұның біріншісі - Жайықтағы ескі бекіністің қалдықтары. Екінші қалашық Қараөзен мен Сарыөзеннің қиылысқан тұсында орналасқан. Мұнда Паллас көптеген арықтар мен қорғандар, үй қалдықтарының ізін тапқан, содан келіп бұл жерлерде кезінде халық мекендеген деген түйін жасайды [12, 238-239 бб.].

Сөйтіп, Петр Паллас та өзіне дейінгі барлық зерттеушілер сияқты қала мәдениетіне жататын ескерткіштердің көптігіне назар аударды. Өкінішке қарай, бұл деректер Қазан төңкерісіне дейінгі орыс және кеңестік тарих ғылымында пайдаланылмады.

1996-2000 және 2002-2004 жылдарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының Сарайшық қаласы жөнінде бай мәліметтер беруі, Ә.Марғұлан атындағы археология институты мен Батыс Қазақстан Тарих және археология орталығының археолог-ғалымдарымен бірлесе отыра жүргізген зерттеулердің нәтижесінде XIII-XIV ғасырларға жататын, Жайық өзенінің жағасында, Орал қаласынан 12 шақырым жерде орналасқан «Жайық» қалашығы, Жанақала ауданындағы «Өзен» қалашығы және Казталовка ауданындағы «Жалпақтал» қалашығының [13] ашылуы жоғарыда келтірген ойдың айғағы болып табылады.

XVI ғасырда өңірдің саяси, экономикалық-әлеуметтік, мәдени өмірінде маңызды рөлді казактар атқарды. Жайық казактары жөнінде құнды мәліметтерді XIX-XX ғасыр бас кезеңіндегі казак тарихын зерттеген орыс зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс табады. Олардың қатарында А.Рябиннің «Жайық казак әскерлері» (1861ж.), В.Н.Витевскийдің «И.И.Неплюев «Орынбор өлкесі бұрынғы оның құрамынан 1758 жылға дейін» (1891ж.) атты еңбегі мен Н.Бородиннің «Жайық казак әскері», шығармаларын атауға болады. В.Н.Витевский Жайық казактарының қалыптасуы жөнінде: «Жайық казактары бастауын XVI ғасырдағы Азовтықтардан алған Дондықтардан таралады. Жайық әскерінің құрылуын біздер XVI ғасырға, Иоанн Грозный билігінің соңғы жылдарына (1584ж.) жатқызамыз; Жайық казактарының қызметі жөнінде алғаш мәлімет 1591 жылға жататын актіде аталады...» деп, Жайық казактарының құрылу уақытын XVI ғасырға жатқызады. Олардың біртіндеп Орынбор губернаторы әкімшілігіне, төменгі Жайық линиясына бағындырылғандығы, осы линия бойында екі бекіністің: Жайық (қазіргі Орал) және Гурьев қалашықтары жөнінде деректер қалдырған [14, с.29]. Сондай-ақ, отарлау саясатын ұстанғанына қарамастан, 1866 жылы жарық көрген «Уральские войсковое ведомости», 1891 жылы «Уральский листок», 1897 жылы жарық көрген «Уралец» атты шағын баспасөз басылымдары Ресей патшасына қызмет еткен казактарының әскери құрамаларын реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, әскери қамалдардың орталықпен почта байланысын күшейту, Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және өзге де мәліметтер қалдырған.

Жалпы, Жайық өңіріне өз зерттеулерін жазып қалдырған орыс ғалымдарының ерекшелігі, еңбектерінде отаршыл Ресей империясының жүргізіп отырған саясатын мадақтау басым болса да, кейінгі зерттеушілерге өте маңызды деректерді қалдыра білді. Олардың көбі ғылыми экспедициялар мен қызмет бабындағы сапарлар кезінде өлкенің ауқымды мәселелері бойынша материалдар жинады, сонымен бірге тарих, мәдениет, этнография, география және басқа да мәселелерді қамтылды.

Қорытындылай келе, жазба, айуызша халық шығармаларын, орыс зерттеушілерінің шығармаларын саралау, талдау Еділ мен Жайық аралығындағы өңірдің ежелгі заманнан сан мыңдаған халықтың өмір сүру ортасы, олардың тарихи бесігі болғандығын, дала мен қала мәдениетінің ошағы екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рысқалиқызы Ұлдай. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының

сөздігі. – Орал: «Полиграф сервис», 2001. – 172 бет.

2. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы. / М.Ізімұлының редакциялығымен. - А., Арыс, 2002. – 592 б.

3. Ирмуханов Е. Усунь и этногенез казахского народа. – Алматы: «Наши мир», 2006. - 124 с.

4. Тарих – адамзат ақыл – ойының қазынасы: Он томдық – Астана: «Фолиант», 2005. – 416 бет. Т.2: Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы. – 2005. – 416 бет.

